

67.99(5K)2

БЗІ

Баянов Е.Б.  
Баянова А.Е.

# ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ

## ЕРЕКШЕ БӨЛІМ



Оқулық



67.99(5K)1

531

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

27.06.2019 ж.

Баянов Е.Б.  
Баянова А.Е.

# ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ

Ерекше бөлім

Оқулық



ССК

Алматы, 2019

ӘОЖ 342 (075.8)  
КБЖ 67.401 я 73  
Б 31

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»  
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

**Пісір жазғандар:**

**Қонабаев О.Қ.** – Қонаев атындағы Евразиялық заң академиясының ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор;  
**Әлібеков С.Т.** – Заң ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚХК және ӘТУ профессоры.

**Баянов Е.Б., Баянова А.Е.**

**Б 31 Әкімшілік құқық (ерекше бөлім). Оқулық.** Алматы: ССК, 2019,  
– 272 бет.

ISBN 978-601-225-963-6

Оқулық әкімшілік құқық пәнінің бағдарламасына және мемлекеттік білім стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасының негізінде және осы пән бойынша орыс тіліндегі оқулықтар пайдаланылып жазылды. Мұнда әкімшілік құқықтың негізгі институттары мен субъектілері, азаматтардың, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік басқару органдарымен қарым-қатынастарындағы құқықтары мен міндеттері қаралады. Оқулықта кәсіпкерлік қызметті лицензиялау мен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібіне, мемлекеттік басқаруда заңдылықты қамтамасыз етудің тәсілдеріне, құқық бұзушылық пен жауапкершіліктің жаңа заңдық негіздеріне ерекше көңіл аударылған. Сонымен қатар, экономика, қаржы, банк және статистика салаларындағы басқару, өнеркәсіп, құрылыс және туристік қызмет салаларындағы басқару, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік реттеу, көлік байланыс және ақпараттандыру салаларындағы басқару негіздері, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы басқару, мәдениет саласын құқықтық реттеу, әлеуметтік-мәдениет саласын, білім және ғылым саласындағы басқару, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару, ішкі істер саласындағы басқару, сыртқы істер саласындағы басқаруды қамтиды.

«Әкімшілік құқық» (жалпы және ерекше бөлім) оқулығы жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған.

ӘОЖ 342 (075.8)  
КБЖ 67.401 я 73

ISBN 978-601-225-963-6

© Баянов Е.Б., Баянова А.Е., 2019  
© ССК, 2019

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе ..... 7

### Екінші бөлім

## МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА, ӘЛЕМЕТТІК-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК САЯСИ ҚЫЗМЕТ

**I-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ** ..... 10

*1-тарау. Мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру негіздері* ..... 10

§ 1. Мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру түсінігі..... 10

§2.Қазіргі жағдайлардағы мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру .... 13

**II-БӨЛІМ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ  
БАСҚАРУ** ..... 15

*1-тарау. Экономикалық және сауда салаларындағы басқаруды  
жүзеге асыратын атқарушы билік құзыреті* ..... 15

§1. Экономикалық және сауда салаларындағы басқаруды жүзеге  
асыратын атқарушы билік құзыреті..... 15

*2-тарау. Экономика аясындағы басқару* ..... 17

§1.Мемлекеттік меншікті реформалау, кәсіпкерлікті қолдау және  
сауданы реттеу ..... 17

§2. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау – нарықтық экономиканы  
дамытудың жетекші күші ..... 22

§3. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу..... 29

*3-тарау. Мемлекеттік мүлікті басқару, мемлекеттік емес  
экономика секторын және монополияға қарсы мемлекеттік реттеу* 31

§1. Мемлекеттік мүлікті басқару және мемлекеттік емес  
заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік реттеу ..... 31

§2. Бәсекелестікті қорғау, монополияға қарсы мемлекеттік  
реттеу және тұтынушылардың құқықтарын қорғау ..... 37

§3. Мемлекеттік экономика саласындағы бақылау, рұқсат  
беру қызметі..... 44

*4-тарау. Экономикалық даму мен сауда саласын басқару*.....46

§1. Экономикалық даму мен сауда салаларындағы басқаруды  
жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құзыреті ..... 46

<b>III-БӨЛІМ. ҚАРЖЫ, БАНК ЖӘНЕ СТАТИСТИКА САЛАЛАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУ</b> .....	50
<i>1-тарау. Қаржы және кредит саласын басқару</i> .....	50
§1. Қаржы рыногы секторы қызметінің құқықтық негіздері.....	50
§2. Қаржы саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық мәртебесі.....	65
§3. Банк қызметі саласындағы басқару.....	67
§4. Мемлекеттік бухгалтерлік есеп және статистика саласындағы басқару .....	69
<b>IV-БӨЛІМ. ӨНЕРКӘСІП, ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУ</b> .....	75
<i>1-тарау. Өнеркәсіп саласын басқару</i> .....	75
§1. Өңірлік және құрылыс салаларындағы басқарудың мазмұны.....	75
§2. Өнеркәсіп және құрылыс салаларындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы .....	76
<b>V-БӨЛІМ. АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ (АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ)</b> .....	89
<i>1-тарау. Агроөнеркәсіп саласындағы басқару</i> .....	89
§1. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы реттеудің құқықтық негіздері.....	89
§2. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы .....	91
§3. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы реттеудің құқықтық негіздері .....	94
<b>VI-БӨЛІМ. КӨЛІК БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ САЛАЛАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰТЫМДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	97
<i>1-тарау. Көлік, байланыс және ақпараттандыру саласындағы басқару</i> .....	97
§1. Көлік саласындағы мемлекеттік басқарудың мазмұны.....	97
§2. Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік басқарудың мазмұны .....	111
§3. Көлік, байланыс және ақпараттандыру салаларындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы .....	115

**VII-БӨЛІМ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ  
РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ... 121**

*1-тарау. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау  
саласындағы басқару* ..... 121

§1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды  
пайдалану саласындағы басқарудың мазмұны ..... 121

§2. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды  
пайдалану саласындағы басқаруды жүзеге асыратын  
атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы..... 129

**VIII-БӨЛІМ. МӘДЕНИЕТ САЛАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ...137**

*1-тарау. Мәдениет саласындағы басқару*..... 137

§1. Мәдениет және мәдениет саласындағы қызметтің ұғымы  
және түрлері, мәдениет ұйымдарының құқықтық мәртебесі ..... 137

§2. Мәдениет саласындағы мемлекеттік басқару ..... 141

§3. Тарихи-мәдени мұра мен ұлттық мұрағат қорын  
мемлекеттік реттеу және басқару..... 144

**IX-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИЕТ АЯСЫНДАҒЫ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ** ..... 149

*1-тарау. Денсаулық саласындағы басқару*..... 149

§1. Денсаулық сақтау саласын мемлекеттік реттеу..... 149

§2. Мемлекеттік реттеу мен басқарудың объектісі ретінде денсаулық  
сақтау жүйесіне жалпы әлеуметтік-құқықтық сипаттама..... 154

§3. Денсаулық сақтау саласын басқару органдарының  
жүйесі және құзыреті ..... 158

**X-БӨЛІМ. БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ  
БАСҚАРУ** ..... 162

*1-тарау. Білім саласын басқару*..... 162

§1. Білім саласын басқарудың мазмұны ..... 162

§2. Білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім беру  
стандарттарының жүйесі ..... 165

§3. Білім беру ұйымдарының құқықтық мәртебесі және жүйесі..... 166

§4. Жоғарғы оқу орнының ұйымдық-құқықтық мәртебесі  
және оны басқару..... 169

§5. Білімді мемлекеттік басқару органдарының  
жүйесі және құзыреті ..... 174

<b>2-тарау. Ғылым саласын басқару</b> .....	181
§1. Ғылым және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті басқару ..	181
<b>XI-БӨЛІМ. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ</b> .....	
<b>1-тарау. Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару</b> .....	184
§1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік реттеу .....	184
§2. Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы .....	186
<b>XII-БӨЛІМ. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ САЛАСЫН БАСҚАРУ</b> .....	
<b>1-тарау. Ішкі істер саласындағы басқару</b> .....	191
§1. Ішкі істер саласындағы басқарудың ұйымдық – құқықтық негіздері .....	191
§2. Полиция органы саласын басқару .....	217
§3. Ішкі әскерлер және оларды ұйымдастыру .....	226
<b>2-тарау. Әділет саласындағы басқару</b> .....	234
§1. Әділет саласындағы басқарудың ұйымдық-құқықтық негіздері. Әділет органдарының жүйесі .....	234
§2. Әділет органдарының негізгі функциялары, құқықтары мен міндеттері .....	239
<b>XIII-БӨЛІМ. СЫРТҚЫ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ</b> .....	
<b>1-тарау. Сыртқы істер және дипломатиялық қызмет саласын басқару</b> .....	247
§1. Сыртқы істер саласындағы басқарудың ұйымдық құқықтық негіздері .....	247
§2. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі .....	248
§3. Қазақстан Республикасының елшіліктері және оған теңестірілген өкілдіктері .....	252
§4. Консульдық мекемелер .....	260
<b>ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР</b> .....	264

## КІРІСПЕ

Қоғам қалыптасу үшін қоғамдағы тәртіптің, бірліктің, татулықтың нышаны және кепілі құқық қалыптасып орнығуы керек. Қоғамда әлеуметтік қызметтің өсуі, кеңеюі және азаматтық қасиеттердің дамуына ықпал жасайтын басқару саласының құқықтық реттелуіне жағдай жасалуы тиіс. Сонымен қатар, республика көлемінде құқықтың толық сақталуы мен заңнаманың қамтамасыз етілуі мен орындалуы қолжетімді болуы керек.

Республикамыз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғаннан бері тәуелсіз мемлекетімізді берік орнықтыру мақсатында бір шама заңдар қабылдап, заңдар жүйесі қалыптасып және оларға өзгерістер мен толықтырулар да енгізіліп үлгерді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-ші бабының 1-ші тармағында көрсетілгендей: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары» міне осы баптың негізінде мызғымас мемлекет және азаматтарын қорғай білетін берік мемлекет болу үшін құқықты қоғамда қалыптастырып, құқықтық тәртіпті орнықтыра білуіміз маңызды.

Экономика саласының құқықтық реттелуі деген бөлімде экономикалық және сауда салаларында басқаруды жүзеге асыру, атқарушы билік органдарының құзіреті, мемлекеттік меншікті реформалау, кәсіпкерлікті қолдау, сауда қызметін мемлекеттік реттеу, мемлекеттік мүлікті басқару, бәсекелестікті қорғау, мемлекеттік экономика саласындағы бақылау сияқты мәселелерді көтереді.

Қаржы, банк және статистика салаларын басқару бөлімінде қаржы рыногы секторы қызметінің құқықтық негіздері, қаржы саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық мәртебесі, банк қызметі саласындағы басқару, мемлекеттік бухгалтерлік есеп және статистика саласындағы басқаруды қамтиды.

Өнеркәсіп, құрылыс және туристік қызмет салаларындағы басқару бөлімінде өңірлік және құрылыс салаларындағы басқарудың мазмұны, өнеркәсіп және құрылыс салаларындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы деген мәселелер осы бөлімді қамтиды.

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік реттеу (ауыл шаруашылығы) бөлімі агроөнеркәсіптік кешен саласындағы реттеудің құқықтық негіздері, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық

жағдайы және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы реттеудің құқықтық негіздерін қамтиды.

Көлік байланыс және ақпараттандыру салаларындағы басқарудың ұтымдық-құқықтық негіздері бөлімінде көлік саласындағы мемлекеттік басқарудың мазмұны, байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік басқарудың мазмұны, көлік байланыс және ақпараттандыру салаларындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы көрініс алады.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы басқару деген бөлімде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы басқарудың мазмұны, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы мәселелер орын алды.

Мәдениет саласын құқықтық реттеу бөлімі мәдениет және мәдениет саласындағы қызметтің ұғымы және түрлері, мәдениет ұйымдарының құқықтық мәртебесі, мәдениет саласындағы мемлекеттік басқару, тарихи-мәдени мұра мен ұлттық мұрағат қорын мемлекеттік реттеу және басқаруды қамтиды.

Әлеуметтік-мәдениет аясындағы құқықтық реттеу бөлімінде денсаулық сақтау саласын мемлекеттік реттеу, мемлекеттік реттеу мен басқарудың объектісі ретінде денсаулық сақтау жүйесіне жалпы әлеуметтік-құқықтық сипаттама, денсаулық сақтау саласын басқару органдарының жүйесі және құзыреті қарастырылады.

Білім және ғылым саласындағы басқару бөлімі білім саласын басқарудың мазмұны бөлімі мына жүйелерді қалыптастырады: білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім беру стандарттарының жүйесі, білім беру ұйымдарының құқықтық мәртебесі және жүйесі, жоғары оқу орнының ұйымдық-құқықтық мәртебесі және оны басқару, білімді мемлекеттік басқару органдарының жүйесі және құзыреті, ғылым және ғылыми-техникалық қызметті басқару.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік реттеу мен басқару бөлімінде: дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік реттеу, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы мәселелері қарастырылады.

Ішкі істер саласындағы басқару бөлімінде ішкі істер саласындағы басқарудың ұйымдық-құқықтық негіздері, ҚР Ішкі істер министрлігінің құзыреті, полицияның құқықтық жағдайы, ішкі әскерлер және оларды

ұйымдастыру, жол қозғалысы қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалау, есірткілер айналымына бақылау аясындағы басқару қарастырылады.

Сыртқы істер саласындағы басқару бөлімі мына мәселелерді қозғайды: сыртқы істер саласындағы басқарудың ұйымдық-құқықтық негіздері, Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі, Қазақстан Республикасының елшіліктері және оған теңестірілген өкілдіктері, консульдық мекемелер.

Жалпы оқулық Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына арналған және мемлекеттік стандартқа сәйкес жазылған.

### ***ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ МӘТІНІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР***

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**ҚРЗ** – Қазақстан Республикасының Заңы

**АИТВ** – Адамның иммунитет тапшылығы вирусы

**ЖИТС** – Жүре пайда болған иммунитет тапшылығы синдромы

**ҚазССР** – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы

**IP** – Internet protocol

**ЭКОНОМИКА САЛАСЫН, ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ  
ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК-САЯСИ ҚЫЗМЕТТІ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ**

---

**I-БӨЛІМ.  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**1-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ  
НЕГІЗДЕРІ**

**§1. Мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру түсінігі**

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында:

- мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың бірыңғай саясатын қалыптастыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігін және тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдардың қызметін халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер ұсынуға бағдарлау;
- мемлекеттік аппарат қызметінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету қажет деп Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасында атап айтылған (Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі № 799 Жарлығы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың мақсаты мен міндеттері Мемлекеттік басқаруды реформалаудың негізгі мақсаты 2015 жылға қарай корпоративтік басқару, нәтижелілік, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттары негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа сапалы моделін құру арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандығын барынша іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ретте, Стратегиялық жоспарында көзделген мемлекеттік секторды реформалаудың негізгі бес бағыты шеңберінде көрсетілген мақсаттарға

қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді дәйекті шешу көзделеді:

1. Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлауды енгізу бойынша реформаларды тереңдету;
2. Мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту;

3. Лицензиялық – рұқсат беру жүйесін және мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметін жетілдіру;

4. Мемлекеттік активтерді басқару тиімділігін арттыру және квази-мемлекеттік секторды оңтайландыру;

5. Мемлекеттік қызметті кәсібилендіру;

6. Мемлекеттік аппараттың тиімді құрылымын қалыптастыру және әкімшілік реформаларды басқаруды жақсарту.

Мемлекеттік басқару мемлекеттік қызметтің бір түрі болып табылады, негізгі субъектілері атқарушы билік органдарынан тұрады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 64 – бабының 1 тармағына сәйкес «Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды» деп айтылған. Ал бұл жүйеге министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен мекемелер, жергілікті атқарушы билік органдары, мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің әкімшіліктері жатады. ҚР Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) Мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

6) Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7) Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8) Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

Атқарушы билікті жұмылдыру барысында Қазақстан Республикасының Президенті ерекше рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Президенті Республика Премьер-Министрінің ұсынуымен Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдардың қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді.

Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді. Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды және оны қызметтен босатады. Премьер-Министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын айқындайды. Сонымен қатар:

- Республиканың Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады;
- Республика Үкіметінің мүшелерін қызметке тағайындайды;
- Сыртқы істер министрін,
- Қорғаныс министрін,
- Ішкі істер министрін,
- Әділет министрін қызметке тағайындайды;

Қазақстан Республикасының Президенті Үкімет мүшелерін қызметтен босатады. Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды және ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді. Үкіметке заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді тапсырады.

Президент Республика Үкіметі мен Премьер-Министрінің, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады.

Мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру атқарушы билік органдарының қызметінен тұрағын негізгі басқару аймақтарын қамтиды:

- Экономикалық саланы басқару.

Экономикалық қызмет кешенін қамтитын сала (өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, құрылыс, коммуникация, табиғи ресурстарды қорғау және пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, сауда, қаржы және кредит, сыртқы экономикалық қызмет, кеден ісі).

- Әлеуметтік – мәдени саланы басқару.

Әлеуметтік дамуды, әлеуметтік саясатты, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік қорғану кешенін қамтитын сала.

- Әкімшілік – саяси саланы басқару.

Қорғаныс, тәртіп, ішкі істер саласын, әділет саласын, сыртқы істер кешенін қамтитын сала.

## §2. Қазіргі жағдайлардағы мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру

Қазіргі жағдайдағы мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудың принциптері:

- Жеке сала бойынша басқару саласы (салалық басқару)
- Салааралық басқару саласы (салааралық басқару)

Басқаруды ұйымдастырудың салалық принципі дегеніміз бұл мемлекеттік басқару саласының жүйеленіп ұйымдастырылуы (өнеркәсіп, ауылшарушылық, денсаулық сақтау т.б.)

Салааралық мемлекеттік басқару – мемлекеттік басқаруды мұндай принциппен ұйымдастыру кезінде, басқаруды ұйымдастырылуы жағынан өзіне бағынбайтын кәсіпорындарға, ұйымдарға және басқа да басқару нысандарына қатысты жоғарғы ведомствалық сипаттағы өкілеті жүктелген атқарушы билік органдары жүзеге асырады. Салааралық басқарудың мазмұны осы атқарушы билік органдарының өз құзіретіне қатысты мәселе бойынша функционалдық реттеудің салааралық координациясын жүзеге асыруы болып табылады.

Атқарушы билік органдары мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- Белгіленген тәртіппен конкурстар өткізеді және тауарларды алу және жөнелту үшін жұмыстар атқарады, қызмет көрсетеді және олармен мемлекеттік келісім жасайды.
- Мемлекеттің басқа да қажеттігін орындау барысында белгіленген қызмет саласында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді.
- Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын мақұлдайды;
- Республика Президенті айқындайтын тәртіппен республикалық бюджетті және оған өзгерістерді әзірлеуге қатысады, Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;
- Республиканың қаржы жүйесін нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады; мемлекеттік валюта, қаржы ресурстары мен материалдық ресурстарды жасақтау және пайдалану кезінде заңдылықтың сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;
- Құрылымдық және инвестициялық саясатты жүзеге асырады;
- Мемлекеттік баға белгілеу саясатын тұжырымдайды;
- Мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдер, тауарлар

- және көрсетілетін қызметтер номенклатурасын белгілейді;
- Еңбекке ақы төлеу, азаматтардың әлеуметтік қорғалуы, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік
  - сақтандыру жүйесін және шарттарын қалыптастырады;
  - Мемлекеттік өңірлік саясаттың негізгі бағыттарын тұжырымдайды; өңіраралық проблемалар мен өңірлердің әлеуметтік- экономикалық даму мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;
  - Ғылым мен техниканы дамыту, жаңа технологияларды енгізу, мәдениетті, білім беруді, денсаулық сақтауды, туризм мен спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырады;
  - Табиғи ресурстар мен қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;
  - Құқықтық саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
  - Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін, Республиканың қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, Республиканың аумақтық тұтастығын және мемлекеттік шекараларының күзетілуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;
  - Келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды;
  - Республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді;
  - Сыртқы экономикалық саясатты іске асыру жөніндегі шараларды тұжырымдайды;
  - Сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қолданады;
  - Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

## II - БӨЛІМ.

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

#### 1-тарау. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САУДА САЛАЛАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН АТҚАРУШЫ БИЛІК ҚҰЗЫРЕТІ

##### §1. Экономикалық және сауда салаларындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік құзыреті

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2011 ж. 10 тамыздағы №136 және 2016 ж. 6 мамырдағы №253 жарлығымен ҚР-сы Экономикалық даму және сауда министрлігінің саясатын, бюджет саясатын, кеден ісі, мемлекеттік кепілдік берген қарыз алу мен берген саласындағы саясатты әзірлеу және қалыптастыру саясатындағы; ауылдағы аумақтарды дамыту саясатын әзірлеу, қалыптастыру және іске асыру саласындағы; халықаралық экономикалық ынтымақтастық аясын үйлестіру саласындағы; табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар аясындағы саясатты әзірлеу және қалыптастыру саласындағы, бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті әзірлеу және қалыптастыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі қызметіндегі стратегиялық жоспарлау; әлеуметтік экономикалық дамуды болжамдау және талдау; мемлекеттік активтерді басқару, оның ішінде корпоративтік басқару саласын арттыру саясатын әзірлеу; салаларындағы мемлекеттік жеке меншік әріптестікті дамыту; мемлекеттік рұқсат беру жүйесін жетілдіру мен оңтайландыру және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі мемлекеттік бақылау мен қадағалау саласындағы мемлекеттік саясат пен ведомстваларды үйлестіруді, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту шараларын іске асыру, өңірлерді дамытудағы шараларын өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі ұсыныстар әзірлеу, табиғи монополиялар салаларында тауарлар мен қызметтер нарықтарында тарифтік саясатты және баға белгілеу саласындағы саясатты айқындау; халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар, оның ішінде халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу саласындағы функцияларды күшейту көзделген.

Қазақстан Республикасы Экономикалық және сауда министрлігінің өңірлік даму, кәсіпкерлікті қолдау, оның ішінде әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін үйлестіру аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін оған бере отырып, Қазақстан Республикасы өңірлік даму министрлігі құрылды.

- Қазақстан Республикасы экономикалық даму және сауда министрлігі: бюджеттік жоспарлау;
- инвестицияларды қолдаудың және қолайлы инвестициялық ахуал жасаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру;
- халықтың көшу қонуы аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді бере отырып, оны Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі етіп қайта құру жолымен ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Экономика бюджеттік жоспарлау министрлігіне «жасыл экономиканы» дамыудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру жөніндегі функциялар, өкілеттіктер берілген.

## 2-Тарау. ЭКОНОМИКА АЯСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

### §1. Мемлекеттік меншікті реформалау, кәсіпкерлікті қолдау және сауданы реттеу

Кеңес өкіметі таратылғаннан кейін меншік қатынастарын реформалау «Қазақ ССР-індегі меншік туралы» 1991 ж. 1 қаңтардан бастап күшіне еңген ССР-інің Заңынан<sup>1</sup> бастау алды.

Бұл заң Қазақ ССР-індегі меншік-азаматтық меншігі, коллективтік және мемлекеттік меншік формасында болады деп, жеке және заңды тұлғалардың өндіріс құрал-жабдықтарына және оларды біріктіретін мүліктік кешендерге жеке меншік құқықтарын бірінші рет бекітті. Осы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1993ж. 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының экономикасы әр алуан меншік формаларына негізделген деп белгіледі. Осыған Қазақстан Республикасының азаматтары шет ел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ олар құрған заңды ұйымдар, жеке меншік құқығының субъектілері, ал Қазақстан Республикасы республика аумағында мемлекеттік меншік құқығының субъектісі болады деп бекітілді.

Меншік туралы тек қана ҚР-ның мемлекеттік меншігінде және әкімшілік аумақтық бірліктерінің меншігінде болатын мемлекеттік мүліктердің аражігі ажыратылғаны көрсетілді.

Бұдан кейін «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» 1991 ж. 22 Заңы<sup>3</sup> маусымда ҚР-ның заңы қабылданды. Осы заңмен Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті, оның мемлекет иелігінен алынуын және жекешелендірілуін көздейтіндей етіп қайта құрудың құқықтық негіздері, ережелері мен процедуралары белгіленді. Заң меншіктің әр түрлі формаларын қалыптастыру, бәсекелестік пен кәсіпкерлікті, тиімді, әлеуметтік бағдарламадағы нарықты экономикалық дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған.


Сөз болып отырған Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі 1993 ж. 12 сәуірде қабылданған Заңмен<sup>4</sup> жекешелендіру заңды ұйымдар мен нақты адамдардың мемлекеттік меншік объектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, ұйымдарды қайта құру жолымен құрылған акционерлік қоғамдардың акцияларын

<sup>1</sup> Қазақ ССР Жоғарғы Кеңес Ведомствасы, 1991, №1, 18 қ.

<sup>2</sup> Қазақ ССР Жоғарғы Кеңес Ведомствасы, 1991, №1

<sup>3</sup> ҚР-ның Жоғары Кеңесінің Ведомствалары, 1991, №27, 349 қ.

<sup>4</sup> Егемен Қазақстан газеті, 1993ж. 2 маусым



мемлекеттен сатып алуы деп айқындалған. Тек кана ҚР-ның мемлекеттік меншігіндегі объектілер басқа ҚР-ның барлық өндірістік және өндірістік емес салалардағы мемлекеттік меншік объектілері мемлекет иелігінен алынып, жекешелендіруге жатады деп бекітіліген.

Жоғарыда аталған 1993 ж. 12 сәуірдегі Заңмен мемлекеттік меншік объектісін мемлекет иеленген алу мен жекешелендіру мынандай түрлерде:

- Мемлекеттік кәсіпорынды акционерлік қоғам, басқа да шаруашылық қоғамы немесе серіктестік етіп қайта құру;
- Мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік немесе мемлекеттік кәсіпорындарды азаматтардан, сондай-ақ мүліктік мемлекеттік меншік емес заңдық ұйымдарда конкурс бойынша немесе аукционда сатып алу;
- Холдингтер мен акционерлік компанияларды диверсификациялау (әртараптандыру) кезінде акционерлік қоғамдар мен компаниялардың акцияларын, сондай-ақ агроөнер кәсіпорындары өңдеуші және қызметі көрсетуші кәсіпорындары акционерлерін меншік иесі бойынша сатып алу түрінде жүзеге

асырылуына мүмкіндік белгіленген. ҚР-сы Президентінің 1991 ж. 13 қыркүйектегі Жарлығымен<sup>1</sup> Республикада 1991–1992 жылдары (1-кезең) меншікті мемлекет иеленген алу мен жекешелендіру бағдарламасы және мемлекеттік меншікті жекешелендіру купондық механизмі жөніндегі ереже бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты — меншіктің мемлекеттік формасын, меншіктің басқа формасына дәйектілікпен айналдыру, азаматтардың мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін (бағалы қағаздарын) сатып алуын қамтамасыз ету.

Сонымен бірге меншікті мемлекет иелікке алу мен жекешелендіру әлеуметтік экономикалық нәтижелері мыналарға қол жеткізілді деп көзделді:

- Меншіктің сан алуан формаларына, тауар өндірушілердің жаңа экономикалық қатынастарды қалыптастыруға;
- Бәсекені дамыту негізінде экономикадағы өтімділікті жоюға;
- Адамдардың еңбекке материалдық мүдделігін арттыруға, инициатива мен кәсіпкерлік қызметті дамытуға;
- Экономикалық қаржы жағдайын жақсартуға;
- Өнім мен қызмет көрсету сапасын арттыруға, тұтыну рыногының ахуалын жақсартуға;

<sup>1</sup> Егемен Қазақстан газеті, 1991, 17 қыркүйек

- Мемлекеттік өкімет және басқару органдарын өздеріне тән емес шаруашылық жүргізу міндеттерін атқарудан босатуға;
- Жеке адамдар заңды ұйымдардың мемлекеттік меншік мемлекет иелігін алу мен жекешелендіру процестеріне қатынасуына кеңінен жол ашуды қамтамасыз ету мақсатында оларды жүргізудің мынандай формалары болады: ұсақ кәсіпорындарды сату үшін аукциондық және конкурстық әдістерді қолдану, орта және ірі кәсіпорындарды мемлекет басқа да шаруашылық қоғамдарда, серіктестіктер мен коллективтік кәсіпорындарға айналдыру белгіленеді.

Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру көбінесе өтемелі негізінде жүзеге асырылатын болды. Сонымен бірге сатушы Заңға сәйкес мемлекеттік мүліктің бір бөлігін Қазақстан азаматтарына және заңды ұйымдарына тегін негізінде бере алады деп белгіленген. Сондай-ақ жекешелендірілген кәсіпорын қызметкерлеріне құрған сатып алушыға әр түрлі жеңілдіктер берілетіні көзделген.

ҚР-ның Президентінің «Материалдық орта салаларындағы өндірісті тұрақтандыру және өркендету жөніндегі шаралар туралы» 1992 ж. 8 ақпандағы Жарлығымен өнеркәсіптер 1992 жылдың соңына дейін жекешелендіруге жататын шағын және орта мемлекеттік кәсіпорындардың кемінде 50 процентін олардың ұжымдарының тілектерін ескере отырып, акционерлік, ұжымдық және меншіктік кәсіпорындар етіп қайта құру міндеті қойылды<sup>1</sup>.

Мемлекеттік мүлікті сатып алуға 1991-1992 жылдары (1 кезеңде) жекешелендіру купондары қолданылатын болды. Купондар республиканың материалдық байлығына халықтың қосқан бұрынғы еңбек үлесін өтеу құралы ретінде енгізілді.

Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендірудің ерекшеліктері туралы 1992 ж. 14 қаңтарда арнайы заң қабылданды<sup>2</sup>.

ҚР-сы Президентінің «Материалдық өндіріс салаларындағы меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі жұмысты жандандыру шаралары туралы» 1992 ж. 28 сәуірдегі Жарлығымен<sup>3</sup> еңбек ұжымдары мүддесі сақталды және мемлекет иелігінен алу процесін жеделдету мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың негізінде ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар құру

<sup>1</sup> Егемен Қазақстан газеті, 1992, 11 ақпан

<sup>2</sup> ҚР-сы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1992, №4, 80 к

<sup>3</sup> Халық Кеңес газеті, 1992, 30 сәуір

арқылы оларды акционерлеу мемлекеттік меншікті өзгерудің негізгі түрі ретінде белгіленген.

Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы ҚР-ның Заңына сәйкес мемлекеттік меншік объектілерін сатып алу жөнінде конкурстар тәртібін, сондай-ақ сатушылар мен конкурсқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін «Мемлекеттік меншік объектілерін сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастыру» туралы арнайы Ереже бекітілді.

ҚР-сы Президентінің 1993 ж. 5 наурыздағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993 - 1995 жылдарына (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы бекітілді<sup>1</sup>. Жекешелендірудің негізгі мақсаты – мемлекетте қарасты өндірістік объектілерді басқа да мемлекеттің өтеусіз және өтіммен беру арқылы республика халқына ұлттық мүлікті қайтару барысында меншік құқығын дербестендіру негізінде орталықтандырылған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау көзделген.

Бағдарламаға сәйкес мемлекет иелігінен алынып, жекешелендіруге тиісті объектілердің әрбір бағыт бойынша нақтыланатын тізімін жыл сайын үкімет бекітетін болды. Мемлекеттік меншіктер барлық объектілерін жекешелендірілген екі топқа бөлді:

- Мемлекет иелігінен алынатын және жекешелендіретін объектілер;

- Жекешелендірілуіне тыйым салынған объектілер.

ҚР-сы Президентінің «Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі ұйымдастыру шаралары туралы» 1993ж. 5 наурыздағы Жарлығымен<sup>2</sup> мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар (совхоздардан басқаларын), сондай-ақ жабық үлгідегі акцио- нерлік қоғамдарды (жарғылық капиталының 50 проценттен астамы мемлекет меншігіндегі) ашық құрылатын болды. Сонымен бірге, Жарлықпен қайта құруға жатпайтын кәсіпорындар түрлері де белгіленді, олар: шағын кәсіпорындар, шетелдік инвестициялар, бюджеттен қаржыландыратын ұйымдар, сондай-ақ жекешелендіруіне тыйым салынған кәсіпорындар. Жоғарыда аталған Ұлттық бағдарламаға сәйкес «Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар

<sup>1</sup> Халық Кеңесі, 1993, 11 наурыз

<sup>2</sup> Егемен Қазақстан газеті, 1993 ж. 11 наурыз

туралы» ҚР-сы Президентіне 1993 ж. 5 наурыздағы жарлығымен 1993-1995 жылдары агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді аяқтау міндеті қойылды. Совхоздың және басқа мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру, меншік иесінің инициативасы бойынша негізінен еңбек мүлкінің үлесін (пай) анықтап сату жолымен жүзеге асырылады деп бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Жекешелендіру туралы» заң күші бар Жарлығына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы 2000 жылғы 15 желтоқсандағы №124-ІІ ҚР Заңы қолданылатын болды. Бұл заң мемлекеттің ерекше меншігіне жататын мүліктен басқа мемлекеттік мүлік жекешелендіру объектісі болып белгіленді. Тізбесін ҚР-ның Үкіметі бекітетін аса ірі және бірегей кәсіпорындар, жеке жобалар бойынша жекешелендіруге жатқызылды. Жекешелендіру сауда саттықта (аукцион, тендер) сату және тікелей атаулы сату түрлерімен жүзеге асырылатын болды.

ҚР-сы Президентінің шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы 1993 ж. 23 маусымдағы Жарлығымен республикасының саны шаруашылық кешені қызметін мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру, нарықтық қатынастарға бағдарланған шаруашылық басқарудың жаңа құрылымдарын қалыптастыру мақсатында ұлттық акционерлік компаниялар, оның ішінде холдинг компанияларын құру белгіленді.

Компаниялар құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін белгіленген тәртіппен иелену, пайдалану және басқару құқығы беріледі.

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011ж. 1 наурыздағы 413-IV ҚР Заңмен<sup>2</sup> жекешелендіру туралы жарғыда аталған Заңның күші жойылып, жекешелендіру жөніндегі жаңа ережелер белгіленді. Ол бойынша жекешелендіру мемлекеттің осы Заңда белгіленген арнайы рәсімдермен берілген, мемлекеттік мүлікті жеке тұлғаларға, мемлекеттік емес Заңды тұлғаларға сатуы.

Мемлекеттік мүліктің мынандай түрлері: мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын; жекешелендіруші тұйық технологиялық тізбекті бұзбайтын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорындарының өндірістік және өндірістік емес бөлімшелері мен құрылымдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкі, акционерлік

<sup>1</sup> ҚР-сы Президенті мен ҚР-сы Үкіметінің актілер жинағы, 1993, №22, 274 -к

<sup>2</sup> ҚР-сы Парламентінің Жарғысы, 2011, №5, 42 -Қ

қоғамдардың акциялары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері; мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздары жекешелендіру объектілері болып белгіленді.

Мемлекеттік мүлікті аукцион және тендер нысандағы сауда саттықта сату, қор биржасындағы сауда саттық, екі кезенді рәсімдер жолымен өтетін конкурс, туынды бағалы қағаздарды сату, сондай-ақ тікелей атауды сату арқылы жекешелендіру іске асырылады.

ҚР-сы Президенті «Қазақстан – 2050» стратегиясы жолдауында жекешелендірудің кең ауқымды екінші толқыны қажеттігін атап айтып, стратегиялық емес сипаттағы кәсіпорындар мен қызметтерді жеке қолға беруге тиіспіз дейді. Бұл мемлекет пен нарық арасындағы жауапкершілікті қайта бөлісуді білдіреді және отандық кәсіпкерлікті нығайту үшін маңызды қадам болып табылады.

## **§2. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау – нарықтық экономиканы дамытудың жетекші күші**

Экономикалық қызмет бұл жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық экономикалық пайда табу үшін жүзеге асыратын қандай да болмасын қызметі. Экономиканың жүйесін құрайтын барлық ұйымдар шаруашылық қызметтің түрлері арқылы жүзеге асыратын субъектілер болып танылады. Бұл қызмет субъектілері экономика саласының тиісті секторына жатқызуға топтық айырқша белгі және объективті негіз болып табылады.

Кәсіпкерлік субъектілері ҚР-ның Заңнамасына сәйкес тіркелген және ҚР-ның аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын коммерциялық заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер, шаруа (фермер) қожалықтары.

Елімізде кәсіпкерліктің өлуі мен одан әрі дамуы үшін институционалдық негіздерді қалыптастыратын коммерциялық ұйымының өзге ұйымдық құқықтық нысанында Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылатын болады. Оның құрылуына және қызметіне, кәсіпкерлікті дамытуға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» 2013 ж. 4 шілдедегі №129 V ҚР Заңмен<sup>1</sup> реттеледі.

<sup>1</sup> ҚР-сы Президентінің Жаршысы, 1998, №16, 214 -Қ

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі нарықтық экономикасында құрылымдық тұрғыдан өзара тығыз байланысты, бірін-бірі туғызатын және жалғастыратын үш сектор бар: 1) тауарлық өндірістік нарық; 2) қаржылық нарық; 3) бағалы қағаздар нарығы.

Экономика секторының әрқайсысы, экономикалық қызметтің тиісті саласы мен аясында маманданатын, кәсіпкерлік қызметтің әр түрлі субъектілерінің жеке және заңды тұлғалардың үлкен тобын қамтиды. Сонымен бірге нарықтың әр түрлі секторлары субъектілерінің және нарық экономикасының, әрбір секторында арналған арнайы және ерекше заңдармен және өзге де нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі.

ҚР Конституциясы экономикалық қызметтің еркіндігінің бірнеше кепілдіктерін белгілеген: Қазақстан Республикасында мелекеттік меншік пен жеке меншік танымды және пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерене өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктерін заңмен белгіленеді делінген. Сонымен бірге Конституцияда әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне өз мүліктік кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі, әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады, - деп бекітілген.

Экономикалық даму саласындағы мемлекеттік басқарудың негізге мақсаты нарықтық қатынастарға құқықпен белгіленген реттелетіндіктен өркениеттіліктің бірі, экономикалық қоғамдық мүддерелердің теңгерімін сақтау, сондай-ақ оның қатысушыларының, қиянат жасауларының алдын алу және жолын кесу.

Экономикалық дамудың мәселелері ҚР-ның Азаматтық кодексімен, «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» ҚР Заңына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі №462-IV Заңы<sup>1</sup>, «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Кодексі (2016.28.12 берілген өзгерістер мен толықтырулармен)<sup>2</sup> және басқа бірнеше Заңнамалық актілермен реттелген. Мәселен, азаматтық заңдармен тауар аралық қатынастар қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі.

<sup>1</sup> «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» ҚР Заңына өзгеріс енгізу туралы//<http://online.zakon.kz/>

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Респуб-ликасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Кодексі //<http://online.zakon.kz/>

Азаматтық заңдар өздері реттейтін қатынастарға қатысушалардың теңдігін, жеке істері кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін оларды соттық қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тануға негізделеді.

Азаматтық заңдар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар арасындағы немесе солардың қатысуымен болатын қатынастарды реттейді. Кәсіпкерлік меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар және заңды тұлғалардың тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы пайда немесе таза табыскерлік не мемлекеттік кәсіпорындарды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік заңды түрде тіркелген кезден бастап жауапкершілігімен жүзеге асырылады. Мемлекет кәсіпкерлік қызметкерлігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді.

ҚР-сы Президентінің «Қазақстан 2050» Стратегиясы Жолдауында Отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың қорғаушы күші болып табылады делінген. Онда кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау қажеттілігі атап айтылып, ол үшін іске асырылуға жататын бірнеше нақты міндеттер белгіленген.

Экономиканың даму саласындағы басқарудың нысанасы кәсіпкерлікті дамытумен байланысты қатынастар. Бұл жөніндегі «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР-ның Заңы жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ететін негізгі құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды. Заң сонымен бірге жеке кәсіпкерліктің субъектілерін, олардың жұмыс істеу жағдайларын және мемлекеттік органдарының жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау саласындағы құзыретін де белгілейді.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты – жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайдайлар жасау және жеке кәсіпкерлікке әкімшілік етуді енгізу жолымен мемлекеттің мүдделері мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің негізгі принциптері:

- Жеке кәсіпкерлік еркіндігінің кепілдігі және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету;
- Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға барлық жеке кәсіпкерлік

субъектілерінің теңдігі;

- Жеке меншікті (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің меншігінде) қол сұғылмауы мен оны қорғаудың кепілдігі;
- Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамытудың басымдығы;
- Жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік- құқықтың актілерінің жобаларына сипаттама жасауға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуы болып табылады.

Мемлекеттік органдарының жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау саласындағы құзыретіне сәйкес ҚР-сының Үкіметі:

- Жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын әзірлейді;
- Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын сарапшылық кеңестерінің қарауын ұйымдастырады;
- Мемлекеттік мұқтаждар үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерін сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) номенклатурасын және олардың көлемін бекітеді;
- Шағын кәсіпкерліктің дамуын ынталандыратын, мемлекет тарапынан шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық қолдау көрсету үшін арнайы қор құрады;
- Бәсекеге қабілетті салаларды құру мен жетілдіру, жеке кәсіпкерлік субъектілерін дамытуды және олар шығаратын өнімнің сапасын арттыруды ынталандыратын мемлекеттік саясатын айқындайды және іске асырады;
- Жекеленген салаларда жеке дамыту үшін жағдайлар жасай отырып, осы салаларды тарифтік және тарифтік емес әдістермен уақытша қорғауды жүзеге асырады;
- Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ішкі және сыртқы нарықтардың жай күйі туралы экономикалық ақпарат беруді ұйымдастырады;
- Сапа жүйесін өндіруді ынталандыру жолымен ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыруға жағдайлар жасайды;
- Республиканың экономикасы үшін білікті кадрлар даярлау жөнінде мемлекеттік бағдарламалар әзірлейді және басқа да мәселелер оның құзыретіне жатады.

Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган – жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, орталық мемлекеттік және жергілікті

атқарушы органдарының жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі жұмысын үйлестіру бойынша мемлекеттік саясатты жүргізуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Осыған сәйкес уәкілетті орган:

- Жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын жүргізуді жүзеге асырады;
- Шағын кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламаларын әзірлеп, іске асырады;
- Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік шараларының орындалуын ұйымдастырады және үйлестіреді;
- Шағын кәсіпкерліктің инновациялық, инвестициялық және индустриялық дамудың мемлекеттік бағдарламалар мен іске асыруға қатысуы үшін жағдайлар жасайды;
- Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне әдіснамалық көмек ұйымдастырады;
- Жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау жөніндегі саясатты насихаттайды және т. б.

Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді органдары:

- Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың өңірлік бағдарламаларын бекітеді;
- Жергілікті атқарушы органдар басшыларының шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері бойынша есептерін қарайды.
- Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары:
- Жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын жүзеге асырады;
- Жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;
- Өңірлерде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және ол үшін жауапты болады;
- Өңірде шағын кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз етеді;
- Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен қызметкерлерді оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және т. б.

Жеке кәсіпкерлікті қолдау бұл – жеке кәсіпкерлік, әсіресе, шағын кәсіпкерлік субъектілерін дамытудың республикалық және өңірлік бағдарламаларында қаралған шараларды іске асыруға бағытталған

мемлекеттік билік органдарының қызметі және жеке кәсіпкерлікті қолдайтын инфрақұрылымының жұмыс істеуі.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынандай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Жеке кәсіпкерлікті реттеу мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру;
- Жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес инкубаторларды, технологиялық парктерді, индустриялық аймақтарды және жеке кәсіпкерлік инфрақұрылымының басқа да объектілерін құру және дамыту;
- Бюджет қаражаты есебінен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін оқу, әдіснамалық, ғылыми әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

Мемлекет шағын кәсіпкерлікті қолдап, дамытуға ерекше мән береді. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, салалық (секторлық бөлімдік) және өңірлік бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады және ол шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға бағытталған шаралар кешені болып табылады. Бұл бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді және олар Республиканың барлық аумағында мемлекеттік органдар мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті. Шаруашылық экономикалық қызмет (операция) тек өндіріс процесі мен оның нәтижелері бойынша ғана емес, сонымен бірге табыс табу мен бөлу сатыларында да жүзеге асырылатын болғандықтан, кәсіпорындар мен бірлестіктердің өндірістік шаруашылық қызметінен басқа экономикалық қызметке, оның көптеген өзге түрлері де, мысалы, маркетингтік, инновациялық (еңгізушілік, қолданушылық) сауда және басқа жатады.

Маркетингтік қызмет өндірістік шаруашылық және өзге де кәсіпкерлік қызметтің, қандай да бір саласында немесе аясында тауарлар мен қызмет көрсету нарығының жағдайы мен даму келешегін зерттеумен байланысты. Маркетингтік қызметтің мазмұны экономикалық қызметтің тетігі саласындағы немесе аясындағы тауарлар мен қызмет көрсетудің нарық туралы ақпарат жинап, талдау, тұтушылар мен сатып алушыларға нарық туралы мағлұматтарды талдап, ұсыныстар беру (осы тауарлар мен қызметтерге ықтимал және төлеуге қабілеті бар сұраныс), жарнамалық науқандар өткізу, тағы с.с. Бұл экономикалық қызметті өндірістік кәсіпорындар мен бірлестіктердің арнайы маркетингтік қызметтері немесе мамандандырылған маркетингтік фирмалар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан 2050» Стратегиясында «Жаңа бағыттың экономикалық саясатынан пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм». Бұл, ең алдымен, экономикалық және басқару шешімдерін түгелдей экономикалық мақсаттылық және ұзақ мерзімді мүдделер тұрғысында қабылдауды білдіреді деп көрсетілген.

Бұл экономикалық саясаттың талаптарын іске асыруда мемлекеттік жоспарлаудың тұтас және тиімді жаңа жүйесін қалыптастыру мақсатында ҚР-сы Президентінің 2009 ж. 18 маусымдағы №287 Жарлығымен<sup>1</sup> бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі үлкен рөл атқарады.

ҚР-сы Президенті елдегі жағдаймен ҚР-ның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жолдаудың ережелері, сондай-ақ ҚР-сы Президентінің тапсырмалары мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу мен түзету үшін оның ішінде алдағы жоспарлы кезеңге арналған бюджетті қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі делінген Жарлықта – мемлекеттік жоспарлау принциптеріне құжаттарынан, процестерінен және оған қатысушылардан тұратын, елдің ұзақ мерзімді (5 жылдан аса), орта мерзімді (3-5 жыл) және қысқа мерзімді (3 жылға дейін) кезеңдерге арналған дамуын қамтамасыз ететін өзара байланысты элементтер кешені.

Мемлекеттік жоспарлау мемлекеттік билік органдарының және елді дамыту процестеріне өзге де қатысушылардың даму деңгейін көтеруге, азаматтардың әл ауқатын өсіруге және ел қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған қызметін қамтиды.

ҚР-дағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында ҚР-сы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің №931 Жарлығымен»<sup>2</sup> ҚР-ның стратегиялық даму жоспарын елдің аумақтық кеңістік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдарының стратегиялық жоспарларын және бақылау жүргізу ережелері бекітілді.

Сондай-ақ, Жарлықпен мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы Жарлыққа оның кейбір нормаларын нақтылайтын толықтырулар мен өзгерістер енгізілген. Мәселен, онда тұжырымдама мен доктринаның

<sup>1</sup> ҚР-ның Президентінің Жаршысы, 2009, №30, 259 - к

<sup>2</sup> Adilet.zan.kz

анықтамалары берілген, оларды іске асырудың параметрлері нақтыланып, тетіктері айқындалған.

### §3. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу

Сауда бұл экономиканың саласы және экономикалық қызметтің түрі. Олар тауарлар айналымы мен айырбас жасауды, сатып алу мен сатуды, сондай-ақ тауарларды сату кезінде сатып алушыға қызмет көрсету және оларды жеткізуді, сақтауды және тауарды сатуға дайындауды қамтамасыз етеді.

Тауар дегеніміз – айналымнан алынбаған, сатуға немесе айырбастауға арналған кез келген еңбек өнімі.

«Сауда қызметін реттеу туралы» 2004ж. 12сәуірдегі №544-І ҚР Заңымен (2016.26.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)<sup>1</sup> белгіленген ішкі сауданың мынандай түрлері ажыратылған: көтерме сауда, бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру. Көтерме сауда – жеке, отбасылық, үй ішлік және осыған ұқсас өзге де пайдаланушылыққа байланысты емес, кейіннен сатуға немесе өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет. Бөлшек сауда тауарларды тұтынушыларға олардың жеке пайдалануы үшін сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет. Қоғамдық тамақтандыру – тамақ өнімдерін өндірумен, өңдеумен, өткізумен және тұтынуды ұйымдастырумен байланысты кәсіпкерлік қызмет.

Сауданың өзге де түрлері: аукциондық сауда, коммерциялық сауда, тапсырыс бойынша сауда, шекара маңындағы сауда, көшпелі сауда, көтерме жәрменкелік сауда, электрондық сауда, тауарлармен биржалық сауда жасау. Аукциондық сауда тауарларды сату жөніндегі көпшілікке жария, сауда-саттық жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Аукциондық сауда жүргізу тәртібі ҚР-ның азаматтық заңдарымен реттеледі. Коммерциялық сауда ҚР-ның азамат заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Тапсырыс сауда сатушының тауар туралы жарнама және ақпарат таратудың өзге де әдістері негізінде мәліметтер ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

Шекара маңындағы сауданы ҚР-ның шекара маңы аумағындағы мен шектес мемлекеттің тиісті шекара маңы аумағындағы жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады. Көшпелі сауда тиісті аумақта жоқ тауарларға қажеттілікті қанағаттандыру үшін, не осы аумақта сауда объектілері болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

<sup>1</sup> «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 ж. 12 сәуірдегі №544-І ҚР Заңымен (2016.26.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)//<http://online.zakon.kz/>

Көрме, жәрмеңкелік сауда орталық атқарушы органдардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің немесе жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ сауда қызметі субъектілерінің рынок конъюктурасын зерттеу, тауарларды сатып алу және сатуды ұйымдастыруға жәрдемдесу, шарттар жасау және жаңа сауда байланыстарын орнату мақсатында көрме және жәрмеңке ұйымдастыруы арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық сауда оған қатысушылардың келісімі негізінде электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып, тауарларды сатып алу, сатуға сауда мәселесін жасау арқылы жүзеге асырады. Биржалық сауда «Тауар биржалары туралы» 2009 ж. 4 мамырдағы №155 ІV ҚРЗ Заңына<sup>1</sup> сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыру процесінде олардың арасын- да туындайтын қоғамдық қатынастар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007ж. 21 шілдедегі №303 І ҚРЗ Заңмен<sup>2</sup> реттеледі.

### **Сыртқы сату қызметі.**

Қазақстан Республикасына тауарлар әкетумен және Қазақстан Республикасына тауарлар әкелумен байланысты сауда қызметі. Жекеленген тауарларды әкетуге немесе әкелуге мемлекеттік монополия тауарларды әкетуді немесе әкелуді лицензиялау негізінде жүзеге асырылады. Лицензиялауға жататын тауарлардың жекеленген түрлерінің тізбесін ҚР-ның Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының сауда саясаты оның мемлекеттік экономикалық саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. ҚР-ның сауда саясатының мақсаттары: халықтық тауарларға сұраныс қанағаттандыру және сауда инфрақұрылымын дамыту; ҚР-ның сауда қызметін дамытуға жәрдемдесу; ҚР-ның әлемдік сауда жүйесіне ықпал ету үшін жағдайлар жасау. Қазақстан Республикасының сауда саясатын іске асыру, сыртқы қызметін мемлекеттік реттеу әдістерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

<sup>1</sup> ҚР-сы Парламентінің Жаршысы, 2009

<sup>2</sup> ҚР-сы Парламентінің Жаршысы 2007, №17ю 135 -к

### **3-Тарау. МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ БАСҚАРУ, МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ЭКОНОМИКА СЕКТОРЫН ЖӘНЕ МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

#### **§1. Мемлекеттік мүлікті басқару және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік реттеу**

Мемлекеттің мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы құқықтары мен міндеттері «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР заңымен айқындалған. Заңмен мемлекеттің меншік құқығында мемлекетке тиесілі мүлікті иеленеді, пайдалану және оған билік етуді қоса алғанда, мүліктік құқықты жүзеге асыру тәртібі, мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мүлікті мемлекет меншігіне алу және жекешелендіру кезінде жеке тұлғалардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың оларды иелену және пайдалану тәртібі белгіленген.

Мемлекеттік Заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлікті, акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестерін және өзге де мемлекеттік мүлікті басқару тәртібі де осы Заңмен белгіленген.

Стратегиялық объектілердің құқықтық режимінің ерекшеліктері ҚР-ның Азаматтық Кодексінде, осы заңда және ҚР-ның өзге де заңдарында айқындалады. Мемлекеттік немесе жергілікті қазынаға жатқызылатын өзге де мүлікке мемлекеттік құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері ҚР-ның Заңдарымен белгіленеді.

Мемлекеттік мүлік республикалық және коммуналдық мүлік болып бөлінеді. Мемлекеттік мүліктің түріне қарай мемлекеттік мүлікті басқаруды Қазақстан Республикасы әкімшілік аумақтық бөлінісі жүзеге асырады. ҚР-ның Үкіметі Қазақстан Республикасының атынан мемлекеттік мүлікті басқаруды ұйымдастырады және республикалық мүлікті басқарады. Жергілікті атқарушы органдар әкімшілік аумақтық бөлінісінің атынан коммуналдық мүлікті басқаруды жүзеге асырады.

Республикалық және коммуналдық мүліктің сақталуына бақылау жасауды тиісті салалардың өкілетті органдарының және облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен қаржыландыратын атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметі жүзеге асырады. Мемлекеттік мүліктің сақталуына бақылау жасауды мемлекеттік қаржылық бақылаудың өзге де органдары жүзеге асыра алады.

Мемлекеттік мүлік шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілуі мүмкін. Мемлекет (Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік аумақтық бөлініс) акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік заңды тұлғалардың құрылтайшысы (акционері, қатысушысы) мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер бо- лып табылады.

Республикалық заңды тұлғалардың мүлікке қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын ҚР-ның атынан мемле- кеттік мүлік жөніндегі өкілетті орган, ҚР-ның Ұлттық Банк немесе ҚР-сы Үкіметінің шешімі бойынша республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік орган атқарады. Коммуналдық заңды тұлғаларға қатысты коммуналдық облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік мүлікті бақылау және тиімді пайдалану мақсаттары үшін мемлекеттік мүлікті есепке алу жүргізіледі. Мемлекеттік мүлікті есепке алу туралы деректер мемлекеттік мүліктің экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатынасын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингі ҚР-ның Үкіметінің белгіленген тәртібімен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік мүлік тізімі нысанында бірыңғай орталықтандырылған есепке алуды мемлекеттік мүлік жөніндегі өкілетті орган жүзеге асырады. Мемлекеттік мүлік тізімінің деректерін республиканың өкілетті мемлекеттік органдарын мемлекеттік мүлікті басқаруға және оның сақталуына бақылау жасауға байланысты қабылдауға керекті шешімдер пайдаланылады.

Мемлекеттік мүлікті басқару жүйесінде акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттің акцияларын, үйлестерін басқару маңызды орын алады. Мемлекеттік қатынастың акционерлік қоғамды немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқаруға мемлекеттің қатысу құқығын мемлекеттік «Акционерлік қоғамдар туралы» және 2003 ж. 13 маусымдағы №415 І ҚРЗ<sup>1</sup> «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 ж. 22 сәуірдегі ҚР-ның Зандарына сәйкес іске асырады.

---

<sup>1</sup> ҚР-сы Парламентінің жаршысы, 2003, №10, 55

Қазақстан Республикасы қатынасын акционерлік қоғамдарда және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде ҚР-ның Үкіметі арқылы акционердің акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға қатысу құқығын мемлекеттік мүлік жөніндегі орган жүзеге асырады.

Акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иеленеді және пайдалану құқығын жүзеге асыруын тиісті саланың өкілетті органы ҚР-ның заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысындағы (қатысушылардың жалпы жиналысы) құзыретіне жататын мәселелері бойынша акционер (қатысушы) ретінде мемлекеттің мүддесін білдіреді.

Әкімшілік аумақтық бөлінісі қатысатын акционерлік қоғамдарда және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде әкімшілік аумақтық бөлінісінің акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) акционер ретінде басқаруға қатысу құқығын жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік мүлік басқару жөніндегі мемлекеттік органдардың ҚР-сы Үкіметінің, ҚР-сы Ұлттық Банктің Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық өкілетті органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі өкілетті органның тиісті саланың өкілетті органының, жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 2-тарауында айқындалған.

Мемлекеттік мүлік басқару жөніндегі өкілетті орган болып, ҚР-сы Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мүлікті қоспағанда, республикалық мүлікті басқару, мемлекеттің республикалық мүлікке құқығын іске асыру, экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншікті және стратегиялық объектілерінде жекешелендіру мемлекеттік мониторинг жүргізу саласындағы басшылықты өз құзырет шегіндегі жүзеге асыратын орталық атқарушы орган ретінде түсініледі.

Қазіргі кезде мемлекеттік мүлікті басқару функцияларын жүзеге асыратын өкілетте орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болып табылады. Министрлік мемлекеттік мүлікті басқаруды тікелей өзі, Министрліктің ведомствасы болып табылатын Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті және оның аумақтық бөлімшелері департаменттері арқылы жүзеге асырады.

Министрліктің заңмен мынандай құзыреті белгіленген: өз құзыреті шегінде мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді; республикалық бақылауды, республикалық мүліктің жекешелендірілуін, ҚР-ның атынан

республикалық заңды тұлғаларға субъект құқығын жүзеге асырады, тиісті саланың өкілетті органының ұсынуы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсатын, кәсіпорынның түрін айқындайды және аталған кәсіпорындардың жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітеді; республикалық заңды тұлғалардың артық пайдаланбайтын, не мақсатына сай пайдаланбаған мүлікті алып қоюды жүзеге асырады; республикалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға береді; тиісті саланың өкілетті органына республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға; кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға, филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді; республикалық мүлік мәселелері бойынша мемлекеттің мүддесін білдіреді; ҚР-на тиесілі мүліктік құқықтарды қорғауды жүзеге асырады; экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, ҚР-сы қатысатын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады; ҚР-сы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болады; ҚР-сы Үкіметінің атынан мемлекеттің акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға акционер (қатысушы) ретінде қатысу құқықтарын жүзеге асырады; ҚР-ның Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік мүлік тізімін жүргізеді және мемлекеттік мүлік тізімін пайдаланушыларға ақпарат ұсынады; «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес Республикалық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспа басылымын айқындау жөніндегі конкурс өткізеді; қаралып отырған Заңда, ҚР-ның өзге де Заңдарында ҚР-сы Президентінің және ҚР-сы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министрліктің құзыреті ҚР-сы Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы №119 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы» ережеде, кейіннен оған енгізілген өзгерістермен толықтыруларда оның функциялары мен құқықтарында нақтыланған<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> ҚР-сы Президенті мен ҚР-сы Үкіметінің актілер жинағы, 2004, №41, 531 -к

Мемлекеттік мүлікті басқару жүйесінің шеңберінде дәрменсіз борышкерді оңалтудың, заңды тұлғаның банкротқа ұшырауының мәселелерін де қысқаша қарап өту керек. Өйткені банкроттық борышкердің сот шешімімен танылған оны таратуға негіз болатын дәрменсіздік. Борышкер болып заңдарда кез келген тәртіппен өзіне сырттай байқау, банкроттық рәсімдерінің немесе соттан тыс тарату рәсімінің қолданылуына төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі негіз болып табылатын заңды тұлға танылады.

Қазіргі кезде дәрменсіз борышкерді оңалтудың арнаулы рәсімдерін өткізудің, заңды тұлғаны банкрот деп танудың және оны таратудың шарттары мен тәртібі «Банкрот туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңымен реттеледі. Заң қазыналық кәсіпорындар мен мекемелерден басқа, заңды тұлғалардың банкроттық туралы істерге қолданылады.

Осы заңда дәрменсіз борышкерді оңалту рәсімі, яғни сот рәсімі қаралған. Осының шеңберінде дәрменсіз борышкерге кез келген қайта ұйымдастырушылық, ұйымдық шаруашылық, инвестициялық, техникалық, қаржы экономикалық-құқықтық және борышкердің таралуын болдырмау мақсатында оның қабілетін қалпына келтіруге бағытталған заңдарға қайшы келмейтін өзге де шаралар жүзеге асырылады. Оңалту рәсімі борышкер өтініш жасаған кредиторлар комитетінің және өкілетті органның келісімі болған жағдайда сот тәртібімен тек коммерциялық ұйымдарға қатысты қолданылады.

ҚР-ның Үкіметі белгіленген мемлекеттік орган өкілетті орган ретінде өзіне берілген өкіметтік шектерінде банкроттық рәсімдерінің (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын және жинақтаушы қорларын қоспағанда) жүргізілуіне, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді соттан тыс тарату рәсіміне бақылауды және болдырмау мақсатында оның төлем қабілетін қалпының өзге де шараларын жүзеге асырылады. Оңалту рәсімі борышкер өтініш жасаған кредиторлар комитетінің және өкілетті органның келісімі болған жағдайда сот тәртібімен тек коммерциялық ұйымдарға қатысты қолданылады.

ҚР-ның Үкіметі белгілейтін мемлекеттік орган өкілетті орган ретінде өзіне берілген өкілеттік шектерінде банкроттық рәсімдерінің (банктерді, жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) жүргізілуіне, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді соттан тыс тарату рәсіміне бақылауға жүзеге асырады. Бақылаудың мақсаты банкроттық рәсімдерінің сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімінің міндеттерін орындауын қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік мүлікті басқаруға ҚР-сы Президентінің 2013 ж. 16 қаңтардағы №466 Жарлығымен жаңадан құрылған Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің тікелей қатысы бар. Өйткені бұрынғы Жер ресурстарын басқару агенттігін осы министрлікке қосу жолымен таратылып, оның орнына Жер ресурстарын басқару комитеті құрылды. Сөйтіп, Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару жөніндегі Орталық Өкілетті органның заңнамада белгіленген функциялары мен өкілеттіктерін тікелей өзі, құрамындағы жер учаскелерін жер инспекциялары арқылы өзге атқарушы билік органдарымен; жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен; қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен іс-әрекеттік қарым-қатынаста болып жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдардың жер қатынастары саласындағы құзыреті 2016 жылы 30 маусымдағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен «Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 2 тарауында айқындалған».

Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық өкілетті органның, яғни ҚР-сы Өңірлік министрлігінің және оның жер ресурстарын басқару комитеті мен жергілікті жерлердегі органдарының құзыретіне:

Жер ресурстарын басқару мен жер қатынастарын реттеу саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатын жүргізу;

- Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- Мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыру;
- Жерге орналастыруды республикалық деңгейде жүргізуді ұйымдастыру;
- Жер қатынастары саласындағы мемлекет мүдделерін қорғау;
- Жерге орналастыру жұмыстарын жүргізуді лицензиялау;
- Мемлекеттік жеке меншікке сататын немесе жерді пайдалануға беретін нақты жер учаскелерінің бағалау құнын анықтау;
- Жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар беру;
- Қазақстан Республикасы жер заңдарын бұзушылықты жою жөніндегі шаралар қолдану;
- ҚР-сы жер заңдары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;
- Жер кодексіне және ҚР-ның заң актілерінде олардың құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер жатады.

Өкілетті Орган өз қызметін ҚР-ның Үкіметі бекіткен ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Қазіргі заманғы өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті өндірістерді жедел дамыту; экономика салаларына және өңірлерге инвестициялар, жаңа технологиялар тарту, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында арнайы экономикалық аймақ құрылады. Арнайы экономикалық аймақ қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтық арнайы құқықтық режимі қолданылып, дәл белгіленген шекаралары бар Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Құру және құрылатын арнайы экономикалық аймақтық мақсатында сәйкес келетін қызметтің басым түрлері туралы шешімді ҚР-ның Президенті қабылдайды.

Арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» ҚР-ның 2011 ж. 21 шілдедегі №469 ІҰҚРЗ Заңымен реттеледі.

Арнайы экономикалық аймақтың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы саласындағы мемлекеттік реттелу осы заңда және өзге де нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген өз құзыретінің шегінде ҚР-ның Үкіметі, уәкілетті орган және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Өкілетті органды ҚР-ның Үкіметі айқындайды. Ол арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратуы саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

ҚР-сы Үкіметінің шешімімен құрылатын басқарушы компания немесе Астананың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік мекемесі арнайы экономикалық аймақтық басқару органы болып табылады. «Басқару органының функциялары арнайы экономикалық аймақтар туралы» ҚР Заңның 18 бабында айқындалған.

## **§2. Бәсекелесті қорғау, монополияға қарсы мемлекеттік реттеу және тұтынушылардың құқықтарын қорғау**

Экономикалық даму саласындағы мемлекеттік басқарудың нысанын бәсекелестікті қорғаумен және монополияға қарсы қызметпен байланысты қатынастарды қамтиды. Олар ҚР-ның Конституциясында ҚР-ның Азаматтық кодексіне және «Бәсекелестік туралы» ҚР-ның Заңына негізделеді. Мақсаты бәсекелесті қорғау, тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау, экономикалық кеңістіктің

біртұтастығын, тауарлардың еркін қозғалысын және Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызметтің еркіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

«Бәсекелестік туралы» Заң бойынша бәсекелестік дербес жасаған іс-әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналымының жалпы жағдайында олардың әрқайсысының бір жақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің жиынтығы. Бәсекелестік бұл құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған, сондай-ақ тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзатын бәсекелестіктегі кез келген іс-әрекеттер. Монополистік қызмет деп нарығына кіруге шектеушіге бәсекелесті болдырмауға, шектеуге әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін және әкеп соғуы мүмкін емес тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым жасайтын іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне, оның ішінде:

- Монополиялық жоғары немесе монополиялық төмен бағаларды белгілеу, ұстап тұру;
- Нарық субъектілерімен жасалған маңызы бірдей келісімдерге объективті түрде өзін-өзі ақталмайтын себептермен әртүрлі бағалар қолдану, не әртүрлі талаптар қою;
- Өзінен сатып алынған тауарларды қайта сатуға аумақтық белгілі, сатып алушылар тобы, сатып алу талаптары, сондай-ақ саны, бағасы бойынша шектеулер белгілеу;
- Нарық субъектісіне өз мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүріне сай осы келісімдердің мәніне қатысы жоқ қосымша міндеттемелер қабылдау жолымен келісімдер жасасуға шарт қою, не оны күштеп тану;
- Тиісті тауарды өндіру немесе өткізу мүмкіндігі бола тұрып, жекеленген сатып алушылармен шарт жасасуға бір айдан асып кететін мерзімде жауап ұсынбаудан көрінген жалғару;
- Тауарлар беруге бәсекелестер өндіретін, не өткізетін тауарларды сатып алу кезінде шектеулер қолдану шартын қою;
- Тұтынушыларыдың сұраныстары немесе тапсырыстары бар тауарларды өндіру немесе беру мүмкіндігі бола тұрып, өндіру және беруді тоқтату сияқты іс-әрекеттеріне тыйым салынады.

Құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған, сондай-ақ тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзатын бәсекелестіктегі кез келген іс-әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады.

Заңмен жосықсыз бәсекеге тыйым салынады, оған мынадай іс-әрекеттер жатады:

- Тауар таңбаларын, буманы, басқа өндірушінің тауарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;
- Бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу;
- Нарық субъектілерінің беделін түсіру;
- Көрнеу жалған, жосықсыз және дәйексіз жарнама;
- Сатушыны бойкот жасауға шақыру;
- Сатушының, сатып алушының қызметкерін сатып алушылық;
- Коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратын құқыққа сыйымсыз пайдалану және т. б.

Заңмен сондай-ақ мемлекеттік органдардың бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға тұтынушылардың заңды құқықтарына қысым жасауға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін актілеріне шешімдер, жазбаша не-месе ауызша нұсқаулар қабылдаумен, келісімдер жасасудан немесе өзге де іс-әрекеттер жасасудан көрінетін бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттеріне, мұндай іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарына көзделген жағдайларды қоспағанда, республика Заңнамасында белгіленген тәртіппен тыйым салынатындығын белгілеген.

Нарықтық экономиканың тиімді жүйесінің қалыптасуы мен қарқынды нарықтық монополия маңызы қажеттік бәсекенің әр түрлі көріністерімен батыл күрес жүргізе отырып, бәсекелестікті барынша дамыту болып табылады.

«Бәсекелестік туралы» ҚР-ның 2008 ж. 30 тамыздағы №815 ҚР Заңымен нарық субъектілері мен тұтынушылардың құқықтарын осы заңда шектелген монополистік қызметтен, мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерін және теріс пиғылына бәсекеден қорғаудың құқықтық негіздері айқындайды.

Заң ҚР-ның тауар рыноктарындағы адал бәсекелестікті қолдауға және оған қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Бәсекелестік бұл дербес жасаған іс-әрекеттері тиісті тауар рыногындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайын олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін рынок субъектілерінің жарыспалығы, теріс пиғылы бәсекелестік, бұл құқықтық сыйымсыз артықшылықтарға сондай-ақ тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзатын бәсекелестіктегі кез келген іс-әрекеттерге тыйым салынады.

Шектелген монополистік қызметке:

- нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдері;
- нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы шектелген іс-әрекеттері;

- үстем немесе монополиялық жағдайды төте пайдалану жатады.

Бәсекелістікте шектелмейтін не шектеуі мүмкін нарық субъектілерінің арасында кез келген нысанда жасалған бәсекелестікке қарсы келісімдерге тыйым салынады және олар белгіленген тәртіппен толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады. Мұндай келісімдерге: тауарларды сатып алудың немесе өткізудің келісілген бағаларын не басқа жағдайларын белгілеу және ұстап тұру; сауда саттықты, аукциондар мен конкурстарды өткізудің белгіленген тәртіптің нәтижесінде олардың қорытындыларын бұрмалау, оның ішінде бағаны көтеру, төмендету немесе ұстап тұру; тауар рыноктарының (базарларының) аумақтық белгісі, тауарлардың ассортименті, оларды өткізу немесе сатып алу көлемі бойынша, сатушылар (өнім берушілер) немесе сатып алушылар тобы бойынша не басқа белгілер бойынша бөлу; тауарларды өндіруді, не өткізуді негізсіз шектеу; белгілі бір сатушылармен (өнім берушілермен) не сатып алушылармен шарттар жасаудан негізсіз бас тарту, не жалтару; рыноктың басқа субъектілерінің белгілі бір тауарларды сатушылар (өнім берушілер) немесе олардың сатып алушылары ретінде тауар рыногына кіруін шектеу немесе оларды рыноктан ығыстырып шығару; рыноктың басқа субъектілерімен маңызы бірдей шарттарға кемсітетін талаптар қолдану; контрагенттердің (келісім шарт агенттерінің) өзінің мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүрі бойынша жасасатын шарттарының нысанына қатысы жоқ қосымша міндеттемелер (қаржы қаражатын және өзге де мүлікті, мүліктік немесе мүліктік емес құқықтарды беруді негізсіз талап ету) қабылдауы жағдайында шарттар жасасуы жатады.

Үстем немесе монополиялық жағдайы тиісті тауар рыногындағы рынок субъектісінің немесе бірнеше рынок субъектілеріне тиісті тауар рынок бақылауға, оның ішінде тауар айналысының жалпы жағдайына елеулі ықпал етуге мүмкіндік беретін жағдайына үстем немесе монополиялық жағдай. Тиісті тауар рыногындағы үлесі 35 және одан да көп процентті құрайтын рынок субъектісінің жағдайы үстем жағдай болып танылады.

Табиғи монополия, мемлекеттік монополия субъектілерінің, сондай-ақ тиісті тауар рыногындағы 100 процент үстем үлеске ие рынок субъектілерінің жағдайы монополиялық жағдай болып танылады.

Үстем немесе монополиялық жағдайға не рынок субъектілеріне тиісті тауар рыногына кіруді шектеуге, бәсекелестікті болдырмауға, шектеуді жоюға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін және тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым жасайтын іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне тыйым салынады.

Үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың нысандары өте әртүрлі. Монополиялық жоғары (төмен) немесе монополиялық төмен бағаларды белгілеу, ұстап тұру; рынок субъектілерімен жасалған маңызы бірдей келісімдерге объективті түрде өзін-өзі ақтамайтын себептермен әртүрлі бағалар қолдану, не түрлі талаптар қою; өзінен сатып алынған тауарларды қайта сатуға аумақтық белгісі, сатып алушылар тобы, сатып алу талаптары, сондай-ақ саны, бағасы бойынша шектеулер белгілеу, рынок субъектісіне өз мазмұны бойынша немесе іскерлік айналым дәстүріне сай осы келісімдердің мәніне қатысы жоқ міндеттемелер қабылдану жолы мен келісімдер жасауға шарт қою не оны күштеп тану; тиісті тауарды өндіру немесе өткізу мүмкіндігі бола тұрып, жекелеген сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тарту, не осындай шарт жасауға бір айдан асып кететін мерзімде жауап ұсынбаудан жалтару, тауарлар беруге бәсекелестер өндіретін не өткізетін тауарларды сатып алу кезінде шектеулер қолдану шарттарын қою; тұтынушылардың сұраныстары немесе тапсырыстары бар тауарларды өндіру немесе беру мүмкіндігі бола тұрып, өндіру немесе беру көлемін негізсіз қысқарту немесе өндіруді және беруді тоқтату сияқты іс-әрекеттер.

Тауар рыноктарында монополияға қарсы мемлекеттік реттеу органның біртұтас жүйесі орталық мемлекеттік орган ҚР-сы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (монополияға қарсы агенттік) және оған бағынышты аумақтық органдар құрайды.

Монополияға қарсы органның міндеттері мен құзыреті Бәсекелестік туралы заңда, ол аталған Агенттіктің функциялары мен өкілеттіктері ҚР-сы Үкіметінің, 2008ж. 15ақпандағы №141 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау (Монополияға қарсы) агенттігі» туралы Ережеде айқындалған. Агенттік Үкіметтің құрамына кірмейтін тиісті тауар және қаржы ұйымдарының монополистік қызметін шектеу және тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектеу салааралық үйлестіреді және өзге де арнайы функцияларын жүзеге асыратын Республикалық орталық атқарушы органы. Агенттік өз қызметін, өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды өзі тікелей және өңірлік инспекциялары арқылы жүзеге

асырады. Табиғи монополиялар, реттелетін нарықтар субъектілерінің өмір сүруіне және іс-әрекетіне байланысты қызметтер (тауарлар, жұмыстар) рыногындағы туындайтын қатынастар «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» ҚР-ның 1998 ж. 9 шілдедегі Заңымен бекітілген. Заңның мақсаты тұтынушылардың табиғи монополияларымен реттелетін нарықтар субъектілерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, табиғи монополиялар салаларындағы қызметі және реттелетін нарықтардағы баға белгілеуді мемлекеттік реттеу мен бақылаудың құқықтық негіздерін айқындау болып табылады. Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықтық өкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Қазіргі кезде бұл Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі.

Өкілетті орган ретінде Агенттіктің міндеттері мен құқықтары Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы Заңмен және оның қызметін ұйымдастыру тәртібімен құрылымы ҚР-сы Үкіметінің 2007 ж. 12 қазандағы №943 қаулысымен бекітілген Ережемен белгіленген.

Агенттік Үкіметтің құрамына кірмейтін телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, темір жол көлігі, электр және жылу энергетикасы, мұнай, мұнай өнімдері мен газ тасымалдау, азаматтық авиация, порт қызметі саласындағы тауар рыноктарында үстем (монополиялық) жағдайға не рынок субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды, ҚР-ның Үкіметі белгілеген номенклатурасы бойынша тауарларға (жұмыстарға, көрсететін қызметкерге) бағаларды мемлекеттік реттеуді, мемлекеттік органдардың ақылы қызметтерді көрсету тәртібін бақылауды, мемлекеттік монополияға жатқызылған салада өз қызметін жүзеге асыратын, мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін реттеуді ҚР-ның заңнамасына сәйкес құрамына кірмейтін, телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда темір жол көлігі, электр және жылу энергетикасы, мұнай, мұнай өнімдері мен газ тасымалдау, азаматтық тауар рыноктарында үстем (монополиялық) жағдайға не рынок субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағалар бойынша тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметкерге) бағаларды мемлекеттік реттеуді, мемлекеттік органдардың ақылы қызметтерді көрсету тәртібін бақылауды мемлекеттік монополияға жатқызылған салада өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындардың қызметін реттеуде ҚР-ның заңнамасына

сәйкес жүзеге асыратын республикалық орталық атқарушы органы. Агенттік өзінің қызметін тікелей өзі және өзінің аумақтық органдары, облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша департаменттері арқылы жүзеге асырады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу тәртібі және субъектілері «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР-ның 2010 ж. 4 мамырдағы №274-IV ҚРЗ заңымен айқындалған. Ол бойынша мемлекеттік реттеуді ҚР-ның Үкіметі, Өкілетті Орган және өзге де заңдарға, ҚР-сы Президентінің және ҚР-сы Үкіметінің актілерінде белгілеген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Бұл ретте ҚР-ның Үкіметі мемлекеттік саясаттың тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы негізгі бағыттарын әзірлейді, ҚР-ның Конституциясында, Заңдарында және ҚР-сы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Өкілетті орган-тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган. Қазіргі кезде бұл орган ҚР-сы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (монополияға қарсы агенттік) болып танылады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Агенттіктің құзыреті осы Заңмен міндеттері функциялары мен өкілеттіктері жоғарыда аталған Ережемен айқындалған.

Осы актілерге сәйкес Агенттік өкілетті орган ретінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді; ҚР-ның Үкіметіне осы саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізеді; тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлеструді жүзеге асырады; тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы республика заңнамасына жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды; тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен, қауымдастықтармен; ҚР-ның Заңдарында, ҚР-сы Президентінің және ҚР-сы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бұлардан басқа мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлейді; өкілетті органға; ҚР-ның Үкіметінің тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы ҚР-ның заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді; жеке немесе заңды тұлғалардың тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы өтініштерін қарайды; тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнаманы бұзушыларға жауапкершілік құқықтарын қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асырады; Заңдарда, ҚР-ның Президентінің актілерінде, ҚР-сы Үкіметінің актілерінде көзделген де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### §3. Мемлекеттің экономика саласындағы бақылауға рұқсат беру қызметі

Қазіргі кезде ҚР-ның экономика саласындағы бақылау рұқсат беру қызметінде және оның нәтижесінде үш негізгі және ең көп тараған ұйымдық-құқықтық құралдар қолданылады:

- жеке және заңды тұлғаларды кәсіпкерлік экономикалық қызметтің субъектілері ретінде мемлекеттік тіркеу;
- кәсіпкерлік экономикалық қызметтің кейбір түрлерін мемлекеттік тұрғыдан лицензиялау;
- мемлекеттің ерекше бақылауында болатын іс-әрекеттер мен операцияларды (мемлекеттік экспорттық бақылау, валюталық бақылау, кедендік бақылау, бақыланатын тауарлар мен технологияларды Қазақстаннан әкетуді кедендік рәсімдеу және т. б.) жүзеге асыруды мемлекеттік реттеудің ерекше рұқсат беру тәртібі.

Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеуді «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 ж. 17 сәуірдегі №2198 Заңға және «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 ж. 31 қаңтардағы №124 I ҚРЗ Заңға сәйкес тіркеуші органдар жүзеге асырады.

Қазіргі кезде экономикалық қызметтің кейбір түрлерін лицензиялау «Лицензиялау туралы» 2007ж. 11 қаңтардағы №214 I ҚРЗ Заңымен қаралған негізде ҚР-ның Үкіметі осы заңға сәйкес лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар тізбесін айқындайды, жекелеген қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді.

Елбасы Қазақстан-2050 Стратегиясы Жолдауында Үкіметке 2013 жылдың бірінші жарты жылдығының соңына дейін Қазақстан азаматтарының өмір тіршілігі қауіпсіздігіне тікелей ықпал етпейтін барлық рұқсаттар мен лицензияларды қайтарып алып, оларды хабарландырумен ауыстыру жөнінде тапсырма берді.

Мемлекеттің ерекше бақылауында болатын кейбір іс-әрекеттер мен операцияларды жүзеге асыруды мемлекеттік реттеудің ерекше рұқсат беру тәртібі арнайы заңдар негізінде іске асырылатын мемлекеттік бақылаудың кейбір ерекше түрлерін қамтиды. Оларға, мысалы «Экспорттық бақылау туралы» 2007 ж. 21 шілдедегі №300 I ҚРЗ Заңымен реттелетін қару жараққа, әскери техникаға, ядролық және арнайы ядролық емес материалдарға, әскери мақсаттағы әкімге, екіұдай қолданылатын тауарлар мен технологияларға, оларды өндіру мен пайдалануға байланысты шикізатқа, материалдарға, жабдықтарға,

технологияларға, ғылыми техникалық ақпарат пен көрсетілетіні қызметкерге экспорттық бақылауды жүзеге асырудың және жаппай қырып жоятын қаруды таратпау режимін нығайтудың, осылар мен сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыруға рұқсат берудің негіздері мен тәртібі жатады. Мемлекеттік реттеудің ерекше рұқсат беру тәртібінің бір түрі бақыланатын тауарлар мен технологияларды Қазақстан Республикасынан әкетуге кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеу болып табылады.

#### **4-Тарау. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МЕН САУДА САЛАСЫН БАСҚАРУ**

##### **§1. Экономикалық даму мен сауда салаларындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құзыреті**

Экономикалық даму және сауда салаларындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі және бюджеттік жоспарлау министрлігі, оның ведомствалары мен олардың аумақтық органдары, өз құзыреті шегінде өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

ҚР-ның Үкіметі мемлекеттік әлеуметтік экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлейді; әлеуметтік бағдарламаларды әзірлейді; әлеуметтік экономикалық және ғылыми техникалық дамудың индикативтік жоспарларын әзірлеп, жүзеге асырады; құрылымдық және инвестициялық саясатты жүзеге асырады; мемлекеттік баға түзу саясатын талдап жасайды және жүзеге асырыды; мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдер, тауарлар мен қызметтердің номенклатурасын белгілейді; мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады; оны пайдалану жөніндегі шараларды талдап жасайды және жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Экономика және жоспарлау министрлігінің құзыреті 2008 ж. 4 желтоқсандағы №95 IV ҚРЗ Заңмен бекітілген ҚР-ның Бюджет кодексімен, ҚР-ның өзге де заңдарымен және оның негізгі міндеттері, функцияларымен құқықтары жоғарыда аталған ҚР-сы Президентінің 2009 ж. 18 маусымдағы №827, 2010 ж. 4 наурыздағы №931 және 2009 ж. 26 тамыздағы №861 Жарлығымен бекітілген «Республикалық бюджет жобасымен әзірлеу қағидалары, оның жаңа редакциясы 2013 ж. 30 мамырдағы №575 Жарлығына» қосымша берілген, сондай-ақ ҚР-сы Үкіметінің 2004 ж. 28 Қазандағы №116 Қаулысымен бекіткен «Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі туралы» Ережемен, оның жаңа редакциясы ҚР-сы Үкіметінің 2013 ж. 12 ақпандағы №126 қаулысымен бекітілген және айқындалған.

Министрліктің құрамында ведомствасы ҚР-сы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Сауда комитеті бар, оның функциялары жоғарыда аталған министрлік туралы Ережемен бекітілген. Қазақстан Республикасы Экономика және Бюджеттік

жоспарлау министрлігі стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, салық және бюджет саясаты, сондай-ақ кеден ісі саласындағы саясат, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш, мемлекеттік инвестициялық саясат және инвестицияларды қолдау саясаты, қолайлы инвестициялық ахуалды жасау, мемлекеттік жеке меншік әріптестік, бәсекелестікті қорғау және монополиялармен реттелетін шектеу, табиғи монополиялармен реттелетін нарықтар, халықаралық экономикалық және қаржы қатынастары оның ішінде халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу, сыртқы сауда қызметін реттеу және дамыту, ішкі сауданы реттеу және дамыту, мемлекеттік активтерін басқару, оның ішінде корпоративтік басқару сапасын арттыру, мемлекеттік басқару жүйесін дамыту, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты дамыту, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру, халықтық көші-қоны, «жасыл экономиканы» дамыту салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің миссиясы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және елдің әлеуметтік экономикалық дамуының басым міндеттерін іске асыруға бағдарланған мемлекеттік жоспарлаудың біртұтас және тиімді жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ сауда қызметін дамыту.

Министрліктің қолданыстағы заңнамаға сәйкес және өзіне жүктелген міндеттеріне сәйкес 148 тармақтан тұратын функциялары ол туралы аталған Ереженің 16 тармағында белгіленген. Олардың ішінде: Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Ұлттық Қауіпсіздік стратегиясын әзірлеу, түзету, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау, мемлекеттік бағдарламалар тізбесін қалыптастыру, түзету; орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын келісу; ҚР-сы Президентінің жыл сайынғы жолдауларының ережелерін іске асыру мақсатында әзірленетін жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және мониторингілеу, мемлекеттік органдарының елдің экономикалық саясатын қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру, салық және бюджет саясатын, сондай-ақ кеден ісі саласындағы саясатты қалыптастыру, бюджеттік жоспарлау саласындағы басшылық және салааралық үйлестіруді, экономикаға мемлекеттік және жеке инвестицияларды тарту саясатын қалыптастыру, сыртқы сауда қызметін кедендік тарифтік және тарифтік немесе реттеу шараларын қолдану жөніндегі ұсыныстар әзірлеу және қорытындылар дайындау; корпоративтік басқару саласын арттыру саласында мемлекеттік

саясатты әзірлеу, мемлекет акционері болып табылатын Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларымен даму жоспарларын келісу және олардың іске асырылуын бағалау, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, орталық мемлекеттік органдары қызметінің тиімділігін жалпы бағалау; Министрліктің құзырету шегінде нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу; сауда қызметін дамыту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу; тауар биржаларының қызметін мемлекеттік реттеу; халықтың көші-қон жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар және нормативтік-құқықтық актілер жобаларын әзірлеу саясатын қылаптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу және т. б.

Министрлік өзіне жүктелген міндеттер мен өз функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгілеген тәртіппен өз құзырет шегінде орындалуын міндетті нормативтік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпараттар мен материалдар сұратуға және алуға; қолданыстағы заңнамалық актілерді көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

ҚР-сы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 2013 ж. 16 қаңтардағы №416 Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі құрылды. Оған ҚР-сы Экономикалық даму және сауда министрлігінің өңірлік даму, кәсіпкерлікті қолдау, оның ішінде әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін үйлестіру аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері берілді. Сонымен бірге бұл министрліктер ҚР-сы Құрылысы және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, істер агенттігі мен ҚР-сы Жер ресурстарын басқару агенттігін қосты. Жарлықпен ҚР-сы Үкіметінің ҚР-сы Өңірлік тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитетін «Кәсіпкерлікті дамыту комитетін құруды» қамтамасыз ету тапсырылды.

Осы жарғыны іске асыру мақсатында ҚР-сы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері» туралы 2013ж. 8 ақпандағы №109 қаулысымен Министрліктің жоғарыда аталған комитеттері құрылды және Министрлік туралы Ереже бекітілді.

ҚР-сы өңірлік даму министрлігі өңірлік даму, жеке кәсіпкерлікте дамыту және қолдау, сәулет қала құрылысы және қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық, елді мекендердің шекарасы (шектері) шегінде сумен жабдықтау және су себу, электрмен, жылумен және газбен жабдықтау салаларында мемлекеттік реттеу; жер

ресурстарын басқару, геодезиялық және мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша басшылықты жүзеге асыратын ҚР-ның орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері ол туралы жоғарыда аталған Ережемен белгіленген. Министрлік өз қызметін ҚР-ның Конституциясы мен Заңдарына; ҚР-ның Президенті мен ҚР-сы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік- құқықтағы актілерге, сондай-ақ өзі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Министрліктің миссиясы өңірлерді серпінді дамыту арқылы ел тұрғындарының тыныс тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Министрліктің міндеттері: өңірлік даму; жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту; жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау; жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету; геодезия және картография салаларын дамыту; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін, тұрғын үй коммуналдық саланы дамыту салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзерлеу.

Осы міндеттерге сәйкес жеке оларды жүзеге асыру үшін Министрліктің орталық атқаратын және ведомстваларының комитеттерінің функциялары мен құқықтары мен міндеттері Министрлік туралы Ереже- мен айқындалған.

ҚР-сы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» 2009 ж. 18 маусымдағы №827 және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» 2010 ж. 4 наурыздағы №931 Жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы 2013 ж. 13 маусымдағы №582 Жарлығымен Елдің аумақтық кеңістікте дамуының болжамды схемасын ҚР-ның Президенті бекітеді деп белгіленген. Жарлықпен аталған схемаға және облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламасына байланысты өңірлік даму жөніндегі өкілетті органның, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарының міндеттері мен құқықтарын айқындаған.

**ІІІ-БӨЛІМ**  
**ҚАРЖЫ, БАНК ЖӘНЕ СТАТИСТИКА**  
**САЛАЛАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУ**

---

**1-Тарау. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ КРЕДИТ САЛАСЫН БАСҚАРУ**

**§1. Қаржы рыногы секторы қызметінің құқықты негіздері**

Қаржы саласы мемлекеттің ақша қаражатын шоғырлау, бөлу және пайдалану қатынастарды қамтиды. Бұл ең аз күшті орталықтандырылғандардың бірі болып табылады, онда қаржы жүйесінің барлық құрамды бөліктерінің (кредиттік, салық жүйелерін және мемлекеттік қаржы мен қаржы рыногының өзге де бөлшектерінің (сегменттерінің)) бірлігі қамтамасыз етіледі.

ҚР Конституциясының 54-бабымен 2-тармақшасына сәйкес Парламент республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есептерді, бюджетке енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды талқылайды, мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды.

2008 ж. 4 желтоқсандағы №95 ІV ҚРЗ Заңмен бекітілген «Қазақстан Республикасының бюджет кодексімен көзделген нормативтік-құқықтық актілерімен бюджеттің түрлерімен деңгейлеріне, бюджет жүйесіне, бюджет процесіне, бюджеттің атқарылуына, бюджеттік инвестициялар мен кредиттеуге, қарыз алу және борыш, мемлекет кепілгерлеріне және т. б байланысты қаржылық қатынастардың әртүрлі топтары мен мәселелерді реттеледі. Құқықтық жекелеген субъектілерінің, келісім шарттарынан туындайтын қаржылық институттармен қатынастар азаматтық құқықпен белгіленіп, реттеледі».

Бюджет – мемлекеттің өз міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры. Бюджет жүйесі – бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы.

Қазақстан Республикасында мынадай деңгейдегі бюджеттер: республикалық бюджет; облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері; аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті бекітіледі, атқарылады және дербес болып табылады.

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті жергілікті бюджеттерге жатады. Қазақстан Республикасында талдамалы ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітуге жатпайтын мемлекеттік және шоғырландырылған бюджет, облыстардың бюджеті жасалады.

Мемлекеттік бюджет өз араларында өзара өтелетін операциялар ескерілместен, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін, мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры болып табылады. Өз араларында өзара өтелетін операциялар ескерілмей, республикалық бюджетті, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарын біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры шоғырландырылған бюджет болып табылады.

Облыс бюджеті өз араларында өзара өтелетін операциялар ескерілместен, облыстық бюджетті, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджетін біріктіретін орталықтандырылған ақша қоры болып табылады.

### **Республикалық бюджет**

Нормативтік-құқықтық актілерде айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылай қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры республикалық бюджет болып табылады.

### **Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері**

Нормативтік-құқықтық актілерде айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және облыстық деңгейдегі, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті мемлекеттік органдарының, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылай қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері болып табылады.

## **Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті**

Нормативтік-құқықтық актілерде айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік органдарының, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті ауданда (облыстық маңызы бар қалада) мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті болып табылады.

## **Төтенше мемлекеттік бюджет**

Төтенше мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттер негізінде қалыптастырылады және Қазақстан Республикасында төтенше немесе соғыс жағдайларында енгізіледі. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылу уақытында республикалық бюджет туралы заңның және барлық деңгейлердегі жергілікті бюджеттің бюджеттері туралы мәслихаттар шешімдерінің қолданылуы тоқтатыла тұрады. Төтенше мемлекеттік бюджет төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген мерзім ішінде қолданыста болады. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылуы тоқтатылысымен республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау жүргізіледі.

## **БЮДЖЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ – Бюджет түсімдері**

- Кірістер, бюджет кредиттерін өтеу сомалары, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер, қарыздар бюджеттің түсімдері болып табылады.
- Салықтық, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер, трансферттік түсімдер бюджет кірістері болып табылады.
- Нысаналы трансферттерді қоспағанда, кірістер нысаналы мақсатқа ие болмайды. Кірістердің жаңа түрлерін енгізу, қолданылып жүргендерінің күшін жою немесе оларды өзгерту осы Кодекске міндетті түрде өзгерістер немесе толықтырулар енгізіле отырып жүзеге асырылады.
- Салықтық түсімдер Қазақстан Республикасының Салық және Кеден кодекстерінде белгіленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер болып табылады.
- Салықтық емес түсімдер негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерге жатпайтын, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде, кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделгеннен басқа, осы Кодексте және

Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленген, бюджетке міндетті, қайтарымсыз төлемдер, байланысты гранттар, сондай-ақ трансферттерден басқа, бюджетке тегін негізде берілетін ақша болып табылады.

**Бюджетке:**

- мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан;
- мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сатудан;
- мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін жеке меншікке сатудан
- немесе оларды тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беруден не Қазақстан Республикасының заңдарында немесе халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен өзге де тәсілмен өткізуден;
- мемлекетке тиесілі материалдық емес активтерді сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады.
- Трансферттер түсімдері бюджеттің бір деңгейінен басқасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсетін трансферттер түсімдері болып табылады.
- Бюджеттік кредиттерді өтеу сомалары бюджеттен алынған кредиттер бойынша негізгі борышты қайтаруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың төленген мемлекеттік кепілдіктер бойынша талаптарды қайтаруына байланысты бюджетке түсетін түсімдер болып табылады.
- Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге де мемлекеттік мүлікті сатудан бюджетке түсетін түсімдер.
- Қарыздар мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруға және қарыз шарттарын жасасуға байланысты бюджетке ақша түсімдері болып табылады.

### **Бюджет құрылымы**

1. Бюджет құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) кірістер:

- салықтық түсімдер;
- салықтық емес түсімдер;
- негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

тұлғаға қайтарымдылық, төленетіндік, мерзімділік шартымен беру, жеке және заңды тұлғалардың банктік есеп шоттарын ашу және жүргізу.

Банк болып табылмайтын ұйым-заңды тұлға, ол уәкілетті органның лицензиясы негізінде не “ҚР заңдарына сәйкес ҚР-дағы банктер және банк қызметі туралы” Заңмен көзделген банк операцияларының жекеленген түрлерін жүргізуге құқылы.

Өз қызметін үйлестіруі, ортақ мүдделерін қорғау және білдіру, бірлескен жобаларды жүзеге асыру өзге де ортақ мүдделері шешу үшін банктер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес банктер ассоциациялары мен одақтарын құруға құқылы.

Микрокредит – микроқаржы ұйымы қарыз алушыға заңда айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беретін ақша.

Микроқаржы ұйымы – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтуімен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ заңмен рұқсат етілген қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға.

Микро қаржы ұйымы шаруашылық серіктестіктің ұйымдылық құқықтық нысанында құрылады.

### **Микроқаржы ұйымының құқықтары мен міндеттері**

Микроқаржы ұйымы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттеменің орындалуы қамтамасыз етілетін не қамтамасыз етілмейтін микрокредиттер беруге; микрокредиттер беру қағидаларында айқындалған, микрокредит беру туралы шартты жасау және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді қарыз алушыдан (өтініш берушіден) сұратуға; құқылы.

Инвестициялық қызмет «Инвестициялар туралы» ҚР 2003ж 8 қаңтардағы №373-І ҚР Заңының негізінде жұмыс істейтін жеке және Заңды тұлғалардың, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуы жөніндегі не кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құрау немесе ұлғайту жөніндегі, сондай-ақ конценстердің (құқық мирасқорының) шарты шеңберінде жасаған және алған, тіркелген активтері жөніндегі қызметі. Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар инвестор болып табылады.

Инвестициялар – лизинг шартын жасаған кезден бастап қаржы лизингі заттарын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын, тіркелген активтерді ұлғайтуға инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа), сондай-ақ концессионердің (құқық мирасқорының) концессия шарты шеңберінде жасаған және алған тіркелген активтері. Инвесторлардың, республиканың заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметтің кез келген объектілері мен түрлеріне инвестициялар салуға құқығы бар.

Инвестициялар инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мен инвестор арасында келісім шарт (контракт) жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасындағы акционерлік инвестициялық қорлардың құқықтық жағдайының ерекшеліктеріне байланысты, инвестициялық пай қорларын құру, олардың жұмыс істеуі және жұмысын тоқтату процесінде туындайтын, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың инвестициялық қорлардың активтерін инвестициялық басқару, оларды есепке алу мен сақтау, сондай-ақ инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын шығаруды, орналастыруды, айналысқа жіберуді, сатып алуды және өтеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне байланысты.

Құқықтық қатынастар «Инвестициялық қорлар туралы» ҚР 2004 ж 7 шілдедегі №576-І ҚР заңымен реттеледі.

Инвестициялық қор-бұл осы заңға сәйкес құрылған акционерлік инвестициялық немесе инвестициялық пай қоры. Қазақстанда акционерлік инвестициялық қор және ашық, аралық немесе жабық нысандарда құрылуы мүмкін инвестициялық пай қоры жұмыс істейді.

Акционерлік инвестициялық қор – бұл қызметінің айрықша түрі аталған заңда белгіленген талаптарға және өзінің инвестициялық декларациясына сәйкес осы қоғамның акционерлері оның акцияларын төлеу үшін қосқан ақшаны, сондай-ақ осындай инвестициялау нәтижесінде алынған активтерді жинақтау мен инвестициялау болып табылатын акционерлік қоғам. Акционерлік инвестициялық қордың:

- заңда көрсетілген қызметтен басқа қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыруға;
- «алтын акция» енгізуге;
- еншілес ұйымдар құруға;

- жай акцияларды қоспағанда, өзге қаржы құралдарын шығаруға және орналастыруға құқығы жоқ.

Негізгі қызмет түрі жылжымайтын мүлік қорларының активтері есебінен сатып алынған жылжымайтын мүлікке қызмет көрсету болып табылатын жылжымайтын мүлік қорлары еншілес ұйымдар құруға құқылы.

Жылжымайтын мүлік қорлары қордың активтері есебінен сатып алынған жылжымайтын мүлікті жалға беруге құқылы. Акционерлік инвестициялық қор активтерін есепке алу мен сақтауды кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан жүзеге асырады. Акционерлік инвестициялық қормен тиісті шарттар жасасқан басқарушы компания, кастодиан, аудиторлық ұйым және бағалаушы өзара үлестес болмауға тиіс.

Инвестициялық пай қоры- бұл пайда, сондай-ақ оларды инвестициялау нәтижесінде сатып алынған өзге де активтерді ақы төлеуден алынған, айларды ұстаушыларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі және басқарушы компанияның басқаруындағы ақша жиынтығы.

Қазақстан Республикасында инвестициялық қорлардың мынадай түрлері:

- акционерлік инвестициялық қор;
- ашық, аралық немесе жабық нысандарда құрылуы мүмкін инвестициялық пай қоры жұмыс істейді.

Жылжымайтын мүлік қоры оның акцияларын ұстаушысына жылына кемінде бір рет акциялар бойынша дивидендтер алуға құқық береді. Дивидендтерді төлеуге жіберілетін ақшаның ең аз мөлшері қордың таза кірісінің кемінде тоқсан процентін құрауға тиіс.

Ашық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан осы Заңда және осы инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол екі аптада бір реттен кем болмауға тиіс.

Инвестициялық аралық пай қоры оның пай ұстаушысына басқарушы компаниядан заңда және инвестициялық қордың ережелерінде белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен пайды сатып алуын талап етуге құқық береді, бірақ ол жылына бір реттен кем болмауға тиіс. Жабық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына осы қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысына қатысуға, сондай-ақ қор ережелерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен пай бойынша дивидендтер алуға құқық береді.

Шығарған (берген) қаржы құралдары және (немесе) өзге де активтері жабық инвестициялық пай қоры активтерінің құрамына кіретін және оның активтері мөлшерінің бес және одан көп пайызын құрайтын заңды тұлға осы инвестициялық қордың пай ұстаушысы болуға құқылы емес.

Заңда және қордың ережелерінде өзгеше көзделмесе, жабық инвестициялық пай қорының пай ұстаушысы басқарушы компаниядан өзіне тиесілі пайларды сатып алуды талап етуге құқылы емес.

Акционерлік немесе жабық инвестициялық пай қорлары ғана тәуекелмен инвестицияланатын инвестициялық қорлар бола алады. Жыжқымайтын мүлік қоры тәуекелмен инвестицияланатын қорлар бола алмайды.

Әділет органдарында акционерлік инвестициялық қор ретінде тіркелмеген және уәкілетті органда инвестициялық қордың акциялар шығарылымын тіркемеген, сондай-ақ басқарушы компаниямен сенімгерлік басқару шартын жасаспаған.

Заңды тұлға өзін инвестициялық қор деп атауға, инвестициялық қор ретінде қызметті жүзеге асыруға және өз атауларында «инвестициялық қор» деген сөздерді пайдалануға құқылы емес.

Сақтандыру қызметін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз активтері есебінен сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиғалар туындаған көзге жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғауға байла- нысты жүзеге асырады.

Сақтандыру қайта (сақтандыру ұйымы) сақтандыру қызметтің сақтандыру қайта сақтандыру шарттарын жасау мен орындау арқылы ҚР заңдарының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде сондай-ақ өзара сақтандыру қоғамдарының сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты қызметті ҚР заңнамалық актісіне сәйкес лицензиялау жүзеге асырады.

Сақтандыру қызметі сақтандыру агенттіктерімен брокерлер арқылы жүзеге асырылады. Сақтандыру агенті сақтандыру агенттерінің тізіміне енген және тапсырыс шарты негізінде бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымдарының атынан және олардың тапсыруымен сақтандыру қызметі жүзеге асырылатын жеке немесе заңды тұлға. Сақтандыру брокері сақтандырушының тапсыруы бойынша сақтандырушымен сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтандырушының атынан өкілдік ететін немесе өз атынан сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты қызмет көрсету жөніндегі делдалдық қызметті, сондай-ақ сақтандыру

мәселелері бойынша консультациялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

Аудиторлық қызмет-қаржылық есептіліктің және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпараттық аудитін жүргізу және қызмет белгісі бойынша қызметте ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызмет. Аудит дегеніміз ҚР Заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікпен байланысты басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатымен тексеру.

Аудиторлық қызметтің негізгі мақсаты аудиттік тексеріс жүргізілетін субъектілердің, бухгалтерлік есептіліктің дұрыстығын және олардың жасаған қаржылық және шаруашылық қызметтерінің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін анықтау болып табылады.

Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар коммерциялық ұйым ретінде құрылған аудиторлық ұйым жүзеге асырады. Аудиторлық ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық құқықтық нысанда құрылады.

Аудиторлық ұйымның құрамында аудиторлардың саны екі адамнан кем болмауы керек. Аудитор болып аудиторларға кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы аттестаттаған «аудитор» біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігін алған жеке тұлға танылады.

Аудиттелетін субъектіге өзіне қатысты аудит жүргізілетін заңды тұлға, заңды тұлғаның атынан өкілдік ететін оның филиалдары және (немесе) өкілдіктері, дара кәсіпкер жатады.

Аудиттің міндетті болатын және бастамалық түрлері бары.

Міндетті аудитке: акционерлік қоғамдар; білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, холдингтер, брокер, жинақтаушы зейнетақы қорлары, жер қойнауын пайдаланушылар, банктер, банк холдингтері, табиғи монополия субъектілері, азаматтық авиация ұйымдары, астық қабылдау кәсіпорындары, мақта өңдеу ұйымдары, арнайы қаржы компаниялары «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 ж. 20 қарашадағы №304-1 заңында (2016 жылы 07 сәуіріндегі өзгерістер мен толықтырулармен) (5 бапта) көрсетілген басқа да заңды тұлғалар жатады.

Аудит міндетті болып табылатын және ҚР Заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті мерзімді баспа басылымдарында жарияланатын ұйымдар жылдық қаржылық есептілікпен бірге аудиторлық есепті де жариялауға міндетті.

Бастамашылық аудит-аудиттелетін субъектінің не оған қатысушының бастамасы бойынша бастамасы мен аудиторлық

ұйымның арасында аудит жүргізуге жасалған шартта көзделген аудиттің нақты міндетті мерзімі мен көлемі ескере отырып жүргізіледі.

Міндетті аудит жүргізудің жалғаратын не оны жүргізуге кедергі жасайтын немесе ҚР Заңнамасының талаптарына сәйкес оны жүргізуді қамтамасыз етпейтін заңды тұлғаның басшысы ҚР заңдарына сәйкес жауапты болады.

Аудиторлық ұйымдар аудитпен басқа, өз қызметінің бейіні бойынша көрсете алатын қызмет түрлері аталған Заңның 36. 2 тармағында көрсетілген аудиторлық ұйымдарға кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен айналысуға тыйым салынған.

Аудиторлық қызмет саласында реттеу мен аудиторлық және кәсіби ұйымдарының қызметтері болады.

Аудиторлық қызмет саласында реттеу мен аудиторлық және кәсіби ұйымдардың қызметіне бақылауды уәкілетті орталық атқарушы орган, қазіргі кезде ҚР Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

Қаржы нарығының ажыратылмайтын және маңызды элементті бағалау қызметі. Оны меншіктік реттеудің негізі «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» ҚР 2000 ж. 30 қарашадағы №109 І ҚРЗ Заңдарына өзгеше көзделмесе, бағалау объектілеріне қатысты бағалаушылар жүзеге асыратын белгілі бір күнге нарықтық немесе өзге құнды белгілеуге бағытталған кәсіпкерлік қызмет.

Бағалау қызметінің субъектілері, бір жағынан, бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке дара кәсіпкер ретінде немесе заңды тұлға, олардың бағалаушылар қызметі осы заңмен реттеледі, екінші жағынан, бағалаушы көрсететін қызметтерді тұтынушы жеке немесе заңды тұлға (тапсырыс беруші), үшінші тұлғалар бағаланатын мүлікке, бағалаушының бағалау қызметіне және тапсырыс берушінің тапсырмасына белгілі бір қатысы бар тұлғалар.

Бағалау қызметін мемлекеттік реттеу мыналардан тұрады: ҚР заңнамасына сәйкес әзірленген және ҚР Үкіметі бекіткен бағалау стандарттары бағалау қызметінің барлық субъектілері үшін жалпыға бірдей міндетті болып табылады және уәкілетті мемлекеттік орган бағалау қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

Бағалы қағаздар рыногы (эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құрылғылары) олардың нарықтық айналысы процесін жалғастырады және бағалы қағаздар рыногында өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда табуды көздейтін әртүрлі коммерциялық ұйымдар мен жекеленген кәсіпкерлік кәсіби қызметтерінің көптеген түрлерін андерайтерлік қызметті; брокерлік қызметті; диллерлік қызметті; бағалы қағаздарды басқару жөніндегі қызметті; депозитарлық

қызметті; бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрін жүргізу жөніндегі қызметті; бағалы қағаздар рыногындағы сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі қызметті және т. б. қамтиды.

Андерайтерлік қызмет - брокерлік және диллерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөніндегі қызмет көрсететін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы андерайтер қызметі. Брокерлік қызмет клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүдделерін көздеп, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы брокер деп аталады.

Диллерлік қызмет-ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында оған тікелей кіру құқығымен өз мүдделерін көздеп және өз есебінен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де құралдармен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар рыногында кәсіби қатысушы болып табылатын диллердің қызметі.

Депозитарийлік қызмет басқа номиналды (нақтылы) ұстаушылар үшін бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметтерін көрсету және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі қызмет.

Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клиринг қызметі қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде есеп айырысуға қатысатын (төлемдерді жүзеге асыратын) субъектілердің талаптарын және (немесе) міндеттемелерін айқындау.

Тіркеушінің қызметі акционерлік қоғамның ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астам ҚР Ұлттық Банкіне тиесілі, бағалы қағазды ұстаушылар тізімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мамандырылған коммерциялық емес ұйымның қызметі.

Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі қызмет сауда –саттықты ұйымдастырушы ұйымның қор биржасы мен биржадан тыс бағалы қағаздар рыногының баға белгілеу қызметі және сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын қор биржасының заңды тұлға ретіндегі қызметі.

Тауар рыногынан бағалы қағаздар рыногының айырықша ерекшелігі, онда айналыста болатын құндылықтар құқықтар мен экономикалық қызметтің қандай да бір субъектілеріне қойылуы мүмкін талаптардың кейбір жиынтығы болып табылады. Нарықтық

экономикалық соншалықты маңыздылығы мен маңызының арта түсуіне қарамастан қаржылық рынок пен бағалы қағаздар рыногындағы делдалдықтардың барлық түрлерін (типтерінің) экономикалық кәсіпкерлік қызметі кәсіпорындарымен олардың бірлестіктерінің өндірістік шаруашылық қызметінен екінші және туынды сипатта болады.

Қаржы рыногы мен бағалы қағаздар рыногы секторларының құрылымындағы коммерциялық барлық түрлерінің қызметі экономикалық қызметтің рыноктың функционалдық салалары бойынша маманданады: банктік, сақтандырушылық, аудиторлық, қаржы рыногындағы инвестициялық, сондай-ақ брокерлік, диллерлік және т. б. түрлері. Өзінің мазмұны мен экономикалық қызмет салаларының бағытталуы бойынша бұл рыноктың функционалдық экономикалық қызметті жүзеге асырудың субъектілері көптеген және әртүрлі коммерциялық ұйымдар болып табылады; сақтандыру компаниялары, коммерциялық банктер, әртүрлі инвестициялық қорлар, брокерлер және диллерлік фирмалар, көптеген инфрақұрылымдық ұйымдар (тіркеушілер, депозитарийлер мен есептілік клирингтік ұйымдар, қорлық биржалар және басқадай сауда жүйелері) және т. б.

Қаржы рыногы мен бағалы қағаздар рыногының өндірістік шаруашылық қызметі әрқашанда салалық белгісі болатын кәсіпорындардан айырмасы, онда жұмыс істейтін әртүрлі коммерциялық ұйымдардың мамандырылған аялары салааралық сипаты бар кәсіпкерлік қызметі салауәстілік бейіммен сипатталады.

Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (уәкілетті орган) асырады.

Уәкілетті орган ҚР Үкіметімен келісіп отырып бағалы қағаздар рыногын қалыптастыру мен дамыту саласындағы басымдылықтарды айқындайды. Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногының жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ұлттық бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымын қалыптастыру, бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік саясаты жүргізеді, өз құзыреті шегінде бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілер қабылдайды, бағалы қағаздармен қаржы рыногының активтерін тани- ды, мемлекеттік емес бағалы қағаздардың, туынды бағалы қағаздардың шығарылуы, айналысқа түсуі мен өтелуі және олардың мемлекеттік тіркелуі мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздарды орналастыру мен өтеуі, сондай-ақ оларды жою қорытындылары

туралы есептерді қарау, оның ішінде ҚР президенті еместердің және халықаралық ұйымдардың ҚР аймағында шығарылуға және орналастыруға жататын эмиссиялық бағалы қағаздарын мемлекеттік тіркеу талаптары мен тәртібін белгілейді; Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізімін, лицензиялардың электрондық тізімін және бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға берілетін рұқсаттардың тізімін жүргізеді, бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру қағидаларын, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау шарттарымен тәртібіне, осы мәмілелерді есепке алуға және олар бойынша есептілікке қойылатын шарттарға айқындайды; бағалы қағаздар рыногында қызмет түрлері бойынша лицензиялар береді, лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұрады, қайта жаңғыртады және лицензиялардан айырады; жеке адамдарды бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру құқығына аттестаттауды, біліктілік куәліктерін иеленушілерді қайта аттестаттауды жүргізеді; біліктілік куәліктерін береді; қолданылу мерзімін ұзартады, қолданылуын тоқтата тұрады, куәліктерін қайтарып алады, өз құзырет шегінде эмитеттердің, орталық депозитарийлардың, тіркеушінің және лицензиялаудың қызметін қадағалауды жүргізеді; «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңда, ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің және ҚР Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның, капиталдың халықаралық нарықтарымен ықпалдасуын қамтамасыз ету, бағалы қағаздар нарығы арқылы ҚР экономикасына инвестициялар тарту және қаржы орталығының, арнайы сауда алаңына шетелдік эмитеттерінің қолжеткізуін қамтамасыз ету мақсаттарында Қаржы орталығы құрылған. Бұл орталықтың жұмыс істеуінің ерекше құқықтық режимін айқындайтын құқықтық негіздері «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 ж. 5 маусымдағы №145 ІІІ ҚРЗ ҚР Заңымен<sup>1</sup> белгіленген.

ҚР Ұлттық Банкі қаржы орталықтарының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган болып табылады. Оның міндеттері, функциялары және өкілеттіктері аталған Заңнан, 5 және 6 баптарында белгіленген.

---

<sup>1</sup> «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 ж. 5 маусымдағы №145 ІІІ ҚРЗ

## §2. Қаржы саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық мәртебесі

ҚР уәкілеті туралы ҚР 1995 ж. 18 желтоқсандағы №2688 Конституциялық Заңы бойынша ҚР Үкіметі Республика Президенті белгілеген тәртіппен республикалық бюджетті әзірлеу мен оны өзгертуге қатысады, Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді. Республиканың қаржы жүйесін нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады; мемлекеттік валюта, қаржы және материалдық ресурстарды жасақтау мен пайдалануда Заңның сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді; құрылымдық және инвестициялық саясатын жүзеге асырады. Республикалық бюджетпен бюджеттік кредиттеу кезінде ҚР Үкіметі кредитор болып табылады; Үкімет республикалық бюджеттің қаражатымен қамтамасыз етілетін, Үкіметтік борышты өтеу және оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді атқарады; салық міндеттемелерін орындау барысында туындауы мүмкін түсініксіздерді, дәлсіздіктер мен қайшылықтарды, сондай-ақ салықтағы және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтарудың ықтимал схемаларының жолын кесу мақсатында ҚР Үкіметі Конституциялық Кеңес құруға құқылы.

Қаржы саласындағы салалық басқаруды ҚР Қаржы министрлігі және оның ведомстволары: Қазынашылық, Кедендік бақылау, салық, Қаржылық бақылау, Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеттері жүзеге асырады.

ҚР Қаржы министрлігі өзінің құзыретіне жатқызылатын қызмет саласындағы басшылықта, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылады. ҚР Қаржы министрлігі өз қызметін ҚР Конституциясына және заңдарына, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілерінде, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ ҚР Үкіметінің 2008 ж. 24 сәуірдегі №387 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы» Ережеге оның жаңа редакциясы ҚР Үкіметінің 2013 ж. 13 наурыздағы №230 қаулысына қосымша берілген<sup>1</sup>, сәйкес жүзеге асырады.

ҚР Қаржы министрлігінің миссиясы: бюджеттің атқарылуы, бухгалтерлік есеппен қаржылық есептілік, бюджеттік есепке алу және республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы» ереже 2013 ж. 13 наурыздағы №230 қаулысы

бюджеттердің, ҚР Ұлттық Қорының атқарылуы жөніндегі бюджеттік есептілік саласында, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласында, республикалық мүлікті басқару саласында басшылық ету және салааралық үйлестіру, сондай-ақ банкроттау (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау саласында мемлекеттік реттеу, сондай-ақ салық саясатын және кеден ісі саласындағы саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу.

Министрліктің міндеттері: 1) бухгалтерлік есеп, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілік, мемлекеттік қаржы статистикасын атқару, жүргізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу; 2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстау мен аударудың және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеудің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету; 3) өз құзыреті шегінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; 4) ҚР салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету; 5) этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның жекеленген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу; 6) кеден ісі, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу, бюджеттік кредит беру, республикалық мүлікті басқару, үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу, ішкі қаржылық бақылауды жүзеге асыру, банкроттау рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) жүзеге асыру саласындағы мемлекеттік реттеу; 7) ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі саласында, аудиторлық қызмет және аудиторлық және кәсіби ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыру саласындағы қызметті реттеу; 8) ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, аудиторлық қызмет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ету; 9) «Экономиканың стратегиялық маңызы бар мониторингі туралы» ҚР Заңына сәйкес экономикалық стратегиялық маңызы бар салаларында меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру; 10) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

жасау мәселелері бойынша халықаралық ұйымдарды ҚР мүдделерін білдіру.

Министрлік туралы Ережесінің 16 тармағында министрліктің орталық аппаратының 73 тармақшадан және ведомстволарының 236 тармақшадан тұратын функциялары айқындалған.

Министрліктің және оның ведомстволарының құқықтары мен міндеттері аталған Ережесінің 17 тармағында белгіленген.

### **§3. Банк қызметі саласындағы басқару**

Банк – «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР 1995 ж. 31 тамыздағы №244 Заңына<sup>1</sup> сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны тіркеуші органдарда (Әділет органдары) банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге ҚР Ұлттық Банкі лицензиясының болуымен айқындалады.

#### **Қазақстан Республикасының банк жүйесі**

Қазақстан Республикасының екі деңгейлі банк жүйесі бар.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттің орталық банкі болып табылады және ол банк жүйесінің жоғары (бірінші) деңгейін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (уәкілетті орган) міндеттері, қызмет қағидаттары, құқықтық мәртебесі және өкілеттіктері «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен айқындалады. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде банк қызметінің мәселелері бойынша реттеуді, сондай-ақ өзінің ведомствосымен қатар бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс істеуі үшін жалпы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Уәкілетті органның банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты реттеу функциялары Қазақстан Республикасының ақша-кредит жүйесінің тұрақтылығын ұстап тұруға, банк кредиторларының, олардың салымшылары мен клиенттерінің мүдделерін қорғауға бағытталған. Қазақстан Республикасының заң актісімен белгіленген ерекше

<sup>1</sup> ҚР сы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995, №15-16, 106 - к

құқықтық мәртебесі бар Қазақстанның Даму Банкіні қоспағанда, өзге банкілердің бәрі банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейіне жатады.

ҚР Ұлттық Банкінің (уәкілетті орган) банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты реттеу функциялары ҚР ақша кредит жүйесінің тұрақтылығын ұстап тұруға, банк кредиторларының, олардың салымшылары мен клиенттерінің мүдделерін қорғауға бағытталған.

ҚР банк Заңнамасына ҚР Конституциясына негізделеді, жоғарыда аталған банк қызметі туралы Заңнан және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Қазақстанның Ұлттық Банкі мемлекеттік ақша кредит саясатын әзірлеуді және жүргізуді, төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, валюталық реттеуді және бақылауды, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін және мемлекеттік статистиканы жүргізетін мемлекеттік орган болып табылады.

Ұлттық банк өз қызметінде ҚР Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» ҚР 1995 ж. 30 наурыздағы Заңын және кейіннен оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды, ҚР басқа да Заңдарын, ҚР Президентінің актілерін және ҚР халықаралық шарттарын басшылыққа алады.

Қазақстан Ұлттық Банкі өз міндеттерін орындау кезінде пайда табу мақсатын басшылыққа алмауға тиіс.

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР Заңдарының негізінде және оларды орындау мақсатында өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша барлық қаржы ұйымдарының, қаржы қызметін тұтынушылардың, басқа да жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орындауы үшін міндетті нормативтік-құқықтық актілер шығарады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты Қазақстанда баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Негізгі мақсаты іске асыру үшін Қазақстан Ұлттық Банкіне мынандай міндеттер жүктелген:

- Мемлекеттің ақша кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;
- Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру;
- Валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- Құзыреті шегінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, сондай-ақ өзге де тұлғаларды реттеу, бақылау және қадағалау;
- Қаржы қызметін тұтынушылардың құқықтары мен заңды

мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасын ету;

- Ақша кредит статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асыру;
- ҚР заңдарына және ҚР Президентінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттер.

Қазақстан Ұлттық Банкі мынандай функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша кредит саясатын әзірлеуді және жүргізеді; мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды эмиссиялайды; ҚР ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті болып табылады және ҚР аумағында қолма қол ақша айналымын ұйымдастырады; ҚР-да валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асырады; екінші деңгейіндегі банктердің тазартылған құйма алтынмен және күміспен жүргізілетін экспорттық операцияларын бақылауды жүзеге асырады; бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асырады; соңғы сатыдағы қарыз беруші болып табылады. Қазақстан Ұлттық Банкінде банк шоттарын ашқан Банк туралы Заңға және ҚР өзге де заңдарына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын, сондай-ақ өзге де тұлғаларды реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады, қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты өзге де ұйымдар өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚР заңдарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын бұзған жағдайда, оларға ҚР заңдарына көзделген шектеулі ықпал ету шараларын, санкцияларды және өзге де шараларды қолданады. Ұлттық Банк өзі туралы Заңда, ҚР өзге де заңдарына және ҚР Президентінің актілерінде көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі тіке бағыныстағы схемасы бар біртұтас орталықтандырылған құрылым. Ұлттық Банктің органдары Басқарма мен Директорлар кеңесі (Директорат) болып табылады. Ұлттық Банкінің басқада бөлімшелерден тұратын орталық аппарат, филиалдар, өкілдіктер, ведомстволар мен ұйымдар кіреді.

#### **§4. Мемлекеттік бухгалтерлік есеп және статистика саласындағы басқару**

Экономика мен қаржы салалардағы мемлекеттік реттеудің бұл бағытына бухгалтерлік есеп пен статистиканы мемлекеттік реттеуді жатқызу керек. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы»

2007 ж. 28 ақпандағы №234 ІІІ ҚРЗ Заң<sup>1</sup> бойынша бухгалтерлік есеп пен Қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеуді ҚР Президенті, ҚР Үкіметі және уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бухгалтерлік есепке алу тіркелімдері - бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесінде көрсету үшін есепке алуға қабылданған бастапқы құжаттардағы ақпаратты қорығуға, жүйелеуге және жинақтауға арналған нысандар. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты мүдделі тұлғаларды дара кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Бухгалтерлік есеп дара кәсіпкерлер мен ұйымдардың операциялары мен оқиғалары туралы ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытудың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен, сондай-ақ есеп саясатымен регламенттелген тәртіпке келтірілген жүйесін білдіреді. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есеп жүйесінде көрсетіледі, бұл ретте:

- бухгалтерлік жазбаларды бастапқы құжаттардың түпнұсқаларына сайма-сай бекіту және бухгалтерлік жазбаларда барлық операциялар мен оқиғаларды көрсету;
- операциялар мен оқиғаларды хронологиялық тәртіппен және уақтығы тіркеу;
- синтетикалық (қорытынды) есепке алуды талдамалық (егжей-тегжейлі) есепке алуға сәйкес келтіру қамтамасыз етілуіне тиіс.

Операциялар мен оқиғалар ұйымдардың уәкілетті орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген талаптарға сай келетін бухгалтерлік есепшоттары үлгі жоспарының негізінде синтетикалық шоттарда екі рет жазу тәсілімен көрсетіледі. Операциялар мен оқиғалардың талдамалық есебін жүргізу тәртібін дара кәсіпкер немесе заңды тұлғаның лауазымды адамдары (бұдан әрі - басшылық) белгілейді, олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарға сәйкес дара кәсіпкердің немесе ұйымның қажеттіліктерін негізге ала отырып ағымдағы басшылықты және істерді жүргізуді жүзеге асырады. Жеке кәсіпкерлер мен ұйымдар мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды қамтамасыз етеді.

ҚР Үкіметі бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті депозитарийге табыс ету тәртіптерін, кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын

<sup>1</sup> ҚР-сы Парламентінің Жаршысы, 2007, №4, 32 -к

бекітеді; өзіне Конституциямен, заңдармен және ҚР Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

ҚР Ұлттық Банкінен басқа, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеу ҚР бюджет заңнамасында белгіленеді.

Үкiлеттi орган бухгалтерлік есеппен қаржылық есептiлiк саласындағы қызметтi реттеудi жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган осы саладағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және iске асыруды қамтамасыз етедi; бухгалтерлік есеп пен қаржылық қалыптастыруды және iске асыруды қамтамасыз етедi; бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептiлiк мәселелерi бойынша ҚР нормативтік-құқықтық актілерін қабылдайды; Ұлттық стандарттарды және оларға қатысты әдістемелік ұсыныстарды әзірлеп бекітеді; кәсіби ұйымдарды, сертифици- каттау жөнiндегi ұйымдарды аккредиттеудi жүргізедi; бухгалтерлік есеп туралы заңда, ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің өкiлеттіктердi жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептiлiгiн қоспағанда, қаржылық есептiлiк бухгалтерлік баланстан, пайда мен зияндар туралы есептен, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен, түсiндiрме мен жазбадан тұрады. Қаржылық есептiлiктi жасау тәртібі және оған қойылатын қосымша талаптар халықаралық стандарттарға және ҚР бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептiлiк туралы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленеді.

Ұйымдар қаржылық есептiлiктi: 1) құрылтай құжаттарына сәйкес құрылтайшыларға (қатысушыларға); 2) ҚР статистика органдарына тіркеу орны бойынша ҚР мемлекеттік статистика органдарына 3) ҚР бақылау және қадағалау органдарына олардың құзыретіне сәйкес қаржылық есептiлiктi ұсынады.

Сонымен бухгалтерлік есептiлiк мемлекеттік статистикалық есептiң негiзiне жатады. «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 ж. 19 наурыздағы №257 IV ҚРЗ Заңмен<sup>1</sup> мемлекеттік органдардың осы саладағы құзыретіне бiлгiленген.

Осы Заңға сәйкес ҚР Президенті мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясаттың негiзгi бағыттарын айқындайды және ҚР Конституциясы мен Заңдарына сәйкес басқа да өкiлеттіктердi жүзеге асырады. ҚР Үкiметi мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясаттың негiзгi бағыттарын әзірлейдi; бұл саясатты қалыптастыру кезiнде орталық және жергiлiктi атқарушы органдардың

<sup>1</sup> ҚР Парламентінің Жаршысы, 2010, №5, 22 - к

және ҚР Ұлттық Банкінің қызметін үлестіреді; Ұлттық санақтар жүргізу туралы шешімдер қабылдайды; Конституцияда, аталған Заңда, ҚР өзге де заңдарында және ҚР Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Мемлекеттік статистика саласында уәкілетті өз құзыреті шегінде мемлекеттік статистика саласындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады. Оның құзыреті, құқықтық мәртебесі Мемлекеттік статистика туралы Заңмен және ҚР Үкіметінің 2004 ж. 31 желтоқсандағы №1460 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі туралы» Ережемен айқындалған. Осы құқықтық актілерге сәйкес Статистика агенттігі мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады; статистика саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеп, бекітеді; халықаралық статистикалық стандарттарға сәйкес статистикалық әдіснаманы бекітеді, ұлттық санақтардың бағдарламаларын әзірлейді және олардың іске асыруын қамтамасыз етеді; респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін әзірлейді және бекітеді; республикалық және оның өңірлердің әлеуметтік экономикалық жағдайы туралы ақпараттық статистикалық деректер бағаларының жинақталуын, жүргізілуін және оларға өзекті сипат берілуін қамтамасыз етеді; статистика туралы заңда, ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің және ҚР Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ұлттық статистиканы ұйымдастыру мен жетілдіру саласында жалпы мемлекеттік саясатты жүргізу кезіндегі негізгі міндеттері: республиканың мемлекеттік статистикасына басшылық жасау, оның бүкіл аумағында статистикалық қызметтің мазмұны мен сипатын айқындау; республикада жүріп жатқан экономикалық және әлеуметтік демографиялық процестер мен олардың даму тенденцияларын жан-жақты зерттеу және қорыту; статистикалық жұмыстардың жоспарына сәйкес мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету; заңды және жеке тұлғалардың жиынтық статистикалық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету; қолданылып жүрген шарттар жөніндегі міндеттемелерге сәйкес статистикалық ақпаратты халықаралық ұйымдарға беріп отыру, сондай-ақ шет елдермен статистикалық ақпарат алмасуды жүргізу; мемлекеттік статистика органдарына ақпарат беретін заңды және жеке тұлғаларды статистикалық есеп беру бланкілерімен және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз ету; мемлекеттік статистика регистрін,

сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық стагентагенттігінің құзырына енетін жалпы классификаторлар мен техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты кодтау жүйесін жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; республиканың және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық - статистикалық деректер базасын жинақтауды, сақтауды, жүргізуді және мән беруді қамтамасыз ету; халықаралық ережелер мен стандарттарға сәйкес келетін статистикалық деректердің әдіснамалық салыстырмалылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру болып табылады.

### **Ұлттық стагентагенттіктің функциялары**

Ұлттық стагентагенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- статистиканың мәселелері жөніндегі заңдық және өзге де нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттардың жобаларын әзірлейді және оны дайындауға қатысады;
- Қазақстан Республикасында статистиканы жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және жүзеге асырады;
- жыл сайын Статистикалық жұмыстар жоспарының жобасын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік және өзге де орталық атқарушы органдарымен келіскеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады;
- республикада халықаралық практикада қабылданған көрсеткіштермен салыстырылған статистикалық көрсеткіштерді әзір- леуге және енгізуге әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады;
- Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктеріне, мемлекеттік және өзге де орталық атқарушы органдардың назарына статис- тика жөніндегі әдіснамалық ережелерді уақытылы жеткізеді;
- мемлекеттік және салалық статистикалық есеп беру көрсеткіштерінің ең аз құрамын мүдделі министрліктер мен ведом- стволардың келісуі бойынша айқындайды;
- статистикалық есеп беру нысандарын әзірлейді, оларды берудің мерзімдері мен тәртібін белгілейді;
- республикада бүкіл статистикалық есеп беруді бекіту мен жетілдіру жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- статистикалық байқаудың ғылыми әдіснамасы мен прогресті әдістерін, компьютер техникасын, ақпарат беру құралдары мен полиграфиялық жабдықтарды кеңінен қолдануға негізделген қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу негізінде статистикалық ақпараттың объективтілігінің дұрыстығы мен тұтастығын қамтамасыз етеді;

- белгіленген тәртіппен статистикалық жинақтарды, бюллетеньдерді, экономикалық шолуларды және басқа да статистикалық материалдарды бастырып шығарады және таратады; басылымдарда жиынтықталған статистикалық ақпаратты қалың жұрт-шылық үшін жүйелі түрде жариялап отырады;
- министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың қызметкерлерімен статистика мәселелері бойынша семинарлар мен кеңестер өткізеді;
- қолда бар келісімдерге сәйкес шет мемлекеттердің статистикалық қызметтерімен және халықаралық экономикалық және статистикалық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады, шет елдердің статистикалық ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерделейді және оны Қазақстан Республикасы статистикалық органдарының қызметінде іс жүзінде қолдану жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;
- халықаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;
- ақпараттық жүйелерді және басқа автоматтандыру мен компьютерлендіру құралдарын жасау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- статистикалық ақпарат жүйесінің дамуы мен жұмыс істеуінің оның республиканың және халықаралық ұйымдардың басқа да ақпарат жүйелерімен өзара іс-қимыл жасауының аса маңызды проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастырады;
- есеп және статистика қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың кәсіби біліктілігін көтеруді ұйымдастырады.

Статистика агенттігінің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында заңды тұлғалар болып табылатын органдары бар. Агенттікке басшылықты оның жұмысына дербес жауап беретін төраға жүзеге асырады. Агенттіктің төрағасын ҚР Үкіметі лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

## IV-БӨЛІМ

### ӨНЕРКӘСІП, ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

---

---

#### 1-Тарау. Өнеркәсіп саласын басқару

#### §1. Өңірлік және құрылыс салаларындағы басқарудың мазмұны

Өнеркәсіп Республикасында өнеркәсіп пен құрылысты дамытуында және оның қызметін ұйымдастыруда шаруашылықпен айналысатын субъектілердің қызметімен қатар мемлекеттік басқару үлкен рөл атқарады.

Өнеркәсіп деп экономикалық саласын түсіндіруді, ол шикізатты өңдеуді, жер қойнауын пайдалануды, өнеркәсіптік тауарлар шығаруды, энергиялар мен энергия көздерін өндіруді, жөндеу қалпына келтіру жұмыстарын, сондай-ақ өндірістік процестердің жағдайында пайда болған қатты, сұйық және газ тәрізді қалдықтары қайта өңдеу (кәдеге жарату) немесе жою жөніндегі қызметті қамтиды.

Өнеркәсіп пен құрылыс саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі мақсаты ішкі және сыртқы нарықтардың талаптарына бейімделуге қабілетті осы тиімді өнеркәсіптік кешен қалыптастыру болып табылады және бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруға қамтамасыз ету. ҚР-сының Президентінің Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан 2050» Стратегиясы Жолдауында «Біз экспортқа бағытталған шикізаттық емес секторды кеңейтуге негізделген жаңа өндірісті дамытуға тиіспіз» деген міндет қойды<sup>1</sup>. Осы мақсат міндетті іске асыру үшін бұл салаладағы мемлекеттік басқару мына сияқты міндеттерді шешуге тиіс: 2050 жылға қарай Қазақстан өзінің өндірістік активтерін ең жаңа технологиялық стандарттарға сәйкес толықтай жаңарту; ғылыми техникалық және өнеркәсіптік әлеумет дамыту; өнеркәсіптің құрылысын оңтайландыру, жоғары сапалы және бәсекелестікке қабілетті өнімдер өндіруді ынталандыру; ғылыми көп керек ететін және ресурс сақтайтын технологияларды пайдалана отырып өндірістің

---

<sup>1</sup> ҚР «Қазақстан 2050» Стратегиясы// adilet.zan.kz

көлемін кеңейту үшін жағдайлар қалыптастыру; импорт орнына қолданылатын және экспортқа бағдарланған жаңа жоғары технологиялық өнімдер шығару; бюджеттің кірісін молайту; халықты жұмыспен қамтуды және оның әл-ауқатының жақсаруын қамтамасыз ету; шағын және орта бизнес кәсіпорындарын дамыту, олардың экономикасындағы үлесі 2030 жылға қарай, Президенттің аталған Жолдауында көрсетілгендей, ең аз дегенде екі есе өсуге тиіс.

Өнеркәсіп өнім өндірумен байланысты қызметтің өте көп түрін қамтиды. Өнеркәсіпте қызып шағырылатын және өңдеуші салаларды бөледі. Қызып шығаратын салаларға көмір және мұнай газ өнеркәсібі сондай-ақ уран рудасын өндіру, түсті және кара металдарды өндіру, тас карьерлерін пайдалану, гравий, құм және топырақ өндіру, тұз өндіру, асыл тастар мен жартылай асыл тастарды және өзге де пайдалы қазбаларды өндіру жатады. Өңдеуші өнеркәсіпке азық-түлік өнімдері, тоқыма, аяқ киім, ағаш өңдеу, целлюлоза қағаз, химия, металлургия, машина жасау және өнеркәсіптің кейбір басқа салалары жатады.

Біртұтас шаруашылық экономикалық кешен ретінде өнеркәсіптің және оның жүйесінің барлық құрылымдық элементтерін бастапқы буыны өнеркәсіп өнімін шығарумен айналысатын және тауар рыногында пайда табуға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің субъектілері шаруашылық жүргізуші субъектілер болып табылады. Бұлар өзінің ұйымдық құқықтық нысандары бойынша әртүрлі коммерциялық ұйымдар: кәсіпорындар, фирмалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері, өндірістік кооперативтер, акционерлік қоғамдар, концентрлер, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар, қауымдастықтар және өзге де салалық, салааралық олардың аумақтық бірлестіктері. Мемлекеттік нысаны бойынша кәсіпорындар республикалық, коммуналдық, кооперативтік, жеке меншікті және аралас болуы мүмкін. Мемлекеттік емес меншік нысандары кәсіпорындарының көпшілігі акционерлік қоғамдар немесе шаруашылық серіктестіктер болып табылады.

## **§2. Өнеркәсіп және құрылыс салаларындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы**

Өнеркәсіп клиенттің маңызы құрылымдық элементі ҚР-сы Үкіметі құрылтайшы болып табылатын «Қазақстан Ұлттық мұнай газ» компаниясы «Қазақтелеком», «КЕГОК», «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық компаниялары сияқты аса ірі кешенді салалық өнеркәсіп қаржылық кешен өзінің өзгеше құқықтық мәртебесі бар табиғи монополия ретінде

жұмыс істейді. Табиғи монополия субъектілерінің арнайы мемлекеттік тіркелімі жүргізуледі, оған магистральды труба құбырлары арқылы мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау, электр және жылу энергиясын беру мен бөлу, темір жол магистралдарын пайдалану, почта байланысы қызметін, осы Заңда және басқа Заң актілерінде белгіленген өзге де түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (заңды тұлғалар) енгізіледі.

Өнеркәсіптің маңызды салаларының бірі электр энергетикасы. Электр энергетикасы туралы 2004 ж. 9 шілдедегі №588 I ҚРЗ Заңға сәйкес электр энергетикасы деп электр және жылу энергиясын өндіру, беру жабдықтау тұтыну түсініледі. Ұлттық электр желісі шағын станциялардың, тарату құрылғыларының, кернеуі 220 кВ және одан жоғары өңіраралық және мемлекет аралық электр беру желілерінің және электр станцияларының электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр беру желілерінің жиынтығы, олар жекелендіруге жатпайды және ҚР-ның Үкіметі айқындайтын тәртіппен және шарттармен ұлттық компанияға беріледі.

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеу:

- Энергия тұтынушылардың сұранысы бойынша қанағаттандыру және электр, жылу энергиясы нарығына қатысушылардың құқықтарын тұтынушылардың электр және жылу энергиясы жеткізушілерді таңдау құқығына жеңілдік беретін нарықта бәсекелестік жағдайлар жасау жолымен қорғау;
- Қазақстан Республикасы электр энергиясы кешенінің қауіпсіз сенімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының электр энергетикасы кешенін елдің шаруашылық экономикалық және әлеуметтік кешендерінің тыныс тіршілігін қамтамасыз етудің ерекше маңызыды жүйесі ретінде басқарудың біртұтастығы мақсатында жүзеге асырылады;

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері мыналар:

- Басқарудың біртұтастығы, бәсекені дамыту негізінде электр энергетикасы кешенінің тиімді, қауіпсіз жұмыс істеуі мен дамуы;
- Тұтынушылардың электр және жылу энергетикасын жеткізушіні таңдау құқығы;
- Табиғи монополия саласындағы қымбатты реттеу, сондай-ақ отандық энергия өндірушілерді қорғау үшін жағдайлар жасау;
- Электр және жылу энергетикасының реттелетін нарығын құру мен жетілдіру;
- Электр және жылу энергиясын ұтымды және үнемді тұтыну;

- Жаңартылып отыратын және дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану мен дамыту;
- Электр энергетикасы кешенін дамыту мен қайта жарықтандыруға инвестициялар тарту;
- Қоршаған ортаны қорғау, электр беру желілерін, электр және энергия қондырғыларын пайдалану кезіндегі құрылысы сенімділігі мен қауіпсіздігі жөніндегі іс шаралар кешенін орындау үшін жағдайлар жасау;
- Елдің шалғай аудандарында энергиямен жабдықтауды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау;
- Қазақстан Республикасының біртұтас энергетикалық жүйесі жұмысының және электр энергетикасы саласының ұлттық стандарттарын белгілеу болып табылады.

Электр энергетикасында мемлекеттік реттеу бақылаудың бірнеше әдістері қолданылады. Оларға:

- Лицензиялау;
- Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) мемлекеттік реттеу;
- Электр энергетикасы объектілерін монополиясыздандыру мен жекешелендіру;
- Электр энергиясын өндірудің, берудің, техникалық диспетчерлендіру мен тұтынудың сенімділігін, қауіпсіздігі мен үнемділігін мемлекеттік қадағалау;
- Электр энергетикасы саласындағы техникалық реттеу жатады.

Электр желілерін жобалау және пайдалану кезінде техникалық регламенттерге сәйкес электр энергиясына белгіленген талаптардың орындалуы қамтамасыз етілуге және электр және жылу энергиясын өндіруге, беруге және тұтынуға арналған электр станцияларының, электр және жылу желілерінің жабдықтары, тұтынушылардың қондырғылары техникалық регламенттерде белгіленген техникалық талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Техникалық регламенттерде қойылатын талаптарға сәйкестігі расталуға жататын электр станцияларының, электр және жылу желілерінің жабдықтарын, тұтынушылардың қондырғыларын сәйкестікті растау саласындағы құжатсыз пайдалануға беруге жол берілмейді.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығы:

1) нарыққа қатысушылар жасасатын тараптардың келісімдерімен белгіленетін жеткізу бағалары мен талаптары бойынша электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының негізінде жұмыс істейтін

электр энергиясын орталықсыздандырылған сатып алу-сату нарығынан;

2) электр энергиясын қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді негізде сатып алу-сату үшін ұйымдастырылған сауда аланынан тұратын электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығынан;

3) жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесінде бекіткен Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты және шарттық шамалары арасында операциялық тәулікте туындайтын сағат сайынғы теңгерімсіздіктерді табиғи және бұдан кейінгі қаржылық реттеу мақсатында жұмыс істейтін нақты уақыт режиміндегі теңгерімдеуші нарықтан;

4) ұлттық стандарттармен белгіленген Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі жұмысының сенімділігі мен электр энергиясының сапасын қамтамасыз ету үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен сатып алуы негізінде де, жүйелік оператордың электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне тиісінше қызметтер көрсету негізінде де жұмыс істейтін жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығынан тұрады.

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 ж. 13 қаңтардағы №541 ІV ҚРЗ бойынша энергия үнемдеу пайдаланатын энергетикалық ресурстардың көлемін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, экономикалық және өзге де шараларды іске асыру<sup>1</sup>.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары: энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында техникалық реттеуді жүзеге асыру; энергетикалық ресурстарды өндіру және тұтыну саласындағы теңгерімді тарифтік саясат пен баға белгілеуді жүзеге асыру; энергия үнемдейтін жабдықтар мен материалдарды пайдалануды қоса алғанда, энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды ынталандыру; энергетикалық ресурстардың тиімді пайдалануына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; энергетикалық ресурстарды тиімді пайдаланудың экономикалық ресурстарды тиімді пайдаланудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік артықшылықтарын насихаттау, осы салада қоғамдық білім беру деңгейін арттыру; ҚР-ның

<sup>1</sup> «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 ж. 13 қаңтардағы №541 ІV ҚРЗ // [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)

энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ҚР-сы Үкіметінің, Уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті осы заңның тиісінше 4, 5, 6 баптарында айқындалған. Орталық атқарушы органдар өз құзыреті шегінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мерзімдерде уәкілетті органға энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру туралы есептерді береді.

Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Энергия аудитін немесе энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүргізу энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттелетін қызмет түрлеріне жатады және аккредиттеу уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады. Заңды тұлғалардың аккредиттеу туралы құжаттарын қарау және олар бойынша шешім қабылдау үшін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында аккредиттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады, оның құрамы мен қызмет тәртібін уәкілетті органның басшысы айқындайды.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік қолдау:

1. Энергия үнемдеу жабдығын пайдалануды ынталандыру;
2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы білім беру қызметін және іс-шараларды ақпараттық қолдауды жүзеге асыруға жәрдемдесу;
3. Энергия тиімділігін арттырудың кешенді жоспарын іске асыру;
4. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, оның ішінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы әдістемелік және нормативтік құқықтық базаны әзірлеуді және дамытуды қаржыландыру;
5. Тұрғындарда пайдалануда болған, құрамында сынап бар энергия үнемдеу шамдарын кәдеге жарату;

6. Оқу орталықтарын құру;

7. Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес тұрғын үйлердің, тұрғын үй-жайлардың меншік иелеріне энергия үнемдеуді қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларға ақы төлеуге көмектесу бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

«Қазақстан 2050» Стратегиясында «біз энергияның баламалы түрлері өндіруді дамытуға, күн мен желдің энергиясын пайдаланылатын технологияларды белсенді енгізуі тиіс. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар делінген. Бұл маңызды міндетті іске асыру энергия қатысы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыреті мен қызметінде айырықша орын алатын болады»

«Атом энергетикасын пайдалану туралы» ҚР-ның 1997 ж. 14 сәуірдегі Заңы атом энергиясын пайдалану саласындағы қоғамның қатынастарды реттеудің құқықтық негізі мен принциптерін белгілейді және адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, ядролық қаруды таратпау режимін, атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Заңмен атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі принциптері бекітілген. Олар:

- Атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Халыққа және қоршаған ортаға атом энергиясы объектілерінің әсері туралы ақпаратты алуға оңайлығы, объективтілігі және уақтылығы;
- ҚР-сы аумағында басқа мемлекеттердің радиоактивті қалдықтарын көмуге тыйым салу;
- Атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету
- Атом энергиясын пайдаланылатын объектілер қызметкерлерінің, сондай-ақ олар орналасқан аудандарда тұрып, еңбек қызметін жүзеге асыратын халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;
- Радиациялық әсермен келтірілген зиянды өтеу;
- ҚР-ның атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатын, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де тұлғалардың қатысуы болып табылады.

ҚР-сы аумағындағы заңды және жеке тұлғалардың атом қаруын әзірлеу, жасау, өндіру, сынау, сақтау және тарату мақсатында атом энергиясын пайдалану жөніндегі кез келген қызметіне үзілді кесілді тыйым салынады. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік органдарды ҚР-ның Үкіметі және өкілетті мемлекеттік органдар жатады. Олардың құқықтары аталған Заңның 7, 8 баптарында айқындалған.

ҚР-сы Президентінің 2013 ж. 16 қаңтардағы №466 жарлығымен ҚР-сы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті құрылды. Ол атом энергиясын пайдалану, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті, ядролық қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР-ның аумақтық ядролық қаруды таратпау режимін сақтау саласындағы функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыратын болып табылады.

ҚР-сы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» 2009ж. 18 маусымдағы №827 Жарлығымен мемлекеттік жоспарлаудың біртұтас және тиімді жаңа жүйесін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі бекітілген.

ҚР-ның әлеуметтік экономикалық дамуын қамтамасыз етуде мұнай газ өндірісі аса маңызды рөл атқарады.

«Мұнай өнімдерінің жекеленген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 ж. 20 шілдедегі №463 IV ҚР Заңға сәйкес мұнай өнімдері мұнай өнімдерінің жекеленген түрлері: бензин, авиация және дизель отыны, мазут, мұнай өнімдерінің айналымы мұнай өнімдерін сатып алу, сақтау, көтерме сауда және бөлшек сауда арқылы өткізу, жөнелту, тасымалдау, олардың экспорты мен импорты.

Заңмен мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеудің өндіруді және олардың міндеттері мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен міндеттері белгіленген. Мақсаттары:

ҚР-ның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұтынушылардың сапалы және қоршаған орта мен халық денсаулығы үшін қауіпсіз мұнай өнімдерін сұранысын қанағаттандыру болып табылады. Міндеттері:

- Адамның өмірі мен денсаулығын сақтау және қоршаған органы қорғау;
- ҚР-ның экономикалық мүдделерін қорғау, оның ішінде мұнай өнімдерін заңсыз өндіруді және олардың айналымын болғызбайтын жағдайлар жасау;
- ҚР-да өндірілетін мұнай өнімдерінің сапасын арттыру;

- Мұнай өнімдерін өндірушілерінің өндеу қуаттарын жаңғыртуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

Осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі ҚР-сы Үкіметінің, мұнай өнімдерін асыру жөніндегі уәкілетті органның, мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті органның, мұнай өнімдерін өндіру және олардың өзге де уәкілетті органдардың (мысалы, Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар, өнеркәсіп қауіпсіздігі салаларындағы), облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті заңның

Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бұл мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, ал мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті орган бұл мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік реттеу басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 ж. 9 қаңтардағы №532 IV ҚР Заңға сәйкес газбен жабдықтау бұл тауарлық, сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау, тасу, сақтау және өткізу саласындағы қызмет. Газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары ҚР-ның энергетикалық және әлеуметтік экономикалық жағдайын жақсарту. Бұл саладағы мемлекеттік реттеу мынандай қағидаларға негізделеді:

- Газбен жабдықтаудың қауіпсіздігі мен сенімділігі;
- Газ ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығы;
- ҚР-ның аумағында өндірілетін тауарлық және сұйытылған мұнай газымен ҚР-ның ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етудің басымдылығы;
- ҚР-ның аумағында орналасқан объектілерді газдандыру басымдылығы;
- Газ және газбен жабдықтау саласындағы баға саясатының теңгерімділігі;

Газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері:

- Тауарлық газбен жабдықтардың бірыңғай жүйесін құру;
- ҚР-ның тауарлық және сұйытылған мұнай газымен деген ішкі қажеттіліктерін еріксіз қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;
- ҚР-да тұтынылатын отын энергетикасы ресурстарының жалпы көлеміндегі тауарлық және сұйытылған мұнай газының үлесін ұлғайту.

ҚР-ның тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерін іркіліксіз қамтамасыз ету, газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану, тауарлық газдың тасымалдануын, сақталуын үздіксіз диспетчерлік бақылауды ұйымдастыру және оны есепке алудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында ҚР-да тауарлық газбен жабдықтардың бірыңғай жүйесі қалыптастырылады. Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі жалғастырушы, магистральдық газ құбырларын, тауарлық газ қоймаларын, газ тарату және газ тұтыну жүйелерін, автогаз толтыру компрессорлық станцияларын және тауарлық газ өндіруге, тасымалдауға, сақтауға, өткізуге және тұтынуға арналған өзге де технологиялық объектілерді қамтиды.

Тауарлық газбен жабдықтардың бірыңғай жүйесінің объектілері мемлекеттік немесе жеке меншікті болуы мүмкін.

Уәкілетті орган тауарлық газды өндірушілердің, өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде өндірілген тауарлық газдың меншік иелері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылардың, Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлық газдың меншік иелерінің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде Қазақстан Республикасында өндірілетін шикі газдан Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өндірілген тауарлық газдың меншік иелерінің, газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарының есебін жүргізеді және тізбесін интернет-ресурста жариялайды.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тауарлық газға ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының басқа тұлғалардың алдында Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыларға тиесілі иеліктен шығарылатын шикі газды, сондай-ақ өздері өндірген шикі газды өңдеу процесінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген және өздеріне Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына және жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға сәйкес тиесілі тауарлық газды сатып алуға артықшылықты құқығы бар.

Газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік басқару органдарының, ҚР-сы Үкіметінің, Уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті осы Заңның 2 тарауында айқындалған.

«Қазақстан 2050» Стратегиясында біз Үдемелі индустриялық инновациялық даму бағдарламасын өнеркәсіптік қуаттардың бағдарламасын және технологиялар алмасуға бағыттауға тиіспіз делінген.

Инновациялық мәні экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында, экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, техникалық, өндірісітік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы ұйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ ұйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ өзге де қоғамдық пайдасы бар нәтиже түрінде іс жүзіне шығарылған жеке және заңды тұлғалар қызметінің нәтижесі болып табылады.

Индустриялық инновациялық қызметті ынталандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздері және оны мемлекеттік қолдау шаралары «Индустриялық инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» ҚР-ның, 2012 ж. 9 қаңтардағы №534 IV ҚРЗ Заңымен белгіленген.

Өнеркәсіп саласындағы қызмет аясына техникалық реттеу, стандарттау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жатады.

Қазақстан Республикасында өнімнің көрсетілетін қызметтердің және процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құқықтық негіздері «Техникалық реттеу туралы» 2004 ж. 9 қарашадағы №603 II ҚР-ның Заңымен белгіленген.

Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары:

1. Міндетті регламенттеу саласында: өнімнің, процестердің адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта, оның ішінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету; өнімнің көрсетілетін қызметтің қауіпсіздігіне және сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын іс-әрекеттердің алдын алу, саладағы техникалық кедергілерді жою;

2. Стандарттау саласында: отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу болып табылады.

Техникалық реттеу:

Бұл санитарлық және фитосанитарлық шараларды қоспағанда, сәйкестігі растау, аккредиттеу және белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі қызметті қоса

алғанда, өнімге, көрсетілетін қызметке, процестерге қойылатын міндетті және ерікті талаптарды анықтауға, белгілеуге, қолдануға және орындауға байланысты қатынастарды құқықтық және нормативтік реттеу.

Стандарттау бұл нақты қойылып отырған және ықтималды мәрте және ерікті пайдалану үшін ережелер және процестерге қойылатын талаптарды ретке келтірудің оңтайлы деңгейінде қол жеткізуге бағытталған қызмет. Стандарт бұл көп мәрте және ерікті объектілеріне қағидаларды, жалпы қағидатар мен сипатталарды белгілейтін құжат.

Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құрылымын ҚР-ның Үкіметі, уәкілетті орган, өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар, аккредиттеу жөніндегі орган және басқа құрылымдар құрайды.

ҚР-сы Үкіметінің техникалық реттеу саласындағы құзыретіне осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу, мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін құру, техникалық реттеу саласында құқықтық реформаны қамтамасыз ету, техникалық регламенттерді бекіту, аккредиттеу жөніндегі органды айқындау,

тауардың және шетелдік тауардың мәртебесін айқындауға уәкілетті органды белгілеу және т. б. мәселелер жатады. Өзіне ҚР-ның Конституциясымен, заңдарымен және ҚР-сы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындады. Уәкілетті орган техникалық реттеу саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган мынадай функцияларды орындайды: Техникалық реттеу саласында: техникалық реттеу осы саладағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады; техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және үйлестіреді; ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіпшен аккредиттеу аттестатын береді; оның қолдануын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрады, өткізу сатысында өнімге, көрсетілетін қызметке қатысты техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзған жеке және заңды тұлғаларды жауапкершілікке тартады; техникалық реттеу туралы Заңда, ҚР-ның өзге де заңдарында, ҚР-сы Президентінің және ҚР-сы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де актілерде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында өлшем бірлігіні қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық ұтымдық негіздері «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 ж. 7 маусымдағы №53 ІІ ҚРЗ Заңмен белгіленген. Заңмен мемлекеттік басқару органдарының, жеке және

заңды тұлғалардың, арасындағы метрологиялық қызмет саласындағы қатынастар реттелген және бұл Заң азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, әрі ҚР-ның экономикасын қорғауға бағытталған.

Өлшем бірлігі деп нәтижелері заңдастырылған шама бірліктерінде көрсетілген және өлшем қателігі беріген ықтималдықпен белгіленген шектегі өлшемнің жай күйі түсініледі. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті мемлекеттік басқаруды ҚР-ның техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы жүзеге асырады. Бұл органның құзыреті Заңның 5 бабында айқындалған.

Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік қызметтері :

1. Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік қызметтері уәкілетті органды және оның аумақтық бөлімшелерін, мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықты, мемлекеттік басқару органдарының метрологиялық қызметтерін қамтиды. Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік қызметтері уәкілетті орган бекітетін ережелер негізінде өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

2. Уақыт пен жиілік мемлекеттік қызметі аймақаралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, уақыт пен жиіліктің өлшем

3. бірлігін қамтамасыз етуге және Жердің айналу параметрлерін анықтауға бағытталған жұмыстарды орындайды. Қазақстан Республикасының уақыт пен жиілік мемлекеттік қызметі мемлекеттік метрологиялық бақылау саласында қолдану үшін міндетті болып табылатын уақыт пен жиілік бірліктерінің мөлшерлерін жаңғыртуды, сақтауды және беруді жүзеге асырады.

4. Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық үлгілерінің мемлекеттік қызметі аймақаралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық үлгілерін эзірлеуге және ендіруге байланысты жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді.

5. Заттар мен материалдардың физикалық тұрақты шамалары мен қасиеттері туралы стандарттық анықтама деректердің мемлекеттік қызметі аймақаралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, заттар мен материалдардың физикалық тұрақты шамалары мен қасиеттері туралы стандарттық анықтама деректерді эзірлеуге және ендіруге байланысты жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді.

«Қауіпті өндірістік объектілеріндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» 2002 ж. 3 сәуірдегі №314 ІІ ҚРЗ Заңға сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік бұл жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік объектілердегі авариялардан және аталған

авиациялардың салдарынан қорғалуының жай күйі. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары өнеркәсіптік қызметкерді, халық пен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау, халықтық санитарлық эпидемиологиялық салауаттылығы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау, құрылысы саласындағы нормаларға, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкес болуға тиіс. Осы және басқа да белгіленген талаптарды сақтау өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Қауіпті өндірістік объектілерге тұтанғыш, жарылғыш, жаңғыш, тотықандырғыш, уытты, жоғары уытты, қоршаған табиғи орта үшін қауіп тудырады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау қауіпті өнеркәсіптік объектісі бар ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерінің талаптарын орындауы мақсатында ұйымдастырылады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

**V-БӨЛІМ.**  
**АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНДАҒЫ**  
**МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ (АУЫЛ**  
**ШАРУАШЫЛЫҒЫ)**

---

**1-Тарау. АГРОӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ**

**§1. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы реттеудің құқықтық негіздері**

Еліміздің агроөнеркәсіптік кешені – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және өткізуді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін ілеспе өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы.

Көпқырлы нарықтық экономика мен бәсекелестік орта құрып дамытуға, жаңа меншік иелері табатын қалыптастырылуға бағытталып, өткен тәуелсіздік жылдары Қазақстанда жүргізілген саяси-экономикалық және әлеуметтік реформалар ауыл шаруашылығының қызметі мен дамуына басқарушылық ұйымдастырушылық мемлекеттік ықпал етудің мәні мен тәсілдерін, сондай-ақ бұл салада шаруашылықпен айналысатын субъектілерді құқықтық мәртебесін мүлдем өзгертті.

Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік басқару ауыл шаруашылығы өнімін, шикізатты, азық-түлікті өндіруге, қайта өңдеуге және өткізуге, сондай-ақ агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеумен ауыстырылды.

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздері «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 ж. 8 шілдедегі № 66- III ҚРЗ Заңмен айқындалған. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қатынастарды реттейтін бұдан басқа да заңдар бар.

Агроөнеркәсіптік кешен - ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және өткізуді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін ілеспе өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы;

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері - агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

Агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық-маркетингтік жүйесі-орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ мамандандырылған ұйымдардың агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін ақпараттық-маркетингтік және консультациялық қамтамасыз етуге бағытталған ақпараттық, техникалық, электрондық ақпараттық ресурстарының бірыңғай жүйесі;

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеудің мақсаттары:

- ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту және ауыл халқын қолайлы тұрмыс жағдайларымен қамтамасыз ету;
- мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- агроөнеркәсіптік кешенді және ауыл аумақтарды тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету;
- бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерлердің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылықтарын қолдауға, сондай-ақ өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, ауыл шаруашылығын шикізатын қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жаратандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу осы салада кредит беруді дамыту; агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау,

сатып алу және тауар интервенцияларын жүргізу, мамандандырылған ұйымдар құру; агроөнеркәсіптік кешен тауарларының экспорты мен импортын реттеу; агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру; ақпараттық- маркетингтік, ғылыми нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету және ол үшін кадрлар даярлау; ауылдық аумақтардың әлеуметтік және ин-женерлік инфрақұрылымының дамуын инвестициялауды жүзеге асыру; ауылды оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру; ветеринариялық - санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; салықтық, бюджеттік, кедендік-тарифтік, техникалық реттеу шаруалары мен ҚР-ның Заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Осы іс-шараларды қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен және мәслихаттардың жергілікті бюджет туралы шешімдерімен белгіленеді.

Өсімдік шаруашылығының мақта өндіру жөніндегі саласы мақта шаруашылығы болып табылады. Мақта саласы дамытудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздері «Мақта саласын дамыту туралы» 2007 ж. 21 шілдедегі №298-III ҚРЗ Заңмен айқындалған. Заң Қазақстан Республикасында мақтаны өндіру, өңдеу, сақтау және өткізу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Мақта саласын мемлекеттік реттеу жөніндегі ҚР-сы Үкіметінің, Уәкілетті органның және облыстың жергілікті атқарушы органының күзиретті осы Заңның 2 тарауының тиісінше 6,7,8 баптарында айқындалған.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясында ауыл шаруашылығын дамыту жөнінде мемлекет алдына міндет қойылған. Онда ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажетделінген. Бұл үшін жолдауда көрсетілген шараларды жүзеге асырудың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ІЖӨ-дегі ауыл шаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артық болуы тиіс деп болжам жасалынған.

## **§2. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы**

Агроөнеркәсіптік кешені саласындағы мемлекеттік басқаруды ҚР-ның Үкіметі, ҚР-сы Ауыл шаруашылығы министрлігі, жергілікті және атқарушы билік органдары жүзеге асырады.

ҚР үкіметінің агроөнеркәсіптік кешенді және ауыл шаруашылықтарды дамыту мемлекеттік реттеу саласындағы күзіретіне агроөнеркәсіптік кешенді және ауыл шаруашылық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік негізгі бағыттарын әзірлеуі оларды дамытудың салалық (секторлық) бағдарламаларын бекіту осы салада халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру: азық-түлік тауарларын өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекіту, мамандандырылған ұйымдарды құру және олардың қатысуымен агроөнеркәсіп кешенін субсидиялау қағидаларын бекіту: агроөнеркәсіптік кешенде және ауылдық аумақтарда қалыптасатын жер қатынастарын ҚР-ның Заңнамасына сәйкес реттеу: тракторларды олардың тіркемелерін, өзге де машиналар мен механизмдерді мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік техникалық басқарудан өткізу, оларды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидаларын бекіту: өзіне Конституцияда, агроөнеркәсіптік кешен туралы заңда, ҚР-ның өзге де заңдарында және ҚР сы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды атқару кіреді.

«Қазақстан 2050» стратегиясы жолдауында Елбасы Әлемдік азық-түлік жарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісті арттыру үшін атқарылуға жататын қажетті шаралардың түрлерін атап көрсетіп, 2013 жылдың өзінде Үкіметке ел агроөнеркәсіп кешенінің 2020 жылға дейінгі дамуының жаңа бағдарламасын әзірлеуді тапсырған болатын.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган-агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган. Қазіргі кезде бұл Қазақстан Республикасы, Ауыл шаруашылығы министрлігі-реттелетін салаларда, атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы, егіншілік, тұқым шаруашылығы және астық нарығын реттеу, мақта саласы, өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды(алкогольді өнімдер мен этилспиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақаттандыру, мал шаруашылығы, мелиорация, иррагация және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылымы саласында, био-отын өндірістің мемлекеттік реттеу саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамаларда көзделген шектерде өзінің күзіретіне жатқызылған қызмет саласында (реттелетін сала) мемлекеттік органдарды салалық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Осыған сәйкес ҚР-сы Үкіметі 2013 ж. ақпан айында «Агробизнес-2020» бағдарламасын бекітті.

Салаларда атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешен, ауылшаруашылығы және астық нарығын реттеу, мақта саласы, өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, ветеринария, сусындарды (алкогольді өнімдер мен этил спиртінен басқа) қоса алғанда, тамақ өнімдерін;

Өндіру бөлігінде өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру, мал шаруашылығы меморация, ирригация және дренаж, ауыл шаруашылығы ғылыми саласында, биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзыретіне жатызылған қызмет саласында (реттелетін сала) мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

ҚР-сы ауыл шаруашылығы министрлігіне құзыретіне мемлекеттің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі саясатын іске асыру, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандарудың ұсынылатын схемасын әзірлеу және бекіту, өз құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы халықаралық жобаларды іске асыру, ҚР-ның заңдарына сәйкес ветеринария, өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды ұйымдастыру, ҚР-ның заңнамасына сәйкес ветеринариялық – санитариялық, фитосанитариялық және техникалық бақылауды жүзеге асыру, мыналардың агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың және осы саладағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асырудың;

ҚР-ның заңнамасына сәйкес ветеринариялық-санитариялық, фитосанитариялық және техникалық бақылауды жүзеге асыру, мыналардың агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың және осы саладағы

мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асырудың; дала жұмыстарын жүргізудің; азық-түлік тауарларының бағалары мен нарықтарының; азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің мониторингін жүргізу; нормативтік құқықтың базаны жетілдіру, баға, техника, кеден, салық, кредит, сақтарды ру мәселелері бойынша сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы техникалық реттеу және мемлекеттік саясат саласында ұсыныстар енгізу, агроөнеркәсіптік

жөнінде ұсыныстар енгізу; агроөнеркәсіптік кешен салаларын мамандармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру; шығарылатын өнім түрлері бойынша өңірлік көрмелер, жәрмеңкелер, өнімнің саудасы бойынша көтерме базалар ұйымдастыру; азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің, бағалардың және агроөнеркәсіптік кешен өнімдері нарықтарының мониторингін жүргізу; өңірдің агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық тәжірбиені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру; инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту; бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай жасау; жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде ҚР-ның заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

**VI-БӨЛІМ.**  
**КӨЛІК, БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ**  
**САЛАЛАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰТЫМДЫҚ**  
**ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

---

---

**1-тарау. КӨЛІК, БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ**  
**САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ**

**§1. Көлік саласындағы мемлекеттік**  
**басқарудың мазмұны**

Көлік Қазақстанның өндірістік инфрақұрылымының аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оның тұрақты және тиімді жұмыс істеуі экономиканың тұрақтылығының, дамуының және құрылымдық қайта құрудың, елдің тұтастығын қамтамасыз етудің, қорғаныс пен қауіпсіздікті, халықтың тұрмыс жағдайын арттыруды қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының көлігі мыналардан тұрады: оның тіркелген теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық электр, соның ішінде метрополитен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық труба құбыр көлігі.

Қазақстан Республикасының көлік туралы заңдары ҚР Конституциясына негізделеді, «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 ж. 21 қыркүйектіге №156-ХІІІ Заңнан (2016.09.04 берілген өзгерістер мен толықтырулармен)<sup>1</sup> және әрбір көлік туралы арнайы Заңнан, сондай-ақ ҚР ның өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

Көлік - темір жол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық электр, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан магистральдық құбыр көлігі. Көлік қызметі автомобиль жолдарын басқарудан, көлік коммуникацияларын жұмылдыруға дайындаудан, шарттық негізде немесе басқа заңды негіздерде орындалатын көліктің

---

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 ж. 21 қыркүйектіге №156-ХІІІ Заңнан (2016.09.04 берілген өзгерістер мен толықтырулармен)// <http://online.zakon.kz/>

темір жол, автомобиль, әуе, су, қалалық электр түрлерімен немесе тікелей аралас тасымалдарда жолаушыларды, багажды (жүк-багажды), жүктерді, почталық жөнелтімдерді тасымалдау және қызмет көрсетуді дайындау, ұйымдастыру және орындаудан тұрады. Көлік қызметі саласындағы мемлекеттік саясат:

- тұтынушылардың көліктің барлық түрлерінің көрсететін қызметіне еркін қол жеткізуі;
- көрсетілетін қызметтер мен процестердің адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ мәдени құндылықтарға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету;
- тасымалдардың барлық қатысушылары үшін құқықтық және экономикалық кепілдіктердің бірыңғай стандарттарын қолдану принциптерін негізге алып, халықтың, экономиканың және мемлекеттің тасымалдарға қажеттігін қанағаттандыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Көлік қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты:

- көлік инфрақұрылымын дамыту;
- тасымалдарды дамыту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік саласында тарифтік, салық және кеден саясатын жүзеге асыру;
- халықтың тасымалдар мен көрсетілетін қызметтерге деген мұқтажын қамтамасыз ету, экономиканың тіршілік әрекеті мен мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау;
- бәсекелестікті дамыту;
- қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

- көлік қызметін реттеу саласында;
- көлік және коммуникациялар саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асырудың стратегиялық және тактикалық шараларын әзірлеу;
- көлік және коммуникациялар саласында мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- көлік және коммуникациялар саласында лицензиялау ережесін, соның ішінде лицензияларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;
- көлік саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;
- Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көліктің жекелеген түрлерімен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктерді

тасымалдау ережелерін, сондай-ақ қауіпті жүктер тасымалдайтын көлік құралдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

- Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауға жол берілген қауіпті жүктердің тізбесін бекіту;
  - көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту тәртібін айқындау әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастарды анықтау;
  - көліктегі қозғалыс қауіпсіздігін есепке алу және жіктеу ережелерін анықтау;
  - әскери және арнайы жүк тасымалдарының ережелерін бекіту;
  - нысанды киім берілетін көлік қызметкерлері лауазымдарының (мамандықтарының) тізбесін, киім нысаны үлгілерін және айырым белгілерін, нысанды киім киіп жүру тәртібін және олармен камтамасыз ету нормаларын бекіту;
  - әлеуметтік маңызды маршруттар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау ережелерін бекіту;
  - әскери-көліктік міндеттемелердің орындалу тәртібін анықтау;
- Автомобиль көлігі, автомобиль жолдары және жол қызметі саласында:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінің тізбесін бекіту;
- Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты үйлестіру және жүргізу;
- Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүру ережелерін бекіту және рұқсат құжаттарын беру;
- Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алымдар ставкасын бекіту;
- ақылы автомобиль жолдарының, ақылы көпір өткелдерінің тізбесін, оларды пайдалану тәртібі мен жағдайларын, сондай-ақ ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүріп өткені үшін алым ставкаларын бекіту;
- ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдаланудың тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ жүріп өткені үшін алым ставкаларын бекіту;
- ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін бекіту;
- халықаралық қатынаста тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін

- тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарын бақылау мен қуәландыруды ұйымдастыру жөніндегі ережелерді бекіту;
- автомобиль көлігіндегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін бекіту.
- жолаушылардың еңбегі мен демалысын ұйымдастыру ережелерін, автокөлік құралдарын еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғылары құралдарымен (тахографтармен) жарактандыру жөніндегі талаптарды бекіту;
- автомобиль жолдарын, қорғаныстық маңызды жолдарды пайдалану ережелерін, жалпы қолданыстағы халықаралық және республикалық автомобиль жолдары желісінің тізбесін, автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп ұстауға арналған қаржыландыру нормативтерін бекіту;
- автомобиль жолдары желісі мен жол қызметін дамытудың перспективалық бағдарламаларын бекіту;
- жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын жіктеу ережелері мен шарттарын бекіту;
- республикалық маңызды жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту;
- республикалық маңызды жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін бекіту;
- жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының бөлінген алқаптарында сервис, жарнама объектілерін орналастыру және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ақы төлеу тәртібін анықтау;
- адамдардың жекелеген санаттарына көліктің көрсететін қызметтеріне арналған, тегін жүру құқығын қоса алғанда жеңілдіктер белгілеу;

#### Қалалық электр көлігі саласында:

- қалалық электр көлігі саласында метрополитен және көлік инфрақұрылымы объектілері құрылысын қаржыландыру мәселелерін шешу;

#### Темір жол көлігі саласында:

- Ұлттық темір жол компаниясын анықтау;
- Ұлттық темір жол тасымалдаушысын анықтау;
- магистральдық темір жол желісін пайдалану ережелерін бекіту;
- магистральдық темір жол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін бекіту;
- жүкті тасымалдау кезінде көлікте әскерилендірілген күзетпен қамтамасыз ету тәртібін анықтау;
- темір жол көлігіндегі қауіпсіздік ережелерін бекіту;

- темір жолдарды техникалық пайдалану ережелерін бекіту;
- күзетілетін аймақтардың жерлерінің көлемін, пайдалану режимін және темір жол көлігінің қажеттіліктері үшін бөлінген алқапта жерлерді пайдалану жөніндегі ережелерді бекіту;
- темір жол өткелдерін пайдалану ережелерін бекіту;
- темір жол көлігінде өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстарды;
- жүргізу ережелерін бекіту;
- темір жол көлігіндегі өрттердің салдарларын жою ережелерін бекіту;
- сигнализация, орталықтандыру, бұғаттау, ақпарат және ақпараттандыру қауіпсіздігі ережелерін бекіту;
- қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтардың түрлері, олардың жіктелуі және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылау жасау туралы ережелерді бекіту;

Әуе көлігі саласында:

- авиамаршрутқа конкурстар өткізу ережелерін бекіту;
- авиамаршруттарға куәліктер беру ережелерін бекіту;
- авиамаршруттарға субсидиялар жұмсау тәртібін бекіту;
- Ұлттық әуе тасымалдаушысын анықтау;
- флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау және оны анықтау ережелерін бекіту;
- әуежайды уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдау;
- Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын шетел авиакөманиялары мен ұйымдарын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеу тәртібі мен шарттарын айқындау;
- азаматтық және эксперименттік авиация аэродромдарын тіркеу;
- Мемлекеттік тізілімін жүргізу ережелерін бекіту;
- азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларын белгілеу;
- әуе кемелерін және аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін сертификаттау және пайдаланушы сертификатын, үлгі сертификатын, аэродромның жарамдылығы сертификатын, ұшуға жарамдылық сертификатын және дана сертификатын беру тәртібін бекіту;
- азаматтық авиация саласында, сондай-ақ ұшуларға авианавигациялық қызмет көрсету бойынша еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны қамтамасыз ету тәртібін
- анықтайтын нормативтік-құқықтық актілерді бекіту;

- авиациялық жұмыстар тізбесін бекіту;
- Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі ұшулардың негізгі ережелерін бекіту;

Ішкі су және теңіз көлігі салаларында:

- теңіз порттарының, оларды салу үшін порт құрылыстарының орналасу тәртібін бекіту;
- кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру тәртібін анықтау;
- Қазақстан Республикасының теңізшісі төлқұжатының үлгісін, оны ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, алып қою тәртібін бекіту;
- шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды жүзеге асыруына рұқсаттар беру тәртібін бекіту;
- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде кемелерді техникалық куәландыру мен сыныптауды жүзеге асыратын сыныптау қоғамын тану туралы шешім қабылдау;
- ішкі су жолдарын пайдалану ережелерін бекіту;
- кеме қатынасы үшін ашық ішкі су жолдарының тізбесін бекіту;
- порттың міндетті қызмет көрсетулерінің тізбесін бекіту;
- жаға маңындағы айдынды және жағалау белдеуінің жерлерін пайдалану тәртібін белгілеу;
- Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарымен жүзу ережелерін бекіту;
- Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі кемелеріндегі Қызмет жарғысын бекіту;
- порттық алымдар тізбесін және оларды қолдану ережелерін бекіту;
- Кеме қатынасы тіркелімі ережелерін бекіту;
- ішкі қатынас кемелерімен қоршаған ортаны ластаудың алдын алу жөніндегі ережелерді бекіту;
- жаға маңындағы айдынды және жағалау белдеуінің жерлерін пайдалану ережелерін бекіту;
- теңіз кемелерін жіктеу ережелерін бекіту;
- теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі ережелерді бекіту;
- теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы ережелерді бекіту;
- Тікелей аралас тасымалдар саласында:
- тасымалдарды шектеу,
- Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) жүкті әкелуге, әкетуге, транзиттеуге тыйым салу туралы шешімдер қабылдау жатады.

Әр түрлі көліктің қызметін реттеуге арналған арнайы заңдар бар,

олар:

– Теміржол көлігіне «Теміржол көлігі туралы» 2001 ж. 8 желтоқсандағы №266 ІІ ҚРЗаң,

– Автомобиль көлігіне «Автомобиль көлігі туралы» 2003 ж. 4 шілдедегі №476 ІІ ҚРЗ Заң,

– Су көлігіне «Ішкі су көлігі туралы» 2004 ж. 6 шілдедегі №574 ІІҚРЗ Заң,

– Әуе көлігіне «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 ж. 15 шілдедегі №339 ІV ҚРЗ Заң Көлік қызметінің кейбір мәселелері осы аталған заңдарының негізінде ҚР ның өзге де заңнамалық актілерімен, ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің және уәкілетті мемлекеттік атқарушы билік органдарының актілерімен реттеледі.

Көлік қызметін мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету лицензиялау техникалық реттеу, салық салу, қаржыландыру және баға белгілеу, инвестициялық, біртұтас әлеуметтік және ғылыми техникалық саясат жүргізу, ҚР-ның заңдарын көлік кәсіпорындарының орындауына бақылау және қадағалау жасау жолымен жүзеге асырылады.

ҚР-ның заңдарында көзделгеннен өзге реттерде мемлекеттік органдардың көлік кәсіпорындарының шаруашылық қызметіне орналасуына құқығы жоқ. Труба құбыр көлігі қызметіне байланысты қатынастар ҚР ның тиісті заңдарымен реттеледі.

Жоғарыда көрсетілген Заңнамалық актілер талдау негізінде аталған көлік түрлерінің әрқайсысына сипаттама беруге болады.

Теміржол көлігі темір жолдарымен тасымалдауды қамтамасыз ететін көлік түрі. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясат көлік рыногының барлық субъектілерінің жол көлігі қызметін ұсынуға және алуға еркін қол жеткізу; ҚР-ның экономикалық мүдделерін қорғау; тасымалдардың барлық қатысушылары үшін құқықтық және экономикалық кепілдіктердің бірыңғай стандартын қолдау принциптерін негізге алып, халықтың, экономиканың және мемлекеттің тасымалдарға қажеттілігін қанағаттандыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Теміржолдар – жылжымалы құрамның жүруі жүзеге асырылатын жылжымайтын мүлік объектілері. Теміржол көлігі – теміржолдармен тасымалдауды қамтамасыз ететін көлік түрі.

Теміржол көлігінің жұмыс істеуі мынадай қағидаттар:

- Қазақстан Республикасының бірыңғай әлеуметтік-экономикалық кеңістігін сақтау және нығайту;
- Қазақстан Республикасының бірыңғай көлік жүйесінің жұмыс істеуінің келісімділігі;
- теміржол көлігі инфрақұрылымының тұтастығын және іркіліссіз жұмыс істеуін сақтау;
- тасымалдау процесінің қауіпсіздігін, үздіксіздігін және іркіліссіздігін қамтамасыз ету;
- көлік нарығының барлық субъектілерінің теміржол көлігі қызметтерін ұсынуға және алуға еркін қол жеткізуі;
- Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау;
- тасымалдаулардың барлық қатысушылары үшін құқықтық және экономикалық кепілдіктердің бірыңғай стандартын қолдану негізінде жүзеге асырылады.

Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясат халық пен мемлекеттің тасымалдауларға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасауға бағытталған. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары:

- теміржол көлігінің магистральдық теміржол желісін және жылжы- малы құрамын дамыту;
- тасымалдарды дамыту;
- адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін теміржол көлігі мен оның өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес теміржол көлігінде тариф, салық және кеден саясатын жүзеге асыру;
- теміржол көлігінде еркін кәсіпкерлікке және жеке инвестицияларды тартуға жағдай жасау және шаруашылық қызметіне мемлекеттік органдардың заңсыз араласуына жол бермеу;
- бәсекелестікті дамыту, соның ішінде халықаралық тасымалдар саласындағы бәсекелестікті дамыту;
- магистральдық теміржол желісінің бірыңғай мүліктік кешенін сақтау;
- қоршаған органы қорғау;
- теміржол көлігін жұмылдыру дайындығында ұстап тұру;
- теміржол көлігінің қажеттері үшін импортты алмастыратын өндірісті дамытуға жәрдемдесу;
- транзиттік және халықаралық тасымалдауларды кеңейту;

- мемлекет, тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол көлігінің көмекші қызметі мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету;
- көлік-логистика жүйесін дамыту және теміржолдар бойынша жүктердің көлік ағындарын арттыру болып табылады. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру уәкілетті органға және құзыретіне сәйкес өзге де мемлекеттік органдарға жүктеледі. саласындағы бәсекелестікті дамыту;
- магистральдық теміржол желісінің бірыңғай мүліктік кешенін сақтау;
- қоршаған ортаны қорғау;
- теміржол көлігін жұмылдыру дайындығында ұстап тұру;
- теміржол көлігінің қажеттері үшін импортты алмастыратын өндірісті дамытуға жәрдемдесу;
- транзиттік және халықаралық тасымалдауларды кеңейту;
- мемлекет, тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол.

Тасымалдаушылар магистральдық теміржол желісі бойынша тасымалдауларды Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырады. Тасымалдаушы магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтері үшін Ұлттық инфрақұрылым операторына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерде ақы төлейді. Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу құқығын Ұлттық инфрақұрылым операторы береді. Ұлттық инфрақұрылым операторы магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне кемсітушіліксіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге және тасымалдаушыларға магистральдық теміржол желісін пайдалануға тең құқық беруге міндетті.

Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен айқындалады. Ұлттық инфрақұрылым операторы магистральдық теміржол желісін пайдалануды, күтіп ұстауды және жаңғыртуды, салуды жүзеге асырады. Жаңа магистральдық жолдар салу уәкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

### **Теміржол қатынастарының түрлері**

1. Теміржол қатынастары мынадай түрлерге:

1) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау;

2) жүк тасымалдау болып бөлінеді.

2. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау:

1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен тасымалдау;

2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жөнелту және межелі станциялар арасындағы тасымалдаулар болып бөлінеді.

3. Әкімшілік-аумақтық белгісі бойынша республикаішілік жолаушылар мен жүк тасымалдау:

1) облысаралық – әртүрлі облыстардағы жөнелту және межелі станциялар арасында жүзеге асырылатын немесе республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдау;

2) ауданаралық (облысішілік қалааралық) – бір облыс шегіндегі жөнелту және межелі станциялар арасындағы тасымалдау;

3) қала маңындағы – тиісті аумақтарда қала маңындағы аймақтардың бекітілген шекаралары шегінде қаланы елді мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдаулар болып бөлінеді.

4. Жүктерді тасымалдау:

1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен тасымалдау;

2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жөнелту және межелі теміржол станциялары арасындағы тасымалдау болып бөлінеді.

Теміржол көлігі ортақ және жеке пайдаланылатын объектілерден тұрады. Материалдық темір жол желісі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында темір жол көлігінің ортақ пайдаланылатын объектісі болып табылады, мемлекет меншігінде болады және жекешелендіруге жатпайды. Материалдық теміржол желісі магистральдық және станциялық жолдарды, сондай-ақ электрлік жабдықтау, сигнализация байланыс объектілерін, құрылыстарды, жабдықтарды, үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, және оның жұмыс істеуі үшін технологиялық жағынан қажетті өзге де объектілерді қамтитын магистральдық теміржол инфрақұрылымы.

Магистральдық теміржол желісіне жатпайтын теміржолдар жеке пайдалану объектісі болып табылады және жеке меншікте болуы мүмкін.

Теміржол көлігі саласындағы мемлекет саясатты жүзеге асыру уәкілетті органға және құзыретіне сәйкес өзге де мемлекет органдарға жүктеледі.

Автомобиль көлігі – негізгі аясы автокөлік құралдары мен инфрақұрылымды пайдалана отырып, жолаушылар, багаж, жүктер мен почта тасымалын ұйымдастыру және жүзеге асырушы болып табылатын экономика саласы.

Автомобиль көлігі саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер мынадай негізгі принциптер негізінде жүзеге асырылады:

- адамдар қауіпсіздігінің, олардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың, табиғатты және мәдени құндылықтарды қорғаудың басымдығы;
- автомобиль көлігі саласындағы жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі;
- тұтынушыға автомобиль көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерді таңдау еркіндігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес автомобиль көлігі саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге баға еркіндігін қамтамасыз ету.

Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері экономиканың және халықтың автомобильмен тасымалдауға және өзге де жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге деген мұқтажын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау; жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау; халықаралық автомобильмен тасымалдау рыногында отандық тасымалдаушылардың бәсекеге қабілеттілігі үшін жағдайлар жасау; автомобильмен тасымалдаудың ішкі рыногын қорғау; автомобиль көлігінің инфрақұрылымын одан әрі дамыту.

Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, техникалық реттеу, Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру арқылы іске асырылады. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарының сақталуын мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде уәкілетті орган және басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын бақылау кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік

құралдарын өткізу пункттерінде, Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында, қалалар немесе өзге де елді мекендер шекараларының шегіндегі автомобиль жолдарында жүзеге асырылады. Техникалық бақылау құралдарымен жарақталмаған кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерін және көлікті бақылау посттарын құруға жол берілмейді. Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

#### **Автомобильмен тасымалдаудың түрлері:**

1. Жолаушылар мен багажды тасымалдау;
2. Жүк тасымалдау;
3. Почта тасымалдау болып бөлінеді

Қатынас түрлері бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау:

1. Халықаралық ҚР-сы мен шет мемлекеттер арасындағы немесе ҚР мен аумағы арқылы транзиттік тасымалдаулар.

2. Республика ішілік – ҚР аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдаулар болып бөлінеді.

Жолаушылар мен багажды республикаішілік тасымалдау әкімшілік- аумақтық белгілеріне қарай мынандай түрлерге бөлінеді:

1. Қалалық, ауылдық – елді мекеннің белгіленген шекарасының шегіндегі тасымалдау.

2. Қала маңындағы елді мекеннің белгіленген шекарасынан бастап есептелетін, ұзақтығы 50 шақырымға дейінгі қала маңындағы аймақтағы елді мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау.

3. Аудан ішілік – бір аудан шегіндегі елді мекендердің арасындағы тасымалдау.

4. Аудан аралық (облыс ішілік, қалааралық) бір облыс шегіндегі, әртүрлі аудандардағы елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе облыстық маңызы бар қалааралық пен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдау.

5. Облысаралық, қалааралық – әртүрлі облыстардағы елді мекендердің арасында жүзеге асыратын немесе республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдау.

Жолаушылар мен багажды автомобиль тасымалдауды ұйымдастыру сипаты бойынша тұрақты және тұрақты емес болып бөлінеді:

1. Тұрақты тасымалдау – тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды пайдалана отырып, алдын ала келісілген жол жүру маршруттары, бастапқы және соңғы пункттері, жолаушылар отырғызу және түсіру пункттері белгіленген қозғалыс кестелері бойынша жүзеге асыратын тасымалдар;

2. Тұрақты емес тасымалдау тұрақты тасымалдауға жатпайтын, белгіленген тәртіппен берілген лицензиялары бар тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды пайдалана отырып жүзеге асыратын тасымалдаулар.

3. Автомобиль көлігі құралы туралы автобустар, шағын автобустар, жеңіл жүк автомобильдері, автомобиль тіркемелері, ерікті тартқыштарға жартылай тіркемелер, сондай-ақ арнайы бейімделген автомобильдер (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнаулы автомобильдер (эртүрлі, көбінесе көлікке арналмаған жұмыстарды орындайтын) кіретін автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігі болып табылады.

Су көлігі ішкі су көлігін және теңіз көлігін қамтиды. Ішкі су көлігі ҚР заңнамасына сәйкес ҚР аумағында тіркелген және ішкі су жолдарында кеме қатынасына байланысты өзге де қызметті жүзеге асыратын көлік түрі. ҚР ішкі су жолдарын кеме қатынасы мақсатында пайдалануға болатын, кемелердің кедергісіз жүзуін жол берілетін жолдың бағыты мен шекараларын көрсететін табиғи немесе қолдау жасалған қатынас жолдары. Теңіз көлігі – сауда мақсатында теңізде жүзеге асырылатын кеме, су ығыстырмайтын кеме мен гидроұшақты қоса алғанда, өздігінен жүретін немесе өздігінен жүрмейтін жүзбелі құрылыс. Сауда мақсатында теңізде жүзу – жолаушыларды, багаж пен жүкті кемемен тасымалдау жөніндегі қызмет, сондай-ақ өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін пайдалынатын әскери және шекаралық кемелерді қоспағанда, кемелерді өзге де коммерциялық және коммерциялық емес (гидрографикалық, ғылым, гидротехникалық, құтқарушылық және басқа) мақсаттарда пайдалануға байланысты қызмет.

Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және ішкі су жолдарында кеме қатынасы мен кеме қатынасына байланысты өзге де қызметті жүзеге асыратын көлік түрі.

Ішкі су көлігі саласындағы қызмет мынадай негізгі принциптер кеме қатынасы қауіпсіздігінің басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, табиғатты және экологиялық қауіпсіздікті қорғау; ішкі су көлігінде жұмыстар атқару мен қызметтер көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі; қызметтер көрсетуді тұтынушының тасымалдаушыны еркін таңдауын қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстар атқару мен қызметтер көрсету бағаларының еркіндігін қамтамасыз ету негізінде жүзеге асырылады.

Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік реттеудің, бақылау мен қадағалаудың негізгі міндеттері:

- республика экономикасының және халықтың тасымалдауларға, ішкі су көлігіндегі жұмыстардың атқарылуы мен қызметтердің көрсетілуіне қажетін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;
- ішкі су көлігінің және оның өмірлік циклі процестерінің адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау;
- ішкі су көлігіндегі тасымалдаулардың ішкі рыногын қорғау;
- ішкі су көлігі мен ішкі су жолдарының инфрақұрылымын одан әрі дамыту;
- ішкі су көлігі саласындағы қызметке және кеме қатынасы қауіпсіздігіне бақылау жасау болып табылады.

Авиация – қызметі әуе кемелерінің адамның әуе кеңестігін пайлануына және оған жағдайлар жасауға бағытталған ұйымдардың барлық түрі.

ҚР авиациясы мемлекеттік, азаматтық және эксперименттік болып бөлінеді. Азаматтық авиация деп эксперименттік және мемлекеттік авиацияның құрамына кіретін авиация танылады. Азаматтық авиация жолаушыларды, багажды, жүкті, почта жөнелтілімдерін әуемен тасымалдауды ұйымдастыру мен қамтамасыз етуге және авиациялық жұмыстарды ақысын алып немесе жолдау бойынша орындауға байланысты авиациялық қызметтер көрсетеді. Жолаушыларды, багажды, жүкті және почта жөнелтілімдерін әуемен тасымалдау, авиациялық жұмыстарды орындау, іздестіру, құтқару және авиациялық құтқару жұмыстарын жүргізу, дүлей зілзалалар болған жағдайда көмек көрсету мақсаттарында ақысы бөлініп немесе талдау заңды тұлғалардың меншігінде төленбей және жолдаусыз пайдаланылатын азаматтық авиация жалпы мақсаттағы авиация болып табылады.

Азаматтық авиация ұйымдарын және өзіне тиесілі мүліктен – әуе кемелерін, аэродромдардан, аэропорттардан, техникалық құралдардан және әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етуге арналған құралдардан тұрады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі оның мемлекеттік аумағының бір бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметін мемлекеттік реттеу міндеттері:

- Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың оны қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуі, ұшуды адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекет мүдделеріне қатер төндірмей орындау;
- әуе кеңістігін пайдалануға және ұшуды орындауға байланысты қызметті жүзеге асырудың жалпы принциптерін белгілеу;
- Қазақстан Республикасы экономикасының және азаматтардың авиациялық қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды және авиация қызметін мемлекеттік реттеуді өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, азаматтық және мемлекеттік авиация салаларындағы уәкілетті органдар жүзеге асырады.

## **§2. Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік басқарудың мазмұны**

Байланыс ҚР-ның экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымының ажырамас бөлігі болып табылады, ол байланыс қызметіне жеке және заңды тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және қауіпсіздіктің, қорғаныстың, құқық тәртібін қорғаудың, мемлекеттік органдардың қажеттілігін қамтамасыз етуге арналған.

Байланыс саласындағы қызметтің құқықтық негіздері «Байланыс туралы» 2004 ж. 5 шілдедегі № II ҚР Заңымен<sup>1</sup> (2016.28.12 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) белгіленген.

Байланыс деп ақпаратты, почта және арнаулы жөнелтілімдерді, почталық ақша аударымдарын қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау, беру (тасымалдау) жеткізу, тарату түсініледі. Байланыс қызметтерін жеке

<sup>1</sup> ҚР-сы Парламентінің Жаршысы, 2004, №14-81-к

немесе заңды тұлға – байланыс операторы көрсетеді. Байланыс операторлары, арнаулы, ведомстволық және корпоративтік телекоммуникация желілерінің, ортақ пайдаланатын телекоммуникация желісіне қосылатын жеке коммуникациялық жабдықтың иелері, радиожилік спектрін пайдаланушылар болып табылатын радиоэлектрондық құралдардың иелері байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілері болып саналады.

Бұл субъектілер ҚР аумағында осы Заңға сәйкес құрылады және олар өз қызметін бәсекелестік жағдайында жүзеге асырады.

Байланыс саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылау қызметтің жекелеген түрлерін құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңдарының сақталуын бақылау арқылы жүзеге асырылады. Байланыс саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және уәкілетті орган жүзеге асырады.

Байланыс саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу принциптері мыналар болып табылады:

- байланыс қызметтерін пайдаланушылардың, байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсету үшін жағдайлар жасау;
- телекоммуникация желілері мен құралдары арқылы хабарламалар тарату еркіндігі, почта жөнелтілімдерін қабылдау, жеткізу және оларды транзитпен жіберу еркіндігі;
- жеке және заңды тұлғалардың байланыс саласындағы қызметке қатысу және оның нәтижелерін пайдалану құқықтарының теңдігі;
- адал бәсеке;
- Қазақстан Республикасы аумағындағы бірыңғай стандарттар негізінде желілік технологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, байланыстың қауіпсіздігін, сенімділігі мен басқарылуын қамтамасыз ету;
- байланыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықты, әлемдік байланыс жүйесіне ықпалдасуды кеңейтуге қолдау көрсету;
- байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды орталықтандырылған басқаруды қамтамасыз ету.

Байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды пайдалану құқығы Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып конкурстық негізде беріледі. Байланыс саласындағы ұлттық ресурстар – бұл радиожиліліктердің, номірлеудің және байланыс спутниктері орбиталарының ресурстары.

Конкурстарға қатысуға ҚР Заңнамасымен белгіленген талаптарға, конкурс (немесе аукцион) өткізудің ережелеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалар жіберіледі.

Заң бойынша байланыс саласындағы қатынастар байланыстың барлық желілері мен байланыс құрылыстарын құрумен және пайдаланушымен, радиожилілік спектрін пайдаланушымен, ҚР аумағында қызметін көрсетумен байланысты қатынастарды қамтиды.

Сонымен, Заңмен Байланыстың екі түрі қаралған: электр байланысы және почта байланысы электр байланысы (телекоммуникация)

- белгілерді, сигналдарды, дауыстық ақпаратты, жазбаша мәтінді, бейнелерді, дыбыстарды өткізгіш, радио, оптикалық және басқа да электромагниттік жүйелер бойынша тарату немесе қабылдау. Почта байланысы почта жөнелтілімдерін қабылдауды, ақша аударуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ шарт негізінде мерзімді баспасөзді жөнелтуді, жеткізіп беру мен таратуды, зейнетақылар мен жәрдемақыларды жеткізіп беруді ұйымдастыратын байланыс инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылады.

Электр байланысы өз кезегінде телефонды телеграфты, қозғалмалы (ұялы) қозғалмалы радиотелефон байланысы, қозғалмалы жерсеріктің радиобайланыс және тұратын қосалқы және көмекші жабдықты қоса алғанда, радиотолқындарды таратуға және қабылдауға арналған және бір немесе бірнеше таратушы және қабылдаушы құрылғылардан не олардың құрамаларынан тұратын техникалық құрал радиоэлектрондық құрал арқылы радиобайланысын қамтиды. Бұдан басқа, заңнамаға сәйкес арнаулы байланыстың екі түрі бөлінеді: үкіметтік және фельдъегерлік.

Почта байланысы саласындағы қатынастар жоғарыда аталған Байланыс туралы Заңмен және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі. Почта қызметі мынандай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады: Заңдылықтың сақталуы; почта байланысының қызмет көрсетулеріне қолжетімді болуы; пайдаланушылардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуы; почта жөнелтілімдері қозғалысының ҚР бүкіл аумағындағы еркіндігі; оның ішінде транзит еркіндігі; жеке және заңды тұлғалардың почта байланысы мен осы

қызметтің нәтижелерін пайдалану саласындағы құқықтарының теңдігі; ҚР-ның заңдарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, пайдаланушылардың жазысқан хаттарының құпия болу құқығын қамтамасыз ету; почта желісінің сенімділігі мен тұрақтылығын және оның басқарылуын қамтамасыз ету; почта байланысы саласындағы ережелер мен талаптардың бірлігі; ұлттық почта желісінің және почта жинақтау жүйесінің дамуына мемлекеттік қолдау; ұлттық почта операторы почта жинақтаушы жүйесінің салымдарына тартатын ақшаны орналастыру тәртібін мемлекеттік реттеу.

Почта байланысының көрсететін қызметтерінің түрлеріне, почта байланысының баршаға қолжетімді көрсететін қызметі, тіркелетін почта жөнелгімдерін жіберу жөніндегі қызмет; жедел және курьерлік почта қызметі, почталық ақша аударымдары; жаздырып алатын баспа басылымдарын тарату және заңдарына сәйкес почта байланысының өзге де қызмет көрсетуі жатады.

ҚР аумағында әркімнің жазысқан хаттарының телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуын конституциялық Заңмен кепілдендірілген. Бұларды электр желілері мен почта айланысы желілері бойынша пайдалануды шектеу тек заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

«Байланыс туралы» Заңмен байланыс саласындағы қатынастардың негізгі объектілері қаралған. Мысалы, телекоммуникация құралдары:

- электромагниттік немесе оптикалық сигналдарды қалыптастыруға, таратуға, қабылдауға, сақтауға, өңдеуге, коммутациялауға немесе оларды басқаруға мүмкіндік беретін техникалық құралдар. Байланыс жолдары – тарату жолдары, байланыстың физикалық тізбектері және жол кабельдік, оның ішінде магистральдық (халықаралық және
- қалааралық) құрылғылары. Байланыс желісі – байланыс құралдары мен жолдарын қамтитын және телекоммуникацияларға немесе почта байланысына арналған технологиялық жүйе.

Радиожилік спектрі және байланыс жерсеріктестіктерінің орбиталық позицияларын пайдалануды реттеу мемлекеттің ерекше құзыретінде болады. Радиожилік спектрін пайдалануды реттеуде радиожилік спектрін тиімді пайдалануға және радио электрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, экономикалық,

техникалық шаралар кешенін білдіреді. Радиожиілік спектрін бөліп беріп, сондай-ақ радиожиілік спектрі мен байланыс жерсеріктерінің орбиталық пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді ҚР-ның Радиожиіліктер жөніндегі ведомство аралық комиссиясы байланыс операторлары қауымдастықтары мен байланыс қызметтерін және радиожиілік спектрін пайдаланушылар қоғамдық бірлестіктерінің қатысуымен жүзеге асырады.

«Ақпараттандыру туралы» 2007 ж. 11 ақпандағы №217 III ҚРЗ заңға сәйкес Ақпараттандыру ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған ұйымдастыру, әлеуметтік экономикалық және ғылыми техникалық үдеріс.

Электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер, ақпараттық жұмыстар мен электрондық қызметтер көрсету Ақпараттандыру объектілері, ал ҚР аумағында ақпараттандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын немесе құқықтық қатынастарға қатысатын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар Ақпараттандыру субъектілері болып табылады. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаттары ҚР-ның ақпараттық инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде «электрондық үкіметті» қалыптастыру, сондай-ақ елдің әлеуметтік және экономикалық дамуын ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады. «Электрондық үкімет» деп мемлекеттік функцияларды уақытылы және сапалы орындауға бағытталған, ақпараттық – коммуникациялық инфрақұрылымын негізінде мемлекеттік басқару жүйесі түсіндіріледі.

### **3. Көлік, байланыс және ақпараттандыру салаларындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы**

Қазақстан Республикасы Үкіметі әрбір саласы бойынша мемлекеттік саясатты, оның негізгі бағыттарын әзірлейді және оларды іске асыруды ұйымдастырады, әр саланы дамыту жөніндегі тұжырымдамалар мен бағдарламаларды бекітеді; халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, көлікті пайдалану қағидасын бекітеді; ҚР-ның аумағында багажды және жүкті әкелуге, әкетуге, олардың транзитіне тыйым салу туралы шешімдер қабылдайды, көлік жолдарын пайдалану қағидаларын бекітеді; жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидасын, оның ішінде лицензияларға қойылатын біліктілік

талаптарын бекітеді, қауіпсіздік, қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын бекітеді, ҚР-ның Конституциясында көліктің әртүрлі туралы заңдар актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Байланыс саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау байланыс қызметінің жекеленген түрлерін құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, ҚР байланыс саласындағы заңдарының сақтайтын бақылау арқылы жүзеге асырылады. Байланыс саласындағы мемлекеттік басқаруды ҚР Президенті, ҚР Үкіметі және уәкілетті орган жүзеге асырады.

ҚР Үкіметінің, Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті атқарушы органдардың құзыреті «Байланыс туралы» Заңның тиісінше 7,8,10-баптарында айқындалған. Осы заңға сәйкес ҚР Үкіметінің құзыретіне, мысалы, байланыс саласындағы басым дамудың, мемлекеттік саясатты жетілдірудің негізгі бағыттарын әзірлеу және дамудың салалық бағдарламаларын бекіту; байланыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ радиожиліліктерді және байланыс жерсеріктерінің орбиталық позицияларын тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру; ортақ пайдалынатын телекоммуникация желілерін, біртұтас телекоммуникация желілерінің ресурстарын ҚР-сы мемлекет органдарының қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарын қамту үшін әзірлеу мен пайдалану тәртібін бекіту; ҚР Радиожиліліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ережені және оның құрамын бекіту; байланыс саласындағы қызметті лицензиялаған кезде лицензия беру шарттарын айқындау және біліктілік талаптарын бекіту; почтамен жіберуге тыйым салынған заттардың тізбесін айқындау, байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту; өзіне ҚР Конституциясымен, заңдарымен және Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

ҚР уәкілетті атқарушы билік органдарының ақпараттандыру саласындағы құзыреті жоғарыда аталған мақсаттар мен Заңда белгіленген принциптерге негізделген. Осыған сәйкес ҚР Үкіметінің құзыретіне мысалы, басым дамудың, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу, салалық бағдарламаларды бекіту; халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету; электрондық үкіметті қалыптастыру мен оның жұмыс істеу, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды және мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру мен дамыту және оларды ҚР-ның бірыңғай ақпараттық кеңістігінде

өзара іс-қимыл жасау жағдайларын қамтамасыз ету; электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерге мемлекеттік және жеке меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету және т.б. өзіне заңнамалық актілермен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

Көлік байланысы және ақпараттандыру салаларындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын ҚР Президентінің шешімімен құрылған және Заңнамалардың негізінде ҚР Үкіметінің 2004 ж. 24 қарашадағы №1232 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация министрлігі туралы» Ережеге, оның жаңа редакциясы ҚР-сы Үкіметінің 2012 ж. 29 желтоқсандағы №1819 қаулыға қосымша жазылған, сәйкес іс-әрекет жасайтын уәкілетті мемлекеттік орган ҚР көлік және коммуникация министрлігі болып табылады.

ҚР-сы көлік және коммуникация министрлігі көлік, коммуникация, байланыс, ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтерді Ақпараттандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру салаларындағы басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

Министрліктің мынандай ведомстволары бар:

1. Автомобиль жолдары комитеті
2. Азаматтық авиация комитеті
3. Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін көрсету комитеті
4. Байланыс және Ақпараттандыру комитеті
5. Көлік және қатынас жолдары комитеті
6. Көліктік бақылау комитеті

Министрліктің және оның ведомстволарының құқықтық жағдайы оның басқаруына жатқызылған салалар туралы заңдармен және аталған ережемен айқындалған.

Министрліктің миссиясы көлік коммуникация кешенін және ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту мақсатында көлік және коммуникация байланыс және ақпараттандыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру саласында тиімді мемлекеттік саясатын қалыптастыру және жүргізу болып табылады.

Министрліктің міндеттері негізінен мынандай: көлік және коммуникация саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу, көлік және коммуникациялық байланыс, ақпараттандыру саласында және «Электрондық үкіметті» қалыптастыруда салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, көлік және

өміршеңдік циклі үдерісінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлік және коммуникация, байланыс, ақпараттандыру саласында және «электрондық үкіметті» қалыптастыруда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; байланыс саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру; байланыс саласындағы қызметтерді ұсынатын немесе оларды пайдаланатын тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылау, үйлестіру және реттеу, ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы мемлекет саясатты әзірлеуге қатысу мен іске асыру және қызметті мемлекеттік реттеу, почта байланысы саласындағы және іске асыру, почта операторларының қызметін мемлекеттік бақылау, үйлестіру және реттеу; табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарды телекоммуникация мен почта байланысының жалпы қолжетімді қызметтері саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және іске асыру әрі мемлекеттік реттеу және бақылау, гендерлік теңдік қағидатын сақтау, Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер болып табылады.

Министрліктің орталық аппаратының функциялары 206 тармақшадан тұрады. Министрліктің мынандай құқықтары мен міндеттері белгіленген. Министрліктің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартуға, өз құзыреті шегінде орындалуға міндетті нұсқаулар беруге және нормативтік актілер шығаруға, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға, ҚР Заңнамасына қайшы келетін актілердің күшін тоқтатуға немесе оларды өзгерту туралы тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге, өз құзыреті шегінде сарапшыларды, мамандарды сондай-ақ мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты ұйымдардың және өзге де ұйымдардың қызметкерлерін сараптама және консультациялар өткізу үшін тартуға, өз құзыреті шегінде мемлекеттік меншіктегі мүлікке иелік және пайдалануды жүзеге асыруға; заңнамада белгіленген жағдайларды және тәртіппен лицензиялауды жүзеге асыруға және мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынуға, мемлекеттік кәсіпорындарды және өзге де ұйымдарды құру, қайта құру, тарату және атауын өзгерту мәселелері бойынша ҚР Үкіметіне ұсыныстар енгізуге, өз құзыретінің шегінде Министрліктің құзыретіне кіретін, қоғамдық және басқа мекеме ұйымдарында және шетелдік мемлекеттерде ҚР-ның атынан өкілдік етуге, өз құзыреті шегінде көлік және коммуникация, байланыс, ақпараттандыру, мемлекеттік

қызметтерді Ақпараттандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру салаларындағы нормативтік-құқықтық актілерді оларды ҚР Үкіметіне енгізу үшін әзірлеуге; ҚР-ның Заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Министрліктің міндеттеріне Министрліктің құзыретіне кіретін мәселер бойынша түсініктеме беру, ҚР-ның мемлекеттік органдарымен ресми сұрау салу жағдайында өз құзыреті шеңберінде материалдар мен анықтамаларды ұсыну, министрліктің қызметкерлерінің мемлекеттік қызметкерлерінің қызмет этикасы қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету, мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық оқиғалары туралы басшылыққа немесе құқық қорғау органдарының назарына жеткізу: Министрліктің құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындау жатады.

ҚР Көлік және ақпарат министрлігінің мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы өкілеттіктері «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 ж. 15 сәуірдегі № 88 ҚРЗ Заңмен белгіленген. Басқа орталық және жергілікті мемлекеттік атқарушы билік органдарының Ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету салаларындағы құзыреті Ақпараттандыру және Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңдарымен айқындалған.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың көлік саласындағы өкілетті «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» ҚР-ның Заңына және басқа да ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі қызметін тиісті әкімшілік аумақтық бөлімшелерімен және ҚР әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер уәкілетті органның аумақтық іздік және ішкі істер уәкілетті мемлекеттік органдарының бөлімшелерінің желілерін қоспағанда, байланыс ғимараттарының, телекоммуникация жолдары мен басқа да инженерлік инфрақұрылым объектілері құрылысының жоспарларын айқындайды және әзірлейді, байланыс операторларын ҚР-ның Заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті шығындарды өтей отырып, абоненттерге тегін қосуды ұсыну үшін байланыс операторларымен бірлесіп, әлеуметтік мәні бар объектілердің тізбесін айқындайды, почта операторларының өндірістік объектілері үшін ҚР-ның Заңдарына сәйкес тұрғын емес үй жайлар бөледі, сондай-ақ почта операторларының олардың аумағына өндірістік объектілерді орналастыруына жәрдемдеседі, жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде ҚР-ның заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігіне облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) даму жоспарына енгізу үшін тиісті әкімшілік аумақтық бірлікте байланыс қызметтерін көрсетуді ұйымдастыру жөнінде ұсыныс енгізеді.

Инфрақұрылымды дамыту жөнінде «Қазақстан 2050» Стратегиясында жаңа міндеттер қойылған. Онда инфрақұрылымды екі бағытта дамыту: ұлттық экономиканы жаһандық ортаға кіріктіру, сонымен қатар, ел ішінде өңірлерге қарай қадам жасау қажет делінген. Осы интеграция арнайы бағдарламасын әзірлеу керек болатындығы Үкіметке 2013 жылы Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама әзірлеп, қабылдау тапсырылған.

## VII-БӨЛІМ.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

---

---

## 1-Тарау. ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

### §1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы басқарудың мазмұны

ҚР-ның Конституциясына сәйкес мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды, ҚР-ның азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарын ұқыпты қарауға халықтардың өмірінің ұзаруы тұрмыс жағдайының тұрақты дамуының негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану мен толықыту саласындағы қатынастар 2007 ж. 9 қаңтардағы №212 III ҚРЗ

«Қазақстан Республикасының экологиялық кодексімен<sup>1</sup>» реттеледі.

Табиғат және оның ресурстарды кәсіпкерлік қызметтің көптеген және әр түрлі өндірістік шаруашылық процестерінде ықпал ететін және мақсатты пайдаланатын объектісі болып табылады.

Сондықтан бұл экономика саласындағы мемлекеттік экологиялық реттеу проблемасын өте маңызды етеді.

Табиғат қорғау саласындағы өте көп заңнаманың ішінде негізге алынатын «Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі» ерекше рөл атқарады, өйткені ол ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық және тәрбиелік ықпал етудің кешенді шараларымен қатар экологиялық құқық тәртібін қалыптастыру мен нығайтуға және Қазақстан аумағының, экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған. Бұл Кодексте табиғат объектілерінің барлығына бірдей

---

<sup>1</sup> ҚР сы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж. №1, 1-к

болатын қоршаған табиғи ортаны қорғаудың міндеттері мен негізгі қағидаттары сондай-ақ соған арнайы уәкілетік берілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдармен жергілікті өзін өзі басқару органдарының қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен міндеттері бекітілген. Қоршаған орта мен табиғаттың нақты объектілерінің жердің, судың, орманның ерекше проблемалары мен мәселелері осы заңдармен реттеледі. Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған орта деп атмосфералық ауаны, жердің, азон қабатын, жер бетіндегі және астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ олардың өзара әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы түсініледі.

Қоршаған ортаға әсер ететін мемлекеттік билік органдарының, заңды және жеке тұлғалардың шаруашылық басқару және өзге де қызметтері мына төмендегідей негізгі қағидаттар негізінде жүзеге асыруға тиіс.

- Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету;
- Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көзқарас;
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;
- Қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде заңды келтіруді болдырмау жөніндегі алдын алу шараларының міндеттері;
- ҚР-ның экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылыққан қашпау;
- Қоршаған ортаға келтірген залалды өтеу міндеттері;
- Қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болу және оған рұқсат ету тәртібі;
- Табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеу технологияларды қолдану;
- Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің өзара әрекеттігі, үйлесімдігі мен жариялығы;
- Табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және оны жоюға, қалдықтарды кемітуге ынталандыру;
- Экологиялық ақпараттың қолжетімдігі;
- Табиғат ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету

- кезінде ұлттық мүдделері қамтамасыз ету;
- ҚР-сы экологиялық заңнамасының халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлеседі;
  - Жоспарланып отырған шаруашылық заң мен өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презимпциясы және оны жүзеге асыру арқылы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады.
  - Қоршаған ортаны қорғаудың негізгі мақсаттары жай күй экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, биологиялық әртүрлікті сақтауды, ластанудан болғызбауды, экологиялық жүйелердің тұрлықты жұмыс істеуін табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін қолайлы қоршаған ортаны қалыптастыруға мемлекеттің қол жетімділігі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі ұйымдық құқықтық құралдарына мыналар жатады:

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу: қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялауды экологиялық нормаларды; қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеуді, мемлекеттік экологиялық сараптаманы; экологиялық рұқсаттар беруді; мемлекеттік экологиялық бақылауды қоршаған ортаны қорғауды экономкалық реттеу жүйесін, неғұрлым экологиялық таза технологияларды енгізуді ынталандыруды, табиғат қорғау іс шараларын қаржыландыру жүйесін, мемлекеттік экологиялық мониторингті, табиғат пайдаланушыларды, қоршаған ортаны ластау көздері мен учаскелерін мемлекеттік есепке алуды, экологиялық білім беру ағарту ісін қамтиды.

2. Табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару: табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік жоспарлауды табиғи ресурстарды қорғауға, пайдалануға және молықтыруға мемлекеттік бақылау жасауды; табиғи ресурстарды пайдалану құқығына лицензиялар, рұқсаттар беруді және шарттар келісім шарттар жасасуды; табиғи ресурстарды қалпына келтіру мен толықтыруды, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуді ұйымдастыруды; табиғи ресурстардың монит рингі мен кадастрларын жүргізуді; табиғи ресурстарды бөлуді, табиғи ресурстарды пайдалануды, қалпына келтірумен толықтыруды жүзеге асыратын

мемлекеттік заңды тұлғаларды басқаруды, табиғи ресурстарды қорғауды ұйымдастыру және т.б. мәселелерді қамтиды.

2003 ж. 20 маусымдағы №442 ІІ ҚРЗ(2016 жылы 30 маусымдағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) «Қазақстан Республикасының жер Кодексіне<sup>1</sup>» сәйкес жер Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық Кеңістік табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез-келген еңбек процесінің аумақтық негізі.

Қазақстан Республикасында жер мемлекеттік меншікте болады. Жер учаскелері жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. Егер ҚР-ның жер, орман, су заңдарында, жер қойнау, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Заңдарында өзгеше көзделмесе, жер учаскелерін иелену, пайдалану және оларға білік ету, сондай-ақ олармен мәміле жасау бойынша мүліктік қатынастар ҚР -ның азаматтық заңдарымен реттеледі.

Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау - қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтыну қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық көрінісі. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары қоршаған ортаға залал келтіру фактісі анықталған күннен бастап бір ай мерзім ішінде қажетті материалдарды жинау мен талдауды жүргізеді және келтірілген залалға экономикалық бағалауды белгілейді. Атмосфералық ауаны және су, жер ресурстарын белгіленген нормативтерден тыс ластаудан, жер қойнауын заңсыз пайдаланудан, сондай-ақ өндіріс пен тұтыну қалдықтарың, оның ішінде радиоактивті қалдықтарды белгіленген нормативтерден тыс орналастырудан келтірілген залалды экономикалық бағалау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес тікелей немесе жанама әдістермен айқындалады.

2003 жылы 9шілдедегі №481 ҚРЗ (2016 жылы 28 сәуіріндегі берілген өзгерістер мен толықтырулармен) «Қазақстан Республикасының Су Ко- дексіне<sup>2</sup>» сәйкес ҚР ның су қоры ҚР аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізуге тиіс барлық су объектілерінің жиынтығын қамтиды. Су объектілеріне

---

<sup>1</sup> 2016 жылы 30 маусымдағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен// <http://online.zakon.kz/>

<sup>2</sup> 2016 жылы 28 сәуіріндегі берілген өзгерістер мен толықтырулармен «Қазақстан Республикасының Су Кодексіне»//<http://online.zakon.kz/>

шекарасы, көлемі мен су режимі бар құрлық беті бедерлеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары жатады. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқада жер үсті су объектілері, жер асты сулары бар жер қойнауының бөліктері.

ҚР-ның су қоры айырықша мемлекеттік меншікте болады. Су қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын ҚР-ның Үкіметі жүзеге асырады.

ҚР-ның су заңнамасы су қорын пайдалану мен қорғау қорын және су шаруашылығы жүйелерін басқару, сумен жабдықтау және су бұру, гидромелиорациялық жұмыстарды және су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігі жөніндегі жұмыстарды жүргізу саласындағы қатынастарды және өзге де су қатынастарды реттейді.

Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқару осы саладағы мемлекеттік реттеу мен бақылау; тұрақты су пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру; су пайдаланудың оңтайлы жағдайларын жасау, қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын және халықтық санитарлық эпидемиологиялық қауіпсіздігін сақтау; бассейндік басқару; су қорын бақылау мен басқару функцияларын және су ресурстарын шаруашылық пайдалану функцияларын бөлу принциптеріне негізделеді.

Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары халықтың және қоршаған ортаның тіршілік жағдайларын сақтау мен жақсарту үшін су пайдалану мен су қорын қорғаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық оңтайлы деңгейіне қол жеткізу және қолдау болып табылады.

Қазақстан Республикасы су заңдарының міндеттері:

1) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) су қатынастарын, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы қатынастарды реттеу;

3) тұрақты су пайдалануды және су қорын қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды қолдау мен дамытудың құқықтық негіздерін қамтамасыз ету;

4) су қорын пайдаланудың және қорғаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың негізгі принциптері мен бағыттарын айқындау;

5) су ресурстарын зерттеу, барлау, ұтымды және кешенді пайдалану мен қорғау, гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылыстары саласындағы қатынастарды басқару;

6) жерді гидромелиорациялауды дамыту бағыттарын айқындау;

7) халықты және шаруашылық объектілерін су шаруашылығы

құрылыстарындағы төтенше жағдайлардан және олардың зардаптарынан қорғау жатады.

Қазақстан Республикасының су қоры Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілуге тиіс барлық су объектілерінің жиынтығын қамтиды.

Су объектілерін пайдалану мен қорғау кезінде туындайтын жерге, орманға, өсімдік пен жануарлар дүниесіне қатысты қатынастар арнайы заңдармен және Су Кодексімен реттеледі.

Орман ағаш пен бұта өсімдіктерінің және тірі табиғаттың басқа да компоненттерінің құрамас бөліктерінің жиынтығы негізінде белгілі бір аумақта қалыптасатын қоршаған ортамен өзара байланыстағы және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен. ҚР-ның орман қорын Қазақстанның аумағындағы барлық орман, сондай-ақ орман өсімдіктері өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне арналған орман қоры жерлері жатады.

Орман қорын иелену, пайдалану, оған билік ету жөніндегі қоғамдық қатынастар 2003 ж. 8 шілдедегі №477 ІІ ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Орман Кодексімен<sup>1</sup>» (2016 жылы 28 сәуіріндегі берілген өзгерістер мен толықтырулармен) реттеледі. Кодекспен орман қорының күзетудің, қорғаудың, молықтырудың, оның экологиялық және ресурстық әлеуметтік көтерудің оны ұтымды пайдаланудың құқықтық негіздері белгіленген.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастар «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 ж. 9 шілдедегі №593 ІІ ҚР Заңмен<sup>2</sup> (2016 жылы 29 наурыздағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) реттеледі.

Жануарлар дүниесі бұл ҚР ның аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ ҚР-ның құрлықтағы қайраңының және айырықша экономикалық аумағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығы. Жануарларға құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар жорғалаушы қоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және т.б жатады.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Орман Кодексі 2016 жылы 28 сәуіріндегі берілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілген // <http://online.zakon.kz/>

<sup>2</sup> Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚРЗ 2016 жылы 29 наурыздағы берілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілген// <http://online.zakon.kz/>

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласын мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері жануарлар дүниесінің қорғалуын, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануын қамтамасыз ету; жануарлар дүниесін ізгілік принциптеріне сәйкес жануарларға қайта қарауға жол бермейтін тәсілдермен пайдалану; бекіре тұқымдас балықтарды табиғи мекендеу ортасынан алу, оларды сатып алу, өңдеу және олардың уылдырығын және мемлекеттік монополияға жатқызылған өнімнің басқа түрлерін экспорттау жөніндегі қызметті қоспағанда жануарлар дүниесінің пайдалануымен қорғалауына мемлекеттік бақылаудықадағалауды асыру жөніндегі қызметтің жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану жөніндегі қызметпен қоса атқарылуына бермеу.

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығын жерді, суларды, өсімдік дүниесін және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану құқығынан бөлу; жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың ақылы болуы; ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен бұлтартпау, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы міндеттерді шешуге қатысуы болып табылады.

Жануарлар дүниесі мемлекеттік меншікте болады.

Жануарлар дүниесінің объектілері ҚР-сы Заңдарының талаптарына сәйкес пайдалануға беріледі. Жануарлар дүниесін пайдалану жалпы және арнайы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады. Арнайы пайдалануға ҚР-ның Заңдарында белгіленген тәртіппен берілетін жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттар негізінде беріледі.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану, оның ішінде әуесқойлық балық аулау қандай да бір рұқсатсыз жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану үшін пайдалану мерзімдері белгіленбейді, ал жануарлар дүниесін арнайы пайдалану үшін, жануарлар түрлерінің, мекендеу ортасының жыл мерзімінің және т.б ерекшелік- терін ескере отырып, әр түрлі мерзімдер белгіленеді.

ҚР-ның аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі: аң аулау, судағы омыртқасыз жануарлар мен теңіз сүтқоректілерін алып қоюды; қоса алғанда, балық аулау, аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану, жануарларды ғылыми, мәдени ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану, жануарлардың пайдалы қасиеттерін және тіршілік ету өнімдерін пайдалану; жануарлар түрлерінің өсімін молайту мақсаттарында пайдалану. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Заңға сәйкес

жануарлар дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар жануарлар дүниесін пайдаланушылар болып табылады. Аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу құқығы жеке және заңды тұлғаларға облыстық атқарушы органның аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және учаскелерін бекітіп беру туралы уәкілетті органмен келісілген шешімінің, уәкілетті орган мен жануарлар дүниесін пайдаланушы арасында жасалатын аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу шартының негізінде беріледі.

Аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды, сондай-ақ олардың пайдалы қасиеттері мен тіршілік ету өнімдерін шаруашылық мақсаттарда пайдалану, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгеннен басқа жануарларды ғылыми, мәдени ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда, оның ішінде зоологиялық коллекциялар жинау үшін пайдалану уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау және өсімін молайту мақсатында жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдерін шектеу, аулау әдістеріне, тәсілдеріне және құрал түрлеріне тыйым салу, жануарлар дүниесі объектілерін алу нормаларын өзгерту, жануарлар дүниесін пайдаланушылардың санын шектеу; жануарлар әлемін пайдалану орындарын шектеу белгіленеді.

Жануарлар дүниесінің жай-күйін, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың аудару жолдарына әсер ететін қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды және келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар түрлері «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес ҚР-ның Қызыл кітабына енгізіледі.

Қоршаған ортаны қорғаудың бір ажыратылмас бөлігі ерекше қорғалатын табиғи объектілер болып табылады. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 ж. 7 шілдедегі №175 III ҚРЗ-ның Заңына<sup>1</sup> сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақ бұл ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер учаскелері және олардың үстіндегі әуе кеңістігі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау деп судың қолайсыз әсерін жою, өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау, жануарлар санын реттеу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақта жүргізілуіне мүмкін іс шаралар кешені түсініледі.

<sup>1</sup> ҚР-сы Парламентінің Жаршысы, 2006, №16, 96-к

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды «республикалық маңызы бар» санатынан «жергілікті маңызы бар» санатына ауыстыруға жол берілмейді.

Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер заңды тұлғалар болып табылады және мемлекеттік мекеме нысанында құрылады. Табиғат қорғау мекемелеріне жер учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен беріледі.

«Жерқойнауы және жер қойнауын пайдалану Заңы<sup>1</sup>» (2016 жылы 30 маусымдағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) жер қойнауын пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және ҚР-ның мүдделерін қорғауға, жер қойнауын ұтымды әрі кеденді зерттеу мен пайдалануға бағытталған.

Жер қойнауы топырақ қабатынан төмен орналасқан, не пайдалы қазбалары жер бетіне шығып жатқан, ал топырақ қабаты жоқ болса, жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, ғылыми техникалық прогресті ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылып жатқан жер қыртысының бөлігі.

## **§2. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайы**

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи пайдалану саласында ҚР-сы Үкіметінің құзыретіне көптеген маңызды мәселелерді жүзеге асыру жатқызылған, олардың ішінде, мысалы, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оларды жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық шараларды әзірлеу, табиғи ресурстарды ҚР-ның заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдау, республикалық деңгейде және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі, сондай-ақ гидрометеорология, климаты және Жердің озон қабатын

---

<sup>1</sup> «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану» ҚР Заңы 2016 жылы 30 маусымдағы берілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілген //http://online.zakon.kz/

қорғау саласындағы бағдарламаларды бекіту, табиғи ресурстарды әрбір түрінің мемлекеттік есебін, мемлекеттік кадастрлары мен мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін айқындау, қоршаған ортаны қорғау саласын лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту, айырықша экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізбесін айқындау, аумақтардың экологиялық жағдайын бағалау критерийлерін белгілеу, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы деп жариялау және оның құқықтық режимінің қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдау және т.б. жатады.

«Жер қойнау және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңмен Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу жөніндегі ҚР-сы Үкіметінің құзыреті, құзыретті органның (ҚР-ның Үкіметі айқындайтын орталық атқарушы орган) өкілеттіктері, Мұнай мен газ саласындағы уәкілетті органның құзыреті, Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті және т.б. мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының құзыреті айқындалған.

Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы қатынастар ҚР-ның су және өзге де саласындағы қатынастар ҚР-ның су мен өзге де заңдарымен реттеледі. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының Су кодексі ерекше орын алады.

Су орын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқаруды коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті заңдарында, ҚР-сы Президентінің және ҚР-сы өзге де заңдарында, ҚР-сы Президентінің және ҚР-сы Үкіметінің актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады.

Су қорын пайдалану мен Қорғау саласындағы басқару мемлекетаралық, мемлекеттік, белсендік аумақтық деңгейлерге бөлінеді.

Су қорын пайдалану мен қорғау сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқару:

- Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау;
- Тұрақты іс пайдалану. Ұқыпты, ұтымды және кешенді пайдалану мен қорғауды ұштастыру;
- Су пайдаланудың оңтайлы жағдайларын жасау, қоршаған

ортаның экологиялық тұрақтылығын және халықтың санитарлық эпидемиологиялық қауіпсіздігін сақтау;

- Бассейндік басқару;
- Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау мен басқару функцияларын және су ресурстарын
- Шаруашылық пайдалану функцияларын бөлу принциптеріне негізделіп жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдарының су қорын пайдалану мен қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды басқару саласындағы құзыреті Су кодексінің 6 тарауының 36-39 баптарында белгіленген.

«Қазақстан - 2050» Стратегиясында «Біздің ең асыл табиғи байлығымыз суды ысырап етуді тоқтатуымыз керек» деп талап қойылған. 2050 жылға қарай Қазақстан сумен қамтамасыз ету проблемасын түбегейлі шешуге тиіс.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Стратегияда Үкіметке дәйектілікпен, бірінші кезеңде 2020 жылға қарай тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету, 2040 жылға қарай суару проблемасын шешетін ұзақ мерзімді бағдарлама жасау тапсырылған.

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесіне ҚР-ның Үкіметі, уәкілетті орган және оның аумақтық органдары, сондай-ақ Орман кодексімен және ҚР ның өзге де Заң актілерімен айқындалған құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары кіреді. Аталған органдардың бұл саладағы құзыреті ҚР-сы Орман Кодексінің 2 бөлімінің 12-15 баптарында белгіленген.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органдарына ҚР-ның Үкіметі Уәкілетті орган және аумақтық бөлімшелері бар оның ведомстволары жатады.

ҚР-сы Үкіметінің Уәкілетті орган мен оның аумақтық мемлекеттік басқару органдарының бұл саладағы құзыреті Жануарлар дүниесін қорғау туралы Заңның 2 тарауында айқындалған. Бұл органдар өзге де заңдармен ҚР-ның Президенті мен ҚР-сы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де Үкіметінің жүзеге асырады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік басқаруды ҚР-ның Үкіметі, аумақтық бөлімшелері бар ведомствосын қоса алғанда, уәкілетті орган, қарауында ерекше қорғалатын табиғи аталған Заңмен және ҚР-ның өзге де заңнамалық және заңға тәуелді

актілерімен айқындалған өздерінің құзыреті шегінде облыстардың, республикалық өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау жөніндегі жоғарыда аталған мемлекеттік органдардың құзыреті Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Заңның 2 тарауында белгіленген.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті ортаны қорғау министрлігі Қоршаған ортаны қорғау, бақылау және қадағалау, балық шаруашылығын дамыту, мелиорация мәселелерін қоспағанда, су ресурстарын басқару, тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату, жаңартылатын энергия көздерін дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша «жасыл экономиканы» дамыту мемлекеттік саясатын іске асыру және оны бақылау жөніндегі баспылықты және салааралық үйлестіру жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің мынандай ведомствалары бар: 1) экологиялық реттеу және бақылау комитеті; 2) орман және аңшылық шаруашылық комитеті; 3) балық шаруашылығы комитеті; 4) су ресурстары комитеті. Министрліктің, оның ведомстволарының құзыреті, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексімен (17 бап), Жер, Су, Орман Кодекстерімен және басқа Заңдармен сондай-ақ ҚР сы Үкіметінің 2013 ж. 25 ақпандағы №172 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы» Ережелермен айқындалған.

Министрліктің миссиясы: қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, биологиялық әртүрлілікті сақтау, экономика салаларын және қоршаған ортаны сумен қамтамасыздандыру, ҚР-ның төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің міндеттері мыналар: қоршаған ортаның сапасын жақсарту, биологиялық әртүрлілікті сақтау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу; қоршаған ортаны қорғау, мелиорация мәселелерін қоспағанда, су ресурстарын басқару, орман, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын аумақтар, тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және мемлекеттік экологиялық бақылау саласындағы

мемлекеттік басқару жүйесін, қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістерін жетілдіру; қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру; орнықты даму жүйесін оңтайландыруға қатысу; қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік мәселелерін қоспағанда, су ресурстарын басқару, орман, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату, жаңартылатын энергия халықаралық ынтымақтастықты дамыту; қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпарат тарату және ағарту жүйесін дамыту, табиғат қорғау заңнамасының, экологиялық талаптар нормативтерінің сақталуы.

Министрлік туралы Ережеде министрліктің орталық аппаратының 194 тармақшадан, оның ведомстваларының 148 тармақшадан тұратын функциялары белгіленген.

Министрліктің құқықтары мен міндеттері ҚР-ның Заңдарымен және Заңға тәуелді актілерімен белгіленген құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау, мелиорация мәселелерін қоспағанда, су ресурстарын басқару, орман және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау және қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерді және нұсқаулық әдістемелік құжаттарды нормативтік- құқықтық актілерді әзірлеу немесе уәкілетті органдарының қарауына осындай актілердің басшылық жобаларын беру жөніндегі ұсыныстар енгізу; заңнамалық актілерде көзделген өзге де өкілеттіктер жатады.

ҚР-сы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асырады, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары жүзеге асырады. Бұл саладағы мемлекеттік бақылау жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның тексерілетін субъектілерді олардың қызметтің ҚР-ның заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігінде тексеру және қадағалау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша шұғыл деп қоюсыз құқығы шектеу сипатындағы шаралар қолдануына мүмкін.

ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті ҚР-ның Заңнамасында белгіленген.

ҚР-сы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган ретінде осы аумақтарды басқару, бақылау және қадағалау, күзету және қорғау функцияларын жүзеге асырады.

Жер қойнауында Зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын геологиялық зерттеу, ұтымды әрі кешенді пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асыру және бақылау жөніндегі функцияларды, сондай-ақ ҚР-ның заңнамасында белгіленген жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Жер қойнауын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Бұл саладағы мемлекеттік бақылаудың міндетті жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауының ластануын болғызбау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиян әсерін азайту бөлігінде ҚР-ның жер қойнауы және жер Қойнауын пайдалану туралы Заңнамасының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету. Жер қойнауын зерттеу мен пайдалануды мемлекеттік бақылауды жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жүргізілуін мемлекеттік бақылауды мемлекеттік органдар ҚР-ның Заңнамасына сәйкес өз құзыреттері шегінде жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласына қатысы бар бірнеше арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар бар. Олар: жер ресурстарын басқару жөніндегі жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы, халықтың санитарлық эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы, ветеринарияда саласындағы, өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар.

Бұл органдардың қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құзыреті ҚР-ның Жер, Су, Орман, Экологиялық және Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекстерінде, сондай-ақ Жер Қойнауы және Жер Қойнауын пайдалану туралы, Мұнай туралы, Жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану туралы, Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы, Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше өнеркәсіптік қауіпсіздік, ветеринария, Өсімдіктерді қорғау мен олардың және Радиациялық туралы ҚР-ның Заңдарында белгіленген.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары, аумақтардағы қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану жөніндегі бағдарламаларды, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру жөніндегі шығыстарды бекітеді, жергілікті қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдаланудың жай күйі туралы есептерге тыңдайды, өз құзыреті шегінде табиғат пайдалану ережелерін қабылдаудың, оларды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкер-шілік көзделеді және т.б. жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдардың маңызды функцияларының бірі мемлекеттік бақылау. Бұл бақылаудың мақсаты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалану, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау, жер ресурстарын басқару, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану өнеркәсіп қауіпсіздігі, халықтың санитарлық эпидемиологиялық салауаттығы, ветеринария, өсімдіктерді қорғау мен олардың каран- тині, атом энергиясын пайдалану салаларындағы және көлікті бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Экологиялық бақылау табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаға жауаркершілікпен қарауын қалыптастыру, ҚР-ның экологиялық заңнамасы саласындағы бұзушылықтардың алдын алу міндеттерін орындауға қызмет етеді. Мемлекеттік экологиялық бақылауды ҚР-ның Бас мемлекеттік экологиялық инспекторы, оның орынбасары, ҚР-ның аға мемлекеттік экологиялық инспекторлары, экологиялық инспекторлары, жергілікті аумақтық органдар бастықтарының орынбасарлары бас мемлекеттік экологиялық инспекториат, мемлекеттік экологиялық инспекторлар және инспекторлар жүзеге асырады.

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде мыналар жүзеге асырады: ҚР-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық және қорғау жөніндегі уәкілетті орган, өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, халықтың санитарлық эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган, ветеринария саласындағы уәкілетті орган, фитосанитарлық қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы органдар.

Орман қорының жай күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдалануына, ормандардың молықтырылуымен орманды өсіруге мемлекеттік бақылауы уәкілетті орган және оның аумақтық органдары, өзге де мемлекеттік органдар ҚР ның Заң актілерінде белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады. Мемлекеттік бақылау барлық жеке және заңды тұлғалардың орман қорын пайдаланудың ҚР-ның Заңдарында белгіленген тәртібін, орман шаруашылығын жүргізу, оның ішінде ормандардың күзеті, қорғау мен молықтыру, олардың есебін жүргізу ережелерін, сондай-ақ ҚР-ның орман Заңдарында, ҚР-ның жануарлар дүниесін қорғау, молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарында көзделген өзге де ережелер мен нормаларды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың тізбесі және олардың құқықтары мен міндеттері Орман Кодексінің 20, 21-баптарында айқындалған.

«Қазақстан 2050» Стратегиясында табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу қажеттігі атап көрсетілген. Осы міндетті жалғастыра келе Стратегия бір ресурстарды Қазақстанның маңызды стратегиялық арттықшылығы ретінде экономикалық өсуді, ауқымды сыртқы саяси және сыртқы экономикалық уағдаластықтарды қамтамасыз ету үшін пайдалануға тиісті делінген.

**1-тарау. МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ**

**§1. Мәдениет және мәдениет саласындағы қызметтің ұғымы және түрлері,  
мәдениет ұйымдарының құқықтық мәртебесі**

Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Мәдениет қызметі мен ақпарат саласындағы қызмет мемлекеттік басқарудың бірімен бірі өзара байланысты салалары болып табылады. Бұл салаларға мәдениет, тарихи-мәдени мұра, кинематография, байланыс, бұқаралық ақпарат құралдары, телерадио хабарларын тарату, ұлттық мұрағат қызмет аялары, тіл мәселелері жатады.

Қазақстан Республикасы халқының мәдени мұрасы – мемлекеттік маңызы бар және осыған орай өзге мемлекеттерге беру құқығынсыз Қазақстан Республикасына біржола тиесілі мәдени құндылықтардың жиынтығы. Мәдени құндылықтар – зайырлы және діни сипаттағы мәдени мұра заттары, сондай-ақ тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени маңызы бар құндылықтар.

Мәдениет саласындағы қызмет театрлардың, филармониялардың, оркестрлердің, студиялардың, мектептердің, шеберханалардың, орындаушылық ұжымдардың, мұражайлардың, кітапханалардың, көркем-өнер салондары мен галереяларының, кинотеатрлардың және кино-қондырғылардың, мәдени-ағарту ұйымдарының, зерттеу және қалпына келтіру орталықтарының, мәдени-тарихи орталықтардың, мәдени-тарихи және табиғи қорықтардың, өңірлердің және басқа да мәдениет ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолымен жеке және заңды тұлғалардың мәдени құндылықтарды жасауы, насихаттауы, таратуы, пайдалануға беруі және қорғауы арқылы жүзеге асырылады.

**Мәдениет ұйымдары**

1. Мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мәдениет ұйымдары болып табылады.
2. Мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Мәдениет ұйымдары қызметінің түрлерін олардың құрылтайшылары айқындайды және жарғыларында көрініс табады.

4. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын мәдениет ұйымдары: мемлекеттік, беймемлекеттік, коммерциялық, коммерциялық емес және халықаралық болуы мүмкін.

5. Республикалық деңгейдегі мемлекеттік мәдениет ұйымдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде құрылады, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік мәдениет ұйымдары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының шешімімен құрылады.

### **Мәдениет ұйымдарының мәртебесі**

1. Мәдениет саласындағы қызметі мемлекеттік және қоғамдық айрықша мәнге ие мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген көркемөнер, шығармашылық ұжымдарына «Ұлттық» мәртебесі берілуі мүмкін.

«Ұлттық» мәртебесін берудің тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Өз саласында жетекші болып табылатын жекелеген кәсіби көркемөнер және шығармашылық ұжымдарына ұлттық мәдениет пен өнерді қалыптастыруға, дамыту мен насихаттауға қосқан елеулі үлесі үшін «Академиялық» мәртебесі беріледі. «Академиялық» мәртебесін берудің тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. «Ұлттық» және «Академиялық» мәртебесі берілген мемлекеттік мәдениет ұйымдары жекешелендіруге жатпайды.

Театрлар – әдебиет және өнер туындыларының сахналық көріністерін (драмалық, музыкалық-драмалық, музыкалық, хореографиялық, қуыршақ, пантомимо, сатира және юмор, балалар мен жасөспірімдер үшін, жастар, эксперименттік және өзгелері) қоятын сауықтық ұйымдар. Театрлар меншік нысанына қарамастан көркемдік бағыттарды, репертуарды таңдауда, әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындау туралы шешімдер қабылдауда, сахна туындыларын жасау мен көпшілікке таныстыруда, сондай-ақ шығармашылық және өндірістік тиімді даму үшін қажетті, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруда тәуелсіз.

Концерттік ұйымдар – әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындауға және көркемөнер ұжымдары мен жекелеген

орындаушыларды көпшілікке танытуға жағдайлар жасау үшін шаралар кешенін іске асыратын сауықтық ұйымдар. Концерттік ұйымдардың негізгі міндеттері музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, көркемдігі жоғары бағдарламалар мен нөмірлер әзірлеу үшін жағдайларды қамтамасыз ету, кәсіби көркемөнерпаздар ұжымдары мен жекелеген орындаушылардың концерттерін ұйымдастыру, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кітапхана ісі – міндеттеріне кітапханалар желісін құру мен дамыту, олардың қорларын түзу мен өңдеу, кітапхананы пайдаланушыларға кітапхана қызметін, ақпараттық және ақпараттық-библиографиялық қызметті көрсетуді ұйымдастыру, кітапхана мамандарын даярлау мен олардың біліктілігін арттыру, кітапханаларды дамытуды ғылыми және әдістемелік қамтамасыз ету кіретін мәдениет саласы.

Кітапхана – ақпараттық, мәдени, білім беру функцияларын орындайтын, баспа және қолжазба құжаттарының ұйымдастырылған қоры бар, сондай-ақ графикалық, дыбыс-көрініс материалдары, электрондық тасығыштардағы құжаттары бар әрі оларды жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға беретін мекеме.

Мұражайлар – мұражай экспонаттары мен мұражай коллекцияларын сақтау, зерделеу және көпшілікке ұсыну үшін құрылған, мәдени, білім беру мен ғылыми функцияларды жүзеге асыруға және материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін зерделеуді, есепке алуды, сақтауды және көпшілікке таныстыруды қамтамасыз етуге бағытталған мәдениет ұйымдары. Қазақстан Республикасының аумағында тарихи, ғылыми, мәдени және көркемдік ерекше мәні бар тарихи-мәдени және табиғи қорықтар, қорық-мұражайлар, жылжымайтын тарихи-мәдени құндылықтар ансамбльдері мен кешендері құрылуы мүмкін.

Кинематография – шығармашылық, ғылыми, өндірістік, білім беру қызметінің түрлерін біріктіретін, кез келген нысандағы және түрлі жанрдағы дыбыс-көрініс туындыларын жасауға бағытталған мәдениет саласы.

Халықтық көркемөнер кәсіпшілігі - халық шығармашылығы түрлерінің бірі, халықтық көркемөнер кәсіпшілігі шеберлерінің шығармашылық қол еңбегі және (немесе) механикаландырылған еңбегі барысында белгілі бір жердегі халықтық өнер дәстүрлерін ұжымдық игеру және сабақтастықпен дамыту негізінде жүзеге асырылатын, әсемдік мақсатындағы көркемөнер бұйымдарын жасау жөніндегі қызмет. Мемлекет қызметі мен ақпарат саласындағы қызмет мемлекеттік басқарудың бірі мен бәрі: өзара байланысты салалары

болып табылады. Бұл салаларға мәдениет, тарихи-мәдени мұра, кинематография, байланыс бұқаралық ақпарат құралдары, телерадио хабарларын тарату, ұлттық мұрағат қызметіне тән мәселелері жатады.

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 ж. 15 желтоқсандағы №207-III Қазақстан Республикасының Заңы (2016 жылы 22 қаңтардағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)<sup>1</sup> бойынша мәдениет адамзат жасаған әрі жасайтын және жеке адамның жарасымды дамуына, Қазақстан Республикасы азаматтарының отаншылдығын тәрбиелеуге және эстетикалық қажеттері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдың және рухани құндылықтар жиынтығы. Ал мәдениет саласындағы қызмет – бұл мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың, және азаматтардың мәдени құндылықтарды жасау, қайта түлету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану, сондай-ақ оларға азаматтарды тарту жөніндегі қызметі. Мәдени құндылықтар деп зайырлы және діни сипаттағы мәдени мұра заттары, сондай-ақ тарихи, көркем ғылыми немесе өзге де мәдени мәні бар құндылықтар түсіндіреді. Айрықша құндылығы бар мәдени объектілер мәдениет туралы Заңның 32- бабында аталған, олар мәдени мұраны сақтау мақсатында Мемлекеттік тізімге енгізіледі.

Мәдениет саласындағы қызмет театрлардың, филармониялардың оркестрлердің, цирктердің, студиялардың, мектептердің шеберханалардың орындаушылық ұжымдардың мұражайлардың кітапханалардың көркемөнер салондары мен галереяларының, кинотеатрлардың және киноқондырғылардың, мәдени демалыс ұйымдарының, зерттеу және реставрациялау орталықтарының, мәдени тарихи орталықтардың, тарихи мәдени және табиғат қорықтарының, аймақтарының және басқа да мәдениет ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолымен жеке және заңды тұлғалардың мәдени құндылықтарды жасауы, насихаттауы, таратуы пайдалануға берілуі және қорғауы арқылы жүзеге асырылады. Шығармашылық қызмет бұл – кез келген нысанда және кез келген тәсілмен көркем құндылықтар жасауға немесе әдебиет пен өнер шығармаларын түрлендіруге бағытталған қызмет. Көркем құндылықтар шығармашылық қызмет нәтижесінде жиналған мәдениет, әдебиет және өнер туындылары жатады. Шығармашылық қызметкер деп кәсіби немесе әуесқой шығармашылық қызметі көркем

---

<sup>1</sup> «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 ж. 15 желтоқсандағы №207-III Қазақстан Республикасының Заңы (2016 жылы 22 қаңтардағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>

құндылықтар жасауға, әдебиетпен өнер туындыларын орындауға немесе түрлендіруге бағытталған жеке адам түсіндіреді.

Азаматтардың шығармашылық қызметпен орналасуы кәсіби негізінде де, кәсіби емес (әуесқой) негізінде де ұжымдық немесе жеке нысанда жүзеге асырылуы мүмкін. Мәдениет саласындағы бірлескен күш жігер- ді талап ететін шығармашылық қызметті жүзеге асыру үшін ерікті не- гізде шығармашылық одақтар жазушылардың театр қайраткерлерінің, композиторлардың және т. б одақтары республикалық өңірлік және жергілікті деңгейде құрылып жұмыс істеуі мүмкін.

Мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату ҚР-ның азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Олардың қызметінің түрлерін құрылысшылары айқындайды және бұл олардың жарғыларында көрініс табады. Мәдениет ұйымдары мемлекеттік, мемлекеттік емес және халықаралық ұйымдар болуы мүмкін.

Барлық мемлекеттік мәдениет ұйымдары бес жылда бір рет аттестаттануға жатады. Аттестаттау олардың негізгі қызметінің тиімділігін бағалау және материалдық сәбек және қаржы көздерін ұтымды пайдалану, осы негізде олардың желілерімен құрылымдарын ретке келтіру үшін жүргізіледі.

Мәдениет саласындағы қызметінің айрықша мемлекеттік және қоғамдық мәні бар мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға «Ұлттық мәртебе берілуі мүмкін.

«Ұлттық» мәртебені ҚР Президенті бекіткен тәртіппен ҚР Үкіметінің ұсынуы бойынша ҚР Президенті береді. Өз саласында жетекші болып табылатын мемлекеттік мәдениет ұйымдарына жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға ұлттық мәдениет пен өнерді қалыптастырудағы, дамыту мен насихаттаудағы елеулі үлесі үшін ҚР Үкіметі «Академиялық» мәртебе береді.

Мемлекеттік мәдениет ұйымдары иеліктен шығаруға жатпайды.

## **§2. Мәдениет саласындағы мемлекеттік басқару**

Мәдениет саласындағы мемлекеттік басқаруды ҚР Президенті, ҚР Үкіметі, уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Мемлекеттік органдар өз құзыреті жегінде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады.

Мәдениет саласындағы ҚР-сы Үкіметінің құзыреті Мәдениет туралы Заңның 6-бабында белгіленген. Соған сәйкес Үкімет мәдениет, сондай-ақ халықаралық мәдени байланыстар саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асыруды қамтамасыз етеді; мәдениетті дамытудың салалық(секторлық) бағдарламаларын бекітеді.

Мәдениет саласындағы қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілер шығарады; Мәдениет саласындағы мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер көрсету ережелерін айқындайды; Мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде шешім қабылдайды; Мәдениет саласында мемлекеттік стипендиялар беру тәртібі мен ережелерін белгілейді; Мәдениет ұйымдары желісінің ең төменгі мемлекеттік нормативтерін және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік метаттарын бекітеді; өзіне ҚР Конституциясымен, заңдарымен және ҚР Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Мәдениет саласындағы уәкілетті орган ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі-мәдениет саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган. Министрлік мәдениет, ақпарат, ішкі саяси тұрақтылық, этносаралық келісім, тілдерді дамыту, мұрағат ісі мен құжаттама, мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР-ның мемлекеттік органы болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар: Мәдениет комитеті; Ақпарат және мұрағат комитеті; Тіл комитеті.

Министрлік өз қызметін ҚР-ның Конституциясына және заңдарына, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ ҚР Үкіметінің 2004 жыл 29 қазандағы №1130 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес оның жана редакциясы ҚР- сы Үкіметінің 2013 жыл 25 қаңтардағы №32 қаулысына қосымшада жазылған, жүзеге асырады.

Министрліктің мәдениет саласындағы құзыреті Мәдениет туралы заңмен және оның негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ ведомстволарының функциялары да министрлік туралы ережемен айқындалған. Министрліктің миссиясы-мәдениет және ақпарат саласында сапалы және қолжетімді қызметтер көрсетуге, мемлекеттік және басқа тілдердің қарқынды дамуына, ел барлығының

нығаюына, мемлекет пен азаматтық сектор әріптестігінің тиімді жүйесін қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты әзірлеу және тиімді іске асыру. Министрлік Мәдениет туралы заңға (7-бап) сәйкес: мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады, ҚР халқы мәдениетінің дамуы үшін жағдайлар жасалады; өз құзыреті шегінде мәдениет мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтың актілерді әзірлейді, бекітеді, мәдениет саласында ғылыми әдістемелік қамтамасыз етуді және жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді жүзеге асырады; ҚР-ның аумағында тарих, материалдың және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау, консервациялау, реставрациялау және пайдалану жөнінде, сондай-ақ елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруды және ұлттық-мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізімін жүргізеді; театр, музыка өнерін, кинематографияны, кітапхана және мұражай ісін дамыту жөніндегі республикалық маңызы бар мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін қолдануы және үйлестіреді, мәдениет саласындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз етеді; мәдениет саласында әлеуметтік мәнді іс-шаралар өткізуді жүзеге асырады; белгіленген тәртіппен мәдениет және өнер қайраткерлеріне Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын және мемлекеттік наградalarını беру, шығармашылық ұжымдарды ма-рапаттау туралы ұсыныстар енгізеді; мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметтерінің салаларына үлгілік біліктілік талаптары мен оларды аттестаттау ережелерін бекітеді; халықаралық мәдени ынтымақтастық саласындағы қызметті жүзеге асырады және үйлестіреді; және т. б. функцияларды жүзеге асырады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы өз деңгейінде мәдениет саласында өңірлік даму бағдарламаларын әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді; мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады; театр, музыка және кино өнері, мәденидемалыс қызметі, кітапхана және мұражай ісі саласында мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құрады, қайта ұйымдастырады, таратады, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіруді іске асырады; шығармашылық қызметін түрлі салаларында фестивальдер және конкурстар өткізуді, тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін еске алу, қорғау, консервациялау, референциялау және пайдалану, сондай-ақ елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін есте қалдыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді; өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады; уәкілетті органмен келісе отырып облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәдениет басқармасының басшысын тағайындайды; жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде ҚР-ның заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттерді жүзеге асырады.

### **§3. Тарихи-мәдени мұра мен ұлттық мұрағат қорын мемлекеттік реттеу және басқару**

Тарихи мәдени мұра мен ұлттық мұрағаттары әлеуметтік мәдениет кешенінің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

ҚР Конституциясына негізделетін «Тарихи-мәдени мұра объектілері қорғау және пайдалану туралы» ҚР-ның заңы. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» ҚР-ның заңына өзгерістер енгізу туралы 2007 жылы 08 мамырдағы №247-ІІІ ҚР Заңы тарихи-мәдени мұра мен ұлттық мұрағат мәселелерін реттеудің құқықтық негіздері болып табылады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заң осы саладағы мақсаттарды, міндеттер мен құқықтық негіздерді айқындайды. Тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарихи оқиғалар нәтижесінде пайда болған, тарих, археология, сәулет, қала құрылысы, өнер, ғылым мен техника, эстетика, этнология немесе антропология, әлеуметтік мәдениет тұрғысынан құнды болып табылатын, олармен байланысты бейнелеу, қолданбалы өнер, ғылым мен техника туындылары және материалдық мәдениеттің өзге де заттары бар жылжымайтын мүлік объектілері жатады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану оларды міндетті түрде ресми жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті мыңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде бекіту арқылы баянды етіледі.

ҚР-дағы тарих және мәдениет ескерткіштері, аталған заңда көзделген тәртіппен міндетті түрде қорғалуға және сақталуға жатады, оларды пайдаланудың, оларды меншіктену құқығын өзгертудің және оларды мәртебеден айырудың ерекше құқықтық режимі болады.

Қазақстан Республикасындағы тарихи мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды ҚР Президенті, Үкіметі, уәкілетті органы және облыстардың,

республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

ҚР-ның үкіметі тарихи мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді; уәкілетті орган туралы ережені бекіту тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және күшті ұстау, оларды анықтау, есепке алу, оларға мәртебе беру мен одан айыру ережелерін бекітеді; ол ескерткіштерді пайдалануға беру тәртібін бекітеді; өзіне ҚР-ның Конституциясымен, заңдарымен және ҚР Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары тарихи мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды, пайдалануды және мәдениет ескерткіштеріне ғылыми реставрациялау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етіледі.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарды өз аумағында жеке және заңды тұлғалардың тарих және мәдениет ескерткіштерін қамқорлыққа алуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі; ҚР-ның тарихи мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда аталған әкімшілік аумақтық бірліктердің атқарушы органдары жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде ҚР-ның заңнамасымен өздеріне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мәдени құндылықтарға мыналар жатады:

1. археологиялық олжалар (кәдімгі және құпияларын қоса алғанда) және археологиялық жаңалықтар;
2. сирек коллекциялар және өсімдіктер мен жан-жануарлардың, минералогияның, анатомияның үлгілері және палеонтология үшін қызығушылық тудыратын заттар;
3. ғылым мен техниканың тарихын, соғыстар мен қоғамның тарихын қоса алғанда тарихқа қатысты, сондай-ақ ғылымдағы, мәдениет пен өнердегі ұлт қайраткерлерінің, ойшылдардың, ғалымдардың және әртістердің өмірімен және айтулы ұлттық оқиғалармен байланысты құндылықтар;
4. аса қызығушылық тудыратын (тарихи, көркем, ғылыми, әдеби) жеке немесе коллекциялардағы сирек қолжазбалар, көне кітаптар, құжаттар мен басылымдар;
5. сәулет және археология ескерткіштері, мемориалдық қорымдар, сондай-ақ мәдениет қайраткерлерінің өмірімен не айтулы

тарихи оқиғалармен және көрнекті тұлғалармен байланысты саябақ және табиғи-ландшафт объектілері;

6. жеке немесе коллекциялардағы пошта маркалары, салық маркалары және соған ұқсас маркалар;

7. тиындар, медальдар, мөрлер және басқа да коллекциялық материалдар;

8. көне және қайталанбас музыкалық аспаптар;

9. дыбыс, фото, бейне, кино мұрағаттарын қоса алғанда, мұрағаттар, мұрағат қорлары мен коллекциялар, сондай-ақ ғылыми-техникалық құжаттама;

10. тарихи-мәдени маңызы бар өнер туындылары;

11. этнографиялық, антропологиялық және палеонтологиялық материалдар;

12. жүз жылдан астам уақыт өткен көне заттар;

13. қазақстан Республикасы халықтарының өміріндегі тарихи оқиғалармен, қоғамның және мемлекеттің дамуымен, ғылым мен техниканың тарихымен, сондай-ақ көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер, соның ішінде мұражай заттары және мұражай коллекциялары;

14. этнологиялық материалдар;

15. кез келген негізге және кез келген материалға қолмен салынған полотнолар, картиналар және суреттер түріндегі көркемдік құндылықтар (сызбалар мен өнеркәсіп бұйымдарын, қолдан жасалған әсемдік заттарын қоспағанда);

16. мүсін өнерінің кез келген материалдан жасалған бірегей туындылары;

17. бірегей гравюралар, эстамптар мен литографиялар;

18. бөлшектенген көркем және тарихи ескерткіштер мен археологиялық орындардың құрамдас бөліктері.

Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1. мәдениетті мемлекеттік қолдау, Қазақстан Республикасы азаматтарының мәдениет және мәдени өмірге қатысу саласындағы қызметін жүзеге асыру құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау;

2. азаматтардың өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес кәсіби де, сондай-ақ бейкәсіби де (әуесқойлық) негіздегі шығармашылық қызметінің еркіндігі;

3. барлық азаматтардың мәдени құндылықтарды жасаудағы, өркендетудегі, сақтаудағы, дамытудағы, таратудағы және пайдаланудағы құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі;

4. Қазақстан халқының тарихи және мәдени мұрасын сақтау, қоғамның шығармашылық әлеуетін дамыту және арттыра түсу үшін құқықтық жағдайлар жасау;

5. тарихи және мәдени мұраны қорғау;

6. Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен басқа тұлғалармен шығармашылық одақтарға, өзге де қоғамдық бірлестіктерге бірігу еркіндігі;

7. балаларды, оқушы жастарды ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтардан нәр алуға, эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуге ықпал ететін тәрбие жүйесін дамыту;

8. қазақтың ұлттық мәдениетінің тұтастығын сақтау мен өзара байыту факторларының бірі ретінде шет жерлерде тұратын отандастармен мәдени байланыстарды дамыту.

9. Мәдениет саласындағы негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

10. мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

11. Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін өркендетуге, сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған шараларды қабылдау;

12. азаматтарға эстетикалық тәрбие беру үшін жағдайлар жасау;

13. мәдени құндылықтарға еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;

14. мәдениет саласында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездікті, зорлық-зомбылық пен порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге жол бермеу жөнінде шаралар қолдану;

15. мәдени құндылықтардың заңсыз әкетілуіне және меншік құқығының басқаға берілуіне тосқауыл қою, оларды кез келген заңсыз иеленуден қайтарып алуға шаралар қолдану;

16. мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық үшін жағдайлар жасау;

17. азаматтардың ұлттық-мәдени қозғалыстарға қатысу еркіндігін қоса алғанда, олардың өзіндік ұлттық және мәдени даралығын қорғауы мен дамытуы, мәдениет ұйымдарын құруы, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетелдегі отандастарымен мәдени байланыстарын кеңейтуге қатысуы құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету.

Мәдениет саласындағы қызметті мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар өз құзыретінің шегінде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мәдениет, сондай-ақ халықаралық мәдени байланыстар саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеп іске асырады;

2) мәдениетті дамытудың салалық бағдарламаларын бекітеді;

3) мәдениет саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

4) мәдениет ұйымдарына «Академиялық» мәртебесін берудің тәртібі мен шарттарын бекітеді;

5) мәдениет саласындағы мемлекеттік мекемелердің және мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатындардың ақылы қызметтер көрсету ере-желерін айқындайды;

6) ұлттық-мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізудің тәртібі мен шарттарын бекітеді;

7) мәдени құндылықтарды әкелуге және әкетуге рұқсат беру ережелерін бекітеді;

8) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасы шығармашылық ұжымдарды, мамандарды және студенттерді, мәдени құндылықтарды және мәдениет саласындағы қызмет нәтижелерін алмасуды, сондай-ақ мәдениеттің түрлі салаларындағы ұйымдастыру қызметіндегі тәжірибе алмасуды қоса алғанда, мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі.

## 1-Тарау. ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

## §1. Денсаулық сақтау саласын мемлекеттік реттеу

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 стратегиясы» Жолдауында «Ұлт денсаулығы біздің табысты болашағымыздың негізі» деп атап көрсетіп, бұл саланы ұзақ мерзімді жаңғырту аясында іске асырылуға жататын негізгі басымдықтар мен міндеттерді айқындады.

Халықтың денсаулығын сақтау мемлекеттің конституциялық міндеті және аса маңызды функциясы болып табылады. Мемлекеттің ел халқының денсаулығын сақтау функциясы азаматтардың денсаулығын жоғары деңгейде қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің қызметі ретінде денсаулық сақтауды кең әлеуметтік ұйымдастырушылық мағынада қамтиды. Халықтың денсаулығы көптеген әлеуметтік-саяси, экономикалық, медицина-демографиялық (саяси-белсенділік деңгейі, халықтың әртүрлі топтарының әлеуметтік-тұрмыстық айырмашылығы бала туу, өлім-жітім, әсіресе мезгілсіз өлім-жітім деңгейі және т.б.) көрсеткіштерімен сипатталады. Бұл көрсеткіштер халық пен мекендеу ортасының саулығының жағдайын мемлекеттік байқау, талдау, бағалау және болжау жүйесінің, сондай-ақ халықтың денсаулық жағдайы мен адамның мекендеу ортасы факторлары (әлеуметтік-гигиеналық ықпалының арасындағы себеп-салдарлардың байланыстарын айқындау процесі мен нәтижесінде ізгіленеді және бағаланады.

Денсаулық – аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәни, рухани (психикалық) және әлеуметтік саламаттылық жағдайы. Денсаулық сақтау жүйесі – қызметі азаматтардың денсаулық сақтау құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдар мен денсаулық сақтау субъектілерінің жиынтығы.

Денсаулық сақтау тар салалық мағынада халықтың ауруы мен өлім-жітімін азайту, адамның жақсы денсаулығын жан-жақты дамып өмір сүруіне көмектесу, сақтау мақсаттарында денсаулық сақтау ұйымдарының жүзеге асыратын медициналық-санитариялық шараларының жүйесін қамтиды. Медициналық-санитариялық шараларға:

ауруларды емдеу және алдын алу жөніндегі дәрігерлік медициналық шаралар, жаппай жұқпалы аурулармен күресу және олардың алдын алу жөніндегі медициналық шаралар, азаматтарды медициналық көмектің барлық түрлері мен қанағаттандыру, халықты диспансерлік бақылау, санитарлық-эпидемиологиялық саулық жөніндегі медициналық шаралар және т. б. жатады.

ҚР Конституциясының 29-бабында Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар, олар заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы деп бекітілген. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға бюджет қаражаты есебінен ұсынылады және ҚР-ның үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес, барынша дәлелденген тиімділігі бар профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтер көрсетуді қамтиды.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат:

- азаматтардың қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық көмек алу құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау мен нығайту үшін ортақ жауапкершілігі;
- ана мен баланы қорғау;
- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету;
- денсаулық сақтау жүйесі қызметіндегі профилактикалық бағыттың басымдығы;
- медициналық көмектің қолжетімділігі;
- медициналық көмектің сапасын ұдайы арттыру;
- халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету;
- медициналық көмек көрсету кезінде денсаулық сақтау ұйымдарының қызметінің сабақтастығы;
- медициналық және фармацевтикалық білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қазіргі заманғы оқыту технологияларын пайдалана отырып қамтамасыз ету;
- отандық медицина мен фармацевтика ғылымын мемлекеттік қолдау, профилактика, диагностика, емдеу және медициналық оңалту, жаңа дәрілік заттар мен технологиялардың инновациялық әзірлемелері саласындағы ғылым мен техниканың озық жетістіктерін және технологияларды, сондай-

ақ денсаулық сақтау саласындағы әлемдік тәжірибені енгізу;

- ерікті өтемсіз донорлықты көтермелеу;
- отандық әзірленімдерді және бәсекеге қабілетті медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуды мемлекеттік қолдау;
- азаматтардың денсаулық сақтау құқықтарын қамтамасыз етуге қоғамдық бірлестіктердің қатысуы;
- денсаулық сақтаудың халықтың сұранысын, мұқтажын қанағаттандыруға және өмір сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарлылығы;
- саламатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды қалыптастыруға жәрдемдесу;
- халықтың денсаулығын, дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларына жатқызу;
- қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қолжетімділігін қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүргізіледі.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Ақылы медициналық қызметтерді мемлекеттік және жекеше медициналық ұйымдар аурудың белгісі және медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы сәйкес келгенде жекеше медициналық практика мен айналысатын жеке тұлғалар көрсетеді. Жалпы, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру бюджет қаражаты, ерікті сақтандыру қаражаты, ақылы қызметтер көрсетуден алынған қаражат және ҚР-ның заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қаражат есебінен қамтамасыз етеді.

ҚР-сы Президентінің 2010ж. 29 қарашадағы №1113 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын» дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаны негізгі мақсаты елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін азаматтардың денсаулығын жақсарту. Бұл үшін Бағдарламада 359358, 9 млн. теңге мөлшерінде мемлекеттік бюджеттен жалпы шығысын көзделген. Елімізде мемлекеттік және жекеше денсаулық сақтау жөнінде шаралар

іске асырылуда, адам денсаулығын жақсартуға, дене шынықтыру мен спортты дамытуға, экологиялық және санитария-эпидемиологиялық саулыққа көмектесетін қызметке қолдау көрсетіліп отырады. Бұл бағдарламаның негізгі міндеттеріне азаматтардың денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту; бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту және жетілдіру; медициналық және фармацевтикалық білімді жетілдіру, медицина ғылымын және фармацевтикалық қызметті дамыту жатады.

Денсаулық сақтау деп аурулардың алдын алуға және оларды емдеуге, қоғамдық гигиена мен санитарияны қолдауға, әрбір адамның тән және психикалық саулығын сақтап, нығайтуға, оның ұзақ жыл белсенді өмір сүруін қолдауға, денсаулығынан айырылған жағдайда оған медициналық, көмек ұсынуға бағытталған саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, медициналық сипаттағы шаралар жүйесі түсініледі.

Медициналық көмек-халықтың денсаулығын сақтауға және қашына келтіруге бағытталған медициналық қызмет көрсетудің дәрілік көмекті қамтитын кешені. Медициналық көмектің негізгі түрлері: дәрігерге дейінгі медициналық көмек; білікті медициналық көмек; мамандандырылған медициналық көмек; жоғары мамандандырылған медициналық көмек; медициналық-әлеуметтік көмек.

Сонымен, денсаулық сақтау әрбір адамның тән және психикалық денсаулығын сақтау мен жақсартуға, оның ұзақ белсенді өмір сүруін қолдауға оған денсаулығынан айырылған жағдайда медициналық көмек көрсетуге бағытталған аса маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009ж. 18-қыркүйектегі №193-IV ҚР-ның кодексінен<sup>1</sup> және ҚР-ның өзге де нормативтік актілерінен тұрады.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері:

---

<sup>1</sup> ҚР-сы Парламентінің Жаршысы, 2009, №3

- халықтың денсаулығын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларына жатқызу;
- азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын сақтау және оларды мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз ету;
- әлеуметтік және мүліктік жағдайына қарамастан халықтың медициналық көмекке қол жетімділігі;
  - халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету.
- азаматтардың денсаулығын ғұмыр бойы сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу және мемлекеттік бақылау;
- азаматтардың медициналық көмек алуындағы әлеуметтік әділдік пен теңдік;
- азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы мұқтаждықтарына денсаулық сақтау жүйесінің ықыластылығы;
- мемлекеттік органдардың азаматтардың денсаулығын сақтау мен тыңайтуды қамтамасыз етуге жағдай жасау жолындағы жауапкершілігі.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасының азаматтарын тегін медициналық көмектің кепілді көлемімен қамтамасыз ету;
- дәрілік заттардың тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету;
- әлеуметтік және мүліктік жағдайына қарамастан халықтың медициналық көмекке қол жетімділігі;
- халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету;
- азаматтардың денсаулығын ғұмыр бойы сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу және мемлекеттік бақылау;
- азаматтардың медициналық көмек алуындағы әлеуметтік әділдік пен теңдік;
- азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы мұқтаждықтарына денсаулық сақтау жүйесінің ықыластылығы;
- мемлекеттік органдардың азаматтардың денсаулығын сақтау мен тыңайтуды қамтамасыз етуге жағдай жасау жолындағы жауапкершілігі.
- отандық медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуды қамтамасыз ету;

- оқытудың осы заманғы технологияларын пайдалана отырып, медициналық және фармацевтикалық білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету;
- республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде денсаулық сақтау саласындағы қаржыландыру нормативтерін белгілеу;
- медициналық ұйымдардың медициналық көмек көрсетудегі іс-қимылдарының сабақтастығы;
- денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды белгілеу;
- денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін, ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді мемлекеттік қолдау;
- медициналық ғылым мен техниканың осы заманғы жетістіктеріне, емдеудің жаңа технологияларына сәйкес медициналық көмек көрсету;
- халықтың әлеуметтік шетін топтарындағы азаматтардың, оның ішінде аналардың, балалардың, мүгедектердің және зейнеткерлердің денсаулығын сақтау жөніндегі шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- халықтың денсаулық жағдайы мен өмір сүру ортасының факторлары туралы статистикалық және өзге де ақпаратты беру;
- көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен толымдылығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңдарының өзге де талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

## **§2. Мемлекеттік реттеу мен басқарудың объектісі ретінде денсаулық сақтау жүйесіне жалпы әлеуметтік-құқықтық сипаттама**

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттің саясат азаматтардың қауымы тиімді және сапалы медициналық көмек алу құқықтарының теңдігін қамтамасыз етуін мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау мен нығайту үшін ортақ жауапкершілігі, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету; денсаулық сақтау жүйесі қызметіндегі профилактикалық бағыттың басымдығы; медициналық көмектің қол жетімдігі; халықтың санитариялық-эпидемиологиялық

салауаттылығын қамтамасыз етуі; халықтың денсаулығын, дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларына жатқызу және т. б. принцип негізінде жүргізіледі.

Денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы мемлекеттік және мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторларынан тұрады.

Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттің органдардан, мемлекеттік меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау ұйымдарынан тұрады.

Мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторы жеке меншік құқығына негізделген денсаулық сақтау ұйымдарынан, сондай-ақ жекеше медициналық практиканың және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан тұрады.

Денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жекеше медициналық практика мен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар денсаулық сақтау субъектілері болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесінде амбулаториялық, емханалық, стационарлық, жедел медициналық көмек және санитариялық авиация, апаттар медицинасы, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, поллиактивтік көмек және мейірбике күтімін көрсететін, қан қызметі саласындағы қызметі жүзеге асыратын, сот медицинасы патологиялық анатомия саласындағы қызметті жүзеге асыратын, фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми және білім беру, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын, «АИТВ/ЖИТС» профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары ұлттық холдингтер болды.

Медициналық көмек ұйымдастыруды уәкілетті орган, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананы денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, медициналық көмек көрсетуді денсаулық сақтау субъектілері денсаулық сақтау Кодексында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттің меншігінде болатын және мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесін басқару органдарына бағындырылған медициналық ұйымдар, олардың ішінде емдеу-профилактикалық және ғылыми-зерттеу мекемелері, білім беру мекемелері, фармацевттік кәсіпорындар мен ұйымдар,

аптека мекемелері, санитариялық профилактикалық мекемелер, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру үшін құрылған аумақтық органдар, сот медициналық сараптама мекемелері, материалды - техникалық қамтамасыз ету қызметі, медициналық препараттар мен медициналық техникалар шығаратын кәсіпорындар және өзге де кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жатады.

Сонымен бірге денсаулық сақтау құрылымы кешенді әлеуметтік-мәдениет саласы және мемлекеттік басқарудың объектісі ретінде жоғарыда аталған денсаулық сақтау мекемелерінің типтері(үлгілері) мен түрлеріне ұқсас келетін ведомстволық (ҚР-сы Қорғаныс, Ішкі істер, Әділет министрлік және кейбір басқа министрліктер мен ведомстволардың) денсаулық сақтау мекемелері кіреді.

Жекеше денсаулық сақтау жүйесіне емдеу - профилактикалық және аптекалық мекемелер, олардың мүлкі жеке меншікте болады, сондай-ақ жекеше медициналық практикамен және жекеше фармацевтік қызметпен айналысатын адамдар жатады. Жекеше денсаулық сақтау жүйесіне заңды және жеке тұлғалар құрайтын және қаржыландыратын медициналық және өзге де ұйымдар кіреді.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу:

- Медициналық, фармацевтикалық қызметті мемлекеттік бақылау және мемлекеттік санитариялық бақылау;
- Эпидемиологиялық қадағалау;
- Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялау;
- Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу және аттестатау;
- Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттарға бұйымдар мен медициналық техниканы адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу деректемесіне өзгерістер енгізу;
- Денсаулық сақтау саласындағы тауарладын(жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда және шарттар талаптарында белгіленген талаптарға сәйкестігін растау;
- Дәрілік заттардың және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары көрсететін медициналық қызметтердің бағаларына мемлекеттік реттеу жолымен жүзеге асырылады.

2. Денсаулық сақтау саласын басқару органдарының жүйесі және құзыреті.

ҚР Үкіметінің денсаулық сақтау саласындағы құзыреті Кодекстің бабында айқындалған. Соған сәйкес Үкімет:

- Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер шығарады;
- Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекітіліп, айқындайды, медициналық және фармацевтикалық қызметтің біліктілік талаптары мен оны лицензиялау тәртібін бекітеді;
- Орталық және жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі қызметіне басшылықты жүзеге асырады;
- Тегін медициналық көмектің берілген көлемінің жазбасын бекітеді және соны алу қамтамасыз ететін тәртібін айқындайды;
- Денсаулық сақтау тәртібін ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекітеді;
- Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекітеді;
- Қазақстанның азаматтары бюджет қаражаты есебінен шетелге емдеуге жіберу қағидасын бекітеді;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында инфекциялық және паразиттік аурулардың еміне және таралуына санитариялық карантиндік бақылауды жүзеге асырудың және Қазақстан шекарасы мен аумағын санитариялық қамтамасыз етудің тәртібін айқындайды;
- Азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз етудің тәртібін айқындайды және т. б.
- ҚР Конституциясында, заңдарында және ҚР Президентінің актілерінде көзделген өзге де медициналық ұйымдар олардың ішінде емдеу-профилактикалық және ғылыми-зерттеу мекемелерді, білім беру мекемелері, фармацевттік кәсіпорындар мен ұйымдар, аптека мекемелері, санитариялық-профилактикалық мекемелер, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру үшін құрылған аумақтық органдар, сот-медицинадық сараптама мекемелері.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі азаматтардың денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттарды медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық қызметтердің сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын ҚР-ның орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ретінде құзыреті, негізгі міндеттері функциялары мен құқықтары денсаулық сақтау туралы Кодекстің 7-бабында және ҚР Үкіметінің 2004ж. 28-қазандағы №1117 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде, ҚР Үкіметінің 2009ж. 22 қазандағы №1645 қаулысына қосымша етіп берілген оның жаңа функциясында айқындалған<sup>1</sup>.

Министрліктің негізгі міндеттері:

Денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу заңнамаларға сәйкес азаматтардың мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын, халықты және денсаулық сақтау ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастырған болып табылады.

### **§3. Денсаулық сақтау саласын басқару органдарының жүйесі және құзыреті**

Денсаулық сақтау министрлігінің құзыретіне денсаулық сақтау саласындағы мемлекет саясатты іске асыру бұл жөнінде қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асыру; денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін әзірлеу, бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру; денсаулық сақтау саласындағы мониторингті, халықаралық ынтымақтастық, бірлескен халықаралық жобаларды жүзеге асыру; денсаулық сақтау субъектілері мен қызметін үйлестіру; медициналық көмек көрсету тәртібін бекіту; денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, гигиеналық нормативтерді, нормативтік құжаттарды және өзге де құжаттама нысандарын, сондай-ақ стандарттарды әзірлеу және бекіту; медицина және фармацевтика кадрларын даярлауды, олардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлауды ұйымдастыру; денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары басшыларын тағайындауды реттеу, ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде медициналық және фармацевтикалық білім беру және ғылыми ұйымдардың қызметінің басшылық жасауды, басшылармен олардың орынбасарларын тағайындау мен босатуды жүзеге асыру; дәрілік заттардың және мемлекеттік денсаулық сақтау

<sup>1</sup> ҚР-сы Президенті мен ҚР-сы Үкіметінің актілер жинағы, 2009, №43, 420-к

ұйымдары көрсететін медициналық қызметтердің бағаларын мемлекеттік реттеуді, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын жарықтандыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру; денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу; денсаулық субъектілерін аккредиттеуді жүргізуді ұйымдастыру; денсаулық сақтау саласында біліктілік емтихандарын өткізуді ұйымдастыру; медициналық және фармацевтика қызметті, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет түрлерін лицензиялау; ҚР-да қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімін жүргізу; тағамнан улану, инфекциялық және басқа да аурулар кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру; денсаулық сақтау субъектілерінің қызметі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және т. б. мәселелер жөніндегі функцияларды жүзеге асыру жатады. Министрлік осы Кодексте, өзге де заңдарды, ҚР Президентінің және ҚР Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Министрлік өзіне жүктелген міндеттер мен өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті, нормативтік құқықтық актілер қабылдауға, мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдардың және лауазымды адамдарды қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға; қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Министрліктің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті, Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, Медициналық қызметтердің ақы төлеу комитеті, сондай-ақ ведомстволық бағынысты мемлекеттік ұйымдары бар.

Әскери-медициналық бөлімшелері бар орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегіндегі денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты, әскери-медицина саласындағы бағдарламаларды іске асырады; медициналық бөлімшелердің қызметіне басшылық жасайды, осы бөлімшелердің басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады; медициналық бөлімшелерде медициналық көмек көрсету тәртібін, әскери-дәрігерлік комиссияның құрамы және ол туралы ережені бекітеді.

**Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың өкілді органдары:** денсаулық сақтау саласындағы өңірлік бағдарламаларды бекітеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады; ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін, сондай-ақ оларға бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерлерін айқындайды; денсаулық сақтау мен білім берудің жергілікті бюджеттердің және оларды атқарылуы туралы есептерін бекітеді; азаматтарға емделу үшін елді мекен шегінен тысқары жерлерге бюджет қаражаты есебінен тегін немесе жеңілдік пен жол жүруді ұсыну туралы, азаматтардың жекеленген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттар мен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды қосымша беру туралы шешім қабылдайды.

**Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары:** тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады; тиісті аумақта денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың, сондай-ақ өңірлік бағдарламаларды әзірлеп, олардың іске асыруын, азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу құқығын іске асырылуын қамтамасыз етеді; денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті орган- дарын құрады; денсаулық сақтау ұйымдарының желісін дамыту мен оларды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі, оның ішінде дәріханалардың мемлекеттік желісін дамыту және дәріхана қоймаларын құру жөніндегі шараларды қабылдайды; ҚР лицензиялау заңнамасына сәйкес лицензиялауды жүзеге асырады; медицина және фармацевтика кадрларын даярлауды, олардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлауды қамтамасыз етеді; денсаулықты нығайту, аурулардың профилактикасы, салауатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды қалыптастыру үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асырады; өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауды, заңнамада белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары өз өкілеттігі шегінде:** денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және өмірлік денсаулық сақтау

бағдарламаларының іске асырылуын, азаматтарды және оралмандарды тегін медициналық көмектің кепілді берілген көлемі шеңберінде медициналық көмекпен және дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдарымен қамтамасыз етеді; денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастырады, денсаулық сақтау бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері функциясын жүзеге асырады; медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, медициналық емес жабдықтарды, санитариялық көлікті, сондай-ақ мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына күрделі жөндеу жүргізуге арналған қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастырады; мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен қамтамасыз етуді, гигиеналық оқытуды, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды насихаттау мен қалыптастыруды ұйымдастырады; ведомстволық бағынысты мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттау жүргізеді және заңнамамен белгіленген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

## Х-БӨЛІМ. БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

---

### 1-тарау. БІЛІМ САЛАСЫН БАСҚАРУ

#### §1. Білім саласын басқарудың мазмұны

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 ж. 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы<sup>1</sup> мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асырудың құқықтық негіздерін айқындады.

Мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі. Жастар ұйымы болып негізгі мақсаты әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін және жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де міндеттерді шешу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын, мүшелері (қатысушылары) жастар өкілдері болып табылатын заңды тұлғалар қауымдастығы (одағы), қор, сондай-ақ қоғамдық бірлестік нысанында құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым танылады.

Заңның 4-бабында ҚР-сы мемлекеттік органдарының: ҚР-сы Үкіметінің, уәкілетті органның, өзге орталық атқарушы органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі құзыреті белгіленген.

Білім және ғылым қоғамдық қызметтің өзара сол екі аясы және мемлекеттік басқарудың өзара байланысты салалары болып табылады.

ҚР Конституциясының 30-бабында бекітілген азаматтардың білім алу құқығының өте ауқымды құқықтық және ұйымдық негізі бар. Олар қолданыста бар айтарлықтай жеткілікті көп нормативтік-құқықтық базасын білімді мемлекеттік басқару органдарының жүйесінде көрініс тапқан. Біздің елімізде білім саласына артықшылық беріледі. ҚР-сы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы Жолдауында «Бәсекеге

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 ж. 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы//<http://online.zakon.kz/>

қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» делінген.

Азаматтардың білім алу құқығын мемлекет білім беру жүйесін құру және оны алу үшін тиісті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау жолымен қамтамасыз етеді.

Мемлекет ҚР-сы азаматтарының тегін мектептерге, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуын, сондай-ақ, арнаулы мемлекеттік органдардың оқу орындарын қоспағанда, егер азамат осы деңгейлердің әрқайсысында бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуын қамтамасыз етеді. Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 ж. 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заң<sup>1</sup>(2016 жылы 22 желтоқсандағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде білім беру деп азаматтың (оқушының) мемлекеттің белгілеген білім деңгейлеріне (білім беру стандарттарына) қол жеткізгенін анықтай отырып, адамның, қоғамның, мемлекеттің мүдделері үшін тәрбиелеу мен оқытудың мақсатын процесі түсініледі. Қазақстанда білім берудің мынадай деңгейлері белгіленген:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- бастауыш білім беру;
- негізгі орта білім беру;
- орта білім беру (жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру);
- орта білімнен кейінгі білім беру;
- жоғары білім беру;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.

Азаматтың (оқушының) білім алуы деп оның белгілі бір білім алу деңгейіне қол жеткізгені және оның растығын тиісті құжатпен куәландырылғаны түсініледі. Білім алушылардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында оларға қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 ж. 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заң (2016 жылы 22 желтоқсандағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

//<http://online.zakon.kz/>

Білім берудің мазмұны қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму факторларының бірі болып табылады және ол жеке адамның өзін-өзі билеуін қамтамасыз етуге, өз қабілетін іске асыру үшін жағдай жасауға, қоғамды дамытуға, құқықтық мемлекетті нығайтуға және жетілдіруге бағдарланатын болуы тиіс. Сондықтан білім беру ұйымдары жүйесіне аса маңызды міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету жүктелген. Олардың ішінде: ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; адамның шығармашылық рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту; адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

Даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін дамыту; азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қатысты және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу; белсенді азаматтық ұстанымы бар адамды тәрбиелеу; республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру; отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту және т.б.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзара іс-қимыл жасайтын:

1) білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беретін оқу бағдарламаларының;

2) меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының;

3) білім беруді басқару органдары мен тиісті инфрақұрылымдардың, оның ішінде білім беру мониторингін жүзеге асыратын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының білім беру қызметінің субъектілері бірлестіктерінің жиынтығын білдіреді.

## **§2. Білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім беру стандарттарының жүйесі**

Білім беретін оқу бағдарламалары мазмұны мен бағыттарына (міндеттеріне) қарай жалпы білім беретін (үлгілік, жұмыстық) кәсіптік және қосымша болып бөлінеді.

Адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

### **Жалпы білім беретін оқу бағдарламасына:**

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;
- 4) жалпы ора білім беру.

Экономика салаларындағы кәсіптік қызметтердің бағыттары бойынша техникалық, қызмет көрсету және басқару еңбегі мамандарын даярлауға, адамның кәсіптік және жалпы білім деңгейін жүйелі арттыруға бағытталған.

### **Кәсіптік оқу бағдарламаларына:**

- 1) техникалық және кәсіптік білім беретін;
- 2) орта білімнен кейінгі білім беретін;
- 3) жоғары білім беретін;
- 4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін және т.б.

Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтың сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді.

Әрбір білім беру деңгейі бойынша білімнің мазмұнына, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең көп көлеміне және білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын жалпы талаптардың жиынтығын айқындайтын білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары белгіленеді<sup>1</sup>. Стандарттар барлық

<sup>1</sup> Бұл стандарттар ҚР-сы Үкіметінің 2012 ж. 23 тамыздағы № 1081 Қаулысымен бектіліген. ҚР- сы Президенті мен ҚР-сы Үкіметінің актілер жинағы, 2012.

білім беру ұйымдары үшін, олардың меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан, міндетті.

Әрбір негізгі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының, сондай-ақ негізгі кәсіптік оқу бағдарламалары (нақты кәсіп, мамандық бойынша) мазмұнының міндетті мөлшері (минимумы) және ол бағдарламаларды игерудің нормативті мерзімдері «Білім туралы» Заңмен белгіленген.

### §3. Білім беру ұйымдарының құқықтық мәртебесі және жүйесі

Білім беру ұйымдары білім беру процесін жүзеге асыруды, яғни бір немесе бірнеше білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады және (немесе) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді асырау мен тәрбиелеуді қамтамасыз етеді. Олар ұйымдық-құқықтық нысандары белгіленген (мемлекеттік, мемлекеттік емес – қоғамдық және діни ұйымдардың жеке меншік білім беру мекемелері), сондай-ақ үлгілік (типтік) тиістілігі мен түрлік ерекшеліктеріне байланысты айырылысады.

Білім беру ұйымдарын ҚР-ның заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар (құрылтайшылар) құрады.

Білім беретін оқу бағдарламаларына қарай білім беру ұйымдарының мынадай үлгілері болуы мүмкін:

- 1) мектепке дейінгі ұйымдар;
- 2) жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта);
- 3) техникалық және кәсіптік білім беру;
- 4) орта білімнен кейінгі білім беру;
- 5) жоғары білім беру;
- 6) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;
- 7) мамандандырылған білім беру ұйымдары;
- 8) арнайы білім беру ұйымдары;
- 9) жетім балалар мен ата-анасының (заңды өкілдерінің) қамқорлығынсыз қалған балаларға арнайы білім беру ұйымдары;
- 10) балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары;
- 11) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары.

Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Біліктілік деңгейді білдіретін кәсіптік білімнің шектелімді (цензалық) үлгі сатысы кәсіптік бейіннің білім беру ұйымдарының арқылы түрлерімен де берілген. Бірақ бұл жерде кәсіптік даярлауды

тиісті деңгейдің кәсіптік білім беруімен теңестіруге болмайтынын ескертіп айту қажет.

**Кәсіптік даярлық** белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажетті жаңа немесе өзгерген кәсіптік дағдыларды білім алушылардың жедел меңгеруіне бағытталған. Кәсіптік даярлық білім алушының білім деңгейін арттырумен байланысты. Кәсіптік даярлықты жұмыс беруші тікелей ұйымдарда, оқу орталықтарында, сондай-ақ әр түрлі оқу-өнеркәсіптік құрылымдарда немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

**Техникалық және кәсіптік білім беру орта білім беру деңгейінің** құрамдас бөлігі болып табылады және қоғамдық-пайдалы кәсіптік қызметтің негізгі бағыттары бойынша білікті қызметкерлер мен орта буын мамандарды даярлауға бағытталған. Техникалық және кәсіптік білім беру негізгі орта және (немесе) жалпы орта білім беру базасында училищелерде, колледждерде және жоғары техникалық мектептерде жүзеге асырылады.

**Училище** – мәдениет пен өнер саласында негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

**Колледж** – жалпы орта және техникалық пен кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Жалпы орта білімі бар бар азаматтар үшін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары жалпы кәсіптік, экономикалық, арнайы пәндерді зерделеуді және таңдаған мамандығы бойынша болашақ кәсіптік қызметін айқындайтын оқу-өндірістік жұмыстарды орындауды көздейді. Орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары негізгі түрі колледж болып табылатын білім беру ұйымдарында іске асырылады.

Жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарында іске асырылады.

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын игеру мерзімі мемлекеттік жалпы міндетті жоғары білім беру стандартымен айқындалады және кемінде 4 жыл болуға тиіс. Жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін жоғары оқу орындарының негізгі түрлеріне Ұлттық зерттеу университеті, Ұлттық жоғары оқу орны, зерттеу

университеті, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) жатады.

**Ұлттық зерттеу университеті** – ерекше мәртебелі және ҚР-ның Үкіметі бекіткен, бес жылға арналған даму бағдарламасы бар, мамандықтардың үш және одан да көп тобы бойынша жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің өз бетінше әзірленген оқу бағдарламаларын іске асыратын, жаңа білімді жинақтау мен трансферттеу үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу нәтижелерін пайдаланатын оқу орны.

**Ұлттық жоғары оқу орны** – елдің жетекші ғылыми және әдістемелік орталығы болып табылатын, екінші мәртебесі бар жоғары оқу орны. **Университет** – мамандықтардың үш және одан да көп тобы бойынша жоғары білім берудің, магистратураның және докторантураның білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыратын, ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын жоғары оқу орны.

**Академия** – мамандықтардың бір-екі тобы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орны.

**Институт** – жоғары білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

Білім беру ұйымының мәртебесін (үлгісін, түрін) егер ҚР-ның заңдарында өзгеше көзделмесе, оның құрылымын айқындайды және білім туралы заңның талаптары, білім беру қызметін лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін ескере отырып, оның жарғысында көрсетіледі.

ҚР-ның білім беру ұйымдары жүйесінде «Назарбаев Университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қыры» ерекше орын алады. Олардың құқықтық мәртебесі және құрылуы мен қызметінің айрықша құқықтық режимі ҚР-ның 2011 ж. 19 қаңтардағы № 394-IV ҚРЗ олар туралы арнайы заңымен айқындалған<sup>1</sup>.

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары** жоғары білікті ғылыми және педагог кадрлар даярлауға, олардың ғылыми және педагогтік даярлық деңгейін дәйектілікпен арттыруға бағытталған. Бұл бағдарламалар бағалық және

<sup>1</sup> ҚР-сы Парламентінің Жаршысы, 2011.

бейіндік пәндерді қамтитын теориялық оқытуды, практиканы, диссертация жаза отырып ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді көздейді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімді жоғары білімі бар азаматтар алады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жоғары оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасында, жоғары оқу орындарының және ғылыми ұйымдардың резидентурасында<sup>1</sup>

#### **§4. Жоғары оқу орнының ұйымдық-құқықтық мәртебесі және оны басқару**

Жоғары оқу орнының ұйымдық-құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары (жоғары оқу орны) туралы Үкімет ережесімен бекітілген.

Мұндай оқу орындарына жоғары кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлға мәртебесі бар барлық білім беру ұйымдары жатады. Оларда филиалдар, факультеттер, кафедралар, дайындық бөлімдері, ғылыми-зерттеу лабораториялары (зертханалары), аспирантурасы, докторантурасы, қосымша кәсіптік білім беру оқу бөлімшелері және оқу орындарының өздері құратын, кейіннен құрылтайшыны хабардар етіп, әрі жоғары оқу орнының жарғысына өзгеріс енгізе отырып, өзге де құрылымды, бөлімдері (филиалдардан басқалары) болуы мүмкін. Ал филиалдарды құрылтайшы білімді басқаратын уәкілетті органмен келісу арқылы құрады. Университеттер мен академиялардың, сондай-ақ жоғары кәсіптік білім берудің толық емес және (немесе) толық білім беретін бағдарламаларын іске асыратын институттары мен колледждері болуы мүмкін.

Жоғары оқу орнының білім, ғылым және мәдениет орталығы ретінде ең басты міндеттері (негізгі қызметі): адамның зияткерлік, мәдениет және рухани дамуы жөнінен талап-тілектерін қанағаттандыру; кәсіби қызметтің өзі қалаған саласында жоғары білім және мамандық алу; қоғамның жоғары білімі бар білікті мамандарға және жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларға сұранысын қанағаттандыру; іргелі, іздестіру және қолданбалы ғылыми-зерттеу және өзге де ғылыми-техникалық, тәжірибе-конструкторлық, оның

<sup>1</sup>Резидентура – клиникалықтар мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу нысаны.

ішінде білім проблемалары бойынша да жұмыстарды да ұйымдастыру және жүргізу; оқытушылар мен мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру; қоғамның рухани, мәдени және ғылыми құндылықтарын жинау, сақтау және көбейту; халық арасында білімді тарату, оның жалпы білімділік және мәдени деңгейін арттыру. Тәрбиелеушілік міндеттер білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен оқу, ғылым, шығармашылық, өндірістік және қоғамдық қызметінде іске асырылады, ол міндетті түрде жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер мамандарды даярлаудың өте қажет құрамдас бөлігі болып табылады.

Жоғары оқу орнының оқу және ғылыми қызметінде мамандарды даярлаудың әртүрлі мерзімдер мен деңгейлер бойынша жоғары кәсіптік білім берудің, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары, қосымша кәсіптік білім беретін және мамандарды қайта даярлаудың оқу бағдарламалары іске асырылуы мүмкін. Мамандарды даярлау мен қайта даярлаудың бағыттары (мамандықтары) мемлекеттік аккредиттеу туралы куәлікпен белгіленеді, ол жоғары оқу орнының жарғысында көрсетіледі.

Жоғары оқу орны оқу процесін мақсатты бағыттылықпен ұйымдастыру, оқытудың нысандарын, әдістері мен құралдарын таңдау жолымен кәсіптік білім беретін бағдарламаларды игеру үшін білім алушыларға қажетті жағдайлар жасалады.

Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқу, интернат және мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қашықтықтан оқыту нысанында жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдары ҚР-ның заңнамасында, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелер мен білім беру ұйымдарының жарғыларында белгіленген шектерде оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми, қаржы-шығармашылық және өзге де қызметте дербес болады.

Жоғары оқу орындары жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларын жасап бекітеді және соларға сәйкес оқу-тәрбие процесін жүзеге асырады.

Жоғары оқу орындарында оқу сабақтарының мынадай түрлері белгіленеді: дәрістер, семинарлар, консультациялар, практикалық сабақтар, лабораториялық жұмыстар, өзіндік жұмыстар, бақылау жұмыстары, практика, курстық жобалау (курстық жұмыстар), дипломдық жобалау (дипломдық жұмыстар).

Оқу жұмыстарының өзге түрлері де болуы мүмкін.

Білім беру ұйымдарын басқару ҚР-ның заңнамасына, тиісті үлгідегі білім беру ұйымы қызметінің үлгілік ережелері мен білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жеке дара басқару және алқалық принциптерімен жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдары құрылады. Білім беру ұйымдары алқалы басқарудың нысандары, оларды сайлау тәртібімен қоса, жұмысты ұйымдастырудың үлгілік ережелерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін білім беру ұйымының кеңесі (ғылыми кеңесі), қамқоршылық кеңес, педагогтік, әдістемелік (оқу- әдістемелік, ғылыми- әдістемелік) кеңестер және басқа да нысандар бола алады.

Жоғары оқу орнына **жалпы басшылықты** сайланбалы өкілді орган – жоғары оқу орнының **ғылыми кеңесі** жүзеге асырады, оның құрамына кеңес төрағасы болып табылатын ректор және проректорлар кіреді. Ғылыми кеңестің басқа барлық мүшелері жалпы жиналыспен (конференциясымен) жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Ғылыми кеңестің құрамына жоғары оқу орнының, қоғамдық және басқа ұйымдардың қызметкерлері мен білім алушыларының барлық санаттарының өкілдері сайлана алады<sup>1</sup>.

Жоғары оқу орнының қызметін **тікелей басқаруды ректор** жүзеге асырады. Ол жоғары білікті мамандар даярлау мемлекеттік жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, тәрбие жұмысына және ұйымдастыру – шаруашылық қызметіне басшылық жасау үшін жауапты болады және оқу орнында мемлекет өкілінің функциясын жүзеге асырады. Ғылыми кеңес пен ректордың арасындағы өкілеттіктерін асыру жоғары оқу орнының жарғысымен айқындалады.

Ректор өз өкілеттігінің шегінде жоғары оқу орнының барлық қызметкерлері мен білім алушылар үшін міндетті болатын бұйрықтар және өкімдер шығарады. Ректор өз өкілеттіктерінің белгілі бір бөлігін проректорларға және жоғары оқу орнының өзге де басшы қызметкерлеріне бере алады.

Жоғары оқу орнының құрылымына байланысты кейбір бөлімшелерінде (факультет, институт және т.б.) сайланатын өкілді органдар – ғылыми кеңестер құрылуы мүмкін, олардың өкілеттіктері мен сайлану тәртібі жоғары оқу орнының жарғысымен белгіленеді.

---

<sup>1</sup> ҚР-сы Білім және ғылым министрлігінің 2007 ж. 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен «Жоғары оқу орнының ғылыми кеңесі қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау сайлау тәртібінің үлгі ережесі» бекітілген.

**Факультетті ғылыми дәрежесі немесе атағы бар тиісті бейіннің аса білікті және беделді мамандардың ішінен жоғары оқу орнының жарғысымен белгіленетін тәртіппен жоғары оқу орнының (факультетінің) ғылыми кеңесімен сайланатын декан басқарады.**

**Кафедраны жоғары оқу орнының ғылыми кеңесі конкурсы бойынша бес жылға сайлайтын меңгеруші басқарады. Кафедра және өзге де бөлімшелер туралы ережені жоғары оқу орнының жарғысында белгіленген тәртіппен жасап, бекітеді.**

**Жоғары оқу орнының оқу және ғылыми қызметінің субъектілері студенттер, магистранттар, интерндер, курсанттар, тыңдаушылар, докторанттар, педагог қызметкерлер болып табылады.**

**Студент – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында оқитын адам.**

**Магистрант – магистратурада білім алатын адам. Жоғары оқу орындарының тыңдаушылары дайындық бөлімдерінде, біліктілік арттыру және мамандарды қайта даярлау факультеттерінде оқитын, сондай-ақ қосарлас екінші кәсіптік білім алатын және басқа жоғары оқу орнының студенттері болып табылатын адамдар. Тыңдаушылардың білім алу жөніндегі құқықтық жағдайы жоғары оқу орнының тиісті оқыту нысаны студенттің мәртебесіне сәйкес келеді.**

**Докторант – докторантурада білім алатын адам. Жоғары кәсіби білімі бар және магистратурада (адъюнктурада) оқитын және ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алуға диссертация дайындайтын, (жоғары білікті ғылыми-педагогтық білім алатын) адам аспирант (адъюнкт) болып табылады. Білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да ұйымдарда білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуға және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын адамдар педагог қызметкерлерге жатады.**

**Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер емес азаматтық қызметшілер болып табылады. Тиісті бейіні бойынша арнайы педагогтік немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогтік қызметпен айналысуға жіберіледі.**

**Білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушы (кәсіптік лицейлердің оқушыларынан басқа) студентерге, интерндерге, магистранттарға, докторанттарға, резидентура тыңдаушыларына, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларына мемлекеттік стипендия төленуі мүмкін. Мемлекеттік стипендияны**

тағайындау және төлеу қағидаларын, сондай-ақ оның мөлшерін ҚР-ның Үкіметі бекітеді.

Мемлекеттік атаулы стипендия жоғары оқу орындарының неғұрлым дарынды магистранттарына және ҚР-сы жоғары оқу орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушыларына жоғары оқу орындары ғылыми кеңестерінің шешімдері негізінде төленеді.

ҚР-ның азаматтарын жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқыту немесе ғылыми, педагог, инженерлік-техникалық және медицина қызметкерлерінің шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өту үшін берілетін ҚР-ның Президенті тағайындайтын «Болашақ» халықаралық стипендиясы бар.

Қолданыстағы заңнама жоғары оқу орындарының қызметкерлерін санатқа бөледі: ғылыми-педагогикалық (профессорлық-оқытушылық құрам, ғылыми қызметкерлер), инженер-техникалық, әкімшілік-шаруашылық, өндірістік, оқу-көмекші және өзге де қызметкерлер қаралған.

Профессорлық-оқытушыларға факультет деканның, кафедра меңгерушісінің, профессордың, доценттің, аға оқытушының, оқытушының, ассистенттің лауазымдары жатады. Профессор мен доценттің лауазы-мдарына тиісінше аттас профессор және доцент ғылыми атақтар сәйкес келеді. Жоғары оқу орнында бәріне ғылыми-педагогикалық, сайланатын факультет деканы мен кафедра меңгерушісі лауазымдарын қоспағанда, лауазымдарға орналасу бес жылға дейінгі мерзімге жасалатын еңбек шарты (контракт) бойынша жүргізіледі, бірақ бұл шартты (контрактіні) жасаудың алдында конкурстық іріктеу өткізіледі.

Заңды тұлғалардың (лицензиат) білім беру қызметі ҚР-ның Лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жатады. Егер ҚР-ның заңдарында өзгеше көзделмесе, білім беру ұйымы лицензиясы болған жағдайда әртүрлі деңгейдегі оқыту бағдарламаларын іске асыруға құқылы.

ҚР-ның білім туралы заңнамасының және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының сақталуын бақылау мақсатында білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар өздерінің күзіретіне сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, жоспарлы түрде бес жылда бір рет өткізеді.

Аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беретін оқу бағдарламаларының тізіліміне енгізілген

аккредиттеу органдарында интернационалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру ұйымдары аккредиттеу мерзіміне, бірақ 5 жылдан аспайтын мерзімге аккредиттелген білім беретін оқу бағдарламалары (мамандықтар) бойынша мемлекеттік аттестаттау рәсімінен босатылады. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу – білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны арттырудың тиімді тетіктерінің бар екенін растау мақсатында аккредиттеу органының белгіленген аккредиттеу стандарттарына (талаптарына) сәйкестігін тану рәсімі.

### **§5. Білімді мемлекеттік басқару органдарының жүйесі және құзыреті**

Мемлекет білім беру саласын басқару мен реттеуді жүзеге асырады. Олар білім алуға азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асырыды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға және білім беретін ұйымдар ұсынады. Білім беру қызметін көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл саладағы мемлекеттік реттеу оның құқықтық негізін қамтамасыз ету, білім сапасын басқару, стандарттау, бақылау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

ҚР-ның Парламенті білім саласының заңнамалық негізін жасайды, республикалық бюджеттің білімге арналған қаражат қаралған тиісті баптарын бекітеді және олардың орындалуы туралы Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің есептерін бекітеді.

ҚР-ның Президенті Конституцияға сәйкес 2010 ж. 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» бекітті<sup>1</sup>.

ҚР-сы Үкіметінің білім беру саласындағы құзыреті Білім туралы заңның 4-бабында айқындалған. Соған сәйкес Үкімет: білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады; білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық жоспарларын әзірлейді және ҚР-сы Президентінің бекітуіне ұсынады, оларды іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады; республикалық бюджеттен

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында, (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді; жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелері, «Өркен» грантын беру қағидаларын және оның мөлшерін бекітеді; білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестатау қағидаларын және білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді; халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекітеді; мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын, сондай-ақ педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін айқындайды; ҚР-ның Президентіне адам тәрбиесіне, оқуына және кәсіптік қалыптасуына аса зор үлес қосқан жекелеген білім беру ұйымдарына ерекше мәртебе беру туралы ұсыныс енгізеді және білім беру ұйымдарының ерекше мәртебесі туралы ережені бекітеді; егер ҚР-ның заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік басқару органының ұсынысы бойынша бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарын құрады, қайта ұйымдастырады және таратады; «Болашақ» халықаралық стипендиясын беруге арналған Үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекітеді және бұл стипендияны жұмсау бағыттарын айқындайды; мемлекеттік атаулы стипендияларды, «Алтын белгі» белгісі туралы ережені, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» және «Үздік педагог» атақтарын беру ережелерін, білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекітеді; қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттерін кепілдендіру тәртібін айқындайды; маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырыс негізінде білім алған, «Білім туралы» Заңның 47-б. 17-тармағында аталған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату тәртібін айқындайды; бірінші басшыларын ҚР-ның Президенті тағайындайтын жоғары оқу орындарының тізбесін және қызметтен босату тәртібін бекіту туралы ҚР-ның Президентіне ұсыныс енгізеді; Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының (үлесінің) мөлшерін, жалпы білім беретін және кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға

қабылдаудың үлгілік қағидаларын, білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын, білім алушыларға академиялық демалыстар берудің тәртібін, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерін лауазымдарға конкурстық тағайындау қағидаларын, қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді; өзіне ҚР-сы Конституциясымен, заңдарымен және ҚР-сы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және өзінің жүйесінде салалық бейінді білім беру ұйымдары мен мекемелері бар өзге де министрліктер мен ведомстволар білім беруді мемлекеттік басқару жүйесіндегі салалық органдар болып табылады.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган – ҚР-сы білім және ғылым министрлігі білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР-ның орталық атқарушы органы.

ҚР-сы білім және ғылым министрлігі өз қызметін ҚР-ның Конституциясына, Білім туралы Заңына, ҚР-сы Президенті мен ҚР-сы

Үкіметінің актілеріне, ҚР-ның өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ ҚР-сы Үкіметінің 2004 ж. 28 қазанда № 111 қаулысымен бекітілген Министрлік туралы Ережеге, оның жаңа редакциясы ҚР-сы Үкіметінің 2013 ж. 13 наурыздағы № 236 қаулысына қосымша жазылған, сәйкес жүзеге асырады.

Министрліктің миссиясы (мақсаткерлігі) ұлттың зияткерлік әлеуетін дамыту, бәсекеге қабілеттілікті және орнықты әлеуметтік-экономикалық өсуді қамтамасыз ететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

Министрліктің міндеттері: білім, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында, мемлекеттік жастар саясаты саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру; білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, ғылыми зерттеулер ұйымдастыруды жетілдіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру; балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган ретінде Білім және ғылым министрлігінің құзыреті Білім туралы заңның 5-бабында айқындалған. Соған сәйкес министрлік мынадай өкілеттіктерді орындайды: азаматтардың білім беру саласындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз етеді; білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асырады, салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, білім беру және ғылым саласындағы мақсатты және

халықаралық бағдарламаларды әзірлеп іске асырады; магистратурада және докторантурада мамандықтар бойынша жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлуді бекітеді; білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама әзірлеу және жариялау арқылы қоғам мен мемлекетті білім беру жүйесінің жай-күйі және оның қызметінің тиімділігі туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етеді; білім беру сапасын басқаруды білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметін әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады; білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеуді ұйымдастырады, білім берудің барлық деңгейінің үлгілік білім беретін оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын бекітеді; медициналық, фармацевтік және әскери білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын келіседі; білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияларды және (немесе) қосымшаларды әр деңгейде білім беретін бағдарламаларды іске асыратын заңды тұлғаларға береді; меншік нысандары мен бағыныстылығына қарамастан тәрбие мен оқытудың, білім берудің (медициналық және фармацевтік білім беруді қоспағанда) білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізеді; инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін базалық жоғары оқу орындарын айқындайды; аккредиттеу органдарына қойылатын талаптарды және оларды танудың тәртібін белгілейді. Ұлттық бірыңғай тестілеуді және кешенді тестілеу ді өткізу қағидаларын әзірлеп бекітеді; мүдделі министрліктермен, өзге де орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, кәсіптік оқу бағдарламаларының түрлері бойынша кадрлар даярлау үшін кәсіптер мен мамандықтар тізбесін айқындайды және олардың сыныптауыштарын бекітеді; сырттай, кешкі нысандарда және интернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін белгілейді және жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында интернат нысанында оқытуға рұқсат береді; білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау үлгілік ереже-лерін бекітеді; білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау тәртібін белгілейді; білім және (немесе) біліктілік туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастыру, оларды сақтау, есепке алу және беру және олармен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің

кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, ведомстволық бағыныстығы білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлейді және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады; оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асырады және жүргізуді үйлестіреді, оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың және жүзеге асырудың ережелерін, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекітеді және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын әзірлейді; республикалық орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шетелдік мектептерде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді; оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді әрі бекітеді және осы жұмысты ұйымдастырады; білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін қалыптастырады және бекітеді; мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді; жоғары оқу орнының және ғылыми ұйымдардың қолдаухаты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент), профессор ғылыми атақтарын береді; ведомстволық бағыныстағы білім беру мекемелерінің жарналарын бекітеді; білім беру ұйымдарында меншік нысандарына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, ҚР-ның білім беру саласындағы заңнамасының және нормативтік-құқықтық актілерінің, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардағы бюджеттік және қаржылық тәртіптің ҚР-ның заңнамасына сәйкес орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелерін бекітеді; мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау, мемлекеттік жоғары оқу орындарының ректорларын тағайындау қағидаларын әзірлеп бекітеді; ҚР-ның білім беру саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша нұсқамалар береді; заңнамада белгіленген бұлардан басқа да функци- ялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері және оның құрамындағы ведомстволарының (комитеттерінің) функциялары жоғарыда аталған Ережеде нақтыланып бекітілген. Министрліктің мынадай ведомстволары бар: Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті; Ғылым комитеті; Балалардың құқықтарын қорғау комитеті; Жастар ісі комитеті. ҚР-сы Білім және ғылым министрлігі өзіне жүктелген функциялар мен өкілеттіктерін тікелей өзі және өзінің ведомстволары арқылы жүзеге асырады.

Жергілікті өкілді органдар (мәслихаттар) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы жергілікті атқарушы органдар ұсынған білім беруді дамыту бағдарламаларын бекітеді, олардың орындалуы туралы есептерін тыңдайды; білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы шешім қабылдайды; ҚР-ның заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы, қаладағы ауданның, облыстың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі өз күзіретінің шегінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді, балаларды арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқытуды, мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз етеді; білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылау жасайды; техникалық, кәсіптік және арнайы жалпы білім беретін мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ спорт мектептерін білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша белгіленген тәртіпшен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады; бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім беруді іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметін лицензиялауды жүзеге асырады; техникалық және кәсіптік мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру ұйымдарын, жоғары оқу орындарынан басқа, материалдық-техникалық қамтамасыз етеді; заң бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге жататын білім алушылар мен тәрбиеленушілерге белгілі мөлшерде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды; білім беру ұйымдары үшін, жоғары оқу орындарынан басқа, қағаз және электрондық жеткізгіштерде оқулықтар

мен оқу-әдістемелік кешендерімен қамтамасыз етеді; жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады; мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады; білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша білім беруді басқару органының бірінші басшыларын тағайындайды; мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін жүзеге асырады, орта білім беру ұйымдарында интернат оқытуға рұқсат береді; елді мекенде мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды таяудағы мектепке дейін және кері қарай тегін жеткізіп салуды ұйымдастырады, жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде ҚР-ның заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 2-Тарау. ҒЫЛЫМ САЛАСЫН БАСҚАРУ

### §1. Ғылым және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті басқару

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» 2011 ж. 18 ақпандағы № 407-IV ҚРЗаңына (2015 жылы 13 қарашадағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес стратегиялық, сараптамалық және әкімшілік функциялардың бөлінуін сақтай отырып, ҚР-да ұлттық ғылыми жүйені дамыту және оның жұмыс істеуі мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті басқаруды ҚР-ның Үкіметі; Жоғары ғылыми-техникалық комиссия; Ұлттық ғылыми кеңестер; уәкілетті орган; салалық уәкілетті органдар жүзеге асырады.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті басқару мынадай қағидаттарға негізделеді:

- ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің басымдылығы;
- мемлекеттік қолдауды алу кезінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ашықтығы, объективтілігі және теңдігі;
- ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдаудың экономикалық тиімділігі мен нәтижелілігі;
- іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын дамыту;
- ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға сараптама жасаудың объективтілігі мен тәуелсіздігі;
- ғылымның, білім беру мен өндірістің интеграциясы;
- ғылымның және ғылыми-техникалық қызметтің басым бағыттары бойынша жоғары білікті кадрлар даярлау;
- халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;

«Қазақстан-2050» Стратегиясында Президент «біз ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына әбден-ақ белсене қатыса аламыз» деп атап айтқан.

- преференциялар беру арқылы экономиканың басым секторларында технологияларды коммерцияландыруды ынталандыру;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға қатысуы үшін оларды көтермелеу және жағдайлар жасау;

– білім алуды, оны технологияға трансформациялауды және оның экономикаға трансфертін ынталандыру.

Осы қағидаттарға сәйкес ҚР-сы Үкіметінің құзыреті Ғылым туралы заңның 3-бабында айқындалған, олардың ішінде: ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады; әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдықтарына сәйкес ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің басым бағыттарын, сондай-ақ ҚР-дағы стратегиялық, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеудің басым бағыттарын айқындайды; ҚР-ның Президентіне ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндамасын енгізеді; ҚР-сы Үкіметі жанындағы ҚР-ның Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясын құрады және оның ережесі мен құрамын бекітеді; Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығын құрады; зерттеу университеттері мәртебесін береді және оның даму бағдарламасын бекітеді; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қымметті базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру тәртібін бекітеді; ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды тағайындайды және оларды беру тәртібін бекітеді; мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекітеді; ҚР Конституциясында, ҚР-ның өзге де заңдарында және ҚР-сы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ғылым саласындағы уәкілетті орган – бұл қазіргі кезде ҚР-ның Білім және ғылым министрлігі – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган. Оның ғылым саласындағы құзыреті Ғылым туралы заңмен және жоғарыда аталған ол туралы Ережемен белгіленген. Осыларға сәйкес Министріктің құзыретіне ғылым және ғылыми - техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; ҚР-дағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын әзірлеу; мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылатын ғылыми зерттеулердің жобалары мен бағдарламаларын әзірлеуді және олардың іске асырылуын ұйымдастыру; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларын әзірлеу және оларды аккредиттеуден өткізу; салалық уәкілетті органдардың ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар шеңберінде

жүзеге асыратын жұмысын үйлестіру; диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені, ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру тәртібін бекіту; өз құзыреті шегінде мемлекеттік ғылыми ұйымдардың басшыларын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату; мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын, орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың есептерін бекітеді және т.б. кіреді.

Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган салалық уәкілетті орган болып табылады. Мұндай органдарға, мысалы, ҚР-ның Ауылшаруашылық, Денсаулық сақтау министрліктері жатады.

Салалық уәкілетті органның құзыретіне ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында ұсыныстар әзірлеуге және мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу, тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіру; мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар әзірлеуді және тиісті салада олардың іске асырылуын жүзеге асыруды ұйымдастыру; орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жөнінде есептерді бекіту; уәкілетті органға базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізу және т.б. Сонымен бірге, уәкілетті орган мен салалық уәкілетті органның құзыретіне Ғылым туралы заңда, ҚР-ның өзге де заңдарында, ҚР-сы Президентінің және ҚР-сы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

## XI-БӨЛІМ.

# ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

## 1-Тарау. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

### §1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік реттеу

Дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастар «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 ж. 3 шілдедегі №228-V ҚРЗ Заңмен<sup>1</sup> реттеледі. Заң бұқаралық дене шынықтыру, әуесқойлық және кәсіпқойлық спорт қызметін қамтамасыз етудің және оларды дамытудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілейді.

Осы заңға сәйкес дене шынықтыру мәдениеттің ажырамас бөлігі, адамның дене бітімін дамыту, оның денсаулығын нығайту мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланылатын, адамның үйлесімді дамуын анық ықпал ететін және материалдық құндылықтар жиынтығы болып табылатын әлеуметтік қызмет саласы.

Спорт – жарыс әрекетінің, спортшыларды жарыстарға қатысуға даярлаудың ерекше нысаны болып табылатын дене шынықтырудың бір бөлігі.

Дене шынықтыру мен спорт саласындағы ұғымдар:

- ардагер спортшы – спорттық мансабын аяқтаған жоғары дәрежедегі спортшы;
- әуесқой спорт – жеке адамдарға спорттық шеберлігін жетілдіруге және әртүрлі спорт түрінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін бұқаралық спорт қозғалысы;
- бұқаралық спорт – халық арасында дене шынықтыруды дамытуға ықпал ететін спорт қозғалысы;

<sup>1</sup> ҚРЗ 2014, (3 шілде) №228-V // adilet.zan.kz

- дене тәрбиесі – дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген өскелең ұрпақты қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процесс;
- Дүниежүзілік универсиада – әртүрлі спорт түрлері бойынша студенттер арасында өткізілетін кешенді халықаралық қысқы және жазғы жарыстар;
- жоғары дәрежедегі спортшы – спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командасының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама команданың) мүшесі болып табылатын және (немесе) «Қазақстан Республикасының спорт шеберінен» төмен емес спорттық атағы бар спортшы;
- кәсіпқой спорт – спорттық ойын-сауық іс-шараларын (жарыстарды) ұйымдастыруға және өткізуге бағытталған, оларға дайындалғаны және қатысқаны үшін спортты кәсіби қызметі ретінде таңдаған спортшылар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сыйақы алатын спорттың құрамдас бөлігі;
- Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілері – балалардың, жастардың және ересек тұрғындардың дене шынықтыру даярлығына қойылатын нормативтік талаптардың жиынтығы;
- Паралимпиадалық ойындар – тірек-қозғалу аппараты мен көру органдары зақымданған мүгедек спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және жазғы жарыстар;
- спорт федерациясы – спорттың бір немесе бірнеше түрін дамыту мақсатында қоғамдық бірлестік нысанында немесе қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым;
- ұлттық спорт түрлері – жарыспалы әрекет нысанында тарихи түрде қалыптасқан және өзіне тән дене шынықтыру жаттығуларын және дене шынықтыру белсенділігі ұйымдастырылуының өзіндік қағидалары мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін спорт түрлері;
- Халықаралық арнаулы олимпиадалық ойындар – интеллектуалдық мүмкіндіктері шектеулі мүгедек спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және жазғы жарыстар; халықаралық спорттық жарыстар – шетелдік спортшылар (командалар) қатысатын спортшылар (командалар) арасындағы спорт түрі бойынша өтетін сайыстар.

ҚР-дағы дене шынықтыру (дене шынықтыру - спорт) қозғалысының субъектілеріне;

- Олимпиядалық даярлау орталықтары;
- Олимпиядалық резерв даярлау орталықтары;
- Жоғары спорт шеберлігі мектептері;
- Спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп – интернаттар;
- Олимпиядалық резервтің спорт мектептері;
- Олимпиядалық резервтің мамандырылған балалар– жасөспірімдер мектептері;
- Балалар жасөспірімдер спорт мектептері
- Дене шынықтыру – спорт қоғамдары (спорт клубтары);
- Балалар – жасөспірімдер дене шынықтыру даярлығы клубтары;
- Балалар мен жеткіншіктер клубтары;
- Спорт медицинасы және оңалту орталықтары;
- Дәрігерлік – дене шынықтыру диспансерлері;
- Допингке қарсы комиссиялар;
- Кешенді ғылыми топтар;
- Оқу жаттығу базалары;
- Қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың оқушылар мен студенттердің және тәрбиесі мен спорттық даярлығына бағытталған жеке және заңды тұлғалар жатады.

ҚР-да дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасын ҚР Үкіметі әзірлеп, ҚР-ның Президенті бекітеді. Мемлекеттік бағдарламада халықтың денсаулығын нығайтуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар, дене тәрбиесі жөніндегі оқу бағдарламаларына, бағдарламалық бағалау нормативтері жүйесіне қойлатын талаптар және түрлі топтардың және бітімін дамыту жөніндегі талаптар жоғары жетістіктер спортын дамытудың негізгі бағыттары, сондай-ақ ұйымдық материалдық-техникалық, кадрлар, ақпараттық және құқықтық жағынан қамтамасыз етудің негізгі принциптері көзделеді.

## **§2. Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқаруды жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының құқытық жағдайы**

ҚР-ның Үкіметінің дене шынықтыру және спорт саласындағы құзыреті. Үкімет аккредиттеу ережесін бекітеді; спорттық іс-шараларды материалдық қамтамасыз ету нормативтерін бекітеді;

республикалық спорттық іс-шаралардың, универсиадалардың жүлдегелерін және оларға қатысушыларды және халықаралық жарыстарды жоғары нәтижелері үшін ҚР-ның ұлттық құрама командаларының мүшелерін көтермелеу мөлшерін бекітеді; еңбек сіңірген спортшылармен жаттықтырушаларға ай сайынғы материалдық қамтамасыздандыру түрінде өмір бойы төлем ақы төлеу ережесін бекітеді; Президенттік бестіктерді өткізу ережесін бекітеді; өзіне заңнамалық актілер мен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган ретінде ҚР-сы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады. Агенттіктің құзыреті Дене шынықтыру және спорт туралы Заңмен және соған сәйкес оның негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері ҚР-сы Үкіметтінің 2012 ж. 20 ақпандағы №244 қаулысымен бекітілген, ол туралы ережелермен, оның жаңа редакциясы Үкіметтің 2013 ж. 29 қаңтардағы №56 қаулысымен қосымша ретінде берілген, айқындалған.

Агенттік дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік басқару, үйлестіру және мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асырады; дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өз құзыретішегінде ҚР-ның нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді; салалық көтермелеу жүйесін әзірлеп, бекітеді; осы саладағы кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады; спорт түрлері бойынша республикалық және халықаралық жарыстар өткізеді; ҚР-ның ұлттық құрама командаларының мүшелерін халықаралық спорт жарыстарының және спорт саласындағы ғылыми зерттеулерді, олардың нәтижелерін дене шынықтыру мен спорт практикасына енгізуді ұйымдастырады және үйлестіреді; спорттада поингке қарсы шаралардың жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады, дене шынықтыру және спорт жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысады; өз құзыреті шегінде осы саладағы халықаралық шарттарды әзірлейді, жасасады, және орындайды, халықаралық спорт ұйымдарында және халықаралық спорт шараларына Қазақстан Республикасы атынан өкілдік етеді.

Мынандай спорттық атақтар мен санаттарды береді:

- «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы»,
- «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері»,
- құрметті атақтары және т.б;

Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуді жүзеге асырады, республикалық спорттық шараларға

қатысушыларды және халықаралық жарыстарды жоғары көрсеткіштерге, үшін ҚР-ның құрама командалары мүшелерін көтермелеудің нормативтерін әзірлейді; спорттық атақтарды, разрядтар мен санаттарды беру тәртібін айқындады; дене шынықтыру қозғалысы субъектілерінің, қызметін ұйымдастыру, спорт түрлері бойынша бас және мемлекеттік жаттықтырушыларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады және т.б.; заңнамалық актілерде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар өз құзыретінің шегінде тиісті әкімшілік аумақтық бірлікте денешынықтыру мен спортты дамыудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асырады; спорт түрлері бойынша жарыстар өткізеді; спорттың әртүрі бойынша құрама командаларды дайындауды және олардың жоғары сатыларды спорт жарыстарында өнер көрсетуін қамтамасыз етеді, тиісті аумақта бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін береді; спорттық бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспар әзірлеп, бекітеді және іске асырады; спорт шараларын ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді, жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне заңнама мен өздеріне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың:

- 1) дене шынықтырумен және спортпен айналысуға;
- 2) дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық бағыттағы қоғамдық бірлестіктерге кіруге;
- 3) мемлекеттік және жеке спорт ғимараттарын және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға құқығы бар.

Дене шынықтыру мен спортты насихаттау

1. Дене шынықтыру мен спорт, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы уәкілетті органдар, дене шынықтыру-спорт ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары халықтың әртүрлі топтарының жас шамасын, кәсіби және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыру мен спортты насихаттауды жүзеге асырады, дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік маңызын ашуды, ұлтты сауықтырудағы, жеке адамдардың саламатты өмір салтын қалыптастырудағы олардың рөлін қамтамасыз етеді.

2. Бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органдар, дене шынықтыру және спорт бағытындағы қоғамдық бірлестіктер дене шынықтыру мен спортты насихаттауды жүргізеді, денсаулықтарын

сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, жұмысқа қабілеттілік пен белсенді ұзақ өмір сүрудің жоғары деңгейіне, сондай-ақ ізгілік мұраттары мен спорт құндылықтарына қол жеткізу үшін дене шынықтыру компоненттерін практикалық пайдалануда халықтың білім деңгейін арттырады.

Білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесі және спорт

1. Білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу уақытында және оқудан тыс уақытта жүзеге асырылады.

2. Дене тәрбиесі: мектепке дейінгі ұйымдарда – аптасына кемінде үш сағат, жалпы білім беретін мектептерде – аптасына кемінде үш сағат, колледждерде – аптасына кемінде төрт сағат, жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындарында бірінші және екінші оқу жылдарында білім алушылар үшін аптасына кемінде төрт сағат көлемінде жүргізіледі.

Денсаулығы нашар білім алушылар мен тәрбиеленушілер арнайы медициналық топтар мен емдік дене шынықтыру топтарында айналысады.

Дене мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар мен тәрбиеленушілер бейімдік дене шынықтыру мен спорт құралдарын пайдалана отырып айналысады.

3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, жалпы білім беретін мектептер мен басқа да білім беру ұйымдары білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дене тәрбиесімен айналысу мақсатында дене шынықтыру машықтарын қалыптастырады, оларды спортпен айналысуға тартады, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізеді және қоғамдық бірлестіктер мен басқа да заңды тұлғаларға мектеп жасына дейінгі балалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қатысуымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдеседі.

4. Сабақтан тыс уақытта спортпен айналысу үшін спорт клубтары, секциялар мен мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдары құрылады, олардың қатарына әртүрлі спорт мектептері, балалар-жасөспірімдердің дене шынықтыру даярлығы клубтары, тұрғылықты жері бойынша балалар мен жеткіншектер клубтары және қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дене тәрбиесі мен спорттық даярлығына бағытталған басқа да заңды тұлғалар кіреді.

5. Дене шынықтыру-спорт ұйымдарында спорт резервін даярлау мақсатында жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша жалпы білім беретін мектептер базасында тереңдетілген оқу-жаттығу процесі

негізінде әртүрлі спорт түрлері бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілердің спорттық даярлығын жүзеге асыратын мамандандырылған спорт сыныптары мен топтары құрылады.

6. Спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған

7. мектеп-интернаттарда, олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінде спортшыларды даярлау білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Білім беретін оқу орындарында спортшыларды даярлау дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға, бағдарламалар мен нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

9. Мектеп жасына дейінгі білім беру ұйымдарында, мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдарында және басқа да білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі үшін қажетті жағдайлар жасау жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

10. Білім беру ұйымдарында студенттік және мектеп спортын дамыту мақсатында спорт клубтары, студенттер және оқушылар лигалары, білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында спорт түрлері бойынша федерациялар құрылуы мүмкін.

11. Студенттік және мектеп спорты саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар студенттік және (немесе) мектеп спорты лигасының мүшелері болуы мүмкін.

12. Студенттер және оқушылар лигаларын қалыптастыру, студенттер және оқушылар лигалары арасында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

## XII-БӨЛІМ.

### ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ САЛАСЫН БАСҚАРУ

---

#### 1-Тарау. ІШКІ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

##### §1. Ішкі істер саласындағы басқарудың ұйымдық – құқықтық негіздері

Құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс- қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган. Құқық қорғау органының қызметкері (бұдан әрі – қызметкер) – құқық қорғау органдары жұмыскерлерінің арасынан арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілген не біліктілік сыныбы белгіленген Қазақстан Республикасының азаматы.

##### Құқық қорғау қызметінің принциптері

1. Құқық қорғау органдарындағы қызмет Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің принциптеріне және құқық қорғау қызметінің арнаулы принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Құқық қорғау қызметінің арнайы принциптері мыналар болып табылады:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау міндеттілігі;

2) азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық;

3) құқық қорғау органдарында құқық қорғау қызметін ұйымдастыруға көзқарастың біртұтастығы;

4) дара басшылық пен субординация (бағыныстылық);

5) саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері Республикалық бүкіл аумағында, атқаратын лауазымы және ішкі ведомстволық бағыныстылығына, уақытына қарамастан, азаматтар мен лауазымды адамдар оларға құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар жасаған жағдайда не осындай әрекет тікелей анықталған ретте құқық бұзушылықты және құқық бұзушыларды ұстау, көмекке мұқтаждарға жәрдем беру, оқиға болған орынды күзету, сондай-ақ таяу жердегі өзіне берілген құқықтарды толығымен пайдалануға міндетті.

- Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы басқару.
- Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы басқарудың ұйымдық құқықтық негіздері.
- Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік билік органдарының жүйесі және құзыреті.

Мемлекеттік басқарудың аса маңызды мәселелерінің бірі экономикалық қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу болып табылады. Бұл саладағы Қазақстан Республикасының қызметі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлықтан туындайтын қауіп қатерден ҚР Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экономикалық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды адамдарының және басқа да адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге арналған.

Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік басқарудың құқықтық негізі ҚР Конституциясы, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” Қазақстан Республикасының 2015 ж. 18 қарашадағы №410-V Заңы (2016 жылы 30 қарашадағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)<sup>1</sup> және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

Заң бойынша барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жергілікті

---

<sup>1</sup>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Респуб- ликасының 2015 ж. 18 қарашадағы №410-V Заңы (2016 жылы 30 қарашадағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)//<http://online.zakon.kz/>

өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз құзыреті шегінде “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заңның талаптарын орындауды және онда көзделген тәртіптік шараларды қолдануды, кадр бақылау, заң қызметтері мен басқа да қызметтерді осыған тарта отырып, қамтамасыз ету.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес:**

- барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігі;
- мемлекеттік органдардың қызметін анық құқықтық регламенттеуді, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік аппараттың құрылымдарын, кадр жұмысын жеке және заңды тұлғалар құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешу рәсімдерін жетілдіру;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық ұйымдық-басқару жүйелерін қорғаудың басымдығы;
- Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 1-тармағына сәйкес лауазымды адамдар мен мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген басқа да адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілуін тану;
- мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғауды мемлекеттің қамтамасыз етуі;
- жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және олардың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа қарсы күреске жәрдем жасайтын азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды көтермелеу;
- мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген адамдар мен соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің қорғауы, аталған адамдар мен олардың отбасыларына лайықты тұрмыс деңгейін қамтамасыз ететін жалақы (ақшалай үлес) мен жеңілдіктер белгілеу;
- осындай қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуге өкілеттік берілуін болдырмау, сондай-ақ оған бақылау жасау және қадағалау;
- сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық құқық

бұзушылықтарды анықтау, ашу, олардың жолын кесу және алдын алу мақсатында жедел іздестіру қызметі мен өзге де қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ құқыққа қайшы тапқан ақша қаражаты мен өзге мүлікті заңдастыруға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен арнайы қаржылық бақылау шараларын қолдану;

- кәсіпкерлік қызметті атқару заңмен белгіленген қызметтік міндеттерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңның 3-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында аталған адамдар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің басқару органдарында ақы төленетін қызметтер атқаруға тыйым салуды белгілеу;
- қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету және қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік жағдайын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдардың басшылары мен жауапты хатшылары немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдары, ұйымдардың, оның ішінде мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз құзыреттері шегінде осы Заңның талаптарын орындауды және бұл үшін кадр, бақылау, заң қызметтері мен басқа да қызметтерді тарта отырып, онда көзделген тәртіптік шараларды қолдануды, сондай-ақ өздеріне белгілі болған барлық сыбайлас жемқорлық жағдайларын тіркеуді және олар туралы осы баптың 2-тармағында аталған органдарға хабарлауды қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және олардың жасалуына кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, мемлекеттік кіріс, әскери полиция органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

Бұлармен қатар арнайы құрылған ҚР қаржы полициясы органдары бар. Олар заңда белгіленген өкілеттіктері шегінде жедел іздестіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтау, әкімшілік іс жүргізу арқылы экономикалық және қаржылық қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мемлекеттік мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңсыз қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және

тергеуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын құқық қорғау органы болып табылады.

Мемлекеттік басқарудың аясы ретінде ішкі істер саласына адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқықтық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ көші-қон саласында қалыптасатын қоғамдық қатынастар жатады.

Ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негізін ҚР Конституциясы, «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 2014 ж. 23 сәуірдегі №199-V ҚР Заңы (2016 жылы 30 желтоқсандағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен)<sup>1</sup>, ҚР Үкіметінің 2005 ж. 22 маусымындағы №607 қаулысымен бекітілген. «Қазақстан Республи- касы Ішкі істер министрлігінің туралы ережеге<sup>2</sup>, ішкі әскерлері туралы» 1992 ж. «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 ж. 6 қаңтардағы № 380 ҚР заңы ҚР Парламентінің жаршысы, 2011 ж. № 1, 4 қаулысымен бекітілген. Министрліктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы, аудандардағы, қалалары, қалалардың аудандарындағы және көліктегі аумақтық органдары, сондай-ақ ішкі әскерлер комитеті, есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті, тергеу комитеті, криминалдық полиция комитеті, әкімшілік полиция комитеті және жол полициясы комитеті ведомстволары болады.

Ішкі істер органдары туралы заң ҚР ішкі істер органдарының мәртебесін, құрылымын, өкілеттіктерін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды. Осы заңға сәйкес ҚР ішкі істер органдары ҚР заңнамасына сәйкес анықтауды, алдын ала тергеуді және жедел іздестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам және азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңсыз қол сұғушылықтардың алдын алу жолын кесу жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар болып табылады.

Ішкі істер органдарының міндеттері:

- Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдайы ахуалында қамтамасыз ету;

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 2014 ж. 23 сәуірдегі №199-V ҚР Заңы (2016 жылы 30 желтоқсандағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>

<sup>2</sup> ҚР-сы Жоғарғы кеңесінің Жаршысы 1992 ж. №11-12 290 қ

- Қылмыстар мен әкімшіліктің құқық бұзушылықтарды алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру;
- Құқық бұзушылық профилактикасы;
- Заңнамада белгіленген өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу, анықтау мен әкімшіліктің іс жүргізуді жүзеге асыру;
- Қылмыстық жазаларды және жазалауларды орындау ;
- Әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында заңдылықты, құқық тәртібін қамтамасыз ету және ұстау анықтап тұру;
- Күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталған адамдардың, сондай-ақ ҚР қылмыстық – атқару жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;
- Сотталған адамдардың түзелуін ұйымдастыру;
- Мемлекеттік және өзге объектілерді және тұлғаларды күзету, қамауға алынған және сотталған адамдарды алып жүру, кепілге алынған адамдарды босатуға қатысу;
- Қажет болған жағдайда мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жәрдем көрсету;
- Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік бақылау;
- Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау;
- Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, оқ – дәрілерін мемлекеттік бақылау;
- Күзет қызметін, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, орнатуды және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін мемлекеттік бақылау;
- Мемлекеттік және өзге де объектілерді күзету, қамауға алынған және сотталған адамдарды айдап апару, кепілге алынған адамдарды босатуға қатысу;
- шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың ҚР аумағында болу қағидаларын сақтауын бақылау;
- ҚР азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар құжаттамалауды, дайындауды және беруді жүзеге асыру;
- ҚР Үкіметі айқындайтын тәртіппен азаматтарды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асыру ;
- Босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру;
- Соғыс уақытында ҚР аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау;

- Өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитариялық және табиғат
- қорғау шараларын жүргізуге қатысу, табиғат қорғау органдарына браконьерлікке қарсы күресуге жәрдем көрсету;
- ҚР заңнамасына сәйкес лицензиялық және рұқсат етушілік қызметті жүзеге асыру;
- ҚР айрықша маңызды және айрықша режимді объектілерінде, аумақтарында режимдік және күзет шараларын жүзеге асыру;
- Ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымымен оларды теріс пайдалануға қарсы іс қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- «Терроризмге қарсы іс қимыл туралы» ҚР заңында көзделген шаралар мен шектеулерді қолдану құқығы мен терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу болып табылады;
- Өзге міндеттер ішкі істер органдарына тек заңмен ғана жүктелуі мүмкін;
- Ішкі істер органдарының қызметі заңдылық дара басшылық, ішкі істер органдары жүйесінің бірлігі, жариялылық, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс қимыл жасау принциптеріне негізделіп құралады.

### **Ішкі істер органдары қызметінің принциптері**

Ішкі істер органдарының қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік және құқық қорғау қызметтерінің принциптеріне және ішкі істер органдарының арнайы принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның, мемлекеттің, заңды тұлғалардың заңды мүдделерін; қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін сақтау және құрметтеу; ашықтық және жариялылық; ішкі істер органдары жүйесінің біртұтастығы ішкі істер органдары қызметінің арнайы принциптері болып табылады.

Ішкі істер органдары тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатыстылығына, саяси және өзге де көзқарастарына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де белгілеріне қарамастан, әрбір адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтайды және құрметтейді.

Ішкі істер органдары заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, өз құзыреті шегінде олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Ішкі істер органдары жеке тұлғаларға білікті заң көмегіне құқығын іске асыру, адамның ұсталғаны туралы туыстарына хабарлау мүмкіндігін қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайда ұсталған адамдарға медициналық және өзге де көмек көрсетуде жәрдемдеседі, сондай-ақ тұлғаның немесе оның отбасының өміріне, денсаулығына, мүлкіне ұстаумен немесе қамаумен байланысты төнген қауіпті жою бойынша шаралар қабылдайды.

Ішкі істер органының қызметкеріне азаптауды, зорлық-зомбылықты қолдануға, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, арнамысты қорлайтын қарым-қатынас жасауды, қасақана тән зардабын, жан азабын келтіруге тыйым салынады. Қылмыс жасағаны үшін күдікті адамдарды қылмыстық әрекеттерді жасауға өзін кінәлімін деп жауап беруге немесе мойындауға мәжбүрлеуге, осы мақсатпен оларды және басқа адамдарды қорқытуға тыйым салынады.

Ішкі істер органының қызметкері адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда, ішкі істер органдары олардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдауға міндетті. Ішкі істер органдарының қызметі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына қайшы келмейтін шамада қоғам үшін ашық болып табылады. Жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарынан өздерінің құқықтары мен мүдделерін тікелей қозғайтын ақпарат алуға құқылы.

Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің қызметі туралы мемлекеттік органдар мен халықты хабардар етеді. Адам мен азаматтың жеке өміріне қолсұғылмаушылықты қозғайтын мәліметтерді, жеке, отбасылық, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сондай-ақ заңдарда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмысты орындау барысында мәлім болған мемлекеттік құпияларды жариялауға тыйым салынады.

Жеке және заңды тұлғалар туралы ішкі істер органдары таратқан мәліметтер шындыққа сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, ішкі істер органдары бір ай мерзімнен кешіктірмей, бұл мәліметтерді жоққа шығаруға тиіс.

Ішкі істер органдарының құқықтары

Ішкі істер органдарының осыған уәкілдік берілген лауазымды

адамдар арқылы жүктелген міндеттерді атқару үшін өз құзыреті шегінде:

1. Азаматтардан қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті

2. сақтауды талап етуге, құқыққа қарсы іс-қимылдар мен ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқығы бар. Бұл талаптар орындалмаған жағдайларда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға;

3. Қылмыспен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған деп сезіктелген жағдайда азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ орындалуын бақылау ішкі істер органдарына жүктелген белгіленген ережелердің сақталуын тексеруге қажетті басқа құжаттарды тексеруге;

4. Кез келген жасалған немесе әзірленіп жатқан құқыққа қарсы қол сұғу, соның ішінде олардың қарауына жатпайтындар туралы арыздар мен хабарларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу, оларды жасаған адамдарды ұстау, қоғамдық зардаптарға жол бермеу жөнінде нақтылы шаралар қолдануға;

5. Қылмыстарды анықтау, тыю, ашу және тергеу кезінде басқа органдарға, ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға атқарылуы міндетті тапсырмалар беруге;

6. Азаматтарды іс жүргізудегі материалдар мен істер бойынша ішкі істер органдарына шақыруға, олардан түсініктемелер, құжаттар, олардың көшірмелерін алуға, жауап алуға сондай-ақ шақырғанда келуден дәлелді себепсіз жалтарған адамдарды мәжбүрлеп алып келуге;

7. Әкімшілік іс жүргізуді реттейтін заңдарға сәйкес әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асырады; хаттамалар жасауға, әкімшілік жазалау шара- ларын қолдануға, тәртіп бұзушыларды жеткізуге, кісінің жеке басын тексеруге, сондай-ақ заттары мен құжаттарын тексеруге және алып қоюға;

8. 18 жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстауға құқығы бар.

9. Әкімшілік қамауға алынған адамдарды ұстауға;

10. Заңдарда көзделген жағдайларда белгілі тұрғылықты орны, құжаттары жоқ адамдарды олардың жеке басын куәландыру және тиісті органдар мен мекемелерге (көші – қон, медицина, әлеуметтік және өзге де) беру мақсатында соттың санкциясымен 30 тәулікке дейінгі мерзімге ұстауға және қабылдау – бөлу орындарында отырғызуға;

11. Қоғамдық орындарда адамның қадір – қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мастық күйінде жүрген немесе айналадағыларға не өзіне зиян келтіруі мүмкін, ал тұрғын үйде бо- лып, қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды олармен бірге тұратын азаматтардың

арыздары бойынша арнаулы медицина мекемелеріне не ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне жеткізуге және оларды айыққанға дейін ұстауға;

12. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды бақылау жөніндегі заңда көзделген шараларды қолдануға, ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында және олардың маңындағы аумақтарда режимдік талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға; ішкі істер министрі белгілеген тәртіппен уақытша ұстау изоляторларына ерекше жағдайлар режимін енгізуге;

13. Азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыс жасаған, әкімшілік құқық бұзған деп сезіктенген адамдардың ізіне түскен кезде не ол жерде қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жа- салуда жазатайым уақиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, сондай-ақ дүлей апаттар, күйреулер, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде азаматтардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың тұрғын және басқа жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, аумаққа және үй жайларға (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге және оларды тексеруге хақылы. Бұларға басып кірген жағдайлар жайында осыған уәкілдік берілген ішкі істер органдары 24 сағаттың ішінде прокурорды хабардар етуге;

14. Жергілікті атқарушы немесе басқа өкілетті мемлекеттік орган өкілінің ұйғаруымен жиналысты, митингті, демонстрацияны, шеруді, пикетті, оның ұйымдастырушылары аталған шараларды өткізу тәртібі туралы заң талаптарын сақтамаған жағдайда, тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

15. Заңдарда белгіленген тәртіппен және реттерде көлік құралдарын тоқтатуға және жүргізушілердің оларды пайдалануға және жүргізуге құқық беретін құжаттарын, жүктер мен оларды тасымалдауға құқық беретін құжаттарын тексеруге; мас адамдарды көлік құралдарын жүргізуге немесе пайдалануға құқық беретін құжаттары жоқ адамдарды, сондай-ақ заңдарда көзделген басқа да жағдайларда, көлік құралын жүргізуден шеттетуге; заңдарда көзделген негіздер бойынша көлік құралдарын ұстауға және ішкі істер министрлігі белгілейтін мәжбүрлеу тәртібімен оларды жергілікті атқарушы органдардың шешімімен жасалған арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға уақытша сақтау үшін жеткізуге, сондай-ақ көлік құралдарының жүріс бөліктерін жауып тастауға; көшелер мен жолдарда көліктің және жаяу адамдардың жүруін,

сондай-ак оларда жүргізіліп жатқан барлық жұмыстарды уақытша шектеуге немесе оларға тыйым салуға;

16. ҚР Үкіметі айқындайтын тәртіппен жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, әкелуге, әкетуге; заңды тұлғаларға: жарылғыш материалдарды сатып алуға, сақтауға; азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтауға; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге; атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттар беруге;

17. Әуе кемелері ұшуының, сондай-ак жолаушылар поездарының, теңіз және өзен кемелерінің ұшу-жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында олардың жолаушыларын және теңдеме жүктерін тексеруді жүзеге асыруға; белгіленген тәртіппен қаруды, оқ - дәрілерді, есірткілер- ді және алып жүруге тыйым салынған өзге де заттар мен нәрселерді алуға;

18. Өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, азаматтардың табиғат қорғау және малдәрігерлік заңдардың талаптарын орындауын, ұйымдардың табиғат қорғау, санитариялық – эпидемиялогиялық және эпизоотияға қарсы шаралар жүргізуін бақылауға; ұйымдар әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен бұл талаптардың орындалуына тексеру жүргізуге; қоршаған ортаға қауіп төндіретін тәртіп бұзушылықтар, індеттер мен эпизоотиялар пай- да болған кезде ұйымдардың жекелеген өндірістер мен учаскелердің жұмысын ішінара немесе толық тоқтатуға;

19. Қылмыстың және басқа да құқық бұзушылықтың ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған шаралар жөнінде заңды және жеке тұлғаларға орындауға міндетті ұйғарымдар, ұсынулар және ұсыныстар беруге, сондай-ак созылмалы маскүнемдік, есірткі құмарлық, уыт құмарлық ауруына шалдыққан, жүйке бұзылуынан зардап шегетін және басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын не қоғамдық тәртіпті бұзатын адамдарды еріксіз емдеу үшін денсаулық сақтау органдарына ұсыныстар мен материалдар жіберуге;

20. Оралман мәртебесін беру тәртібін, оралманның және оның отбасы мүшелерінің уақытша орналастыру орталықтарында, сондай-ак оралмандарды бейімдеу және орталықтарында болуының тәртібі мен уақытын айқындауға;

21. Сотталған адамның жеке психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізуге түзеу ықпалын, оның ішінде психологиялық – педогогикалық әдістерді қолданып ықпал етуге;

22. Сотталған адамдарды түзеу мекемелерінің орындарында немесе басқа да ұйымдарда еңбекке, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес еңбекақы төленбейтін жұмыстарға тартуға;

23. Қылмыстық – атқару инспекциясының есебінде тұрған адамдарды қадағалауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында олар тұратын тұрғын үй жайларға, оларға тиесілі жер учаскелеріне, оқу немесе жұмыс орны бойынша кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың өндірістік және өзге де үй жайларына кедергісіз кіруге;

24. Қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және құқық бұзушылықта қарсы күресте көзге түскен азаматтарды көтермелеуге; Ішкі істер органдары туралы заңда, ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің және үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арнайы құралдар мен атыс қаруын алып жүру, сақтау, қолдану құқығы беріледі. Олар дене күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдануға құқылы. Ішкі істер министрлігінің “Ішкі әскерлер комитеті”, “Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті”, “Тергеу комитеті”, “Криминалдық полиция комитеті”, “Әкімшілік полиция комитеті”, “Жол полициясы комитеті” – ведомстволары болады.

Криминалдық полицияның негізгі міндеттері: қылмыстарды анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, оны ашу және тергеу, ішкі істер органдарының жүргізуіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама ісін жүргізу, тергеуден, анықтамадан және соттан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен және ҚР заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады. Криминалдық полицияны жедел іздестіру, тергеу, ғылыми – техникалық және ҚР Ішкі істер министрлігіне тікелей бағынатын және оның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері: қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, ҚР заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, ұсталған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын

кесу, өз құзыреті шегінде көші қон процестерін реттеуді және халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді жүзеге асыру, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау, ҚР заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген лицензиялау мен рұқсат ету қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Әкімшілік полицияны полицияның учаскелік инспекторлары мен кәметке толмағандар жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері сақшылық қызмет, лицензиялық және рұқсат ету жүйесі, табиғат қорғау және мал дәрігерлік полиция, жол полициясы бөлімшелері, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері және әкімшілік полицияның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті бөлімшелер құрайды.

Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы арнаулы орган болып табылады және ішкі әскерлердегі құқық тәртібін қамтамасыз етуге, әскери қылмыстар бойынша, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери қызметшілері жасаған басқа да қылмыстар бойынша анықтаманы жүзеге асыруға, олардың арасындағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жолын кесуге, әскери қылмыстарды ашуға ішкі әскерлердің қызметшілерін іздестіруге арналған. Әскери полиция бұған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы жүктелген міндеттерді өз құзыреті шегінде орындау үшін ішкі істер органдарының өкілеттігін пайдаланады.

Ішкі істер министрлігі қолданыстағы заңнамаға сәйкес ведомстволарға мынадай функцияларды жүзеге асыруды жүктейді:

- Өз құзыретінің шегінде қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстарды болдырмау, жолын кесу және ашу, алдын ала тергеу мен анықтауды жүзеге асыру, көші-қон заңнамасын сақтау, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы, сондай-ақ олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ҚР азаматтығына байланысты мәселелерді қарау, күзет қызметін жүзеге асыру, арнайы мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақталуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаты;
- Қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды, сондай-ақ нашақорлыққа және

есірткі бизнесіне қарсы күрес стратегиялары мен бағдарламаларын іске асыруды;

- ҚР заңнамасына сәйкес қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті сақтаудың, қылмысқа қарсы күресті құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алуды жетілдіруге бағытталған, заңсыз көші-қонға қарсы іс қимыл бойынша шараларды әзірлеуді;
- Жедел іздестіру және криминалистикалық қызметті;
- Ішкі істер органдарының құзіретіне жатқызылған қылмыстар бойынша алдын ала тергеу мен анықтауды, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу жөніндегі профилактикалық қызметті, өз құзыретінің шегінде қылмыстарды анықтауды, болдырмауды, жолын кесуді, алдын алуды, ашуды ұйымдастыру мен жүзеге асыруды;
- Қылмыстарды ашу және қылмыскерлер мен олардың байланыстарын айқындау үшін ақпараттық – талдамалық қызметті пайдалануды;
- Қылмыс жасаған, анықтауға, тергеуге немесе сот органдарынан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаларын өтеуден, әскери қызметтен шақырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды, борышкерлерді және өзге де адамдарды іздестіруді жүзеге асыруды, танылмаған мәліметтерді сәйкестендіруді;
- Өз құзыретінің шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді, заңнамаға сәйкес лицензиялар мен рұқсаттар беруді, лицензиаттарды қызметіне, оның ішінде оған қойылатын біліктілік талаптарына олардың сай келуіне бақылау жасауды;
- Сот ұйғарымдарын, қаулыларын, іздестіру, тергеу ісін жүргізу және заңда көзделген өзге де процессуалдық әрекет кезінде прокурордың, тергеушінің және анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындауды;
- Жаппай тәртіпсіздіктердің, оның ішінде түзеу мекемелерінде жолын кесуге қатысуды;
- Арнайы есептерді қалыптастыруды, жүргізуді;
- Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы, сондай-ақ олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс қимылға қатысты мәселелер бойынша бірыңғай деректер банкін қалыптастыруды;
- Азаматтарды қабылдауды, азаматтардың, лауазымды адамдардың ауызша және жазбаша өтініштерін уақытылы және толық қарауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды;
- Ішкі істер органдарында есепте тұрған тұлғалардың мінез – құлқын бақылауды;

- Қамаудағылар мен сотталғандарды күзету үшін бақылауды;
- Ішкі істер органдары мен бөлімшелеріне бағыныстағылардың іс – әрекетін бақылауды;
- Заңнамада белгіленген тәртіп пен қылмыс жасаған адамдарды ұстау бойынша жедел іздестіру іс-шаралары, операциялар жүргізуді, сондай-ақ оларды өзге де құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың жүргізуіне және жүзеге асыруына жәрдем көрсетуді;
- Қылмыс жасаған немесе күдіктілігі бойынша ұсталғандар мен тұтқындалғандарды, белгілі тұрғылықты жері мен құжаттары адамдарды ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұстауды, күдіктілер мен айыптыларды айдауылдауды, қылмыстық (әкімшілік) процесі жүргізуші органдардың оларға қатысты қаулыларының, ұйғарымдарының және үкімдерінің атқаруын, сондай-ақ кәметке толмаған адамдарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында ұстауды ұйымдастыруды;
- Халықты құқықтық тәрбиелеу жөніндегі шараларды іске асыруды, құқықтық тәртіп пен ішкі істер органдары қызметінің жай күйі туралы қоғамдық пікірді зерделеуді;
- ҚР азаматтығына қабылдау және азаматтықтан шығу бойынша материалдарды қарауды, оларды тіркеуді;
- Өз құзыреті шегінде ҚР азаматтарына тұрақты тұру үшін шетел-ге шығуын, шетелдік азаматтарға виза беруді ресімдеуді;
- Қорғаулы халықаралық шарттарға сәйкес мемлекеттік жүктелген объектілердің күзетілуін қамтамасыз етуін;
- Режимдік ерекше күзетілетін объектілерді және мемлекеттік күзетуге жататын объектілердің күзетілуін қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- ҚР-да тұрақты тұратын адамдардың, сондай-ақ шетелде тұрақты тұратын ҚР азаматтарының азаматтығын өзгеруі туралы, ҚР тіркеу және құжаттандыру туралы ақпарат алмасу мәселелері бойынша әділет органдарымен өзара іс-қимыл жасауды;
- Тұрақты тұрмайтын ҚР азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекара аймағына кіруге құқығы бар құжаттарды ресімдеуді;
- ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметімен бірлесіп, шекаралық режим ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді;
- ҚР шекаралық ауданындағы құқықтық тәртіп жағдайы, тұрғылықты жерлерін белгісіз жағдайда тастап кеткен адамдар, ҚР Мемлекеттік шекарасына және ҚР Ұлттық қауіпсіздік ко-митеті Шекара

қызметіне қатысты құқыққа қарсы, ұмтылған қылмыс топтары мен адамдар туралы ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін хабарландыруды;

- ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне Мемлекеттік шекарасы мен оның режимін, ҚР Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде, режимді бұзған адамдарды іздестіруге, ҚР Мемлекеттік шекарасында азаматтармен жасалған құқық бұзушылықтың жағдайларын анықтауға және тіркеуге көмек көрсетуді;
- ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынысы бойынша шекара аумағында (жолағында) орналасқан жерлердің немесе объектілердің жекелеген учаскелеріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, шекараны бұзушыларды шекаралық іздеу, қарулы шабуылға тоқтауыл жасауда немесе ҚР аумағына шекаралас мемлекет азаматтарының жаппай өту кезінде ҚР азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға оның ішінде босқындарға уақытша шектеу қоюды немесе кіруге тыйым салуды;
- Азаматтар мен лауазымды тұлғалардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың оларға белгіленген ҚР аумағына келу, кету, болу және ол арқылы транзиттік өту ережелерін сақтауын бақылауды;
- Заңды тұлғалардың қызметін, оның ішінде шетел жұмыс күшін тарту ережесін сақтау, елімізде шетелдіктердің болуына виза беру бөлігінде бақылауды, ҚР заңнамасына сәйкес азаматтардың елдерге шығуын шектеу және шетелдіктерді тұрақты тұруға қалдыру туралы шешімдер қабылдауды;
- Пана іздеген адамдарды және босқындарды уәкілетті органның қабылданған шешімдерін соттың заңды күшіне енген шешімдерін орындау үшін мәжбүрлеп шығарып жіберуді;
- ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің және үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады;
- Ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде режимдік талаптардың сақталуын бақылауды ұйымдастырады;
- Кәмелетке толмаған адамдарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында ұстауды бақылауды; азаматтық және қызметтік қару мен оның оқ дәрілері айналымын бақылауды;
- Заңды тұлғаларға түрлі – түсті көбейту мен техникасын, жарылғыш, күшті әсер ететін улы заттарды сатып алуға, сақтауға, әкелуге, әкетуге, азаматтық және қызметтік қаруларды және оның оқтарын,

азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасаған бұйымдарды сақтауға, тасымалдауға, әкелуге, әкетуге, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласында объектілер мен үй – жайларды пайдалануға; ату тирлері мен стендтерін, штемпельді

граверлік кәсіпорындарды ашу мен олардың жұмыс істеуіне, ал жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның оқтарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, әкелуге, әкетуге рұқсат беруді;

карантиндік, санитарлық және экологиялық іс-шараларды, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде өткізуге қатысуды;

денсаулық сақтау мекемелеріне олардың ұсыныстары бойынша шақыруға келмейтін, маскүнемдікпен, нашақорлықпен, уытқұмарлықпен азап шегетін, жыныстық аурулармен немесе адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырғандардың келуін; құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау және жою бойынша жұмысты, сондай-ақ есірткі құралдарын заңсыз тасымалдау арналарын жабу жөніндегі басқа да шаралар өткізуді;

нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күресудің халықаралық тәжірибесін талдау мен қорытындылауды, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылауды, осы саладағы заңнаманы қолдануды;

есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды егу, өндіру, дайындау, сақтау, бөлшек көтерме және халықаралық сатуда, бөлу, зерттеу тәртібін, оларды дайындау үшін шикі заттарды, материалдарды, сондай-ақ есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімдері мен жіктеуінде көрсетілген өсімдіктерді, заттарды, препараттарда анықтайтын нормаларды әзірлеуді;

ҚР-да бақылауға алуға жататын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне және заңсыз айналымда табылған шағын, ірі және аса ірі көлемде есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың жиынтық кестесіне енгізетін өзгертулер мен толықтырулар жөнінде ұсыныстар енгізуді;

құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық квоталарды бекіту үшін ҚР есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорларға қажеттілік нормаларын анықтауды;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың барлық түрлерінің ауқымын болжауды, олардың жаңа түрлерінің

пайда болуын, оларды өндірілуі және таратылуын болдырмау жөнінде шаралар әзірлеуді;

- ҚР-дағы есірткі ахуалының жай күйін және даму үрдісін, есірткілердің заңсыз айналымға түсетін өңіраралық көздер мен арналарын талдауды, олардың жолын кесу жөніндегі шараларды әзірлеуді, тиісті ақпараттық талдамалық материалдарды дайындауды;
- мемлекеттік органдармен бірлесіп есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын және олардың заңсыз айналымына және олардың заңсыз айналымына және пайдалануына қарсы іс қимыл саласында мемлекеттік саясат пен стратегияны әзірлеуге және іске асыруға қатысуды;
- есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасасу шараларын бақылауды;
- іс жүзіндегілермен салыстырғанда аса тиімді, қауіпсіздігі төмен, есірткілік әсері әлсіз есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу және енгізу үдерісін бақылауды;
- ішкі әскерлердің жасақталуын жоспарлауды және ұйымдастыруды;
- төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету және төтенше оқиғалардың салдарларын жою үшін, сондай-ақ заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күрес, жанжал аудандарын оқшаулау және тосқауыл қою, аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, террористік актілердің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу, тайталасушы тараптарды ажырату үшін Ішкі әскерлерді тарту туралы шешімдерді орындауды, заңсыз қарулы құралымдарды қарусыздандыру және жою, жанжал аудандарында халықтан қаруды алып қою, жанжал аудандарына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізуді;
- Ішкі әскерлер кадрларын іріктеу, бөлу, оларды республика аумағында орналасқан жоғарғы оқу орындарында, сондай-ақ шартты негізде басқа мемлекеттердің әскери оқу орындарында оқыту жөніндегі жұмыстарды;
- медициналық қамтамасыз етуді, ұйымдастыруды және құрылымдардың, ішкі әскерлер әскери бөлімшелерінің және әскери оқу орындарының орналасқан жерлеріндегі санитарлық эпидемиологиялық салауаттылықты қадағалауды;
- қылмыстық процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, ар намысын, абыройын және мүлкін қорғауды қамтамасыз етуді;

- ҚР-ның халықаралық шарттарына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі сауалдарын орындауды;
- жедел іздестіру іс-шаралары мен арнайы операциялардың өткізілуін бақылауды;
- әскери тергеу органдарының қызметін бақылауды;
- қылмыстық және басқа да процестерге қатысушылардың өмірін, денсаулығын, ар намысын, абыройын және мүлкін қорғау үшін бақылауды;
- профилактикалық іс-шараларды өткізу тәртібін әзірлеуді және тұрғындарды жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарына және ережелеріне оқытуды;
- жол көлік оқиғаларын ескерту және жолын кесу жөнінде шаралар әзірлеуді;
- жеңіл, жүк автомобильдерін және автобустарды олардың базасында дайындалған арнайы автомобильдерді, мотоциклдерді, мотороллерлерді, сондай-ақ автомобильдермен бірге қозғалуға арналған тіркемелерді, оның ішінде басқа мемлекеттерде тіркелгендердің және ҚР аумағына, екі айдан астам мерзімге әкелінгендерін қоса алғанда мемлекеттік тіркеу және есепке алу тәртібін әзірлеуді;
- мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгілерінің, көлік құралдары мен тіркемелерді тіркеу туралы куәліктердің, жүргізуші куәліктерінің және көлік құралдары мен жүргізушілерге жол қозғалысына рұқсат беруге қажетті басқа да арнайы өнім үлгілерін әзірлеуді;
- автмотокөлік құралдарын және олардың тіркемелерін мемлекеттік техникалық тексеруден өткізу тәртібін әзірлеуді;
- ҚР заңнамасында көзделген автмотокөлік құралдарын және олардың тіркемелерін, оның ішінде сенімхат және басқа да құжаттар бойынша пайдаланатын адамдарды тіркеу мен есепке алудың тәртібін әзірлеуді;
- белгіленген тәртіппен көлік құралдарына ілесіп жүруді жүзеге асыруды;
- жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ғылыми зерттеулер мен ғылыми техникалық әзірлемелер ұйымдастыруға қатысуды;
- автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, темір жол өтпелерін, қалалық электрлік көлік желілерін, сондай-ақ автмотокөлік

техникасының жаңа үлгісін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуды;

- жол қозғалысын реттеуді қамтамасыз етуді;
- мүдделі мемлекеттік органдармен жол қозғалысы қауіпсіздігіне, көшелер мен жолдардың құрылысына және қайта жаңғыруға, сондай-ақ жүргізушілерді дайындаудың көлік құралдары мен оқу бағдарламаларын құрастыруға қатысты ережелердің, нормативтер мен стандарттардың жобаларын келісуді, жол қозғалысына қатысуға автотокөлік құралдары мен олардың тіркемелеріне және жүргізушілерге рұқсат беруге байланысты жұмыстарды жүргізуді жүзеге асырады.

## **Ішкі істер органдарының өкілеттіктері**

### **1. Ішкі істер органдары:**

- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғауға;
- қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;
- қылмыстарды анықтауға, болдырмауға, жолын кесуге және ашуға, осы мақсатта жедел-іздістіру және профилактикалық іс- шаралар өткізуге;
- Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіпшен құзыреті шегінде құқық бұзушылықтың профилактикасы бойынша шаралар қабылдауға;
- құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан, оқыс оқиғалар мен жазатайым жағдайлардан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге;
- меншіктің барлық нысандарын құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдауға;
- кез-келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы арыздарды немесе хабарламаларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, сондай-ақ арыз иесіне заңнамада белгіленген мерзімде арыздарды қарау нәтижелері туралы толық және шынайы ақпарат ұсынуға;
- жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы алынған хабарламаға шұғыл ден қоюға, оның ішінде оқиға орнына дереу келуге, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу бойынша шаралар қабылдауға;
- қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін

себептер мен жағдайларды анықтауға, оларды жою бойынша шаралар қабылдауға;

- қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау бойынша шаралар қабылдауға;
- жедел-іздістіру қызметін жүргізуге;
- өздеріне осы Заңмен жүктелген міндеттерді орындауды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың заңды қызметіне араласпауға;
- ішкі істер органдарының беделін түсіруге ықпал ететін әрекет жасауға жол бермеуге және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;
- табельдік қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш құрылғылар мен заттардың, басқа да мүліктің, арттехқару-жарақтың сақталуын, сақтау жағдайларын, оларды есепке алуды бақылауды жүзеге асыруға;
- күзет қызметі саласында, күзет дабылы құралдарын монтаждау, орнату және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті, сондай-ақ режимдік, ерекше күзетілетін және мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді күзетуді қамтамасыз етуге;
- қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтын мас күйде жүрген адамдарды, сондай-ақ азаматтардың өтініштері бойынша олардың тұрғын жайларынан медициналық ұйымдарға жеткізуге;
- қоғамдық қауіпті әрекеттері үшін соттардың шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарып жүрген адамдарды іздеуді жүзеге асыруға, ұстауға және арнайы медициналық мекемелерге жеткізуге;
- жаппай тәртіпсіздіктердің, топтасып бағынбаушылықтардың, оның ішінде арнайы мекемелерде және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жолын кесуге;
- мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды және құпиялылық режимінің сақталуын ведомстволық бақылауды қамтамасыз етуге;
- ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- дербес деректерді өңдеу кезінде заңнама талаптарын сақтауға;
- қылмыстық-атқару жүйесіндегі төтенше оқиғалар жағдайларына қызметтік тергеу жүргізуге, олардың себептерін анықтауға және талдауға, осындай жағдайларды болдырмау жөнінде шаралар қабылдауға;

- персоналдың, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- адамның және азаматтың жеке өміріне қол сұғылмаушылықты, жеке, отбасылық, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қозғайтын мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік және өзге де құпияларды жария етпеуге;
- ұсталған немесе қамауға алынған адамды сот (судья) шешімінің негізінде, сондай-ақ ұстау немесе қамау мерзімі аяқталғаннан кейін дереу босатуға;
- ішкі істер органдары оған қатысты мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолданған азаматтан жазбаша немесе ауызша түрде ресми кешірім сұрауға міндетті. Ішкі істер органдарының заңсыз әрекеттері нәтижесінде залал келтірілген азаматтарды, ұйымдарды моральдық немесе мүліктік оңалту бойынша заңда көзделген шараларды қабылдауға міндетті.
- Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді атқарады.

#### Ішкі істер органдары:

- жеке тұлғалардан қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды, құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатуды талап етуге, ал бұл талаптар орындалмаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға;
- объективті негіздер болған жағдайда жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ орындалуын бақылау, ішкі істер органдарына жүктелген белгіленген ережелердің сақталуын тексеру үшін қажетті басқа да құжаттарды тексеруге;
- қылмыстар, құқық бұзушылықтар жасауда күдікті адамдарды және әкімшілік қамауға алынған адамдарды ұстауға;
- қылмыстарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа органдарға, ұйымдар мен лауазымды адамдарға орындалуы міндетті тапсырмалар беруге;
- өндірістегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша күндізгі уақытта ішкі істер органдарына жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдерін шақыруға, олардан түсініктемелер мен жауаптар, құжаттар, олардың көшірмелерін алуға, ал заңды талаптар орындалмаған жағдайда оларды мәжбүрлеп әкелуге және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға;
- әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыруға; хаттамалар толтыруға;

- әкімшілік жазаға тартуға, әкімшілік ұстау, жеке тексеру жүргізуге, сондай-ақ заттары мен құжаттарын тексеруге және алып қоюға;
- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды жеке басын анықтау мақсатында оларды соттың санкциясымен ұстауға және қабылдау тарату орындарында ұстауға;
  - зерттеулер жүргізуге; криминалистикалық есептерге қою үшін күдіктілерді, айыпталушыларды, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген адамдарды, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынған адамдарды фотосуретке түсіруге, даусын жазуға, кино және бейнетаспаға түсіруге, ДНҚ мен одорологиялық үлгілерін іріктеуге, дактилоскопиялауға;
  - заңсыз митингілердің, шерулердің, пикеттер мен өзге де акциялардың, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікке, жеке тұлғаның өміріне, денсаулығына және меншігіне және заңмен қорғалатын басқа да құқықтарына қауіп төндіретін бейбіт жиындардың жолын кесуге;
  - төтенше, соғыс жағдайларында, сондай-ақ қылмыскерлер мен құқық бұзушыларды ұстау мақсатында елді мекендерде, жол магистральдарында және аумақтық суларда рейдтер жүргізуге; рейд жүргізу кезінде ішкі істер органдары заңда белгіленген тәртіппен адам мен көлік құралын ұстауға, азаматтардан жеке басын куәландыратын құжаттарын, көлік құралдарын басқару құқығына құжаттарын талап етуге;
  - жедел, анықтамалық, профилактикалық, криминалистикалық, ақпараттық-талдамалық сипаттағы мамандандырылған ведомстволық есептерді құруға және пайдалануға;
  - ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық және телекоммуникациялық желілерді, байланыс желілерін, банк және деректер қорларын құруға, пайдалануға және жетілдіруге, ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға;
  - алкогольдік өнімді, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды тұтынуы тұрғысынан куәландыру үшін адамдарды заңда көзделген тәртіппен медицина ұйымдарына жеткізуге;
  - ішкі істер органдарына жүктелген функцияларды іске асыру үшін азаматтармен жария немесе жасырын негізде ынтымақтастық орнатуға;
  - қылмыс жасағаны үшін күдікті адамдардың ізіне түсу, оқиға орнына жету, соғыс немесе төтенше жағдай қолданылатын кезеңде, қарулы қақтығыс жағдайларында, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, азаматтарды емдеу

- мекемелеріне жеткізу кезінде, сондай-ақ кідіртуге болмайтын өзге де жағдайларда көлік құралдарын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ оған тиісті залал келтірілген жағдайда иелеріне мемлекеттік бюджет есебінен шығыстарын өтей отырып, көліктің кез келген түрін (дипломатиялық иммунитеті бар ұйымдардың, жедел медициналық көмек қызметтерінің көлік құралдарынан басқа) пайдалануға;
- ішкі істер органдарының қызметін жария ету, қылмыстардың мән-жайларын және оларды жасағаны үшін күдікті адамдарды анықтау, іздестіру үшін және қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде туындаған өзге де жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдалануға;
  - заңнамада тікелей көзделген жағдайларда азаматтардың тұрғын және өзге де үй-жайларына, заңды тұлғалардың үй-жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне кедергісіз кіруге және оларды қарауға;
  - егер жеке тұлғалардың тұрғын үйлерде, жергілікті жердің белгілі бір учаскелерінде болуы адамның өмірі мен денсаулығына, меншік объектілеріне қауіп төндіретін болса, ұйымның жұмысын бұзса, көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысына, сондай-ақ жедел іздестіру іс-шараларын, тергеу амалдары мен бұқаралық іс-шараларды жүргізген жағдайларда кедергі келтіретін болса, олардың сол жерлерге кіруін немесе болуын шектеуге, уақытша тыйым салуға;
  - елді мекендер мен қоғамдық орындарды патрульдеуге, күзетте ұстаудан қашқан адамдарды іздестіру кезінде бақылау-өткізу пункттерін өздiгiнен, ал карантиндік іс-шараларды өткізу кезінде, сондай-ақ құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктер жап-пай өсетін, балықтың құнды тұқымдары уылдырық шашатын жерлерде, ұлттық саябақтардың, мемлекеттік қорықтар мен қаумалдардың аумағында тиісті атқарушы органдар мен лауазымды адамдардың шешімімен бақылау өткізу пункттерін орнатуға;
  - техникалық жағдайы жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға; кемшіліктерді жою бойынша орындалуы міндетті ұйғарымдар беруге, ұйғарымдар орындалғанға дейін олардың желіге шығарылуын тоқтата тұруға;
  - көлік құралдарын тоқтатуға және жүргізушілердің оларды пайдалануы және жүргізу құқығына, жүкке және оны тасымалдау құқығына, оларды уақытша әкетуге арналған құжаттарын, көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті

- сақтандырудың сақтандыру полисін тексеруге, мас күйдегі, көлік құралдарын жүргізуге немесе пайдалануға құқық беретін құжаттары жоқ адамдарды, сондай-ақ заңда көзделген басқа да жағдайларда көлік құралын жүргізуден шеттетуге, көшелер мен жолдарда көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысын уақытша шектеуге немесе тыйым салуға;
- профилактикалық іс-шаралар және қылмыс жасағаны үшін күдікті немесе күзетте ұстаудан қашқан адамдарды ұстау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде көлік құралдарын тексеруді жүзеге асыруға;
  - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, карантиндік іс-шаралар өткізу; қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін, сондай-ақ елді мекеннің инфрақұрылымының тіршілік қызметін бұзатын жаппай тәртіпсіздіктер мен топтық әрекеттердің жолын кесу; іздестірудегі адамды ұстау; кепілдегі адамдарды босату; қылмыс, құқық бұзушылық жасағаны үшін күдікті адамдардың ізіне түсу; терроризмге қарсы операцияларды жүргізу, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғылардың, улы және радиоактивті заттардың табылғаны туралы мәліметтерді тексеру; спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу жағдайларында жергілікті жердің учаскелерін қоршауға алуға (блоктауға);
  - табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде өртке қарсы және авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын, көлік құралдарын және басқа да материалдық-техникалық құралдарды, меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың байланыс және химиялық қорғану құралдарын тартуға, қажет болған жағдайда адамдарды, материалдық құндылықтарды қауіпті аймақтан көшіруге өкім беруге; құтқару жұмыстарын жүргізу және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою кезеңінде цехтар мен объектілердің жұмысын тоқтата тұруға; барлық тұрғын, өндірістік және басқа да үй-жайларға бөгетсіз кіруге, сондай-ақ азаматтарды құтқаруға бағытталған өзге де шараларды қабылдауға;
  - мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерге өтетін жеке тұлғаларды жеке тексеруді жүргізуге;
  - заңда белгіленген тәртіппен қаруды, оқ-дәрілерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ тасуға, алып өтуге және алып жүруге тыйым салынған өзге де заттар мен нәрселерді алып қоюға;

- өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, ұйымдардың, азаматтардың табиғатты қорғау, санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) және эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуін бақылауға;
- өз құзыреті шеңберінде қылмыс және құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға, заңды және жеке тұлғаларға орындалуы міндетті ұйғарымдар, ұсыныстар беруге;
- Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әуе кемелеріне өтеусіз аэронавигациялық қызмет көрсетілуіне;
- заңнамада белгіленген тәртіппен жеке тұлғалардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге;
- алкогольдік сусындарды, уытты, есірткі және өзге де психотроптық құралдарды тұтыну фактілерін анықтау мақсатында қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес куәландыру жүргізуге;
- режимдік талаптар белгіленген қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағында және оған іргелес жатқан аумақтағы адамдарды, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеруге; азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруге, сондай-ақ тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін тыйым салынған заттар мен құжаттарды алып қоюға;
- көлік қозғалысын уақытша шектеуге немесе тыйым салуға, азаматтардың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағына, сондай-ақ оларға іргелес жатқан аумаққа кіруіне рұқсат бермеуге немесе ерекше жағдайлар режимі енгізілген кезде оларда қалуға не ол жерден кетуге міндеттеуге;
- жүргізілетін тәрбиелік іс-шараларға сотталғандарды міндетті түрде қатысуға тартуға;
- әкімшілік немесе қылмыстық заңнаманың әрекетіне түсетін іс-әрекеттерді жасаған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне іргелес аумақтарда ұстауға, оларды ішкі істер органдарына жеткізуге;
- қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардан оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен және сот үкімдерімен жүктелген міндеттерді орындауын талап етуге;
- прокурордың азаматтар мен лауазымды адамдарды мәжбүрлеп жеткізу (күштеп әкелу) туралы қаулыларын орындауға, сондай-ақ прокурордың өз құзыреті шегінде шығарған өзге де жазбаша тапсырмалары мен талаптарын орындауға; заңнамада белгіленген тәртіппен адамдарды мәжбүрлеп әкелуді жүзеге асыруға;

- заңнамамен белгіленген тәртіпте қоғамдық тәртіпті сақтауда және қылмысқа қарсы күресте ерекше көзге түскен азаматтарды көтермелеуге;
- заңнамада көзделген жағдайларда қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесі қызметіне тартуға;
- астыртын ұйымдарды бүркемелеу мақсатында басқа мемлекеттік органдардың және ұйымдардың ведомстволық құжаттарын қолдануға құқылы. Бұл құжаттарды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

## **§2. Полиция органы саласын басқару**

Ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары бар.

Ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін ҚР Ішкі істер министрлігі, оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Респу- блика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департамент- тері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, кенттік, желілік ішкі істер органдары және қылмыстық атқару жүйесінің органдары мен меке- мелер ұйымдары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.

Ішкі істер органдарының құрамында криминалдық полиция, әкімшілік полиция және полицияның өзге де қызметтері, сондай-ақ ішкі істер министрлігінің, әскери құрылымдар мәртебесі бар әскери – тергеу органдар мен әскери полициясы құрылады.

Үкімет жарылғыш материалдарды, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдалану арқылы жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау, әкелу және әкету; есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында объектілерді және үй – жайларды пайдалану; атыс түрлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеу тәртібін азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру тәртібін белгілейді; ҚР конституциясымен, заңдарымен және ҚР Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын ҚР орталық атқарушы органы болып табылады. Ішкі істер

министрлігінің жалауы, туы және рәмізі болады. Ішкі істер министрлігі жалауының, туының және рәмізінің, оған бағынатын органдар туларының сипаттамасын ҚР Президенті бекітеді.

Ішкі істер министрлігінің және оның аумақтық органдарының құзыреті Ішкі істер органдары туралы заңмен айқындалған. Осыған сәйкес ішкі істер министрлігінің функциялары мен құқықтары жоғарыда аталған министрлік туралы ережемен белгіленген.

Министрліктің негізгі міндеттері қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, қылмысқа және есірткі бизнесіне қарсы күрес, есірткі мен қару жарақ айналымын бақылауды қамтамасыз ету, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

Министрлік өз қызметін ҚР Конституциясына, заңдарына, ҚР президентінің, Үкіметінің, актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге және министрлік туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

ҚР заңнамасына сәйкес ішкі істер министрлігі өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін мынадай функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- Қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді;
- Қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік бағдарламалар әзірлейді және іске асырады;
- ҚР президенті мен Үкіметіне, мемлекеттік органдарға республикадағы қылмысқа қарсы күрестің, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ақпарат береді;
- Мемлекеттік органдарды және өзге ұйымдардың қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымын мен олардың теріс пайдалануына қарсы күрес, құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау және жою мәселелері жөніндегі қызметтік, сондай-ақ есірткі құралдарын заңсыз тасымалдау арналарына тосқауыл қою, жол қозғалысы қауіпсіздігін, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алуды қамтамасыз ету жөніндегі басқа да іс-шараларды ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- Министрлік қызметінің аясына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

- Ішкі істер органдары жүйесінде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатының іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- Ішкі істер органдары мен ішкі әскерлер органдарына басшылықты және олардың өзара іс – қимыл жасау тәртібін айқындайды;
- Өз құзыреті шегіндегі мәселелер бойынша жедел іздестіру және алдын алу іс-шараларын өткізу бойынша ұйымдастыру басшылығын жүзеге асырады;
- Авария, өрт, табиғи апат салдарын жою кезінде және басқа да төтенше әскери жағдайды енгізген жағдайда қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;
- ішкі істер органдарында мемлекеттік құпияларды қорғауды,
- министрлік қызметтің аясына жататын мәселелер бойынша құпиялық режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- өз құзыретіндегі мәселелер бойынша нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттар шығарады;
- арнаулы және әскери тасымалдауларды ұйымдастырады;
- режимдік, ерекше қорғалатын объектілерді және мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді қамтамасыз етеді;
- ҚР заңдарына сәйкес қылмысты ашуды және тергеуді, алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады;
- Қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдар өмірінің, денсаулығының, абыройы мен беделінің және мүлкінің қорғалуын бақылауды жүзеге асырады;
- Іздестіру, тергеу және ҚР заң актілеріне көзделген өзге де іс жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдарын, судьялардың қылмыстар профилактикасы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау, халық тарапынан сенім мәселелеріне басымдық беріп, өкілді органдар мен жұртшылық беретін сыртқы бағалау тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингтік бағасын енгізіп, есептілік қызметті бағалау жүйесін жетілдіреді, сондай-ақ азаматтық

қоғам институттарымен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын белгілейді;

- қаулыларын, прокурордың, тергеушілердің, алдын ала жауап алушылардың жазбаша тапсырмаларын орындауды жүзеге асырады;
- министрліктің ішкі әскерлердің қамауға алынғандар мен сотталғандарды күзетуін және айдап алып жүруін бақылауды жүзеге асырады;
- жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастыруын үйлестіреді, көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу мен есепке алу, оларды пайдаланушы адамдарды тіркеу мен есепке алу, емтихан қабылдау және жүргізу құқығына арналған куәліктер беру тәртібін айқындайды, көлік құралдарының жекелеген түрлерін жол қозғалысына қатысуға жібереді және оларды жүргізуге құқық береді;
- ҚР көшіп кету мен көшіп келу саласындағы заңдарының сақталуына бақылауды және азаматтық мәселелері жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- Босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және тоқтату рәсімдерін, пана іздеген адамның куәлігін беруді жүзеге асырады;
- ҚР заңдарына сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді және олардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- Министрлік жүйесінің өзіндік қауіпсіздігін, ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, олардың қызметінде заңдылықты сақтауды қамтамасыз етеді;
- Учаскелік полиция инспекторларын тағайындау тәртібін оның кандидатурасын әкімшілік учаске халқымен жариялы түрде талқылауы ескеріліп айқындайды;
- Лауазымдар санаттары бойынша үлгілік біліктілік талаптарын, ішкі істер органдарының номенклатурасын, олардың қызметі туралы ережелерді, ішкі істер органдарының құрылымын, үлгі штаты мен штаттық нормативтік жүктелім көлемінің нормативтерін әзірлеп, бекітеді және ішкі істер органдары қызметкерлері мен қызметшілерінің деңгейін айқындайды;
- Ішкі істер органдарының жүйесі үшін кадрларды даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастырады;

- Ведомстволық ғылымды дамытуды қамтамасыз етеді және қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы ғылыми қызметті үйлестіреді;
- Ішкі істер органдарын қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- Ішкі істер органдары туралы заңдарында, ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің және үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдарының құзіретіне мыналар жатады:

- Қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты іске асырады; осы саладағы ҚР заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;
- криминалдық, әкімшілік полициясы мен ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің қызметін бақылауды сондай-ақ ішкі әскерлер бөлімдерін, бөлімшелерін жедел басқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- ішкі істер органдарының бөлімшелерін кадрлармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады, бұл бөлімшелердің қызметкерлері мен қызметшілерін аттестаттаудан өткізеді;
- өз қызметі саласында өңірлік ақпараттың және коммуникациялық жүйелерді құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- ішкі істер органдар бөлімшелерінің бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде соғыс уақытында жұмысының орнықтылығын арттыру, арнаулы бөлімшелердің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді, күзет қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін бақылауды қамтамасыз етеді;
- ҚР заңдарына сәйкес қылмысты ашуды және тергеуді, алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады;
- ҚР заңдарына сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзіретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;
- ҚР лицензиялау туралы заңнамасының және ішкі істер

- органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша рұқсаттардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- тікелей облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) басқару деңгейіне жататын бөлімшелердің күшімен әкімшілік бірлік аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
  - жол қозғалысы ережелері мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын өзге де нормативтердің сақталуын, көлік құралдары иелерінің мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өтуін жүзеге асырады, оларды мемлекеттік тіркеу және есепке алу арқылы жол қозғалысына қатысуға жібереді, көліктерді пайдаланушы адамдарды, соның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркейді және есепке алады, емтихан қабылдайды және көлік құралдарын басқару құқығына арналған куәліктер береді;
  - жол қозғалысын реттейді; ішкі істер органдары ұстаған, қамауға алған адамдарды айдап алып жүруді қамтамасыз етеді;
  - уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, әкімшілік қамауға алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарының, белгілі тұрғылықты орны және құжаттары жоқ адамдарға арналған арнаулы қабылдау – бөлу орындарының, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін және оларға бақылау жасауды қамтамасыз етеді;
  - өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;
  - заңсыз көші – қонның алдын алу, азаматтың көшіп кету, көшіп келу, шетелдіктермен жұмыс мәселелерін қарау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
  - Ішкі істер органдары туралы заңдарында, ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің және үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады;
  - Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органдары қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі, ашады және тергейді, ішкі істер органдарының қарауына жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асырады, қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен ҚР заңдарында көзделген өзге де жағдайларды іздестіруді ұйымдастырады және жүзеге асырады;
  - қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, әкімшілік

құқық бұзушылықтарды анықтауды, олардың алдын алу мен жолын кесуді, белгіленген құзыретінің шегінде әкімшілік іс жүргізуді, кәметке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтауды және оның жолын кесуді, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қадағалау жасауды, шетелдіктермен және азаматтыққа қабылдау және одан шығу, шетелге тұрғылықты тұруға кету туралы өтініш берген адамдармен жұмысты жүзеге асырады және ҚР заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді шешеді, ҚР заңдарына сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзіретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді және ол туралы ережелерді сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

- қылмыс жасады деп сезік туғызған адамдарды, сондай-ақ ұсталғандарды және қамалғандарды айдап апаруды жүзеге асырады;
- уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, қабылдау – бөлу орындарының, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін және оларға бақылау жасауды қамтамасыз етеді;
- кадрларды іріктеуді, орналастыруды жүзеге асырады;
- аттестаттау жүргізеді; көтермелейді, жазалайды, сондай-ақ өз құзыреті шегіндегі жұмылдыру даярлығы мен азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындайды; мемлекеттік күзетке жататын объектілерді күзетуді жүзеге асырады;
- қорғау нұсқамасын шығарады;
- Ішкі істер органдары туралы заңдарында, ҚР өзге дезаңдарында,

ҚР Президентінің және үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

Ішкі істер министрлігін, ҚР Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын ҚР ішкі істер министрі басқарады. Ішкі істер министрі ішкі істер органдарына басшылықты жүзеге асырады; ҚР Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде ішкі істер органдар жүйесінің құрылымы мен штат санын белгілейді; ішкі істер органдар жүйесінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібін белгілейді; ішкі әскерлер қолбасшысы қызметке тағайындау үшін ҚР Президентіне кандидатура ұсынады, ішкі істер министрлігінің атынан ішкі істер органдары орындауға міндетті актілер, сондай-ақ өз құзыреті шегінде өзге мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар орындауға міндетті актілер шығарады.

Жергілікті атқарушы органдар – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары аумағында ішкі істер органдарымен тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырады; қылмыстық жазаны және қылмыстық құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметке жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік кеңесші орган құрады. Оның қызметі ҚР Үкіметі бекітетін үлгі ережелерімен регламенттеледі; ҚР үкіметі бекітетін лимиттер шегінде облыстық бюджеттер және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері есебінен қамтылатын әкімшілік полицияның штат санын ұстауды, жанар-жағармай материалдарын сатып алуды, сондай-ақ аумақтық ішкі істер органдарының коммуналдық қызмет көрсетуге, электр энергиясына, жылу беруге және байланыс қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды қоса алғанда, электронды пошта қызметін көрсетуге жұмсалатын шығындарды қоспағанда, қызметтік үй жайлары мен көлік құралдарын ұстауды, оларға қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз етеді; учаскелік полиция инспекторларын олар қызмет көрсететін учаскелерде жиһазбен, байланыс құралдарымен жабдықталған жұмысқа арналған үй жаймен, сондай-ақ көлік құралдарымен қамтамасыз етеді; спорттық – бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін жерлерде шыны ыдыстағы өнімдерді сатуға шектеу қояды; аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімшілік учаске халқының пікірін ескере отырып, учаскелік полиция инспекторларын тағайындау үшін ішкі істер органдарымен бірлесіп, жергілікті қауымдастықтың жи-налысын (жиынын) ұйымдастырады; жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне орай ҚР заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ішкі істер органдары өзге құқық қорғау органдарымен, қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде халықпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Ішкі істер органдары алдарына қойылған міндеттерге сәйкес және өздерінің құзыреті шегінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарымен құқыққа қайшы қол сұғудан қорғауға; қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға,

жолын кесу және ашуға; қылмыстық – атқару жүйесі мекемелерінде, ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында заңнамада белгіленген режимді сақтап тұруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті; алдын ала тергеуді жүзеге асыруға, анықтама жүргізуге; әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға; қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғау жөнінде заңдарда көзделген шараларды қолдануға; қылмыс жасаған бірақ анықтамадан, тергеуден және соттан бой тасалаған, қылмыстық немесе әкімшілік жазаларын атқарудан және өтеуден жалтарған, хабар ошарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға және заңмен көзделген өзге де жағдайларға, сондай-ақ ұрланған мүлікті іздеуді жүзеге асыруға; жол жүрісі ережелерінің және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтердің сақталуын және де механикалық көлік құралдары және олардың тіркемелері иелерінің міндетті техникалық бақылаудан уақытылы өтуін бақылауды жүзеге асыруға; көлік құралдарын және оларды пайдаланушы (мемлекеттік) тіркеу және есепке алуды жүргізуге, жол жүретін реттеуге; қару мен оқ-дәрілердің (жауынгерлік оқ – дәрілерді қоспағанда) сатып алынуына, сақталуына, оларды тасымалдауға, алып жүруге, әкелуге, әкетуге және пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, қаруды есепке алуға және ҚР заңнамасында көздеген жағдайларда алып қоюға; ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар және рұқсаттар беруді жүзеге асыруға; азаматтар мен лауазымды тұлғалардың, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың, олар үшін белгіленген келу, кету, болу және ҚР аумағы арқылы транзитті өту ережелерін сақтауын бақылауға, халықтың көші-қон және босқындар мәселелері жөніндегі жұмысты үйлестіруге; келген оралмандарды тіркеуді, есепке алуды жүзеге асырады; кәмелетке толмағандардың арасында қылмыскерліктің алдын алу мақсатында; бас бостандығынан айыру мен жабық үлгідегі арнаулы білім беру ұйымдарынан босатылғандардың; қылмыс жасаған кезінде қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін жасқа толмағандардың; спиртті ішімдіктерді, есірткі құралдар мен уытты заттарды қолданатындардың; әкімшілік жазалау шараларын қолдану көзделген өзге де құқық бұзушылықтар жасағандардың есебін жүргізуге және оларға ықпал ету шараларын қолдануға; заңды тұлғалардың шетелдік жұмыс күшін тарту, шетелдіктердің елде болуына рұқсат беру ережелерін сақталуына қатысты қызметті бақылауға, ҚР заңдарына сәйкес азаматтардың шет

елге шығуына және шетелдіктерді тұрғылықты тұруға қалдыруды шектеу туралы шешім қабылдауға; мемлекеттік органдармен бірлесе отырып есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды пайдалануға қарсы іс-шаралар жасау саласындағы мемлекеттік саясат пен стратегияны әзірлеуге және іске асыруға қатысуға; Ішкі істер органдары туралы заңдарында, ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің және үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

### §3. Ішкі әскерлер және оларды ұйымдастыру

«Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» 1992 ж. 23 маусымдағы ҚР Заңына (өзгерістер мен толықтырулармен енгізу ҚР 2013 жылғы 15 қаңтардағы №69-V Заңы) сәйкес ҚР Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері.

Ішкі әскерлерге мынандай міндеттер жүктелген:

- Маңызды мемлекеттік объектілерді және тасымалдау кезінде арнайы жүктерді күзету;
- Сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ оларды аумағындағы азаматтардың жүріс тұрысын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- Сотталған және қамауға алынған адамдарды айдар апару;
- Ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті сақтауға, қоғамдық тәртіпті жаппай және топтасып бұзушылықтардың жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдайдың құқықтық режимін, терроризмге қарсы әскерлері Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмысты және өзге де құқыққа қарсы кол сұғушылықтардан қорғауда арналған.
- Соғыс кезінде ҚР аумағын қорғау жүйесінде жекеленген індеттерді орындау;

<sup>1</sup> Өзгерістер мен толықтырулармен енгізу ҚР 2013 жылғы 15 қаңтардағы №69-V ҚР Заңы // <http://online.zakon.kz/>

- Заңсыз қарулы құрамаларға қарсы күресу;
- Ерекше қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, терроризм актілерінің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу және тайталасушы тараптарды ажырату;
- ҚР заңнамасымен ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді шешу.

Ішкі әскерлердің қызметі заңдылық, гуманизм, жеке адам құқықтарын сақтау және дара басшылық қағидаттарында жүзеге асырылады. Әскерлерді тікелей басқаруды Ішкі әскерлер Бас қолбасшысы жүзеге асырады. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтарында орналасқан және қоғамдық тәртіпті қорғау, түзеу мекемелерін күзету жөніндегі және төтенше жағдайлар кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында Ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді шешу жөніндегі міндеттерді орындайтын Ішкі әскерлер құрамалары мен әскери бөлімдерінің командирлеріне қатысты аға жедел бастықтар болып табылады.

Ішкі әскерлерге жүктелген міндеттерді орындауды: ішкі әскерлерді әскери басқару органдары; оперативтік мақсаттары құрамалар мен әскери

бөлімдер; маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктерді күзету жөніндегі арнайы әскери бөлімдер; түзеу мекемелерін күзету және айдар апару жөніндегі құрамалар мен әскери бөлімдер; арнайы моторландырылған құрамалар мен әскери бөлімдер; ішкі әскерлердің әскери оқу орны; ішкі әскерлердің қызметін қамтамасыз ететін әскери бөлімдер жүзеге асырады.

Қолданыстағы заңнама бойынша ішкі әскерлерге басшылық жасау және басқару жөніндегі өкілеттіктер көптеген мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарына берілген.

ҚР Президенті ҚР ішкі әскерлеріне басшылықты жүзеге асырады; ішкі әскерлер Қолбасшысын қызметке тағайындайды, қызметтен босатады; ҚР Конституциясына және Заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ҚР Үкіметі ішкі әскерлердің құрылымын, штат саны лимитін, орналастырылуын, Әскери қызметі өтеу туралы ережені бекітеді; ішкі әскерлердің қызметін қамтамасыз ету үшін қаражат бөлінуін қарастырады, ішкі әскерлерді материалдық техникалық ресурстармен, азық түлікпен, заттай мүлікпен, қару-жарақпен, оқ-дәрімен, байланыс құралдармен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды; ішкі әскерлер

бөлімдердің күзетуіне жататын маңызды мемлекеттік объектілердің, тасымалдық коммуникациялардағы ғимараттардың және арнаулы жүктердің тізбесін айқындайды, ішкі әскерлердің қызметін қамтамасыз етудің басқа да мәселелерін шешеді; өзіне ҚР Конституциясымен, Заңдарымен және ҚР Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды. ҚР Қорғаныс министрлігі ішкі әскерлерді Запастағы офицерлермен, келісім шарт бойынша және шақыртылатын әскери қызметкерлермен жасақтауды жүзеге асырады; әскери оқу орындарын офицерлер даярлауға көмектеседі. Ішкі әскерлер туралы Заңда, ҚР өзге де Заңдарында, ҚР Президентінің және ҚР Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ҚР Ішкі істер министрі ішкі әскерлердің қызметтік жауапкершілік қызметіне жедел басшылықты жүзеге асырады, әскери қызметіне жедел басшылықты жүзеге асырады, әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және басқа да әлеуметтік тұрмыстық мәселерді шешу жөніндегі шаралар қолданады; ҚР заңдарын, ҚР Президентінің, Парламентінің және ҚР Үкіметінің актілерін орындау үшін қызметтік әскери жұмыс пен әскерлердің құрылымын жетілдіру; ұйымдық шараларды өткізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді шығарады; Республика Үкіметінің қарауына ішкі әскерлер бөлімдері мен бөлімшелерінің жалпы санын, ұйымдық құрылымын өзгерту және орналастыру туралы ұсыныстар енгізеді;

Республика Үкіметіне ішкі әскерлер Қолбасшысының орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді; ішкі әскерлердің тұрақты жауынгерлік және жұмылдырушылық әзірлігін сақтау жөнінде шаралар қолданады; ҚР заңдарына сәйкес әскерлерді шақыру бойынша және келісім шарт бойынша мерзімді қызметтің әскери қызметшілермен жасақтау, олардың запасқа босатылуын ұйымдастыру, Қолбасшының орынбасарларының бастықтарын, ішкі әскерлер құрамаларының командирлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, офицерлік құрамның бастапқы әскери атағын және «полковник» әскери атағын береді; ПМ ішкі әскерлерінің әскери атағын (қызметшілерін), жұмысшылары мен қызметшілерін мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсынады.

Ішкі әскерлер қолбасшысы ішкі әскерлердің тұрақты жауынгерлік және жұмылдырушылық әзірлігін сақтап отырады, әскерлердің қызметтік жауынгерлік қызметіне, жедел және жауынгерлік әзірлігіне, озық тәжірибені енгізуге, материалдық бағаны дамытуға және жеке құрам үшін қажетті әлеуметтік тұрмыстық

жағдайлар жасауға басшылық жасайды; ҚР заңдарына сәйкес әскерлерді шақыру бойынша және келісім шарт бойынша мерзімді мемлекеттің әскери қызметшілерімен жасақтау, олардың запасқа босатылуын ұйымдастыру жөніндегі жоспарларды әзірлейді, бұйрықтар, дерективалар, өнімдер шығарады және құрамалардың, әскер бөлімдерінің штаттарын бекітеді; ҚР заңдарына сәйкес ішкі әскерлер офицерлерінің әскери қызметтен өту мәселелерін шешеді, қызметке тағайындайды, қызметтен босатады, кезекші әскери атақтар береді, подполковникті қоса алғанда оларды запасқа немесе отставкаға шығарады; Ішкі істер министріне ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін, мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы ұсыныстар енгізеді; әскерлерді қаруландыруға (жабдықтауға) әскери және өзге де техника мен басқа да мүлікті қабылдайды, жарамсыз болып қалған немесе әскери (бюджеттік) есептелген, жоғалған материалдық құндылықтар мен ақшалай қаражатты ҚР Үкіметі белгіле-ген тәртіппен есептеп шығарады.

Жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде ішкі әскерлердің құрамаларын, бөлімдері мен бөлімшелерін қарамағындағы аумақта құрып, орналастыру жөніндегі ҚР Ішкі істер министрінің ұсыныстарын қарауға қатысады; ішкі әскерлердің тіршілігі үшін тиісті жағдайлар жасайды, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді; ішкі әскерлер құрамалары мен бөлімдерінің командованиясіне (басшылығына) ішкі әскерлерге қызметке шақыруды ұйымдастыруда

көмек көрсетеді; осы аумақтағы қоғамдық тәртіпті қорғауды тікелей жүзеге асыратын ішкі әскерлер бөлімшелеріне материалдық техникалық көмек көрсетуге құқығы бар; жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде ҚР заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ішкі әскерлердің Бас штабы ішкі әскерлерді әскери басқарудың негізгі органы болып табылады және әскерлерді тұрақты жауынгерлік әрі жұмылдырушылық әзірлікте ұстауға, ішкі әскерлердің құрылысы мен дамуы жоспарларын әзірлеу мен іске асыруға, олардың ұйымдық штат құрылымын жетілдіруге, ішкі әскерлердің қызметтік жауынгерлік істерін ұйымдастыруға арналған.

ҚР Ішкі министрлігінің ішкі әскерлері туралы Заңның 8-бөлімінде жоғарыда баяндалғандардан басқа ішкі әскерлердегі қызмет, ішкі әскерлердің міндеттері мен құқықтары, ішкі әскерлердің мәжбүр ету шараларын қолдануы, қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді

орындауға ішкі әскерлерді қатыстыру, ішкі әскерлер әскери қызметкерлерінің құқықтық және әлеуметтік жағынан қорғау, ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін қаржымен және материалдық техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелері регламенттелген.

Ішкі әскерлердің кадрлары әскери қызметшілерде және қызметкерлерден тұрады. Ішкі әскерлерде әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілердің әскери атақтары, айырым белгісі және олар үшін белгіленген киім үлгісі болады, оларға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет атқарудың жағдайын регламенттейтін нормативтік актілер және осы заңда көзделген әскери жарғылардың алынып тасталғандары мен толықтырулары ескерілген талаптары қолданылады. Ішкі әскерлер қызметкерлерінің еңбек жұмысы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі. Сарбаздар мен сержанттарды (старшиналарды) даярлау Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің және Қарулы Күштерінің оқу бөлімдерінде (орталықтарында) жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлер үшін офицерлерді даярлау республика аумағында орналасқан жоғары оқу орындарында, әскери училищелерде, сондай-ақ басқа да мемлекеттердің әскери оқу орындарында шарттық негіздерде жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлердің офицер құрамының және келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің кәсіптік деңгейін көтеру әскери оқу орындарында, офицер құрамының біліктілігін жетілдіру (қайта даярлау) курстарында жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Әскери қызметшілер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда командирлер мен бастықтар азаматтардың құқықтарын қалпына келтіріп, кінәлілерді тәртіптік немесе қылмыстық жауапқа тартуға, келтірілген залалдың орнын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен толтыруға міндетті.

Азаматтар Ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің іс-әрекетіне белгіленген тәртіп бойынша жоғары тұрған командирге (бастыққа), прокуратура органдары мен сотқа шағым бере алады.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы және қызметтік ерекшеліктері

Ішкі істер органдарының қызмет Ішкі істер органдары туралы және «Құқықтық қорғау қызметі туралы» Заңдарда көрініс тапқан әрі заңды

түрде бекітілген бірнеше айрықша ерекшеліктерімен айырылысатын мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Мемлекеттік қызметтің бұл түрінің төрт негізі тән болатын ерекшеліктерін бөлуге болады: қызметке тұрудың және жұмыстан шығару ерекшеліктері; қызмет өткерудің ерекшеліктері, әлеуметтік экономикалық және құқықтық жеңілдіктер мен кепілдіктерінің болуы, ішкі істер органдары қызметкерлеріне және ішкі әскерлердің әскери қызметкерлеріне олардың қызмет атқару кезінде белгілі бір әкімшілік өкілеттіктер берілуі.

ҚР ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметке тұру және қызметтен шығару ерекшеліктері ең алдымен ішкі істер органдарына қызметіне қабылдаудың шарттарынан және бұл ретте қойылатын жоғары талаптардан көрініс табады.

Ішкі істер органдарына қызметке жасы 18-ке толған, өзінің жеке, моральдық, әскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімінің даму жағдайы, білім деңгейі жөнінен өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті ҚР азаматтары ерікті негізінде қабылданады. Ішкі істер органдары қызметіне қабылдануға жатпайтын 9 түрлі негіздер себептері құқық қорғау қызметі туралы заңының 6-бабының 2 және 3-тармақтарында бекітілген.

Ішкі істер органдары құқық қорғау органдарына жататын болғандықтан «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның ережелері пайдаланылады. Ол бойынша құқық қорғау органдарының қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына 25 жастан аспаған, орта және аға басшы құрам лауазымдарына 35 жастан аспаған, тиісті бөлімі бар және мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінгі қалдырылған азаматтар қабылдайды.

Қатардағы және ішкі басшы құрам лауазымдарына құқық қорғау органының лауазымдары санатына қойылатын біліктілік талаптарына байланысты кемінде орта білімі бар азаматтар қабылдайды немесе қызметкерлер тағайындалады.

Орта басшы құрам лауазымдықтарына құқық қорғау органының лауазымдары санатына қойылатын біліктілік талаптарына байланысты техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар азаматтар қабылданады немесе қызметкерлер тағайындалады.

Мерзімді әскери қызметке шақырылуы жататын шақыру жасындағы азаматтар орта және аға басшы құрам лауазымдарына жоғары білімі болған жағдайда ғана қабылдана алады.

Аға және жоғары басшы құрам лауазымдарына жоғары білімі бар азаматтар қабылданады немесе қызметкерлер тағайындалады.

Органдарында қызмет өткерудің келесі бір ерекшеліктері, оның қызметкерлері ант қабылдайды, органдардың негізгі міндеттері мен функцияларын атқаратын лауазымды адамдарына арнаулы атақтар беріледі, ал ең басты ерекшелік ішкі істер органдарының барлық қызметкерлерінің кәсіби дайындығы мен тәртібіне жоғары талап қойылатындығында. Қажет болған жағдайда қызметкерлер белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қызметтік міндеттерін орындауға шақырылуы мүмкін.

Қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулер құқық қорғау туралы Заңның 17- бабында айқындалған.

Ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын, қайта құрылатын және таратылатын Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдары, сондай-ақ өзге де білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

Азаматтық мемлекеттік қызметшілермен салыстырғанда, ішкі істер органдарының қызметтің тағы бір ерекшелігі қызметкерлердің құқықтық және әлеуметтік экономикалық кепілдіктері мен жеңілдіктері болып табылады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мемлекеттік біліктілік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Қызметкерлердің қызметіне, бұған заңмен тікелей уәкілетті берілген адамдарды қоспағанда, ешкімнің араласуына құқығы жоқ. Қызметкерлердің іс-әрекеттері құқық қорғау қызметі туралы заңға сәйкес жүзеге асырылса, олар атыс қаруын, арнаулы құралдарды және дене күшін қолданып келтірген зиян үшін жауаптылықта болмайды.

Міндеттерін үлгілі атқарғаны және қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін қызметкерлерге және құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының курсанттарына (тындаушыларына) әртүрлі көтермелеу түрлері, олардың ішінде, мемлекеттік азаматтық қызмет жүйесінде қолданылмайтын, мынандай айрықша, атап айтсақ құқық қорғау органының үздігі төс белгісімен марапаттау, кезекті арнаулы атақты немесе сыныптық шенді мерзімінен бұрын беру сыйақылар көзделеді.

Ішкі істер органдары қызметкерлер мен ішкі әскерлер әскери қызметкерлерінің өз қызметтерін жүзеге асыру кезінде әкімшілік өкілеттіктері ҚР ішкі істер органдары туралы, 11-6 «ҚР Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер туралы», 22-24 баптар «Құқық қорғау қызметі туралы» 59-62-баптармен және ҚР ӘКБТК регламенттелінді. Осы заңнамалық актілердің негізінде және соларға сәйкес ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерге жүктелген өздерінің міндеттерді орындау мақсатында олардың қызметкерлерінің қажетті әкімшілік

алдын алу және бақылау ескерту шараларын (азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттары тексеруге; белгілі бір жерлерде көлік қозғалысына тыйым салуға немесе шектеуге, төтенше жағдайлар туындаған жерге жету үшін ұйымдар мен азаматтардың көліктерін пайдалануға, үйлерді ғимараттарды, жекеленген жер учаскелерін қарап тексеруге, жауап тастауға және қоршауға алуға және басқа да шараларға), әкімшілік қалпына келтіру шараларын іске асыруға қатысу (мысалы, заңсыз салынған құрылыстарды бұзған кезде, тұрғын үй жайға озбырлықпен кіріп алған адамдарды әкімшілік тәртіппен шығарған кезде), әкімшілік жолын кесу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ететін шараларды қолдануға кінәлі адамдарға әкімшілік жағалау шараларын қолдануға құқығы бар.

## 2-Тарау. ӘДІЛЕТ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

### §1. Әділет саласындағы басқарудың ұйымдық-құқықтық негіздері. Әділет органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасының Әділет органдары өз құзыреті шегінде мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау жасайтын, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы билік органдары болып табылады.

Әділет органдары қызметтің құқықтық негізін ҚР Конституциясы «Әділет органдары туралы» ҚР 2002 ж. 18 наурыздағы №304 Заңы<sup>1</sup> және өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ ҚР халықаралық шарттары құрайды.

Әділет органдарының міндеттері:

- Жалпы мемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу, заң жобасы жұмысын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу, нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, ҚР егемендігін, Қазақстан қоғамы мен мемлекеттілігінің тұрақты және құрышты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыруға қатысу;
- Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және Республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтағы беделін нығайту мақсатында, соның ішінде ҚР Халықаралық шарттарын дайындау мен жасау жолымен оның халықаралық аренадағы қызметін құқықтық жағынан қамтамасыз ету;
- Заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды, жылжымалы мүліктің жекеленген түрлерінің кепілдерін, орталық мемлекеттік органдардың жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік-құқықтық актілерін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, сондай-ақ ҚР нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік есебін жүзеге асыру;

<sup>1</sup> ҚР-сы Парламенті Жаршысы, 2002, №6, 67-к

- Құқықтық көмекші және заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету;
- Сот сараптама қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- Әділет органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асыру және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңға сәйкес іс жүргізу;
- Атқарушылық құжаттарды орындау, республикалық меншікті айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ осы саладағы қызметті мемлекеттік реттеу;
- Өздеріне ҚР заңдарымен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

#### Әділет органдары қызметінің принциптері:

- заңдылық;
- қорғалу құқығын қамтамасыз ету, баршаның заң алдындағы теңдігі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және сақтау;
- жариялылық, құқық қорғау органдарымен және басқа да мемлекеттік органдармен, өзге де ұйымдармен және лауазымды адамдармен өзара іс-қимыл жасау;
- саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тәуелсіз болу.

Әділет органдарының біртұтас жүйесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі; ҚР Әділет министрлігінің комитеттері; аумақтық әділет органдары мен мекемелері; атқарушы іс жүргізу органдарын қамтитын әділет органдары; мекемелер және өзге де бағынышты ұйымдар құрады.

ҚР Әділет министрлігінің құрылымдық бөлімшелерін құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды Әділет министрлігі, ал заңдарда көзделген жағдайларда ҚР Үкіметі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі ҚР Үкіметінің құрылымына кіретін, Республика Премьер-министрінің ұсынуымен Республика Президенті құратын, қайта ұйымдастыратын және тарататын орталық атқарушы орган болып табылады.

Әділет министрлігін Республика Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

- Авторлық құқық пен сабақтас құқықтар, өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер интегралды микросхемалар топологиясы объектілерін пайдалану саласында;
- Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» ҚР Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіктің, тексеру парақтарының, нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жарты жылдық жоспарларын әзірлеуге және бекітеді.

Әділет министрлігі қылмыстар профилактикасы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау, халық тарапынан сенім мәселелерін басымдық беріп, өкілді органдар мен жұртшылық беретін сыртқы бағалау тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингтік бағасын енгізіп, есептілік және қызметті бағалау жүйесін жетілдіреді, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын белгілейді.

Министрліктің функциялары мен құқықтары ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы №1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы Ережемен бұзған енгізілген толықтыруларды қоса, белгіленген<sup>1</sup>.

ҚР Әділет министрі әділет органдарының жұмысына басшылық етуді жүзеге асырады және әділет органдарына жүктелген міндеттердің орындалуын дербес жауапты болады.

Министр ҚР заңнамасына сәйкес ведомстволардың Әділет министрлігіне ведомстволық бағынышты ұйымдардың басшыларын, сондай-ақ олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; мемлекеттік органдардың мемлекеттік тіркелуге тиіс, бірақ одан өтпеген нормативтік құқықтық актілерін жарамсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді; әділет органдары орындауға міндетті актілер, сондай-ақ өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар орындауға

---

<sup>1</sup> ҚР-ның Президенті мен ҚР сы Үкіметінің актілер жинағы, 2004, №41, 532 құжат

міндетті актілер шығарады; ҚР заңдарына сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарды Министрлікпен өкілдік етеді; өзіне Әділет органдары туралы Заңмен, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, аудандық мен қалалардың әділет бөлімшелері аумақтық әділет органдары болып табылады. Аумақтық әділет органдарында әділет органдарына жүктелген функцияларында әділет органдарына жүктелген функциялардың орындалуын қамтамасыз ететін тиісті құрылымдық бөлімшелер құрылады.

Әділет министрлігіне жүктелген міндеттерді шешу және функцияларды қамтамасыз ету үшін Министрліктің жанында мекемелер, оқу орындары және басқа да ұйымдар болады.

Министрліктің атқарушылық іс жүргізу органдарының жүйесін атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган; бұл органының облыстардағы Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары, соңғылардың аудандарындағы бөлімдері құрайды.

Әділет органдары өздеріне жүктелген міндеттерді шешу кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ лауазымды адамдармен өзара іс-қимыл жасап отырады.

Әділет органдары туралы Заңда; ҚР өзге де заң актілерінде, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген жағдайларды Әділет министрі өз құзыреті шегінде әділет органдары қызметінің мәселелері бойынша ҚР заңдарына сәйкес мемлекеттік тіркелуге тиісті бұйрықтар шығарады, сондай-ақ ұсыныстар енгізеді.

Әділет органдары мемлекеттік органдардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиісті, бірақ одан өтпеген нормативтік құқықтық актілеріне, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қолданатын, ҚР Конституциясының 4-бабына сәйкес жариялануы міндетті, бірақ белгіленген тәртіппен жарияланбаған, нормативтік-құқықтық актілеріне, мемлекеттік органдардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиісті, ҚР Заңдарына қайшы келетін нормативтік-құқықтық актілеріне қатысты ҚР заң актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда Заңның бұзылуын жою туралы ұсыныс енгізеді.

Ұсыныс тиісті мемлекеттік органға (лауазымды адамға) не жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) енгізіледі. Ұсынысты бір ай мерзімде қарауға тиіс.

қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық-цифрлық нысандағы құжат.

2. Халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмекті үйлестіру<sup>1</sup> саласында мынандай функцияларды жүзеге асырады:

- ҚР заңдарына сәйкес шет мемлекеттермен құқықтық көмек және құқықтық ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарды дайындау, жасасуды және орындауды ұйымдастыру;
- ҚР кепілдігімен жасалатын заң шарттарын заң сараптамасын жасау;
- Халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің сот тапсырмалары мен өтініштерін орындау;
- ҚР мен шет мемлекеттердің заңдарын үйлестіру, бір ізге түсіру, сондай-ақ Қазақстан таныған халықаралық нормаларды ҚР заңдарына имплетациялау мәселелері бойынша талдау жүргізу;
- Санаткерлік меншік құқықтарын өзара қорғау туралы халықаралық шарттарды дайындау мен тәртіппен, осындай шарттарға қол қою белгіленген тәртіппен қатысу;
- Халықаралық шарттарды жобаларына заң сараптамасын жасау.

Әділет органдарының саладағы функциялары «ҚР халықаралық шарттары туралы» 2005 ж. 30 мамырдағы ҚР заңына<sup>2</sup> және т. б. Заңнамалық актілеріне негізделеді.

3. Сот сараптама қызметі, анықтау және әкімшілік іс жүргізу саласында мынандай функциялары жүзеге асырады.

- Сот сарапшылары кадрларын іріктеу және орналастыру;
- Сот сараптама қызметін ұйымдастыру және сот сарапшыларына ҚР лицензиялау туралы заңдарында білгіленген тәртіппен лицензия беру;
- Мемлекеттік сот сараптама ұйымдарын материалдық техникалық қамтамасыз ету;
- Сот сараптамасы саласындағы ғылыми зерттеу жұмысын үйлестіру;
- Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу саласындағы ғылыми зерттеу жұмысын үйлестіру;
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді заңға сәйкес жүзеге асыру;
- Бұл саладағы функциялар «ҚР-дағы сот сараптама қызметі

<sup>1</sup> ҚР сы Парламенті Жаршысы, 2005, №10, 35-к

<sup>2</sup> ҚР-сы Парламенті Жаршысы, 2005, 35-к

туралы» 2010 ж. 20 қаңтардағы №240 IV ҚРЗ<sup>1</sup> және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексі негізінде жүзеге асыралады.

4. Мемлекеттік тіркеу саласында мынандай функцияларды жүзеге асырады.

- Орталық мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, мәслихаттардың, әкімшіліктердің және әкімдердің нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу, ҚР Нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік тізімін жүргізу; Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу, сондай-ақ заңды тұлғалардың филиалдар мен өкілдіктердің тізімін жүргізу;
- Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу;
- Мемлекеттік органдардың тіркелген нормативтік-құқықтық актілерінің тізбесін жалпы жұрттың назарына жеткізу үшін жариялау;
- Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, жалжымалы мүліктің құқықтық кадастрын жүргізу, оның кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру және жылжымалы мүлік кепілінің тізімін жүргізу.

5. Бұл саладағы функцияларды жүзеге асырудың негізінде ҚР Президентінің «ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы» 1997 ж. 3 наурыздағы Жарлығы<sup>2</sup>, ҚР Үкіметінің 1998 ж. 12 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген «ҚР Үкіметінің құрамына кіретін де және кірмейтін де орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін және ҚР жергілікті өкілді және атқарушы органдарының актілерін мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 ж. 15 сәуірдегі<sup>3</sup>, және «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен мәмілелерді тіркеу туралы» 2007 ж. 26 шілдедегі<sup>4</sup> ҚР заңдары, «Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР кодексі (6 бөлім) 2011 ж. 26 желтоқсандағы Заң жатады.

5-1. құқықтық көмекті ұйымдастыру және заң қызметін көрсету саласында мынандай функцияларды жүзеге асырады.

<sup>1</sup> Егемен Қазақстан, 2 ақпан 2010ж.

<sup>2</sup> ҚР-сы Президенті мен ҚР сы Үкіметінің актілер жинағы, 1997, №11, 73-к

<sup>3</sup> Сонда, 1998, №48, 427-к

<sup>4</sup> ҚР-сы Жоғары Кеңесі жарғысы, 1995, №3-4, 35 -к

- Мемлекеттік нотариат кадрларын іріктеу, аттестаттау және орналастыру, ҚР лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен адвокаттар мен нотариустарға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және тоқтату (олардан айыруды қоспағанда);
- Мемлекеттік нотариат кеңселерінің қызметіне басшылық жасау, жеке нотариаттық дамуына жәрдемдесу, жасалған нотариаттық әрекеттердің заңдылығы мен мемлекеттік және жеке нотариустардың іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылау; ҚР лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жекеленген қызмет түрлерін лицензиялау;
- Азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының қызметін қамтамасыз ету;
- Орталық атқарушы органдардың заң қызметінің жұмысын жасау;
- Нотариат кеңселерінің, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының, адвокаттарының жеке және заңды тұлғаларға көрсететін заң қызметінің сапасын бақылау;
- Азаматтық зал актілерін жазу органдарының кадрларын аттестаттау, іріктеу және орналастыру, осы органдарға ұйымдастырушылық, әдістемелік басшылықты жасау, олардың қызметінде бірыңғай құқық қолдану іс тәжірибесін қамтамасыз ету;
- Әділет органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою.

5-2. құқықтық насихат саласында мынандай функцияларды жүзеге асырады.

- Құқықтық насихатты ұйымдастыруды ведомстволық үйлестіру, заңдарға түсіндірме беруге қатысу;
- Эталондық заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ақпараттық және анықтамалық әдістемелік материалдарды шарт негізінде, оның ішінде құқықтық ақпараттық автоматтандырылған құқықтық ақпараттық автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып беру;
- Заң әдебиеті, құқықтық насихат проблемалары жөніндегі әдебиет тапсырысшысы.

6. Санаткерлік меншік құқықтарын қамтамасыз ету саласында мынандай функцияларды жүзеге асырады:

- Санаткерлік меншікті қорғау саласындағы заңдардың қолдану

практикасын қорыту, сондай-ақ осы саладағы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- Санаткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстары мен басқа да жұмыстарды ұйымдастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;
- Санаткерлік меншік объектілерін қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі халықаралық ынтымақтастық;
- Туындыларды пайдаланушылардың авторлық құқық сабақтас құқықтар нормаларын сақтауына және авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы халықаралық шарттарды орындалуына байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу;
- Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқарушы ұйымдардың қызметін бақылау;
- Ресми тізілімдерде авторлық құқықты тіркеу;
- Туындыларды пайдалану құқықтарының импорты мен экспортын ұйымдастыруға жәрдемдесу;
- Өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына қорғау құжаттарын беруге түскен өтінімдердің тіркелуін қамтамасыз ету;
- Қорғау құжаттарын беруге түскен өтінімдерге сараптама жүргізуді ұйымдастыру, өнеркәсіптік меншік объектілерінің, селекциялық жетістіктердің, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімін жүргізу, қорғау құжаттарын беру және оларды күшінде ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- Патенттік іс саласындағы сараптаманы және жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың қызметін бақылау;
- Өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын пайдалануға арналған лицензиялық шарттардың, ашық лицензиялардың және қорғау құжаттарын басқаға беру шарттарының тіркелуін қамтамасыз ету;

7. Атқарушылық құжаттардың орындалуын республикалық меншікке айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету саласында мынандай:

- Атқарушылық құжаттардың орындалуын республикалық

қамтамасыз ету (ұйымдастырушылық, әдістемелік қамтамасыз ету, бақылау, атқарушылық іс жүргізу бойынша шағымдар мен өзге де өтініштерді қарау, борышкерлердің тыйым салынған мүлкімен жұмыс)

- Жеке сот орындаушылары мен олардың алқаларының қызметін ұйымдастыру (біліктілік, тәртіптік комиссияның жұмысын ұйымдастыру, конкурс өткізу, жеке сот орындаушыларының қызметін лицензиялау, бақылау, олардың қызметін бақылау, жеке сот орындаушыларының іс-әрекеттеріне шағымдар мен өзге де өтініштерді қарау);
- Атқарушылық құжаттарды орындау саласында шет мемлекеттердің атқарушылық іс жүргізу қызметкерлерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық;
- Жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті (тәркіленген мүлікті) есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру функцияларын жүзеге асырады.

Бұл саладағы функциялардың негізіне «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 ж. 2 сәуірдегі<sup>1</sup> ҚР Заңдары жатады.

8. Авторлық құқық пен сабақтас құқықтар өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиясы объектілерінің пайдаланылуына мемлекеттік бақылау:

- Тексеру нысанында және өзге де нысандарда «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Әділет органдары бұлардан басқа мынандай функцияларды жүзеге асырады: адам мен азаматтың, ұйымдар мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау және қорғау, өздеріне басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ олар құпияландырылған мәліметтердің қорғалуымен қамтамасыз ету, әділет органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың ҚР заңдарында белгіленген тәртіп пен мерзімде хабарлау; өз қызметі саласында және қорыту және оларды жетілдіру ҚР Заңдарының бұзылуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізу, стратегиялар мен бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету, өз құзыреті шегінде мемлекеттік

<sup>1</sup> ҚР-сы Парламенті Жарғысы, 2010, №7, 27-к

орғандарға ғылыми әдістемелік және құқықтық көмек көрсету, зияткерлік меншік саласында ҚР заңдарының сақталуы тұрғысында жеке және заңды тұлғаларды тексеруді жүзеге асыру; нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау саласында ҚР заңнамасының сақталуы бойынша нормативтік-құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен жариялауды жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін тексеруді жүзеге асыру; Әділет органдары туралы заңда, ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің және ҚР Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Әділет органдары мен олардың лауазымды адамдарының өздерінің міндеттері мен функцияларын орындауға байланысты қажетті құқықтары бар. Олар өз құзыреті шегінде:

- Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар міндетті түрде орындауға тиісті нормативтік-құқықтық актілер шығаруға;
- Өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволық үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыруға;
- Мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қағаз және электрондық жеткізгіштердегі қасиетті ақпаратты және материалдарды ҚР Заңдарына белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;
- Орталық мемлекеттік органдарға, сондай-ақ маслихаттар мен әкімдіктерде ҚР Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік-құқықтық актілерді тексеруді жүзеге асыруға;
- ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 56-бабында белгіленген тәртіппен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, сондай-ақ қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа талап қойып жүгінуге;
- Өздеріне берілген мүлікті басқаруды жүзеге асыруға;
- Лицензиялауды және лицензиаттардың лицензиялық талаптарды сақтауы жөніндегі қызметіне бақылауды жүзеге асыруға;
- Бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;
- ҚР ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсетуге;
- Баспа қызметін жүзеге асыруға;

- Заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасап, істерді қорғауға, өз құзыреті шегінде әкімшілік жазалар қолдануға;
- Әділет органдары туралы Заңда, ҚР өзге де заңдарында, ҚР Президентінің және ҚР Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

## XIII-БӨЛІМ. СЫРТҚЫ ІСТЕР САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

---

### 1-Тарау. СЫРТҚЫ ІСТЕР ЖӘНЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫН БАСҚАРУ

#### §1. Сыртқы істер саласындағы басқарудың ұйымдық-құқықтық негіздері

Мемлекеттік басқарудың аса маңызды салааралық бірі сыртқы істер саласы болып табылады. Қазақстан Республикасының бұл саладағы қызметі оның егемендігін барлық елдермен және интеграциялық (біріккен) бірлестіктермен, ең алдымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен тең құқылы және өзара пайдалы қатынастардың дамуын қамтамасыз етеді.

ҚР-ның Конституциясына сәйкес халықаралық қатынастар саласындағы негізгі Өкілеттіктер ҚР-ның Президентіне жатады. Атап айтсақ, ҚР-ның Президенті ҚР-сы басшысы ретінде ел ішінде және халықаралық қатынастарды Қазақстанның атынан өкілік етеді. Ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды.

ҚР-сы Президентінің сыртқы саясаттағы өкілеттігі ҚР-ның Конституциясында (44 б) және «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 ж. 26 желтоқсандағы ҚР-ның Конституциялық Заңында (7 б) айқындалған<sup>1</sup>.

Олар бойынша Республика Президенті ҚР-ның дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады: өзінің жанында тіркелгенімен, мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдіктердің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды.

Республика Президенті келіссөздер жүргізуді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды; келіссөздер

---

<sup>1</sup> ҚР-сы Жоғары Кеңес Жаршысы, 1995, №24, 172 - к

жүргізуге және Республикалық мемлекетаралық шарттарына қол қоюға өкілеттік береді; бекіту грамоталарына қол қояды; республика жасасқан, бекітуге жатпайтын халықаралық шарттардың күшін тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды; Парламентке республика жасасқан халықаралық шарттарды денонсациялау туралы ұсыныс енгізеді<sup>1</sup>.

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі ұлттық қауіпсіздік саласында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және олардың күшін жою жөнінде мемлекет басшысына ұсынымдар дайындайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚР-сы Конституциясы бойынша Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» ҚР-ның Конституциялық Заңына<sup>2</sup> сәйкес ҚР-ның Үкіметі келіссөздер жүргізу мен үкіметаралық келісімсөздерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды. Республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру жөнінде шаралар қолданады; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

## §2. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі ҚР-ның Конституциясына, «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 ж. 7 наурыздағы №299 ІІ ҚРЗ Заңына<sup>3</sup>, ҚР-ның өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын ҚР-ның дипломатиялық қызмет органдарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының кәсіби қызметі.

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар дипломатиялық қызмет органдары болып табылады. Дипломатиялық қызметтің бірыңғай жүйесін Сыртқы істер министрлігі, оның ведомствалары, шет елдердегі мекемелер,

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 ж. 30 мамырдағы Заңды// ҚР-сы Парламенті Жаршысы, 2005, №10, 35-к

<sup>2</sup> ҚР-сы Жоғары Кеңес Жаршысы, 1995, №23, 145-к

<sup>3</sup> ҚР-сы Парламентінің Жаршысы, 2002, №5, 51-к

сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінің қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған ведомствалық бағыныстағы ұйымдар. Сыртқы істер министрлігінің қарауындағы оқу орындары құрайды.

Дипломатиялық қызмет органдарының мынандай міндеттер жүктелген:

1. ҚР-сы сыртқы саясатының тұжырымдамас мен негізгі бағыттарын әзірлеу және ҚР-ның Президенті мен Үкіметіне тиісті ұсыныстар беру;

2. ҚР-ның сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы бойынша ҚР-ның Президенті халықаралық бастамаларын іске асыру;

3. ҚР-ның сыртқы саяси бағытын іске асыру, ҚР-ның сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға және халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу;

4. ҚР-ның егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы қорғауды қамтамасыз ету;

5. Шет елдерде ҚР-ның азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

6. ҚР-ның халықаралық бейбітшілікті, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш жігерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы іске асыру;

7. ҚР-ның шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қарым-қатынастарын жүзеге асыру;

8. Шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда ҚР-ның сыртқы саяси және сыртқы экономикалық бірыңғай бағытын және инвестициялық саясатын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында басқа да орталық атқарушы органдардың халықаралық қызметін үйлестіру;

9. Әлемдегі саяси және әлеуметтік экономикалық жағдайда, шет мемлекеттердің, сыртқы және ішкі саясатына, халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау жасау және орталық мемлекеттік органдарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

Дипломатиялық қызмет органдарының негізгі функцияларына мыналар жатады:

- Шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда ҚР-ның атынан өкілдік ету;
- ҚР-сы халықаралық саясатының стратегиясын іске асыру;

- Келіссөздер жүргізу және ҚР-ның халықаралық шарттарын жасауды ұйымдастыру;
- Халықаралық шарттарды жасау, орындау, қолданылуын тоқтата тұру және күші туралы ұсыныстар айқындау, оларды ҚР-сы Президентінің немесе Үкіметінің қарауында белгіленген тәртіппен енгізу;
- ҚР-ның шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастар мәселелері бойынша ҚР-ның Президентіне, Парламентіне және Үкіметіне белгіленген тәртіппен ұсыныстар жасау;
- ҚР-ның халықаралық ұйымдардың, конференциялармен кеңестердің, форумдардың қызметіне қатысуын қамтамасыз ету. ҚР-ның халықаралық қоғамдастық мүшесі ретінде ғаламдық және аймақтық проблемаларды шешудегі рөлін арттыруға жәрдемдесу;
- ҚР-сы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, оның қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін, құқық тәртібін қорғауды қамтамасыз ету, ҚР-ның шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен сауда экономикалық, қаржы, ғылыми және ғылыми техникалық, мәдени, сондай-ақ өзге де байланыстарын дамыту мен кеңейту жөніндегі іс шараларды әзірлеуге қатысу;
- ҚР-ның мемлекетшілік және халықаралық іс шараларын протоколдық ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз ету;
- ҚР-ның басқа елдермен парламентаралық байланыстарын жүзеге асыруға жәрдемдесу;
- ҚР-ның аумағында және шет елдерде халықаралық құқықтық нормалармен және ҚР-ның заңдарымен регламенттелетін консулдық функцияларды жүзеге асыру;
- Шет елдерде тұратын отандастармен байланыстарды және қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу;
- ҚР-ның халықаралық шарттарын тіркеудің, есепке алудың және сақтаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- ҚР-сы жасасқан халықаралық шарттардың депозитарийі функцияларын жүзеге асыру;
- ҚР-ның мемлекеттік органдарын, бұқаралық ақпарат құралдарын ҚР-ның халықаралық жағдайы мен сыртқы саясаты туралы хабардар ету;
- Инвестициялық ахуалдың жақсаруына жәрдемдесу және халықаралық нарықта ҚР-ның жағымды бейнесін қалыптастыру;
- Дипломатиялық қызмет туралы заңда және ҚР-ның басқа заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сыртқы қызметті жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік өзінің қызметін ҚР-ның Конституциясы мен Заңдарына, халықаралық шарттарына, ҚР-сы Президентінің Үкіметінің актілеріне өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы» Ережеге<sup>1</sup> сәйкес жүзеге асырады.

Министрлікті ҚР-ның Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен бостатын Министр басқарады.

Министрліктің осы Ережеде белгіленген міндеттері мен функциялары Дипломатиялық қызмет туралы заңда айқындалған дипломатиялық қызмет органдарының міндеттері мен негізгі функцияларына негізделген. Олар төменде баяндалады.

Министрліктің өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен:

- ҚР-ның орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, өзге де ұйымардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, анықтамалық және басқа да материалдарды сұратуға және алуға, сондай-ақ ҚР-сы заңнамасының талаптарын ескере отырып, көрсетілген ұйымдарға ақпарат беруге;
- ҚР-ның Президентіне шетелдік мекемелер құру туралы ұсыныстар енгізуге;
- Елдің шет елдермен оң беделін қалыптастыру бойынша ҚР-ның Президенті мен Үкіметіне ұсыныстар енгізуге;
- Өз құзыретінің шегінде ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілер қабылдауға;
- Берілген құқықтарға сәйкес ҚР-ның аумағында және шет елдерде ҚР-ның жер учаскелеріне, ғимараттарына, құрылыстарына және өзге де мүлкіне иелік етуге, оларды пайдалануға және басқаруға құқығы бар.

Дипломатиялық қызметтің шет елдердегі мекемелеріне ҚР-ның шетелдерде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері жатады.

<sup>1</sup> ҚР-ның Президенті мен ҚР-сы Үкіметінің актілер жинағы, 2004, №41, 530-к

### §3. Қазақстан Республикасының елшіліктері және оған теңестірілген өкілдіктері

Мемлекет басшысы аккредиттелетін, Төтенше және Өкілетті Елші басқаратын, орналасқан мемлекетінде Қазақстан Республикасының өкілдігін жүзеге асыратын, дипломатиялық өкілдікке теңестірілген Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі Қазақстан Республикасының Елшілігі болып табылады.

Дипломатиялық өкілдікке теңестірілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық миссиясы және Қазақстан Республикасының тұрақты өкілдігі шет елдегі мекемесі болады. ҚР-ның дипломатиялық комиссиясын Сенімді өкіл басқарады, ол орналасқан мемлекетінде сыртқы істер министрі жанында аккредитивтеледі. Қазақстан Республикасының өкілдігін жүзеге асырады. Халықаралық ұйым жанындағы ҚР-ның тұрақты өкілдігін Тұрақты өкіл басқарады, ол Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылтын халықаралық ұйымда Қазақстан Республикасының өкілдігін жүзеге асырады.

Өкілдік ҚР-ның Президенті Жарлығының негізінде құрылады, қайта ұйымдастырылады және өзінің қызметін тоқтады. Өкілдік ҚР-ның Сыртқы істер министрлігі басқаратын дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді.

Өкілдік өзінің қызметін ҚР-ның Конституциясына, Дипломатиялық қатынастар туралы 1961 ж. 18 сәуірдегі Вена Конвенциясының Консулдық қатынастар туралы 1963 ж. 24 сәуірдегі Вена Конвенциясының ережелеріне, «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 ж. 7 наурыздағы ҚР-ның Заңына, ҚР-ның Президентінің 2004 ж. 4 ақпандағы №1287 Жарлығымен бекітілген, «Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестіріліген өкілдігі туралы» Ережеге және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, орналасқан мемлекеттің заңнамасын не халықаралық Ұйымның ережелерін ескере отырып, ҚР-ның Халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларына сәйкес жүзеге асырады.

Өкілдіктің негізгі міндеттері ҚР-ның сыртқы саяси бағытын іске асыру, сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыруға, сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыруға жәрдемдесу, орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен қарым қатынастарда ҚР-ның өкілдігі, ҚР-ның егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараласының мызғымастығын қорғауды, оның саяси, сауда экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық жолдармен

және мемлекетінде Қазақстан Республикасының оның азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Өкілдіктің ғимаратында, Төтенше және Өкілетті Елшінің (Тұрақты өкілдік) резиденциясында Қазақстан Республикасының туы көтеріледі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және орналасқан мемлекетті (халықаралық ұйым) белгілейтін тілде өкілдік нысаны (резиденция атауын) және Қазақстан Республикасына тиістілігі көрсетілген қалқан орнатады.

Өкілдіктің қызметкерлері олардың отбасы мүшелері орналасқан мемлекетінде халықаралық құқықтық, ҚР-ның халықаралық шарттарының, халықаралық ұйымдар мен олар орналасқан мемлекеттері арасында жасалған халықаралық шарттарды нормаларында, сондай-ақ орналасқан мемлекеттің артықшылықтарын пайдаланады.

Өкілдік ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен мынандай функцияларды жүзеге асырады:

- ҚР-ның халықаралық саяси стратегиясын іске асыруға жәрдемдеседі;
- Орналасқан мемлекетінде не халықаралық ұйымда ҚР-ның бірыңғай саяси бағытын жүргізуді қамтамасыз етеді;
- Орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен
- ҚР-ның қарым-қатынастары мәселелері бойынша Министрлікке ұсыныстар табыс етеді;
- Орналасқан мемлекеттің мемлекеттік органдарымен не халықаралық ұйыммен және оның шеңберінде келіссөздер жүргізеді және ресми байланыстарды қолдауға жәрдемдеседі;
- Орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен ҚР-ның ынтымақтастығы шеңберіндегі мақсаттары мен қағидаларын жүзеге асыруға, сондай-ақ шешімдерді іске асыруға жәрдемдеседі;
- Орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен Қазақстан Республикасы келіссөздер жүргізуін және халықаралық шарттарына қол қоюды ұйымдастырады;
- Орналасқан мемлекеттіне не халықаралық ұйымға іссапарға жіберілген ҚР-ның ресми делегацияларына және өкілдіктеріне оларға жүктелген міндеттерді орындауға жәрдем көрсетеді;
- ҚР-ның Президенті, Парламенті палаталарының төрағалары,
- ҚР-ның Премьер-министрі және ҚР-ның басқа да ресми

тұлғаларға қатысатын іс шараларды протоколдық ұйымдық тұрғыдан қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

- Орналасқан мемлекеті туралы ақпарат жинауды, орналасқан мемлекетімен ҚР-ның қарым-қатынасына, оның сыртқы және ішкі саясатына, халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнына талдау жасауды, сондай-ақ басқа да мемлекеттер мен халықаралық ұымдардың қызметін зерттеуді жүзеге асырады;
- ҚР-ның мемлекеттік органдарын сыртқы және ішкі саясатына жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттық белігленген тәртіппен қамтамасыз етеді;
- ҚР-сы мен орналасқан мемлекетінің не халықаралық ұйымның арасындағы экономика, мәдениет, ғылым саласындағы және басқа да салалардағы достық және өзара тиімді қатынастарды дамытуға жәрдемдеседі;
- ҚР-ның заңнамасымен және халықаралық құқықтық нормаларымен регламенттер консулдық функцияларды жүзеге асырады;
- ҚР-ның сыртқы және ішкі саясаты, мемлекеттің әлеуметтік экономикалық, мәдени және рухани өмірі туралы ақпаратты орналасқан мемлекетінде не халықаралық ұйымда таратады;
- ҚР-сы және орналасқан мемлекеттіне не халықаралық ұйым қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың орындалуына жалпы қағалау мен бақылауды жүзеге асырады;
- Орналасқан мемлекетінде тұрып жатқан отандастырымызбен байланыстарды және қарым қатынасты дамытуға жәрдемдеседі;
- Орналасқан мемлекетінде, сондай-ақ көрші мемлекеттерде төтенше немесе әскери жағдай орын алған немесе олардың туындау қатері төнген жағдайда оларды қауіпсіз жерлерге шұғыл көшіруге дейін, ҚР-сы азаматтарының қауісіздігін қамтамасыз ету және ҚР-ның меншігін сақтау жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;
- ҚР-ның Заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Өкілдік өзінің міндеттері мен жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстандық мемлекеттік ұйымдардың өкілдіктері мен филиалдарының (мемлекеттік ұйымдар) орналасқан мемлекетіндегі қызметін үйлестіруге; орналасқан мемлекетіндегі мемлекеттік ұйымдардан толық ақпарат беруді және ҚР-ның ұлттық мүдделерін қозғайтын қызметті келісуді талап етуге, ҚР-

ның Заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар. Қазақстан Республикасының елшілігін Төтенше және Өкілетті Елші, ал халықаралық ұйым жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілдігін Тұрақты өкіл басқарады. Төтенше және Өкілетті Елші және Тұрақты өкілді ҚР-сы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша ҚР-ның Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

ҚР-ның Дипломатиялық миссиясын ҚР-ның Сыртқы істер министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Сенімді өкіл басқарады.

Өкілдік басшысы:

- ҚР-ның сыртқы саяси бағытын іске асыру жөніндегі мақсатты жұмысты жүргізуге, ҚР-сы азаматтарының және ұйымдарының құқықтары мен мүдделерін барлық заңды жолдармен және әдістермен қорғауға;
- Орналасқан мемлекеттің не халықаралық ұйымның ішкі және сыртқы саясатының мәселелері бойынша Министрлікке ақпарат беруге;
- Орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен ҚР-ның ынтымақтастығын дамытуға қамтамасыз етуге;
- Орналасқан мемлекетінде өкілдікке, қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне халықаралық құқықтық нормаларына және орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілетін артықшылықтар мен иммунитеттерді қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шаралар қолдануға;
- Орналасқан мемлекетінен тысқары жерлерге қысқа мерзімде қызметтік іссапарларға шығуды Министрлікпен келісуге;
- ҚР-ның заңнамасымен және халықаралық шарттарымен, сондай-ақ халықаралық құқықтық нормаларымен оның құзыретіне жататын басқа да функцияларды орындауға міндетті.

Өкілдік басшысының берілген өкілдіктер шегінде халықаралық шарттарды жасасуға қатысты актілер жасауға; орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен екі жақты қатынастар мәселелері бойынша білгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге; өкілдіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік ұйымдардан қажетті материалдар мен құжаттарды белгіленген тәртіппен алуға, өкілдіктің қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы, дәрежесі мен қызметін асыру туралы, мерзімнен бұрын елге қайту немесе шетелдегі жұмыс мерзімін ұзарту туралы, тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстарды Министрлікке енгізуге; өкілдікті қаржыландыру жоспарында көзделген қаражаттың

(шығыстың) лимитіне билік етуге; өкілдіктің қызмет мәселелері бойынша бұйрықтар шығаруға, қызмет көрсетуші қызметкермен еңбек қатынастарына байланысты мәселер бойынша дербес шешімдер қабылдауға, өкілдік қызметкерлерінің жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалыстарының кестесін бекітуге; жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысы берілген кезде жол жүруді қоспағанда, Министрліктің және олардың отбасы мүшелерінің ҚР-ны және басқа да мемлекеттерге қысқа мерзімді жол жүруіне рұқсат беруге құқығы бар.

Төтенше және өкілетті Елшісі орналасқан мемлекетіндегі ҚР-ның бас консулдықтарының, консулдықтарының, вице консулдықтарының, консулдық агенттіктерінің, құрметті консулдықтарының және өзі аккредиттелген мемлекеттерде ашылған ҚР-ның дипломатиялық миссияларының қызметіне басшылықты, сондай-ақ орналасқан мемлекетіндегі ҚР-ның өзге де өкілдіктерінің және ҚР-ның мемлекеттік ұйымдары өкілдіктерінің қызметін үйлестіруді және олардың жұмысына бақылауды жүзеге асырады.

Аталған өкілдіктердің басшылары өзінің қызметін Төтенше және Өкілетті Елшімен келісуге, қызметін Төтенше және Өкілетті Елшіге оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға жәрдем көрсетуге, өзінің қызметі туралы оған ақпарат беруге міндетті.

Өкілдіктің құрылымы мен штат кестесі ҚР-ның Үкіметі белгілеген шет елдегі мекемелердің штат саны, лимиті шегінде және орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен жасалған тиісті уағдаластықтарды ескере отырып, Министрлік бекітеді. Өкілдікте саяси, сауда экономикалық, консулдық, баспасөз және ақпарат, ізгілік және мәдени байланыстар, референтура бөлімдері (топтары), қаржы шаруашылық қызмет және басқалары жұмыс істеуі мүмкін. Өкілдік бөлімдерінің функцияларын және қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін өкілдік басшысы белгілейді.

Өкілдіктегі еңбек қатынастары халықаралық құқықтық нормаларын және орналасқан мемлекетінің заңнамасын ескере отырып, ҚР-ның заңнамасымен реттеледі.

Өтпелі экономикасы бар елдерде халықаралық қатынастардағы өзгерістермен қатар мемлекеттің өзінің рөлінің өзгеру үдерісі жүруде. Сондықтан сыртқы саясат ведомствосы және тұтастай алғанда мемлекеттік қызмет жүйесі қоғам күтетін жағдайларға және мемлекеттің өзгертін функцияларына барабар болуы өзекті бола түсуде.

Әлемдік тәжірибені зерделеу сыртқы саясат ведомствосының абсолютті жетілген құрылымы іс жүзінде әлемнің бірде-бір елінде жоқ екенін, ал оларды реформалау үздіксіз үдеріс болып табылатынын

көрсетеді. Мемлекет қызметінің тиімділігін арттыру – Қазақстанның болашағын айқындайтын басты фактор. Демек, бұл – аса маңызды стратегиялық міндет.

Сондықтан бүгінде мемлекеттік қызметшілердің және тұтастай алғанда, мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттыру және тиісінше, мемлекеттік ресурстарды неғұрлым ұтымды пайдалану қажет. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Орталық аппараты және шетелдердегі мекемелері қызметінің тиімділігіне қол жеткізу және жақсарту қажеттігін назарға ала отырып, орта мерзімді кезеңде келесі іс-шараларды жүзеге асыру жоспарлануда:

- озық ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізу;
- СИМ-нің және ҚР шетелдегі мекемелерінің оңтайлы құрылымын құру;
- басқарудың жүйесі мен әдістерін жетілдіру, үйлестіру мен бақылаудың тиімді тетіктерін енгізу;
- кадрлық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру.

Түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бағдарланған мемлекеттік жоспарлаудың жаңа қағидаттарын енгізуді ескере отырып, министрліктің орталық аппаратының ұйымдық құрылымына елеулі өзгерістер енгізу көзделуде. Атап айтқанда, стратегиялық жоспарлау қызметін (орта мерзімді жоспарлау, Стратегиялық жоспардың мақсатты индикаторлары мен сандық көрсеткіштерін әзірлеу және жетілдіру, тұтынудың табиғи нормаларын жасау және т.б.), озық ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізу жөніндегі қызметті, бюджеттік шығыстарға мо- ниторинг жүргізу және әкімшілік ету қызметін, Сыртқы істер министрлігіне тікелей бағыныстағы аудит және ішкі бақылау қызметін құру және жеке бөлімшелерге айналдыру.

Мемлекеттің сыртқы саясатын жүргізу кезінде, Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыруда негізгі факторлардың бірі болып табылатын министрліктің орталық аппаратының шетелдердегі мекемелермен өзара ықпалдастығы маңызды мәселе болып қала береді.

Қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне функционалдық талдау жүргізудің нәтижелерін, бірқатар бөлімшелерді оңтайландыруды (ЕҚЫҰ-ның жеке департаментін құру) ескере отырып, құрылымдық қайта жаңғырту жүргізілгеніне қарамастан, Сыртқы істер министрлігі бұрынғысынша орталық аппаратта 400 бірлікке дейін және шетелдегі мекемелерде 720 бірлікке дейін штат санын ұлғайтуға мұқтаж.

Министрліктің орталық аппаратының штат санын ұлғайту-Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларының серпінді жобаларын жүзеге асыратын («Саналуандық арқылы прогреске» диалогы, «Еуропаға жол» бағдарламасы, Орталық Азия мемлекеттерінің Одағы және т. б.), Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтарының қатарына енгізілген елдермен және өңірлермен (ҚХР, Жапония, Үндістан және араб әлемінің жетекші мемлекеттері) ынтымақтастық жүргізетін бөлімшелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жаһандық әлемде экономикалық мүдделерін қорғауға және ілгерілетуге жауап беретін арнайы департаментті қалыптастыруға бағытталатын болады. Шетелдік аппараттың қосымша саны – толыққанды Елшіліктерге айналдырылған бірқатар дипломатиялық өкілдіктерді нығайтуға, сондай-ақ сауда-саттық пен саяси ықпалдастық деңгейі тұрғысынан елеулі көрсеткішке қол жеткізілген шет мемлекеттерде ҚР-дың шет елдердегі жаңа мекемелерін ашуға бағытталады.

Мемлекеттік қызметкерлер еңбегіне ақы төлеу мәселесі проблемалық күйінде қалып отыр. Соңғы үш жыл ішінде білікті кадрлардың ұлттық компаниялар мен жеке секторларға кетуі сыртқы саяси ведомствоның ғана емес, сонымен бірге тұтас алғанда мемлекеттік аппараттың да қызметін ұйымдастырудың жүйелілігін жоғалтуға әкеліп соқты. Құжаттарды өңдеу сапасының төмендегені, қабілетсіздік және тапсырылған міндеттердің уақтылы орындалмауы байқалады.

Қазақстан халқы білімінің жеткілікті жоғары деңгейі тиісті ынталандыру болған жағдайда дипломатиялық қызметке кәсіби кадрларды тартуға мүмкіндік беретінін атап көрсету керек.

Бұдан басқа, проблема еңбекке ақы төлеудің барабар деңгейі болмауында ғана емес, сонымен бірге ақы төлеудің қолданыстағы жүйесі мемлекеттік қызметкерлерді өз біліктілігін көтеруге ынталандырмайды. Біліктілікті көтеруді көздейтін бағдарламаларды қаржыландырудың қазіргі көлемі жағдайында жоғары деңгейде оқыту мен қайта даярлауды іске асыру мүмкін емес екені құпия емес.

Алда тұрған орта мерзімді кезеңде Америка мен Еуропаның бірқатар дамыған елдерінде қабылданған, еңбекке ақы төлеудің өзге сапалы жүйесіне кезең-кезеңімен көшу туралы ұсынысты әзірлеу үшін дипломатиялық өкілдіктер шығындарының және оның қызметкерлерінің жеке шығыстарының мониторингін жүргізу көзделуде. Оның мәні қызметкерлердің жалақысына жекелеген объективті түрдегі қажетті шығыстарды (тұрғын пәтерлерді жалға алу, автокөлікті жалға алу, балаларды оқыту және т.б.) енгізу есебінен

бюджеттік қаражатқа әкімшіліктендіру көлемін қысқарту. Мемлекеттің сыртқы саяси белсенділігі өсе түсіп отырған жағдайда, ұлттық экономиканың тұрақты өсімі тұрғысында ел Президентінің халықаралық бастамаларын ілгерілету ісінде, оларды іске асыру үшін сәйкес жағдайлар туғызу проблемасы да өзекті бола түседі.

Ақпарат көлемінің қат-қабат өсуі - оларға сапалы және уақтылы талдау жасау үшін және жедел шешімдер қабылдау үшін қосымша қиындықтар туғызады. Осы заманғы IT-технологияны қолдана отырып, келіп түсетін ақпаратты өңдеу, сақтау және жүйесін құру қажеттігі туындап отыр. Осы проблеманы шешу үшін деректерді сақтау функциясы бар, ақпараттық-талдамалық жүйені әзірлеу және енгізу қажет, олардың бір бөлігі «электронды үкімет» порталы арқылы ҚР азаматтары үшін қол жетімді болуы тиіс.

Осылармен қатар халықаралық байланысқа, қызметтік хат-хабарларды жөнелтуге және дипломатиялық поштаны жеткізуді ұйымдастыруға арналған шығыстарды қысқарту үшін Сыртқы істер министрлігі мен шетелдердегі мекемелер арасында IP-телефон жүйесін кезең-кезеңімен енгізуді жүзеге асыру орынды. Жаһандық және өңірлік үдерістерге Қазақстанның қарқынды түрде интеграциялануы дипломатиялық арна- лар бойынша түсетін ақпаратты қорғау деңгейін тұрақты түрде арттыру, «жабық» сипаттағы деректермен жедел түрде алмасуға арналған талаптарды жетілдіру қажеттігін талап етеді.

Кез-келген елдің халықаралық беделінің және экономикалық әлеуетінің деңгейі дипломатиялық өкілдіктің өндірістік инфрақұрылымы бойынша, оның өкілдік орналасқан ел астанасындағы жайғасқан орны бойынша бағаланады. Алайда осы уақытқа дейін Қазақстанның бірқатар шетелдердегі мекемелері осындай мақсаттар үшін лайықты емес ғимараттарда және/немесе дипломатиялық өкілдіктің мәртебесіне сәйкес келмейтін аудандарда орналасқан. Бұдан басқа Қазақстандық дипөкілдіктер үшін жалға алған кеңселер мен резиденциялардың шығыстары өкілдік орналасқан белгілі бір елдегі инфляцияның қарқынына тәуелсіз түрде тұрақты өсу үрдісін сақтап отыр. Осы мақсаттарға арналған шығыстар жылдық есеппен алғанда шетелдердегі мекемелердің барлық шығыстарының төрттен бірін құрайды және алдағы уақытта инвестициялық жобаларды іске асырмайынша Сыртқы істер министрлігі шетелдердегі мекемелерін қаржыландырудың жалпы көлемінде осы шығыстардың жеке үлесі тек қана өсетін болады. Осы мақсаттарда өкілдік орналасқан елдердегі Қазақстандық дипломатиялық өкілдіктерді әкімшілік тұрғыдан

орналастыру үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлік объектілерін Қазақстан Республикасының меншігіне кезең-кезеңімен сатып алған орынды.

#### §4. Консульдық мекемелер

Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің консулдық бөлімдері, бас консулдықтар, консулдықтар, вице консулдық және консулдық агенттіктер консулдық мекемелер болып табылады.

ҚР-ның консулдық мекемелері шетелдерде ҚР-ның ҚР-сы заңды тұлғалары мен азаматтарының құқытары мен мүдделерін халықаралық құқық рұқсат беретін шекте қорғайды; ҚР-ның басқа мемлекеттермен достық қатынастарының дамуына, экономикалық, сауда, ғылыми техникалық, мәдени байланыстар мен туризмнің кеңеюіне жәрдемдеседі. Консулдық мекемелер өз қызметінде ҚР-ның Конституциясын,

«Дипломатиялық қызмет туралы» ҚР-ның Заңын, өзге де нормативтік-құқықтық актілерді, халықаралық шарттарды, халықаралық әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ ҚР-сы Президентінің 1999 ж. 27 қыркүйектегі №217 Жарлығымен бекітілген. Консулдық мекемелер: бас консулдықтар ҚР-сы Президенті Жарлықтарының, консулдықтар, вице консулдықтар және консулдық агенттіктер ҚР-сы Үкіметі қаулыларының, консулдық бөлімдер негізінде құрылады, қайта құрылады және өз қызметтерін тоқтатады.

Консулдық мекемелер ҚР-ның ҚР-ның Сыртқы істер министрлігіне бағынысты және консулдық мекеме орналасқан елде ҚР-ның дипломатиялық өкілдігі басшысының басшылығымен жұмыс істейді. ҚР-сы дипломатиялық өкілдіктерінің консулдық бөлімдерін консулдар деп аталатын консулдық бөлімдердің меңгерушілері басқарады. Бас консулдықтарды, консулдықтарды, және консулдық агенттіктерді тиісінше бас консулдар, консулдар, вице консулдар және консулдық агенттіктер басқарады.

ҚР-ның дипломатиялық өкілдіктері жоқ мемлекеттерде, консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің келісуімен, консулға сондай-ақ дипломатиялық міндеттер де жүктелуі мүмкін.

Консулдық мекеменің мекен тұрағы, оның класымен консулдық округі (консулдық функцияларды орындау үшін консулдық мекемеге берілген аудан) консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің келісімі бойынша белгіленеді.

Консулдық Мемлекеттік жалауын және ҚР-ның Мемлекеттік атауы мемлекеттік тілде және мекеме орналасқан мемлекеттің тілінде жазылған тақта іліп қоюға хақылы.

Консулдық қызмет дипломатилық қызметтің бөлігі болып саналады. Консулдық лауазымды тұлғалар дипломатиялық қызметкерлер болып табылады және ҚР-ның Сыртқы істер министрлігінде мемлекеттік қызметте болады. Тек ҚР-ның азаматы ғана консулдық лауазымды тұлға бола алады.

Консулды қызметке ҚР-ның Сыртқы істер министрі тағайындайды. Консул қызметке тағайындалған кезде оған жазбаша уәкілеттік консулдық патент беріледі. Консул өз міндеттерін атқаруға консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің келісімін (экзеватурасын) алғаннан кейін кіріседі. Консул өзіне жүктелген міндеттерді өзі орындайды немесе олардың орындалуын басқа бір консулдық лауазым иесіне тапсырады. Консул өз консулдық Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен азаматтары жөніндегі міндеттері.

Консул:

- ҚР-ның заңды ұйымдары мен азаматтарының консулдық мекеме орналасқан мемлекеттік заңдары және ҚР-сы мен консулдық мекеме орналасқан мемлекет қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық әдет-ғұрыптар оларға берген барлық құқықтары толық көлемінде пайдалануы үшін шаралар қолдануға;
- Жазбаша, сондай-ақ ауызша арыздарды қабылдауға;
- ҚР-ның заңды тұлғалары мен азаматтарының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін шаралар қолдануға міндетті.
- Консул өзінің консулдық округіне тұрақты түрде тұрып жатқан және уақытша жүрген ҚР-сы азаматтарының есебін жүргізеді; консулдық округінің шектерінде жүрген ҚР-сы мемлекеттік органдарының өкілдіктеріне, сондай-ақ ҚР-ның шетелге іссапарға жіберілген басқа да азаматтарына олардың қызмет бабындағы міндеттерін орындауға жәрдем көрсетеді.
- ҚР-сы азаматтарының шетелде болуына қатысты мәселелер жөніндегі консул өнімдерінің олар үшін міндетті күші бар.
- Консул, егер ҚР-ның азаматтары болмаса немесе материадық, қаржылық немесе науқастану себептеріне байланысты келе алмаса, әрі істің жүргізілуін қандай да бір адамға тапсырмаса немесе басқа да себептермен өз мүдделерін қорғай алмайтын болса, сенімхатсыз-ақ консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің мекемелерінде олардың атынан өкілдік етуге хақылы.

## Консул:

- ҚР-ның заңдарына сәйкес осы өзінің консулдық округіне тұрақты тұрып жатқан немесе уақытша жүрген ҚР-сы азаматтарының әскери есебін жүргізеді және ҚР-ның 18 жасқа толған ер азаматтарының ҚР-дағы олардың тұрақты тұратын жерлеріндегі әскери комиссариаттарға әскери қызметке шақыру үшін баруын қамтамасыз етеді;
- Егер бұған консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің заңдары тыйым салмаса, қылмыстық қадағалау мен ҚР-сы соттарының міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың ҚР-ның азаматтары жөніндегі тапсырмаларын орындайды;
- ҚР-ның азаматы болып табылатын және ҚР-на тыс жерде тұратын ұл (қыз) баланы асырап алуды ҚР-ның Заңдарымен көзделген негіздер бойынша және тәртіппен тіркейді; шетелдік азаматтарға асырап алуға берілген балаларға бақылау жасауды жүзеге асырады.
- Өзінің консулдық округіне орналасқан, ата-ананың қарауынсыз қолған, жасы кәмелетке толмаған, сондай-ақ денсаулығына байланысты өз бетінше өзінің құқықтарын жүзеге асыра алмайтын және өз міндеттерін орындай алмайтын, жасы кәмелетке толған ҚР-ның азаматтарына қамқоршылық пен қорғаншылық жасауға шаралар қолданады;
- ҚР-ның азаматы қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған мүлікті қорғауға шаралар қолданады, мұраға қалған мүлікті ҚР- да тұратын мұрагерлерге тапсыру үшін қабылдап алуға хақылы, ҚР-ның азаматтарына тиесілі ақшаны, бағалы заттарды құнды қағаздарды және құжаттарды қабылдап ала алады;
- Тұтқындалған (қамауға алынған) немесе қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған немесе ҚР-сы азаматының бостандығын шектейтін басқа да шараларға ұшыраған немесе бас еркінен айыру ретінде жазасын өтеп жүрген, сондай-ақ сот немесе әкімшілік жазаға тартудың шаралары қолданылған ҚР-ның азаматтарына катысты консулдық мекеме орналасқан мемлекеттің заңдары мен халықаралық шарттардың сақталуын қадағалауға міндетті.
- Мүдделі адамдардың өтініші және өз бастамасы бойынша қамауға алынған жерлердегі ҚР-ның азаматтарына баруға және олардың жағдайларын білуге міндетті;
- ҚР-ның азаматтарына паспорттар береді; оларды ауыстырады және қажетті өзгерістер енгізеді;

- ҚР-ның заңдарына сәйкес ҚР-на келу, ҚР-нан кету және ҚР-ның аумағы арқылы транзиттік өту визаларын береді, ұзартады, жояды;
- Өзінің консулдық округінде тұратына адамдардан ҚР-ның азаматтығы мәселелері жөніндегі өтініштерді қабылдайды, ҚР-ның азаматтығын жоғалтқандығын, ҚР-сы азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеуді және азаматтық хал актілеріне байланысты басқа да қызметтері жүзеге асырады;
- ҚР-ның азаматтарына олардың сайлау құқықтарын іске асыруға, сайлау құқығының, қағидаттарын сақтау жөніндегі жәрдем көрсетеді;
- ҚР-ның заңдарына сәйкес нотариалдық қызмет көрсетеді;
- Шетелдерде және ҚР-ның аумағында орындалатын консулдық іс-әрекет үшін ҚР-ның салық заңнамасында белгіленетін тәртіппен консулдық алымдар алынады;
- ҚР-ның әскери кемелері, әскери көмекші кемелері, ҚР-ның кемелері келген, аялдаған және кетер кездегі, сондай-ақ кеме күйреген немесе апатқа ұшыраған немесе адам қайтыс болған жағдайда, азаматқа әуе кемелері, автомобиль, теміржол көлігі құралдары және өзен флоты жөнінде қажетті көмектер мен шаралар қолдануға міндетті;
- Санитарлық, фитосанитарлық және ветеринарлық қорғау жөнінде округ аумағында карантиндік аурулар пайда болған жағдайда, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің қауіпті аурулары немесе зиянкестері пайда болғанда, адам мен малға ортақ аурулардың таралу қаупі болған жағдайда ҚР-ның уәкілетті органдарына дереу хабарласу міндетті.

ҚР-ның Сыртқы істер министрлігі консулдық мекеме орналасқан мемлекетпен келісім бойынша жекелеген консулдық міндеттерді құрметті (штаттан тыс) консулдарға тапсырма алады. Мұндай консулдар ҚР-ның азаматтары да, сондай-ақ шетелдіктер де бола алады.

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралары туралы» ҚР Президентінің 2014ж. 6 тамыздағы №875 Жарлығы.
2. «Қазақ ССР-індегі меншік туралы» 1991 ж. 1 қаңтардан бастап күшіне еткен ССР- інің Заңы.
3. ҚР-ның Президентінің «Материалдық орта салаларындағы өндірісті тұрақтандыру және өркендету жөніндегі шаралар туралы» 1992 ж. 8 ақпандағы Жарлығы.
4. ҚР-сы Президентінің «Материалдық өндіріс салаларындағы меншікті мемлекет иілігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі жұмысты жандандыру шаралары туралы» 1992 ж. 28 сәуірдегі Жарлығы.
5. ҚР-сы Президентінің 1993 ж. 5 наурыздағы Жарлығымен
6. «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарына (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы.
7. ҚР-сы Президентінің «Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі ұйымдастыру шаралары туралы» 1993ж. 5 наурыздағы Жарлығымен
8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Жекешелендіру туралы» заң күші бар Жарлығына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы 2000 жылғы 15 желтоқсандағы №124-II ҚР Заңы
9. ҚР-сы Президентінің шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы 1995 ж. 10 қаңтардағы Жарлығы.
10. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011ж. 1 наурыздағы 413-IV ҚР Заңы.
11. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» 2013 ж. 4 шілдедегі №129 V ҚРЗ Заңы.
12. ҚР-ның Азаматтық кодексі.
13. «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Кодексі (2016.28.12 берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
14. «Бәсекелестік туралы» 2008 ж. 30 тамыздағы №815 ҚРЗ
15. ҚР-сы Президентінің 2013 ж. 3 маусымдағы №569 Жарлығымен ҚР-сы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің №931 Жарлығы.
16. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 ж. 12 сәуірдегі №544-I ҚРЗ

17. «Тауар биржалары туралы» 2009 ж. 4 мамырдағы №155 IV ҚРЗ
18. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015ж. 4 желтоқсандағы №434 V ҚРЗ
19. «Акционерлік қоғамдар туралы» және 2003 ж. 13 мамырдағы №415 I ҚРЗ
20. «Банкрот туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңы.
21. «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2015 ж. 7 желтоқсандағы №438 V ҚРЗ.
22. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 ж. 2 мамырдағы №109-ө ҚРЗ
23. «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 ж. 19 наурыздағы №257 IV ҚРЗ
24. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 18 қарашадағы №410-V Заңы (2016 жылы 30 қарашадағы берілген өзгерістер мен толықтырулар- мен)
25. «Құлық қорғау қызметі туралы» ҚР 2011 ж. 06 қаңтардағы №380 IV ҚРЗ.
26. «Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» 2007 ж. 28 қыркүйектегі ҚР Заңы
27. «Әділет органдары туралы» ҚР 2002 ж. 18 наурыздағы №304 Заңы.
28. ҚР Үкіметінің 2004 ж. 28 қазандағы №1120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы Ережемен бұзған енгізілген толықтырулар енгізілген.
29. «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» 2004 ж. 9 қыркүйектегі N- 732 ҚРЗ.
30. «ҚР халықаралық шарттары туралы» 2005 ж. 30 мамырдағы ҚР заңына
31. «ҚР-дағы сот сараптама қызметі туралы» 2010 ж. 20 қаңтардағы №240 IV ҚРЗ.
32. «ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы» 1997 ж. 3 наурыздағы Жарлығы
33. «ҚР Үкіметінің құрамына кіретін де және кірмейтін де орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерін және ҚР жергілікті өкілді және атқарушы органдарының актілерін мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептілік тіркеу туралы» 1995 ж. 15 сәуірдегі ҚРЗ.
34. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен мәмілелерді тіркеу туралы» 2007 ж. 26 шілдедегі ҚРЗ.

35. «Нотариат туралы» 1997 ж. 14 шілдедегі ҚРЗ.
36. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 ж. 5 желтоқсандағы ҚРЗ.
37. «Лицензиялау туралы» 2014 ж. 16 мамырдағы ҚРЗ.
38. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 ж. 10 маусымдағы ҚРЗ.
39. «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 ж. 29 маусымдағы ҚРЗ.
40. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚРЗ.
41. «Қазақстан 2050» Стратегиясы.
42. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 ж. 13 қаңтардағы №541 IV ҚРЗ.
43. «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 ж. 8 ақпандағы заңды қара. – ҚР-сы Парламентінің Жарлығы, 2003, №385.
44. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» 2004 ж. 10 наурыздағы ҚРЗ.
45. «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 ж. 3 шілдедегі ҚРЗ.
46. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 ж. 11 ақпандағы ҚРЗ
47. «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 ж. 21 шілдедегі ҚРЗ.
48. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 ж. 21 қыркүйектігі №1563аңы //2005 жылғы 29 қыркүйектегі №77 заңына өзгерістер мен толықтырулар еңгізілді//adilet.zan.kz
49. «Теміржол көлігі туралы» 2001 ж. 8 желтоқсандағы №266 II ҚРЗаң adilet.zan.kz
50. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 ж. 4 шілдедегі №476 II ҚРЗ Заң.
51. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 ж. 6 шілдедегі №574 ІІҚРЗ Заң.
52. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 ж. 15 шілдедегі №339 IV ҚРЗ Заң//adilet.zan.kz
53. «Байланыс туралы» 2004 ж. 5 шілдедегі №567 ҚР Заңы.
54. «Ақпараттандыру туралы» 2015 ж. 24 қарашадағы №418-V ҚРЗ.
55. «Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация министр-лігі туралы» Ережеге, оның жаңа редакциясы ҚР-сы Үкіметінің 2012 ж. 29 желтоқсандағы №1819 Қаулы//adilet.zan.kz
56. «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан
57. Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212 Кодексі// adilet.zan.kz
58. «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан

59. Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Ко-дексі 2016 жылы 30 маусымдағы берілген өзгерістер мен толықтырулармен //adilet.zan.kz
60. «Қазақстан Республикасының Су Кодексі»Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі №481 Кодексі//adilet.zan.kz
61. «Қазақстан Республикасының Орман Кодексі»Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі №447 Кодексі//adilet.zan.kz
62. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2015 ж. 30 наурыздағы №18-03/271а бұйрығы//adilet.zan.kz
63. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 ж. 7 шілдедегі №175 III ҚРЗ ның Заңы//adilet.zan.kz
64. «Жерқойнауы және жер қойнауын пайдалану Заңы» 2010 жылғы 24 маусымдағы №291-IV Заңы//adilet.zan.kz
65. ҚР-сы Үкіметінің 2013 ж. 25 ақпандағы №172 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы» Ережелері
66. «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 ж. 15 желтоқсандағы №207 III Қазақстан Республикасының Заңы
67. ҚР Конституциясына негізделетін “Тарихи-мәдени мұра объектілері қорғау және пайдалану туралы” 1992 ж. 2 шілдідегі ҚР-ның заңы. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998ж. 22-желтоқсандағы ҚР-ның заңы ҚР-сыПрезидентінің2010ж.29-қарашадағы№1113жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау са-ласын» дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан»
68. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009ж. 18-қыркүйектегі №193-IV ҚР-ның кодексі
69. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР-ның 2015 ж. 9 ақпанындағы №285-V Заңы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 ж. 27 шілде-дегі № 319-III Заңы
70. ҚР-сы Білім және ғылым министрлігінің 2007 ж. 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен «Жоғары оқу орнының ғылыми кеңесі қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау сайлау тәртібінің үлгі ережесі»
71. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
72. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 ж. 3 шілдедегі №228-V ҚРЗ Заңы
73. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» ҚРЗ
74. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің туралы ережеге, ішкі әскерлері туралы» ҚРЗ

75. «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 ж. 6 қаңтардағы № 380 ҚР заңы ҚР Парламентінің жаршысы, 2011 ж. № 1, 4 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы ҚР-ның Конституциялық Заңы

76. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 ж. 7 наурыздағы №299 ІІ ҚРЗ Заңы

77. «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы» Ереже

78. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 ж. 7 наурыздағы ҚР-ның Заң.

**Баянов Е.Б.  
Баянова А.Е.**

# **ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ**

**Ерекше бөлім**

**Оқулық**

Пішімі 60x100 1/16  
Тығыздығы 80 гр/м<sup>2</sup>. Қағаздың ақтығы 95%.  
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.  
Көлемі 272 бет. Шартты баспа табағы 17.



«ССК» баспасында басылымға  
дайындалды және басып шығарылды  
ҚР, Алматы, Жетысу-2 ш. ауд., 5 үй, 58 пәт.  
тел.: 8 (727) 233-83-61, 233-90-95  
e-mail: ipcck2016@mail.ru

---